Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

ОӘД №343.3/7 **қолжазба құқығында**

## САБЫР АЙСҰЛУ САБЫРҚЫЗЫ

# Отандық су ресурстарын пайдаланумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын - алу мәселелері

6D030100 – Құқықтану

Философия докторы (PhD) дәрежесін
алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесшілер:

Заң ғылымдарының кандидаты,
( PhD) қауымдастырылған профессор,
Ұлттық Заң Академиясының академигі
Битемиров Қ. Т.
заң ғылымдарының докторы,
профессор Рүстемова Г.Р

Шетелдік ғылыми кеңесші:
заң ғылымдарының докторы,
профессор Сыдыкова Л.Ч.

Алматы, 2023

МАЗМҰНЫ

**НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР**........................................................ 3
**БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР**........................................... 4
**АНЫҚТАМАЛАР**........................................................................................ 5
**КІРІСПЕ**........................................................................................................ 7
**1 СУ ҚАТЫНАСТАРЫНА ҚОЛ СҰҚҚАНЫ ҮШІН ЖАУАПТЫЛЫҚ БЕЛГІЛЕЙТІН ЗАҢНАМАЛАРДЫ ТАРИХИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЗЕРТТЕУ**.......................................................................... 16
1.1 Қазақстан Республикасындағы су ресурстарының экологиялық жағдайы........................................................................................................ 16
1.2 Су қатынастарын құқықтық реттейтін заңнамалардың даму тарихы........................................................................................................... 24
1.3 Су ресурстарына пайдалану аясындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін жауаптылық белгілейтін заңнамаларға тарихи шолу........................................................ ............................................... 32
1.4 Су ресурстарын қылмыстық-құқықтық қорғау аясындағы шетелдік тәжірибе ..................................... .......................................... 40

**2 СУ РЕСУРСТАРЫН ПАЙДАЛАНУ АЯСЫНДАҒЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫҢ СИПАТТАМАСЫ** .......................................................................... .. 51
2.1 Су ресурстарын пайдалану аясындағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың құрамы және оларды жіктеу ................................... 51
2.2 Суларды ластау, қоқыстау немесе сарқу түріндегі қылмыстық құқық бұзушылық құрамының қылмыстық-құқықтық сипаттамасы...................................... ................................................... 65
2.3 Теңіз ортасын ластау түріндегі қылмыстық құқық бұзушылық құрамының қылмыстық-құқықтық сипаттамасы .................................... 86

**3 СУ РЕСУРСТАРЫН ПАЙДАЛАНУ АЯСЫНДАҒЫ ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚТЫҢ КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТЫ** ...... 98
3.1 Су ресурстарын пайдалану аясындағы қылмыстылықтың криминологиялық жағдайы ................................................................... 98
3.2 Су ресурстарын пайдалану аясындағы қылмыстылықтың алдын алу шаралары ....................................... ................................................. 114

**ҚОРЫТЫНДЫ**.............................................................................................. 135

**ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ** ........................................... 151
**ҚОСЫМШАЛАР** ........................................................................................ 165
Қосымша -1 ......................................................................................... 165
Қосымша -2 ......................................................................................... 171
Қосымша -3 ......................................................................................... 175

# НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

1 ГОСТ 7.32-2017 «СИБИД. Ғылыми-зерттеу жұмысы туралы есеп. Рәсімдеу құрылымы мен ережелері» (түзетулермен)

2 ГОСТ 7.88-2003 «Ақпарат, кітапхана және баспа стандарт бойынша стандарттар жүйесі. Жарияланым тақырыптарындағы тақырыптар мен сөздерді қысқарту ережелері»

## АНЫҚТАМАЛАР

Диссертациялық зерттеу жұмысында төмендегі анықтамалар мен терминдер қолданылды:

**ағын су** - ойпаңды жер бетінде ылдиға құлай аққан судың қозғалысымен сипатталатын су объектісі;

**ауызсу** – сапасы бойынша белгіленген ұлттық стандарттарға және гигиеналық нормативтерге сай келетін, халықтың ауызсу және шаруашылық-ауызсу мұқтаждарына арналған табиғи күйіндегі немесе өңделгеннен кейінгі су;

**жер асты суларының бассейні** - жер қойнауында орналасқан су тұтқыш жиектер жиынтығы;

**жер үсті су объектілері** - шекарасы, көлемі мен су режимі бар, құрлық бетінде оның бедері нысанында сулардың тұрақты немесе уақытша жинақталуы;

**сарқынды сулар** - адамның шаруашылық қызметі нәтижесінде пайда болатын немесе табиғи немесе жасанды су объектілеріне немесе жер бедеріне ағызып жіберілетін ластанған аумақтағы сулар;

**сулар** - су объектілерінде жинақталған барлық сулардың жиынтығы;

**су пайдалану** - жеке және заңды тұлғалардың өз мұқтаждарын және (немесе) коммерциялық мүдделерін қанағаттандыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен су ресурстарын пайдалану.

## БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

| | |
|---|---|
| ҚР | - Қазақстан Республикасы |
| АҚШ | - Америка Құрама Штаттары |
| АІІО | - Ақтөбе ішкі істер органы |
| ӘМ | - Әділет Министрлігі |
| БҰҰ | - Біріккен Ұлттар Ұйымы |
| БОАК | - Бүкілресейлік орталық атқару комитеті |
| БКП ОК(б) | - Бүкілодақтық Коммунистік партиясы орталық комитеті |
| ГФР | - Германия Федеративтік Республикасы |
| БТҚҚ | - Бүкіл дүниежүзілік табиғатты қорғау қоры |
| БДҰ | - Бүкіл дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы |
| ГЭС | - гидроэлектростанциясы |
| ҒЗЖ | - ғылыми зерттеу жұмысы |
| ҒЗИ | - ғылыми зерттеу институты |
| ЖТК | - Жоғары-Ташкент каналы |
| ЖШС | - Жауапкершілігі шектеулі серіктестік |
| КСРО | - Кеңес Социалистік Республикалар Одағы |
| КІІД | - Көліктегі ішкі істер департамент |
| ҚазКСР | - Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы |
| ҚК | - Қылмыстық Кодекс |
| ҚР СК | - Қазақстан Республикасының су кодексі |
| ҚР ЭК | - Қазақстан Республикасының экологиялық кодексі |
| ҚР ӘҚБК | - Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексі |
| ҚР БП ҚСжАЕК | - Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасы құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі Комитеті |
| ҚР ҚК | - Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі |
| ҚР ҚПК | - Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодексі |
| ҚР ЭМ | - Қазақстан Республикасының Энергетика Министрлігі |
| ҚХР | - Қытай Халық республикасы |
| ҚГГМЭ РММ | - Қызылорда гидрогеологиялық мелиоративтік экспедициясы» республикалық мемлекеттік мекемесі |
| КМК | - Келес магистралды каналы |
| ММ | - Мемлекеттік мекеме |
| МҮСК | - Мемлекетаралық үйлестіруші сушаруашылығы комиссиясы |
| МВТ | - макроватт |
| ОҚО | - Оңтүстік Қазақстан облысы |
| «ОҚГМЭ» | - Оңтүстік Қазақстан гидрогеолого-мелиоративті экспедиция |
| РММ | - Республикалық мемлекеттік мекемесі |
| РФ | - Ресей Федерациясы |
| РФ КСР | - Ресей Федеративтік Кеңестік Социалистік Республикасы |
| ССРО | - Советтік Социалистік Республикалар Одағы |
| СЭС | - Санитарлық эпидемиологиялық станция |

| | |
|---|---|
| СТК | - Солтүстік-Ташкент каналы |
| ТМД | - Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы |
| т.б. | - тағы басқа |
| ІІМ | - Ішкі істер министрлігі |
| ЮНЕСКО | - Біріккен Ұлттар Ұйымының Білім, Ғылым және Мәдениет жөніндегі Ұйымы |
| ЮНЕП | -Біріккен Ұлттар Ұйымының Айналадағы Орта жөніндегі Бағдарламасы |
| ХКК | - Халық комиссарлар Кеңесі |
| ХТҚҰ | - Халықаралық табиғатты қорғау және табиғат ресурстары ұйымы |
| ХШЖК | - Халық шаруашылығының жоғары кеңесі |
| ШКМ | - шектеулі - рұқсатты концентрацияның мөлшері |
| ШЫҰ | - Шанхай ынтымақтастық ұйымы |
| ФГР | - Федералды Герман Республикасы |

# КІРІСПЕ

**Зерттеу жұмысының жалпы сипаттамасы**. Диссертациялық жұмыста су ресурстарымен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар қылмыстық құқықтық және криминологиялық аспектіде қарастырылады. Сонымен қатар, экологиялық және су ресурстарында қылмыстық құқық бұзушылықтар ұғымына түсінік берілген. Еңбекте суларды ластау, қоқыстау немесе сарқу (Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің (әрі қарай – ҚР ҚК) 328-бабы) және теңіз ортасын ластау (ҚР ҚК-нің 330-бабы) жөніндегі қылмыстық құқық бұзушылықтар жан-жақты зерттеліп, олардың саралау ерекшеліктері анықталады.

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі.** Қолайлы айналадағы ортаға құқық әрбір адамның ажырамас конституциялық құқығы болуы шарт. Адамның экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуді мемлекет кепілдігіне алады. Бұл жөнінде Қазақстан Республикасының Конституциясының 31-бабында «Әрбір адамның өмір сүруі мен денсаулығына қолайлы айналадағы ортаны қорғауды мемлекет өзіне мақсат етіп қояды» [1], деп арнайы көрсетілген.

Алайда, ғаламдық қаржы дағдарысы ауыл шаруашылығында химикаттарды пайдалану, адамдардың қоршаған ортаны және су объектілерін тұтыну көзі ретінде қарауы, қоршаған ортаны қолдау мен экологиялық мәдениетінің төмендігі экологиялық жағдайды күрт қиындатып жіберді. Бүгінде әлемде жай материалдық қажеттіліктерді қанағаттандырудан тұтыну құндылықтардың жүйесіне, өзіндік философияға айналды. Ал өзге мемлекеттер үшін әлеуметтік-тұтынушылық игілігінің эталоны танылған, экономикасы дамыған мемлекеттер лажсыздан қоршаған ортаның мүмкіндіктерін пайдаланудың жаңа мүмкіндіктерін іздестіруге мәжбүр болып отыр. Флоралар мен фауналардың кейбір түрлерінің жойылып, ластанып және құрып бітуіне алып келетін, табиғатқа антропогенді жүктеменің күн санап өсуі және табиғи ресурстарды шектен тыс жиі ирроционалды пайдалану оның негізгі себебі саналады.

Егер су ресурстарының хал-жайына тоқталсақ, қоғамның даму үрдісінде адамның су объектілеріне ықпалы күшейіп, нәтижесінде қоршаған ортада жайсыз жағдайлар орын алды. 1990 жылдардан бастап қоршаған ортаға шығарылатын көмертегінің мөлшері 50%-дан асқан. Теңіз балықтардың үштен бірі қарқынды пайдаланылып келеді, яғни әлемдік деңгейдегі балық аулау жағдайын тұрақтандыруға кепілдік болмай тұр. Табиғатты қорғау аймақтары қаншалықты артып келе жатқанымен де, балық ресурстары түрлерінің жойылып кету қаупі туындауда.

Ластанып, уланған су ресурстары қоршаған ортаға қасірет әкелді. Балық шаруашылығындағы оның алғашқы құрбандары Сырдария бекіресі мен қаязы, Арал ақбалығы және шортан тәрізді ақмарқалар болды. Өсімдіктер мен жануарлар әлемі де экологиялық зардаптың құрбанына айналған.

Бір қарағанда су қалпына келтіруге болатын ресурс болып көрінгенімен де, оның қоры шектеулі. Жер бетінде тұщы су 3%-ды құрайды екен. Мамандардың айтуынша, жер шарындағы үлкен көлемдегі су қорының тек 1%-ы ғана ішуге

жарамды болып тұр [2, 5-10 б.б.]. Біздің елімізде де халық су тапшылығын көп жылдардан бері сезініп келеді. Құрлық бетінде су ресурстарының бірыңғай таралмағанын ескеріп, елімізді таза ауыз сумен қамтамасыз етуге әлі де барынша күш салынуда. Десек те, оны жүзеге асыру еліміздің экономикалық жағдайына байланысты екені белгілі.

Әлеуметтік және экологиялық мәселелердің қазіргі кездегі күйін (халықтың ауызсумен толық қамтамасыз етілуі, сумен қамту көздерінің микробиологиялық және химиялық ластануы, су ресурстарының сарқылуы, санитарлық-эпидемиялық жағдайдың нашарлауы) негізге ала отырып, экологиялық алдын алу шараларын дер кезінде қолданбау, жағдайды күрделендіре түседі және де бұл мәселе ғылыми негізделген кешенді шаралар жүргізуді, сонымен қатар жерасты және жерүсті суларын ластанудан қорғаудың тиімді құқықтық механизмін қалыптастыруды қажет етіп отыр.

Мемлекет тарапынан осы орайда су қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін Қазақстандағы су ресурстарын басқару жөніндегі мемлекеттік бағдарлама дайындалған. Ол «Қазақстан – 2050: қалыптасқан мемлекетің жаңа саяси бағыты» атты Елбасының Қазақстан халқына жолдауын іске асыру үшін жалпыұлттық жоспарда орын алды [3]. Қазақстанның экологиялық бағдарланған экономиканы қалыптастыруға бағытталуы 2013 жылы бекітілген Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдамасында бекітілген болатын. Тұжырымдаманың мақсаттарын іске асыру үшін бірқатар заңдар мен заңға тәуелді актілер (энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру, жаңартылатын энергия көздерін қолдау және т.б.) қабылданды.

2020 жылы 21 желтоқсанда экологиялық реформаның нәтижесінде жаңа Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі (әрі қарай – ҚР ЭК) қабылданды, тек 2021 жылдың 1 шілдесінде заңдық күшіне енетін болады. Бұл кодекс қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңдылықты нығайту; халықаралық тәжірибе мен елдің техникалық және экономикалық мүмкіндіктері негізінде экологиялық реттеудің прогрессивті тетіктерін енгізу; қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларды жүргізуге инвестициялар тарту үшін жағдайлар жасауды мақсат етеді. Сәйкесінше, ең озық қолжетімді технологияларды енгізе отырып, бірінші санаттағы объектілер үшін кешенді экологиялық рұқсаттар беруге көшу ұсынылады. ҚР ЭК-те «ластаушы төлейді» қағидасы қарастырылған. Қоршаған ортаға нормативтен тыс эмиссиялар үшін әкімшілік санкциялар көбейетін болады.

Қазақстанда су ресурстарының тапшылығы жағдайында су қауіпсіздігі мәселесі ұлттық қауіпсіздіктің құрамдас бөлігі танылады. Әлемде және Ортаазия аумағында су проблемасының шиеленіскендігін, сондай-ақ еліміздегі су ресурстарының ерекше маңыздылығын ескере отырып, география Институты ҚР Қауіпсіздік Кеңесі хатшысымен бекітілген арнайы ғылыми-техникалық бағдарламаны іске қосқан. Елімізде су ресурстарын қорғау және жұмылдыру, су ресурстарындағы азаматтардың құқықтарын қорғау басты

міндеттердің бірі болып қалды. Дегенмен де, су ресурсы саласында жедел қолға алуды қажетсінетін жағдайлар өте көп.

Қылмыстық саясат та экология саласына қатысты. Экологиялық, оның ішінде су ресурсындағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу шараларын ұйымдастыру барысында тиісінше қылмыстық саясатты жүргізудің орны ерекше.

ҚР ҚК-де су ресурстарына тікелей қатысты нормалар 328 және 330-бапта қарастырылған. Бір қарағанда «теңіз», «сулар» ұғымымен қаралса да, қылмыстық нормада оларды ластағаны үшін жауаптылық жеке қаралады. Заң шығарушы қылмыстық-құқықтық қорғау объектісін - ұқсас нормаларды бір-бірінен ажырататын белгі, ал қоршаған ортаға келген елеулі зиянды қылмыстық-құқықтық жауаптылыққа тартудың негізі ретінде қарайды.

Статистикалық деректердегі мәліметтерге қарасақ, тіркелінген қылмыстық істердің соншалықты көп емес екендігін аңғару қиын емес [4]. Алайда, қоршаған орта неден ластанды екен деген сауалдың орынды туындары анық. Оған қоса, экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың 90%-ы латентті. Ұзақ жылдар бойында су ресурстарындағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың тіркелінбеуі, не тіркелінген қылмыстық істердің сот өндірісіне жетпей қысқартылу фактілері аталған қылмыстылықпен күрес деңгейінің тым төмендігін және қоғамға қауіптілігін көрсетеді. Су ресурстарындағы қылмыстылықтың алдын алу деңгейінің мұндай күйі қоршаған ортаның нашарлауы тенденциясын тоқтатпайды, керісінше, экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың зардаптары жойқын сипат алып, халықтардың арасында жаңа ауру түрлерін тудырады, олардың кейбіреулері адам өлімі санының өсуіне алып барады, балалардың туылу деңгейін төмендетеді.

ҚР ҚК-нің 328, 330-баптарын іс-тәжірибеде қолдану барысында қиындықтар жиі кездеседі. Олар ҚР қылмыстық заңнамасының жетілдірілмеуімен, заңнамада «экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар», сондай-ақ «су ресурстарындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар» ұғымдарының нақтыланбауымен, ҚР ҚК-нің диспозициясында қылмыстық құқық бұзушылықтар құрамын сипаттайтын нақты белгілердің көрсетілмеуімен, құқыққорғау органдары қызметкерлерінің әдістемелік қамтамасыз етілмеуімен байланысты.

Су ресурстарымен байланысты қылмыстылықтың алдын алудағы қиындықтар латенттілік сынды объективті себептермен шектелмейді, ол көбіне субъективті сипаттағы себептермен (табиғат қорғау және құқық қорғау органдары қызметтеріндегі үйлестіру жұмыстарының болмауы, құқық қорғау органдарымен қаралатын көпшілік қылмыстық құқық бұзушылықтардың арасында сулардың ластануы істерінің еленбеуі, лауазымды адамдардың аталған қылмыстық іске араласуы) байланысты болады.

Сондай-ақ еліміздің аумағында жаңадан қабылданған ҚР Қылмыстық, экологиялық заңнамаларының ережелерін ескере отырып, аталған қылмыстық құқық бұзушылықтармен қылмыстық-құқықтық күрес жүргізу проблемаларына

қатысты әлі күнге дейін іргелі, арнайы жүргізілген ғылыми ізденістер жоқ.

Аталған жағдайлар су ресурстарының ластануының қылмыстық құқықтық мәселесінің, сондай-ақ зерттеу тақырыбының өзектілігін және маңыздылығын растайды. Осыған орай, экологияның, соның ішінде су ресурстарының ластануымен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтармен күрес мәселесі құқық қорғау органдары үшін де, ғылым үшін де басымдыққа ие болмақ. Табиғат сыйы, тіршілік көзі – су ресурстарын қорғау әрбір қоғам мүшесінің азаматтық парызы да.

**Тақырыптың зерттелу деңгейі.** Су ресурстарындағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың теория мен тәжірибедегі мәселелері қай кезде болмасын өзекті, даулы мәселе болатыны рас. Аталған мәселеге қатысты отандық ғалымдармен орындалған диссертациялық жұмыстар жоқтың қасы. Тек С.М. Құстаулетовтың ғылыми ізденісін атап кетуге болады [5], бірақ оның өзінде аталған автор диссертациялық жұмысында қарастырылатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың ішінен суларды ластау, қоқыстау немесе сарқу құрамын ғана 1997 жылғы ҚР Қылмыстық заңнамасына сәйкес талдаған болатын, ал жоғарыдағы екі қылмыстық құқық бұзушылық құрамын біріктіре отырып, су ресурстарындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар тобы ретінде, жаңадан қабылданған 2014 жылғы ҚР Қылмыстық заңнамасына сәйкес арнайы талдаған авторлар жоқ.

Ал қалған отандық ғалымдар, атап айтқанда И.Ш. Борчашвили [6], З.А. Умирбаева [7], Т.Б. Жумагулов [8], А.М. Бытымбаев [9] және т.б. аталған қылмыстық құқық бұзушылық түрін жалпы экологиялық қылмыстық құқық бұзушылық қатарында өздерінің ғылыми жұмыстарында қарастырған болатын.

Отандық ғалымдардың бір тобы: С.Б. Байсалов [10], С.Ж. Сулейменова [11], А.А. Мукашева [12] және т.б. жалпы су құқығы мәселелерін қарастыра отырып, аталған қылмыстық құқық бұзушылықтар түрлерінің кейбір жақтарын зерттеген болатын.

Ресейлік ғалымдардың ішінде А.А. Романов [13], Н.А. Чертова [14], И.В. Попов [15] және т.б. су объектілерін қылмыстық-құқықтық қорғау проблемаларын арнайы зерттеген болатын.

**Диссертациялық зерттеудің мақсаты мен міндеттері.** Зерттеу жұмысының мақсаты су ресурстарын пайдалану аясындағы қылмыстық құқық бұзушылықтармен күрес жүргізуде орын алатын проблемаларды кешенді түрде зерттей отырып, аталған қылмыс құрамдарын белгілейтін қылмыстық құқықтық нормаларды жетілдіру бойынша және аталған қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша негізделген ұсыныстар жасау болып табылады.

Көрсетілген мақсатқа жету үшін төмендегідей міндеттерді шешу жолдары қарастырылды:

- Қазақстан Республикасы су ресурстарының қазіргі кездегі экологиялық жағдайын айқындау;
- су объектілерін қорғау туралы заңнамалардың даму тарихын қарастыру;
- су ресурстарын пайдалану аясындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар

туралы отандық және шетел заңнамаларына тарихи шолу жасау;

- су ресурстарын пайдалану аясындағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың құрамын ашу және оларды жіктеу;

- су ресурстарындағы қылмыстылықтың негізгі себептерін анықтау;

- қылмыскер тұлғасының ерекшеліктерін ашу;

- су ресурстарындағы қылмыстылықтың алдын алу шараларын, субъектілерін зерделеу;

- су ресурстарын пайдалану аясындағы қылмыстық құқық бұзушылықтарын белгілейтін қылмыстық заңнаманың нормаларын жетілдіру бойынша ұсыныстар жасау;

- су ресурстарын пайдалану аясындағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша іс-шаралар жүйесін ұсыну.

**Диссертациялық зерттеудің объектісі** су ресурстары саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтармен күрес жүргізу барысында туындайтын қоғамдық қатынастардың жиынтығы болып табылады.

**Диссертациялық жұмыстың зерттеу пәніне** қолданыстағы ҚР Қылмыстық заңнамаларының, ҚР Су заңнамасының, ҚР Экологиялық заңнамасының нормалары, ҚР Жоғарғы Сотының Нормативтік қаулылары, су объектілерін қорғау аясындағы халықаралық актілер, су ресурстары саласындағы қылмыстылықтың алдын алу шараларын белгілейтін ережелер, сонымен қатар су ресурстарымен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтарға қарсы күрес жүргізу проблемаларын зерттейтін ғылыми еңбектер жатады.

**Диссертациялық жұмыстың зерттеу пәніне** қолданыстағы ҚР Қылмыстық заңнамаларының, ҚР Су заңнамасының, ҚР Экологиялық заңнамасының нормалары, ҚР Жоғарғы Сотының Нормативтік қаулылары, су объектілерін қорғау аясындағы халықаралық актілер, су ресурстары саласындағы қылмыстылықтың алдын алу шараларын белгілейтін ережелер, сонымен қатар су ресурстарымен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтарға қарсы күрес жүргізу проблемаларын зерттейтін ғылыми еңбектер жатады.

**Диссертациялық зерттеудің әдіснамалық негізін** танымның жалпы диалектикалық әдістері және жеке ғылыми зерттеу әдістері құрады. Атап айтқанда зерттеу жүргізу барысында жалпы диалектикалық әдістермен бірге зерттеудің тарихи, салыстырмалы-құқықтық, жүйелі-құрылымдық, формальды-логикалық, статистикалық және басқа да жаңа ғылыми және ішінара ғылыми әдістері кеңінен қолданылды.

**Диссертациялық зерттеудің эмпирикалық базасы.** Жұмыста мерзімді баспасөзде жарияланған материалдар және Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу Комитетінен алынған зерттеу тақырыбына қатысты 2008-2020 жылдардағы статистикалық ақпараттар пайдаланылды.

Шығыс Қазақстан облысы, Батыс Қазақстан облысы, Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша 2010-2020 жылдар аралығындағы су ресурсындағы құқық

бұзушылықтар, тексеріс және қадағалау құжаттары, қылмыстық істі қысқарту туралы қаулылары оқылып зерттелді.

**Диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалығы.** Бұл диссертациялық жұмыс суларды қылмыстық құқықтық қорғау, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы құқық қорғау және табиғатты қорғау органдарының профилактикалық қызметтері проблемаларын кешенді зерттеуге арналған алғашқы монографиялық еңбек болып табылады және зерттеу барысында алынған ғылыми нәтижелердің ғылыми жаңалық деңгейін автормен төменде ұсынылған тұжырымдарыннан да көруге болады.

**Қорғауға келесі ережелер шығарылады**:

**1- ұсыныс.** Қылмыстық заңнамада экологиялық қылмыстық құқық бұзушылық ұғымының нақтыланбауы салдарынан қылмыстық іс-әрекеттерді саралауда туындайтын қиындықтарды ескере келе мынадай түсінік беруді ұсынамыз: «экологиялық қылмыстық құқық бұзушылық деп, кінәлінің қоршаған ортаны қорғау тәртібіне және экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын, қылмыстық жазалау қатерімен тыйым салынған, қоғамға зор қауіп төндірмейтін, болмашы зиян келтірген не адамның жеке басына, ұйымға, қоғамға немесе мемлекетке зиян келтіру қатерін туғызған айыпты жасалған, немесе қоғамға қауіпті іс-әрекетті (әрекет не әрекетсіздік) айтамыз».

**2- ұсыныс.** Су ресурстарындағы қылмыстық-құқықтық тыйымдар тікелей объектісі бойынша:

- су объектісіне тікелей қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар (су ресурстарындағы қылмыстық құқық бұзушылық);

- су объектілеріне жанама қол сұғатын құқық бұзушылықтар, болып бөлінеді.

Алғашқысы экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың қатарындағы нақты су ресурсына қол сұғады.

Екіншісі экологиялық және ҚР ҚК-нің басқа тарауларындағы су ресурстарында кездесетін қылмыстық құқық бұзушылықтарды құрайды: ҚР ҚК-нің 5-тарауы, 8-тарауы, 10-тарауы, 11-тарауы, 13-тарауы, 14-тарауындағылар.

Объективтік жағы бойынша су ресурстарындағы қылмыстық құқық бұзушылықтарды төмендегідей топтастырамыз:

1) Экологиялық талаптарды, қағидаларды, ережелерді бұзумен байланысты: ҚР ҚК-нің 283-бабы; 285-бабы; 324-бабы, 325-бабы; 326-бабы; 304-бабы; 331-бабының 1-тармағы; 354-бабы.

2) Ластаумен байланысты: ҚР ҚК-нің 328-бабы; 330-бабы.

3) Экономикалық қызмет көрсету, құрылыс жүргізу, эксплуатациялау, зерттеу жұмыстарын жүргізуге байланысты; ҚР ҚК-нің 214-бабы; 215-бабы; 216-бабы; 218-бабы; 219-бап; 221-бабы; 238-бабы; 240-бабы; 244-бабы; 245-бабы; 248-бабы; 331-бабының 2-тармағы; 354-бабы.

Бұл топтастырулар су ресурстарындағы қылмыстық құқық бұзушылықтарды объектісі және объективтік жағы бойынша дұрыс саралауға мүмкіндік береді.

**3- ұсыныс.** Су қылмыстық құқық бұзушылықтары деп, экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың бір тобын құрайтын, кінәлінің қылмыстық жазалану қаупі бар, су объектілерін пайдалану мен қорғау және су объектілерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша қылмыстық заңмен қорғалатын қоғамдық қатынастарға қол сұғатын, қылмыстық жазалау қатерімен тыйым салынған, қоғамға зор қауіп төндірмейтін, болмашы залал келтірген не адамның жеке басына, ұйымға, қоғамға немесе мемлекетке зиян келтіру қатерін туғызған айыпты жасалған немесе қоғамға қауіпті іс-әрекеттерін (әрекетін не әрекетсіздігін) айтамыз.

**4 - ұсыныс.** ҚР Жоғарғы Сотының 2004 жылғы 18 маусымдағы №1 НҚ-ның 18)-тармақшасы бойынша «қоршаған ортаға елеулі зиян келтіру» ретінде «адамдардың жаппай сырқаттану», ал ҚР ҚК-нің 328-бабының 3-тармағының ережелеріне сәйкес «адамдардың жаппай сырқаттануы» қоршаған ортаға аса ірі экологиялық залалмен бір қатарында қарастырылған. Сондықтан да аталған қайшылықты жою үшін НҚ-ның 18)-тарм. 1-абз. мәтініндегі «қоршаған ортаға елеулі экологиялық залал» ұғымындағы «адамдардың жаппай ауруы» сөзтіркесін алып тастап, 3-абзацқа енгізу қажетті.

Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың жекелеген түрлерінде (ҚК-нің 324-бабының екінші бөлігі, 325, 326, 328-баптарының үшінші бөлігі, 329, 330, 332, 333-баптарының екінші бөлігі, 343-бабының үшінші бөлігі) орын алатын қоғамға қауіпті салдары ретінде адамдардың жаппай сырқаттануы ретінде екі немесе одан да көп адамдардың уақытша еңбек қабілетінен айырылуын түсіну қажет».

**5- ұсыныс.** ҚР Жоғарғы Сотының 2004 жылғы 18 маусымдағы №1 НҚ-ның 20-тармақшасы келесідей мәтінде көрсетілуі керек деп есептейміз:

«20. Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың жекелеген түрлерінің (ҚК-нің 324, 325, 326, 328, 329, 330, 332, 333-баптары, 343-бабының екінші бөлігі) қоғамға қауіпті міндетті салдары ретінде адамның денсаулығына зиян келтіруді адамның денсаулығына ауырлығы орташа, ауыр зиян келтіру деп түсіну қажет.

**6- ұсыныс.** Су ресурстарына келген шығындардың өтелуін сот өндірісінде қамтамасыз ету мақсатында «Соттардың кейбір экологиялық қылмыстар үшін жауаптылық жөніндегі заңнаманы қолдануы туралы« Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2004 жылғы 18 маусымдағы №1 нормативтік қаулысының 22-тармағын төмендегідей мәтінде толықтыруды ұсынамыз:

«22. ... Экологиялық заңнаманы бұзуға байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың салдарынан келтірілген материалдық шығындардың орнын толтыру туралы талаптарды сот тиісті талап қойылған жағдайда шешеді. Сот барлық қылмыстық істер бойынша бұл қойылған талапқа қатысты іс жүргізуде қаралуы мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті. Талап өндірісте қаралған жағдайда шығындарды өтеуге қатысты сот шешімі сот үкімінде орын алуы тиіс».

**7-ұсыныс.** ҚР ҚК-нің 328-бабын мына мәтінде өзгертулер мен толықтырулар енгізуді ұсынамыз:

«**328-бап. Суларды ластау, қоқыстау немесе сарқу**

1. Жербеті немесе жерасты суларын, мұздықтарды, ауыз сумен жабдықтау көздерін ластау, қоқыстау, сарқу не олардың табиғи қасиеттерін өзге де өзгерту, егер суларға немесе қоршаған ортаға айтарлықтай залал келтіруге әкеп соқса немесе әкеп соғуы мүмкін болса –...

2. Қоршаған ортаға ірі залал келтірген не келтіру қатерін туғызған, немесе адамның денсаулығына зиян келтірген, сол сияқты ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда не төтенше экологиялық ахуал аумақтарында жасалған дәл сол іс-әрекеттер –......жазаланады.

3. .....

**8- ұсыныс.** Су ресурстарын пайдаланумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың криминологиялық сипаттамасы жасалды, яғни су ресурстарындағы қылмыстылықтың жалпы әлеуметтік алдын алу, арнайы-криминогенді шаралар, сондай-ақ ауыз су саласындағы қылмыстылықтың алдын алу шараларының тізімі беріледі.

**Диссертациялық зерттеудің теориялық және тәжірибелік маңызы**. Диссертациялық жұмыстағы отандық заңнама бойынша су ресурстарын қылмыстық-құқықтық қорғаудың мәнін, ҚР ҚК-нің 328 және 330-баптарындағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың ерекшеліктерін, аталған нормаларды қолдану мен жетілдіруді ашатын негізгі тұжырымдар мен ұсыныстардың жиынтығын қылмыстық құқық теориясына қосқан үлесі ретінде қарастыруға болады. Суларды қорғауға байланысты экологиялық, қылмыстық заңнамаларды қолдану мен заң шығармашылық мәселерін тұтас қараудың қылмыстылықтың алдын алуда маңызы ерекше.

Зерттеу жұмысының нәтижелерін заңшығармашылық қызметінде, атап айтқанда қолданыстағы ҚР Қылмыстық заңнамасының, ҚР Су заңнамасының, ҚР Экологиялық заңнамасының сәйкес ережелерін одан әрі жетілдіруде қолдануға болады. Сонымен қатар зерттеудің жекеленген тұжырымдары ҚР Жоғарғы Сотының 2004 жылғы 18 маусымдағы №1 Нормативтік қаулысының да тиісті ережелерін жетілдіруге септігін тигізуі мүмкін.

Су ресурстарын пайдалану және қорғау саласындағы қылмыстылықтың алдын алу шараларын тиімді ұйымдастыруда да қажет бола алады.

Сондай-ақ зерттеу нәтижесінде автормен қол жеткізілген ғылыми нәтижелер, қорытындылар мен ұсыныстар осы аталған проблемаға қатысты болашақта жүргізілуі мүмкін ғылыми ізденістерде; «Су құқығы», «Экологиялық құқық», «Қылмыстық құқық», «Криминология» және «Қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау» атты жоғарғы оқу орындарында оқытылатын курстар бойынша оқу-әдістемелік кешенін дайындаған кезде қолданылуы мүмкін.

**Диссертация нәтижелерінің сыннан өтуі.** Зерттеудің негізгі тұжырымдары Қожа Ахмед Яссауи атындағы Халықаралық Қазақ-түрік Университеті Құқықтану кафедрасында орындалды. Сонымен қатар, тұжырымдар мен қорытындылар «Scopus» халықаралық базасына кіретін журналында, зерттеу тақырыбы бойынша берілген есептерде және бірқатар оқу

орындарында өткен ғылыми-теориялық, ғылыми-тәжірибиелік конференцияларда жасалынған баяндамаларда және басқа да жарияланған ғылыми еңбектерде кеңінен баяндалды.

Диссертация көтерген тақырыптың кейбір мәселелері ғылыми-теориялық және тәжірибелік конференцияларда тыңдалып, зерттеу нәтижелері ғылыми мақалалар түрінде жарияланған.

**Зерттеу жұмысының теориялық негізін** қылмыстық құқық, криминология, экология, су құқығы салаларындағы отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектері құрады.

Отандық экология, су құқығы салаларындағы келесідей ғалымдардың ғылыми еңбектері ескерілді: Д.Л. Байдельдинов [16], Байсалов С.Б. [10], Л.К. Еркінбаева [17], А.К. Жанғабылова [17], А.Е. Жатқанбаева [18], С.Т. Күлтелеев [19], Н.Б. Мухитдинов [20], А.С. Стамқұлов [21], С.Ж. Сулейменова [22], С.Ж. Шалтакбаев [23] және т.б.

Шетелдік ғалымдардың арасында С.А. Боголюбов [24], М.М. Бринчук [25], О.Л. Дубовик [26], Б.В. Ерофеев [27], О.С. Колбасов [28], Н.С. Кудελькин [29], Е.А. Панова [30], Д.О. Сиваков [31] және т.б. ғалымдардың экология, су құқығы салаларындағы ғылыми еңбектері осы ғылыми зерттеудің теориялық негізін қалады.

Экологиялық және суларды пайдалану және қорғау аясындағы қылмыстық құқық бұзушылықтармен қылмыстық-құқықтық күрес проблемаларын талдауда мынадай отандық ғалымдардың еңбектері негізге алынды: И.Ш. Борчашвилидің [6], Е.І. Қайыржановтың [32], С.М. Рахметовтың [33] және т.б.

- Кеңестік және ресейлік ғалымдары, атап айтсақ Е.В. Виноградова [34], В.Д. Курченко [35], Н.А. Лопашенко [36], А.Ю. Филаненко [37] және т.б. ғалымдардың ғылыми ізденіс нәтижелері осы жұмыстың теориялық арқауын құрады.

**Диссертациялық зерттеудің нормативтік базасын** ҚР Конституциясы, ҚР Қылмыстық кодексі, ҚР Экологиялық кодексі, ҚР Су кодексі, «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» ҚР Заңы, ҚР Жоғары Сотының нормативтік қаулылары және т.б. құрады. Сонымен қатар кеңестік қылмыстық заңнамалар, шетел қылмыстық заңнамалары мен халықаралық құқықтық актілер пайдаланылды.

**Диссертацияның құрылымы мен көлемі**. Жұмыстың құрылымы зерттеудің негізгі мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келеді. Зерттеу жұмысы кіріспеден, тоғыз бөлімшеден тұратын үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, қосымшалардан тұрады.

# 1 СУ ҚАТЫНАСТАРЫНА ҚОЛ СҰҚҚАНЫ ҮШІН ЖАУАПТЫЛЫҚ БЕЛГІЛЕЙТІН ЗАҢНАМАЛАРДЫ ТАРИХИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЗЕРТТЕУ

## 1.1 Қазақстан Республикасындағы су ресурстарының экологиялық жағдайы және ауызсу мәселесі

Су – барлық тіршілік көзінің негізі. Су жер бетінде кеңінен таралған табиғи ресурс та. Ол тірі организмнің құрамында зат, энергия алмасу процесіне қатысады. Сонымен қатар, су Жердегі басты энергетикалық үрдістің нәтижесінде (фотосинтез) бөлінетін оттегінің қайнар көзі қатарында. Барша тіршілік көзі, яғни адамзат, жан-жануарлар, микроорганизмдер және өсімдіктер сумен сусындайды. Шамамен алғанда адамның - 3/2-і, өсімдіктің 90%-ы, жануардың 75%-ы судан тұратыны да анық жай. Сол бір тірі организмдердің бойында 10-20% судың кемуі, тіршіліктің тоқтауына алып келеді екен.

Су Жер планетасын жайлаған және қайта қалпына келетін ресурс десек те, бүкіл әлем бойынша оның қосалқы қоры белгілі мөлшерде шектеулі көрінеді. Тұщы судың мөлшері бар болғаны 3% және де ол құрлық бетінде бірыңғай тарамаған. Оған мына жағдай дәлел. Мысалы, Нидерланды елі жеріндегі суларды кептіру механизмін іске қоса отырып құрлықты аймаққа қолжеткізіп жүрсе, ал Азия елі Арал көлін суға толтыру үшін Солтүстік мұзды мұхитынан су тартудың амалын іздеп, күйлігуде. Жалпы алғанда суға тапшылығының негізгі себебі халық санының артуымен, әлемдік экономиканың дамуымен, сондай-ақ жер климатының өзгеруімен байланыстырылады. Ал экологтар болса, қоршаған ортаның ластануы, экожүйедегі тұщы судың жойылуы және де қала санының шамадан тыс өсуі мен жерді пайдалану құрылымының өзгеруі фактілерін қолдағы бар сулардың азаюының басты себебі санайды.

Әрине, әлемді толғандырған су мәселесінен Қазақстан да ада емес. Жалпы алғанда, еліміз табиғи ресурстарға бай елдер санатында. Оның жерінде 39 мың өзен, 48 мың ішкі көл, көптеген мұздықтағы тұщы су қорлары орналасқан. Зерделеуден өткен 456 жерасты суы кенорнының бар-жоғы жартысынан сәл астамы және 45 минералды көздер қолданыста. Ертіс, Орал, Ишим, Тобыл Қазақстанның ең ірі өзендері танылса, ал Оңтүстік және Орталық Қазастан облысындағы Сырдария, Іле, Нұра, Сарысу ағынсыз өзендер қатарында.ТМД елдері арасында Қазақстанның сумен қамтылу жағдайы соңғы қатарда.

Республикада тек 80-жылдардың ортасына қарай ғана судың өзенге ағып келуі жылына 25 км. шаршыға төмендегендігі байқалған. Оның су ресурсы қоры 1991 жылдары ССРО-ның су қорының 2,1%-н ғана құраған, бұл жағдай күні бүгінге дейін жалғасып келеді. Ауыл шаруашылығына жұмсалатын судың 4/3 бөлігі қайтарылмайды екен [38].

«Пайдалануға қажетті судың көлемі 54,5 км3, қолдағы шаруашылыққа арналған жылдық орташа су көлемі 46,0 км3-ден аспайды. Бұл дегенің, 1 квадрат км жерге 36,4 мың шаршы метр су, бір адамға жылына 6,0 мың шаршы метр келеді.

Қазақстанның орта есеппен өзеннің жылдық ағысы үлкен емес, 101,9 км. Қазақстан өзен ағысы жағынан планетадағы сумен ең аз қамтылған елдердің

бірі. Мысалы, бір Амазонкада судың жылдық ағысы 220 км, ал біздің еліміздегі өзен ағысы бұл санның тек жартысын, яғни 57%-ын құрайды.

Қазақстанда Балқаш-Алакөл, Шу-Талас, Арал-Сырдария, Орал-Каспий, Тобыл-Торгай, Ишим, Ертіс және Нұра-Сарысу сынды сегіз өзен бассейіні бар. Нұра-Сарысуды қоспағанда жеті өзен бассейіні, трансшекаралық және жер үсті су ресурстарының екіден бірі еліміздің аумағында қалыптасқан. Ал қалғандары (43,5 км) көршілес жатқан мемлекеттерден келіп құйылады: Қытай – 18,9; Өзбекстан – 14,6; Қырғызстан – 3,0; Ресей – 7,5 шаршы километр» [39,105б.]. Соңғы жылдары Шекаралық өзендерде Қытай гидротехникалық жобасының іске асырылуына орай су ресурстары елеулі мөлшерде жоғалмақ.

Елімізде суға мұқтаж далалы аймақтар өте көп, оларды құтқару қажырлы еңбекті қажет етеді. «Шардара, Қапшағай су тораптарының, Сырдария бойындағы Қазалы торабының, Бөген, Бадам, Тасөткел қоймалары мен Ертіс-Қарағанды каналының сыйымдылығы миллиардттаған текше метр су жинау мүмкіндігіне ие ГЭС-ке ие және де ол халық игілігіне қолдануға берілген. Бұл жүздеген мың гектардан көп жердің қолдан суарылып, мыңға тарта жаңа шаруашылық түрлерінің қолға алынуына мүмкіндік берген.

Тұйық суқоймалары Аралда, Балқашта да кездеседі. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерүсті суының көлемі - 46 км, ал уақытша ағын су саны - 11,5 мың, ұзындығы - 10 км, тоғандар мен су қоймалар саны - 4500. Десек те, бұлардың барлығы ірі су айдындарының күн өткен сайын тартылуына алып келеді. Жерді суландыру мәселесін қоймалардың көмегімен шешу жолы су қорын қорғауда тиімсіздеу болып тұр. Сол су құбырларының басым бөлігі 20-25 жыл бұрын, ал Республикамыздың солтүстік аймақтарына 30 жыл бұрын пайдалануға беріліп, олардың 70%, тіпті одан да көбінің бүгінде тозығы жеткен (2006 ж. дерекке сай)»[40, 13-17 бб.].

2014 ж. деректерге жүгінер болсақ, елде магистралды және таратушы каналдардың 40%-ның техникалық жағдайы нашар күйде. Бір ОҚО-да (қазіргі Түркістан облысы) ұзақтығы 12 280 км жалпы су құбыры торабының тек 18%-ы қапталған [41].

Енді сол ОҚО-дағы (қазіргі Түркістан облысы) жағдайға нақтырақ тоқталсақ (Қосымша - 1). «Оңтүстік Қазақстан облысындағы Ақсу, Арыс, Бадам, Келес, Сайрамсу және өзге өзендерінде орналасқан карьерлер көптен бері жұмыс істемей тұр. Ақылбексай, Тоғыс, Арыстанды, Рабат, Текесу, Ойық (Қатын қамал), Шылбыр, Ұзынбұлақ, Сартөр, Жамбыл сынды су қоймаларына жөндеу жүргізілмеген, меншік құқықтары да заңдастырылмаған, нәтижесінде Оңтүстік Қазақстан облысындағы су қоймасының ауыл шаруашылығы мақсатында толығымен қолданылмаған.

Түлкібас ауданының коммуналдық және жеке меншігіндегі бас гидроқұрылымдар, су бекеттері, су тоғандары мен 84 каналдар (7796 га суармалы жерді ағын сумен қамтамасыз ететін) істен шыққан.

Түркістан қаласы Әкімдігінің Түркістан қаласы аумағында орналасқан өзендер мен бұлақтарды «Түркістан су шаруашылығы» МКК-на бекітіп беру туралы 2009 жылдағы №1148 қаулысы орындалмаған. Сол себепті

коммуналдық теңгерімге өткен Үшқайық ауылдық округіндегі Беларық, Теке арық, Оман арық каналдары және және басқада коммуналдықпен жеке меншік каналдар иесіз қалған. Түркістан қаласы бойынша Ойық пен Шылбыр су қоймалары істен шыққан.

Бұл жағдайлар Арыс, Бәйдібек және Қазығұрт, Төлеби, Шардара аудандарындағы коммуналдық пен жеке меншіктегі бас гидроқұрылымдар, су бекеттері, су тоғандарында да орын алған.

Бір Арыс ауданындағы «Қазселден қорғау» ММ Оңтүстік Қазақстан аймақтық техникалық пайдалану туралы айтар болсақ, 2011 жылы «Институт Қазгипроводхоз» ӨК-і жобасымен №1 насостар станциясы жұмысын бастаған. Жобадағы қателіктердің салдарынан аты аталған №1 насостар станциясы (құны 303,596 млн.теңгелік) күні бүгінге дейін Шөгірлі елді мекені сусыз отыр. Қысқаша айтқанда 1500 га астам суарылмалы жер игерілмей бос қалған.

Арал-Сырдария бассейніндегі гидротехникалық құрылыстардың жұмысы барысы да күрделі жағдайды бастан өткеруде. Мысалы, 2015 жылы Қызылорда облысында туындаған «үрмелі бөгеттер» мәселесіне орай Сырдария өзені Шардара өзенінен төмен қарай 2 рет, ал 2016 жылы 5 рет жабылған.... мұнан туындайтын сұрақ: келесі жылы Сырдария өзенінің күйі не болмақ?...

Үстіміздегі жылы ОҚО (қазіргі Түркістан облысы) ауыл шаруашылығы басқармасы Сырдария өзенінің жағалауындағы Арыс, Отырар, Сарыағаш, Түркістан және Шардара аудандарына қарасты 10,0 мың га жуық суармалы жер Сырдария өзенінің жұмыс «ырғағының» салдарынан ағын судан қалғанын мәлімдейді» (Қосымша -1).

Сол уақытта ОҚО-дағы (қазіргі Түркістан облысы) жағдайлар жөнінде тиісті органдарға хабарлама жіберіледі, алайда сұрақтарға жауап берілмегендіктен де Арал-Сырдария бассейндік инспекциясы бастығының орынбасары сол жылы облыс әкімшілігіне, ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігіне, ҚР АШМ Су ресурстары комитетіне Ашық хатпен жүгінеді. Су ресурстарына қатысты сұрақтарға басшылықтың назары қашан аударатындығы уақыт еншісінде қалмақ.

Егер мұрағат қолжазбаларын ақтарсақ, Кеңес Одағы тұсында бассейіндік инспекциялар базасында гидрохимлабороториялар жұмыс істегеніне көз жеткізу қиын емес. Бір кездері шектеулі-рұқсатты концентрация мөлшерінің (ШКМ) шамадан тыс асқаны анықталғанда талап арыз өкілетті тұлғаға беріліп, тексеру нәтижесінде кінәлі ұжымға айыппұл салынып отырған және т.с.с. Бұл құрылымды қайта қалпына келтірудің маңыздылығын ескерген жөн болар еді.

Республиканың жекеленген аумақтарының сумен қамтылуына келсек, 2014 жылы Шығысқа ресурстың 34,5%-ы, оңтүстік-шығыс аумаққа - 24,1, оңтүстік аумаққа – 21,2, батыс бөлікке – 13,4, солтүстік аумаққа – 4,2, Орталық Қазақстанға 2,6% тиесілі екен. Шығыс Қазақстан облысын сумен жақсы қамтылған деуге болады, оның көлемі - 290 тыс. м3 на км2. Еліміздің батыс және оңтүстік аймақтарында су тапшылығы басымырақ. Нақты айтсақ, Атырау, Қызылорда, әсіресе Маңғыстау облысында тұщы су көзі жоқ [42,32 б.].

Қазақстанда судың 98,7%-ы алты саланы қамтиды екен: 65%-ы ауыл

шаруашылығы, электроэнергия, 24%-ы газ өндірісі, 5,3%-ы мемлекеттік басқару қызметі; металлургия – 3,2%; тау-кен өндірісі 1,2% [43, 3 б.].

Суармалы жерлердің көбеюімен суға сұраныс артып келеді. Суармалы жерлердің шығыны 1,5-2 есе артық. Республикамызда суды пайдаланудың үлесті шығыны 1 га суармалы жерге орта есеппен 10 мың м/га тең. Жерасты тұщы сулары жетіспейді, ал зерттелінгендерінің тек 0,2-12%-ы ғана қолданыста. Бұл жағдайдың өзі тұтынушылардың (қоныс тепкен және толық аймақ) сумен қамтылу деңгейіне ықпал етеді [44].

Расында да адамның қоршаған ортаға ықпалы зор. Бүгінгі күні адамның сан қырлы қызметінің нәтижесінде топырақ, өсімдік, ауа және ауызсуға, жануарларға зиянды ықпалдар тиюде. Табиғи ресурстар сарпылып, ал қайта қалпына келетіндерінің өнімдеріне қауіп төніп отыр. Қоршаған орта ластануда. Су тапшылығы Қазақстанның тұрақты дамуын тежейтін өзекті экологиялық проблеманың кілті болып тұр. Өкініштісі сол, су ресурстарының жетіспеуімен қатар, оның сапасын сақтау мәселесі одан өзекті. Мысалы, еліміздің өзендеріне Қытай, Өзбекстан, Қырғызстан аумақтарынан лас сулар құйылады және таза судың қайнар көзіне жатқызатындар қалмай отыр. Қазақстанның өнеркәсіпті аймақтары, полигонды және мұнай-газды жерлердегі өзен-көлдер ластанған.

Ертіс Қаратал, Ақсу Лепсі, Тентек, Көксу және Ертіс өзені салыстырмалы түрде біршама таза деп есептелініп келген. Оның өзі де ақпа сулар арқылы ағып келетін ауыр метелдармен ластанып отыр (мыс, цинк, кадмий, қорғасын, мышьяк (күшән) және т.б.) [45].

Ауыл шаруашылығы химияландырылуынан және дренажды сулармен Сырдария, Шу, Талас өзендері ластаныпты. Әсіресе, күріш пен мақта егінді аумақтарында жиі қолданатын пестицидтермен Арыс, Келес өзендері залалданған [46, 119-123бб.].

Су ресурстарының ластану себептеріне қатысты іс-тәжірибеге келсек, онда жоғарыда айтылған ашық хаттардың бірінде мынадай дерек кездеседі (Қосымша -2):

«Сырдария өзеніндегі балықтар 1982 жылы жаппай қырылды... Өзбекстан мемлекетінің шекарасынан Арал теңізіне дейінгі Сырдария өзені «Минводхоз СССР»-ден келген комиссия құрамы өз бақылауларына алған. Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, балықтардың жаппай қырылуыныңа себебі анықталмады. Уақыт өте бұның Ширшықтағы зауыттың гальвани цехындағы аварияда болғандығы анықталады.

1986 жылдары бұрынғы Келес ауданы Абай елді-мекенінде (қазіргі Сарыағаш ауданы) «тырысқақ» ауруы тараған. Аурудың негізгі көзі су болған. Ташкент қаласындағы лас-шайынды және ақаба сулар Боз су өзеніне қашыртқыланады. Ал бұл өзенінен СТК, ВТК, Аққойлы каналдарымен Сарыағаш ауданының 5578 га суармалы жері суғарылып отырды. Оған қосымша Өзбекстанның территориясынан егістік алқаптардан кәріздік-ақаба сулар Келес өзеніне қашыртқыланатынды.

2014 жылының қараша-желтоқсан айларында Өзбекстан мемлекетінің шекарасындағы «Майский» бекет аумағындағы үлкен құс фабрикасының «көң-

жапа қоймасын» жаңбыр суы шайып, онан аққан су бері қарай 4-5 км жерді басып өтіп, Ханым каналына құйылады. 2015 ж. Алматы қаласында Өзбекстан өкілдерімен кездесуде аталған оқиға жайында сөз қозғалып, сол уақытта 1 айлық төтенше жағдай зардаптардың жойылуына мүмкіндіктер берді.

2015 жылдың мамырында, 2016 жылдың қаңтар-ақпанындағы алынған сараптама нәтижесіне сүйінсек, Сырдария өзені арқылы Өзбекстаннан ағып келген судағы (Сырдария өзені Шардара су қоймасының төменгі бьефесінен МК Көктөбеге дейін) сынаптың концентрациясы 40- 92 есеге өсіп, нормадан асқан» [47, 84-99 бб.].

Жоғарыда келтірілген жағдайлар туралы дер кезінде тиісті мекеме басшылары хабардар болған, дегенмен де өкілді органдардың тарапынан тиісті шаралар орын алмайды». Әрине, мұндай жай бір ғана Түркістан облысында орын алып отырған жоқ, басқа да облыстарда кездесіп отырған.

Сулардың ластануы деңгейі 3 санаттан тұратынын ескерсек (таза 2-сын, таза емес 3-сын, былғанған 4-сын), 2011-2016 жылдар аралығында су қоймасы, өзен суларының ластану индиксінің өзгерісі төмендегідей көрсеткіштерге ие болды: Сырдария (Көкбұлақ) 1098 сыннан 205 сынға дейін; Шардара су қоймасы 2,27-ден 2,5-ке; Келес өзені – 2,72-ден 2,2-ге, Бадам өзені 2,03-тен 1,5-ке; Бөген өзені 1,48-ден 1,2-ге; Арыс өзені 0-ден 1,4 сынға дейін өзгерген. Яғни, 2011-2016 жылдарда Бадам өзенінен басқалардың ластануы артқан (Сурет - 1).

Негізінде, еліміздегі экологиялық жағдайлар ауыл-шаруашылық мәселелерімен шиелінісіп жатады. Бұл сұрақты шешуге уәкілетті органның қызметкерлері қатысып, проблемаларды бірлесіп шешуге тырысады. Мысалы, су мамандарының дөңгелек үстеліндегі «Қызылорда гидрогеологиялық мелиоративтік экспедициясы» республикалық мемлекеттік мекемесінің (ҚГГМЭ РММ) жетекшісі *Қ. Құламбаев* «Қызылорда облысы бойынша канал, қашыртқы және жерасты ыза суларының сапасы» атты баяндамасында (Қосымша -3): «Сырдария өзенінің жоғарғы жағында орналасқан көршілес мемлекеттерінің және Оңтүстік Қазақстан облысының өнеркәсіп орындарынан және егістік алқаптарынан шығарылған қалдықтардың әсерінен ластанған суларды өзеннің төменгі жағында орналасқан Қызылорда облысының елді мекені егістікке және өзге де қажеттіліктерге пайдалануға мәжбүр.

Облыс бойынша егіс алқаптарының 50-60 пайызын құрайтын күріш алқабы жаз бойы осы сумен суарылып жатқандықтан, қатар жатқан егіс алқаптарда өте жоғары минерализациядағы жерасты ыза су деңгейі көтеріліп, екінші ретті тұздану процесі жүреді.

Бұл жағдайда, жалпы облыс көлеміндегі суармалы егістік жерлердің мелиоративтік жағдайын жақсартудың бірден-бір жолы - осы алқаптарда орналасқан каналдар мен қашыртқылардың техникалық жағдайын жобалық межеге жеткізе отырып, олардың жүйелі жұмыс істеуін және тік қашыртқылардың қалпына келуін қамтамасыз ету болып табылады.

Алайда, қазіргі таңда жер жеке тұлғалардың меншігінде болғандықтан да, бұл жұмыстарды жүйелі жүргізу мүмкін емес, себебі олардың қаражат жағдайы әр түрлі. Сондықтан, бұл мәселе үкімет тарапынан шешілуі, яғни ауқымды

масштабтағы бюджеттік бағдарлама қабылдануы қажет», деп келтіреді .

Ал, О.А. *Қыстаубаев* «Судың сапасы мен оны қорғау – табиғатты қорғаудың құрамдас бөлігі» атты баяндамасында Оңтүстік Қазақстан облысындағы Ақсу, Арыс, Бадам, Сайрамсу және басқа өзендер бойындағы істен шыққан карьерлерді абаттандырып су жинаудың нәтижесінде келесі мәселелерді шеше аламыз, деп есептейді (Қосымша -3):

Біріншіден, шағын су қойма мен контрреттегіштер салу (дайын карьерлерді реттеп, бөгеттер мен тоспалар құрылысын жүргізсе) ең қолайлы нысан, бұл елді-мекендерді тасқын сулардан қорғайды.

Екіншіден, қоршаған ортаны қорғап, балық шаруашылығының дамуына ықпал етеді.

Үшіншіден, жаңадан демалыс аймақтарының ашылуына себеп болады.

Төртіншіден, облыс көлемінде ауыз су, өндіріс орындарының суға деген қажеттілігін және суармалы жерлерге қажетті ағын суға деген талаптар мен сұраныстар шешімін табады.

«Қазақ ғылыми-зерттеу балық шаруашылық институты» ЖШС Арал филиалының ғылыми қызметкері *Н.С. Самбаев* болса, «Арал-Сырдария бассейнінің аквамәдениеті үшін пайдаланылатын су ортасы сапасының жай-күйі» атты баяндамасында, Арал-Сырдария бассейніндегі сулардың сапасына тоқтай келе, барлық агробизнес субъектілеріне балық шаруашылығына арналған су қоймалары суларының сапасын анықтау әдіснамасын оқытып-үйретуге қатысты кеңестік қызмет көрсетуге дайын екендіктерін алға тартқан» (Қосымша-3).

Аталған мәселеге қатысты келесі маман, Халықаралық Аралды құтқару қорының атрушы дирекциясы директорының орынбасары *А.К. Кенишимов* болса, «ҚР Ауыл шаруашылық Министрлігіне, ҚР сыртқы істер Министрлігіне және басқа да мүдделі мемлекеттік органдарға трансшекаралық өзендердегі су ресурстарының сапасы бойынша секторaралық жұмысшы тобын құру жөніндегі ұсыныспен шығу; Сырдария өзені бассейндері мемлекеттеріне секторaралық жұмысшы тобын құру, су ресурстарының сапасына егжей-тегжейлі баға беру, ластану себептерін жоюға байланысты және ластанған қауіпті көздерді локализациялау және қаражат тартатын көздерді бірлесіп іздеуге байланысты нақты шараларды құрастыру; сулардың сапасы жөніндегі секторaралық жұмысшы тобына кеңес беру, техникалық және қаржылық көмек көрсету үшін халықаралық ұйымдарға жүгіну қажет, деген ұсыныс келтірген» (Қосымша-3).

**Ауызсу мәселесі.** Өзге елдер сынды Қазақстанда да ауыз су сұрағында қатысты шешімін таппаған мәселелер көп. Су ресурстары бірыңғай бөлінбеген және аймақтар мен экономика салалары сумен толық қамтылмағандықтан тұрақсыздық күйін жиі кешеді. Қала халықтарының шаруашылық-ауызсумен қамтылу жағдайы 62-90% және республика бойынша орташа есеппен 83%, ал ауылды аймақтарда - 70-76% [48, 173-176 бб.].

Ауыл халқының сумен тиісті деңгейде қамтылмауына жарамды су көздерінің болмауы, құбырлы және шахталы құдықтардың жетіспеуі, су құбыры торабының ұзақтығы, және энергияның көп жұмсалуы, топтасқан

сұқұбырларын эксплуатациялауға шығынның жоғарылығы, сұқұбырларының тозуы, терең жерасты жиектен су тарту үшін электроэнергия құнының және құрал-жабдықтардың қымбаттығы негізгі себепші екен. Ауылды аймақтарды сумен орталықтан қамту үшін жергілікті (бір ғана ауылға) және топтасқан су құбырлары (бірнеше ауылдар топтасып) құрылысын жүргізу қажет болады.

Халықтың ауызсу қажеттілігі негізінен өзен ағындысы, сондай-ақ барлық облыстардың қорына тиесілі жерасты су есебінен қанағаттандырылады. Қазақстанда өзендерінің жабдықталу көзінің көлемі 2 мың кв. км, ал мұздықтарының көлемі – 98 шаршы км (көлемі жағынан Балқаш көлінің 1/5).

Елде қаншалықты халықты ауызсумен қамтамасыз ету шарасы атқарылып жатыр десек те, ауыл тұрғындары әдеттегіше, қолжетімсіздік және сапасыздық күйін кешуде. Антропогендік және табиғи факторлардың нәтижесінде ҚР аумағының 70% түрлі деңгейде шөлге айналып жатыр. Статистикалық деректерге сүйенсек, республикада - 25,8%-ды, Жамбыл (Тараз) - 89,7%, Павлодар – 57,1%, Шығыс-Қазақстан – 55,8%, Батыс-Қазақстан – 46%, Қарағанды облысында – 36% ауыз су санитарлық нормаларға сәйкес келмейді, сондай-ақ Астана мен Алматы қалаларының жағдайлары да жақсы емес [49, 71-74 бб.]. Жыл сайын өндірістік кәсіпорындар өзенге 10 шаршы.км ақпасу тасталады екен, бұл барлық ақпасулардың 80%-ын құрайды.

Жерасты суларын түрлі жұқпалы аурулар тарататын микробтар, вирустар жайлаған. Қазақстан территориясында зақымданған Республика 56 шаршы.км жербеті сулары және организмнің түрлі ауруларымен зақымданған сыртқы елдерден келіп құйылатын 44 шаршы.км сулар түрлі жұқпалы аурулардың кең тарап жайылуына себепші.

Ал жер асты суы қолданысқа ие аймақтарда бос воронкалар туындап, бактериялар, химиялық элементтер енген. Бұл табиғат ресурстарына қатысты ережелерді сақтау міндет болған.

Мамандарға жүгінсек, су ресурстарының тапшылығы, олардың тиімсіз пайдалануы, санитарлық аумақтарда қорғау шараларының жүргізілмеуі және осы аймақтарда шаруашылық қызметтер жүргізу барысында регламенттелген режимдердің сақталмауына байланысты ауызсумен қамту көздері сапасының төмендеуі тенденциясы тұрақты сипат алып отыр.

Демек, халқымыздың жалпы ауызсумен қамсыздандырылуы деңгейі төмен, сәйкесінше халықтың сырқаттану деңгейі орташа.

Жоғарыда айтылғандарды тұжырымдай келе, еліміздің су секторында мынадай жағдайлар шешімін табуды қажет етіп отыр:

- жерүсті суларына техникалық залалдың тууы;
- зерттеуден өткен су кенорындарының  пайдаланылмауы және жерасты тұщы суларын мақсатсыз пайдалануы;
- сумен жабдықтау тораптары мен құрылғыларының тозуы, жекеленген жағдайларда оның 80-100%-ға дейін тозығы жетуі салдарынан судың тоқтатылуы және іркілістердің туындауы;
- табиғи монополия субъектілері ұсынған тарифтердің төмен болуынан су шаруашылығы секторлары активтерінің міндетті жаңғыртуға және жаңалауға

арналған инвестициялық жоспарды орындауға мүмкіндіктерінің төмендігі;

- ауылды аймақтарда арнайы таратушы желілерінің болмауынан немесе олардың жетілдірілмеуі себепті халықтың лажсыздан сырттан келетін суды және орталықтандырылмаған көздерді қолдануға мәжбүр болуы;

- алыс аймақтарды сумен қамтуға арналған көздердің болмауы салдарынан су тартқыш (суқұбыры) құрылыстарын жүргізуге мәжбүр болуы;

- сумен қамтуда баламасы жоқ топтасқан су құбырғыларының техникалық жағдайының нашар болуы себепті толық қайта жүргізудің қажет етеді;

- халықтың төмен төлемқабілеттілігі және есеп құрылғыларын жүргізуге дайын болмауы;

- су ресурсы саласының қаржы тапшылығы, қаражаттың жымқырылуы, қаржыландыру секторында бақылаудың дұрыс, әділ жүргізілмеуі;

- мемлекеттің қаражаты есебінен жөндеу, жабдықтау, құрылыс жұмыстарының сапасының төмендігі, жұмыс нәтижелерін қабылдағанда дұрыстап тексермеуі, жүктелінген міндеттерді жауапты тұлғалардың тиісінше орындамауы, сондай-ақ сапасы төмен жұмыстар үшін уақытылы кінәлі тұлғалардың жауапкершілікке тартылмауы;

- мемлекеттік сатып алу бағытында сумен жабдықтау, суды қолдану, тазалау, өзге де қажетті құрылғы-жабдықтардың сапасына тиісті талап қойылмауы, байқамау, осы істе уақытымен кінәлі тұлғалардың жауапкершілікке тартылмауы;

- елді-мекен жайлардың сумен жабдықталуы және судың сапасын көтеру іс-шарасының трансшекаралық суларға тәуелді болуы салдарынан халықаралық шарттарды қайтадан қарап шығып, келісімге келудің қажеттігі және т.б.

Қазақстандағы барлық өзендер мен су айдындарының гидрохимиялық, гидрологиялық және санитарлық режимдерге антропогенді жағдайлар ықпал етіп отыр. Ал бұл өз кезегінде, су ресурстары қатынастарын реттеудің экономикалық және құқықтық механизмдерін қалыптастырудың, экологиялық нормалар мен нормативтерді құрудың, су, жер қыртысының және ауылшаруашылық өнімін өндіру мониторингін жүйелеудің қажеттілігінің айғағы.

Елдегі қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы мемлекеттік басқару жүйесін өзгерткен әкімшілік, сондай-ақ қылмыстық реформалар, жаңа кодекстер де суды қорғау мәселесін шеше қоймаған сыңайлы. Соңғы кездері белгілі бір бағытта су ресурстарын пайдалану мен қорғауға байланысты қатынастарды реттеудің экологиялық талаптары әлсірегендей.

Қорыта келгенде аталған жағдайлар, су ресурстарындағы қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеу және іс-тәжірибеде қалыптасқан құқық қолдану жағдайларына тереңінен теориялық тұрғыдан баға берудің негізінде кездескен қайшылықтарды тез арада жоюды талап етеді. Ауызсу қауіпсіздігі және санитарияға кепілді қолжетімділік – бұл адамның негізгі құқығы. Азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету мемлекет еншісінде.

Сурет – 1. Сулардың 2011-2016 жылдар аралығындағы ластану индексі (Қосымша - 1).




**1.2 Су қатынастарын құқықтық реттейтін заңнамалардың даму тарихы**

Қазақстан Республикасының су заңнамасы мемлекетіміздегі құқықтық жүйенің құрамдас бөлігі. Су заңнамасының тарихи дамуы мемлекеттің қалыптасуы мен дамуымен сабақтасып жатады. Ғылыми еңбектерге сүйенсек, еліміздің су заңнамасы өзінің даму барысында үш тарихи кезеңнен өткен екен. Оның алғашқысы Ұлы Қазан революциясының жеңісі және Кеңес билігінің орнауынан бастап социализмнің орнығуы, Кеңес республикасында Қазақ АССР-нің орнауымен, ҚазССР Конституциясының қабылдануы аралығын қамтиды. Қазақстанда су қатынастары ССРО, РСФРО және Түркістан АССР-нің тиісті органдарымен қабылданған немесе санкцияланған су-құқықтық актілерімен реттелген. Қазақ АСРО сол кезде Ресей Федерациясының, ал кейбір облыстары (1924 жылға дейін) – Түркістан АСРО құрамында болып келді. Бұл өз кезегімен Қазақ АСРО-ы су құқығының пайда болу, қалыптасу және құрылу кезеңі болмақ.

Профессор С.Б. Байсалов кеңестік су құқығы тұжырымдамасының негізін қалады. Ғалым су құқығының ұғымдық-категориялық аппараттарын ұсынды, су құқығы саласының дербестігін негіздеді және оның кеңістік құқық жүйесіндегі орнын көрсетті («Қазақ КСР Су құқығы» монографиясы). Ол су ресурстары саласындағы құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік институтын қарастырды [10].

Су құқығының дамуының екінші кезеңі кеңестік социалистік құқықтың басқа салаларынан даралануымен сипатталады. Осы тұста заңнамалар су ресурстарына ықпал ете отырып, жеке құқық саласы болып қалыптаса алды, сонымен қатар республикалық су заңнамаларының кодификациялануы мәселесі шешімін тапты. ҚазақСРО-ның 1937 жылғы Конституциясы заң базасының

негізін құрды. Бүкіл ССРО-ң аумағында урбонизация үрдесінің орын алуы және қалалардың тез өсуі су ресурстарын пайдалануды арттырды, ал бұл өз кезегінде жаңа су ресурстарымен байланысты қатынастарды реттеу үшін заңнамалардың қажеттілігін танытты.

Сол актілердің қатарында 1940 жылдың 26 сәуіріндегі ССРО Халық комиссарлар Кеңесі (ХКК) мен Бүкілодақтық Коммунистік партиясы орталық комитетінің БКП ОК(б) «Ауыл шаруашылығын болашақта жетілдіру шаралары және Қазақ СРО оңтүстік облыстарының техникалық мәдениетінің ерекшеліктері туралы» қаулыны қарастыруға болады [50]. Аталған актіде су ресурстарын тиімді пайдаланудың нақты жолдары мен құралдары бекітілді. Оның кейбір ережелері 80-жылдарға дейін қолданыста жүрді.

Ұлы Отан соғысының басталуы су шаруашылығын жүргізуге көп қиындықтарын туғызды. Бұл жылдары су ресурстарын үнемді және рационалды пайдалануға, нақты айтқанда суаруды қамтамасыз етуге байланысты бірнеше құқықтық актілер қабылданды. Соғыстан кейінгі жылдары дұрыс жүйелі суаруды, ирригациялы-мелиоративті және жүйелер мен құрылыстарды эксплуатациялауды ұйымдастыруды құқықтық реттейтін актілер қабылданды.

Халық, өндірістік кәсіпорындар және ауыл шаруашылығы мұқтаждықтарына арналған жерасты суларын пайдалану мен қорғаудың шарттары мен тәртібі 1959 жылдың 22 мамырында республика Үкіметімен қабылданған «Қазақ СРО аумағындағы жерасты суларын қорғау туралы» қаулымен реттелінетін болды. Ал 1959 жылдың 4 қыркүйегінде ССРО Министрлер кеңесі «Жерасты суларын қорғауды мемлекеттік бақылау жөніндегі» қаулысын қабылдап үлгерді. Сол жылдың 3 қазанында оның негізінде Үкімет «Жерасты суларын пайдалануды мемлекеттік бақылауды және оны қорғауға байланысты шараларды күшейту жөнінде» қаулыны бекітті. Қазақ ССРО территориясындағы геология және қазбалар мен денсаулық сақтау Министрлігінің жерасты суларын зерттеуге, пайдалануға және олардың сарқылуы мен ластануынан қорғау, сондай-ақ бұл шараларды координациялауға байланысты жұмыстарды жүргізу үшін аталған құжат әдістемелік нұсқаубола алды.

Мұнан кейін 1960 жылдың 14 қарашасында қабылданған Қазақ СРО Министрлер кеңесінің «Қазақ СРО су ресурстарын пайдалану мен қорғауды күшейту шаралары туралы» қаулысының маңызы сол, ол республикалық су заңнамасының даму тарихындағы жаңа жетістігі еді. Онда республиканың кейбір аудандарында су ресурстарын рационалды емес пайдалану, олардың сарқуы мен ластануы белгілерінің орын алатындығы айтылды. Үкімет бұл кемшіліктерді жоюдың ұйымдастырушылық-шаруашылық және мемлекеттік шараларының тұтас жүйесін ұсынды. Ал осы қаулының негізінде жерасты және жерүсті су ресурстарын қорғау және пайдалануға байланысты Қазақ СРО Министрлер Кеңесі Мемлекеттік комитеті, оның облыстардағы бассейіндік инспекциялары, сондай-ақ Мемлекеттік жоспардағы су шаруашылығы бөлімі мен республикадағы министрліктер мен ведомстваларды қарамағында су

шаруашылығы сұрақтары бойынша арнайы топтар құрылған болатын.

Келесі маңызды акт 1962 жылдың 16 сәуірінде Қазақ СРО Жоғары Кеңесінің Президиумымен қабылданған «Қазақ СРО табиғатты қорғау туралы» Жарлық болды. Бұл заңнамамен республика аумағындағы барлық жерасты және жерүсті суларының пайдалануы, сондай-ақ шаруашылық айналымға жіберілген жер мәселесі мемлекетпен қорғалынып, реттелініп отырды. Түрлі табиғи ресурстарды пайдалану, топырақтың құнарлығын, ормандарды сақтау, ресурстарды, су, ауаны қорғау, балық аулау мен аң аулаудың ережелері туралы арнайы инструкциялар Жарлыққа қосымша тіркелінді.

ҚазСРО-ның алғашқы су кодексі 1972 жылы қабылданған, бұл Қазақстан су құқығындағы жетістіктердің зор көрсеткіші болды. Онда заман талабына орай көп сұрақтар орын алды. Жаңа «су объектісі» ұғымы, «су» санаты, суды қолдану классификациясы, нақты су объектілерін пайдалану құқығын берудің рұқсаттық тәртібі, шаруашылық-ауызсуды қолдану, ластау, саркылудан қорғаудағы ерекшеліктер қарастырылды. 1972 жылғы Су кодексі ҚазСРО-ның жалпы экологиялық құқықтық қатынас жүйесінен орын алды және дұрыс жүргізілді.

Табиғатты, табиғи ресурстарды қорғау Халықаралық ұйымының шешімімен әрбір ел сирек кездесетін және жойылып бара жатқан жануарлар мен өсімдіктерді есепке алуы тиіс еді. Сәйкесінше, елде Қызыл кітап 1978 жылдан бастап түзілді.

1972 ж. Су кодексінде суларды ластау, бітеуден қорғау жөнінде, суды сарқудан қорғау туралы, сулардың зиян әсерлерін жою және алдын алу, су заңнамаларын бұзғаны үшін жауаптылық түрлері мен оның негіздеріне арнайы тараулар арналды. Су заңнамаларын бұзудан келген шығындарды өтеуге арналған арнайы норма қарастырылды.

Суларын пайдалану мен қорғау ісіндегі маңызды нормативті құқықтық актілердің қатарына Министрлер Кеңесі 1975 жылдың 10 наурызында бекіткен «Суды мемлекетік есепке алу және оларды пайдалану туралы Ережені» жатқызамыз. Бұл актінің негізінде суларды мемлекеттік есепке алу және пайдалану ССРО-нда бірыңғай жүйеде гидрометрология және табиғи ортаны бақылау Мемлекеттік комитеті ССРО геология Министрлігімен (жерасты суларына қатысты) және мелиорация мен су шаруашылығы Министрлігімен (пайдаланылған суды есепке алу) бірге жүзеге асырылатын болды. «ССРО және одақтас республикадағы су заңнамаларының негізіне» сәйкес, 1976 жылдың 2 маусымындағы Кеңес Министрлігінің қаулысымен бекітілген «Су кешенін пайдалану мен қорғау кестесін құрастыру және бекітудің тәртібі туралы» ережеде елдің жекеленген аймақтарындағы су шаруашылығының қағидалы бағыттарын анықтау мақсатында елдегі суларды кешенді пайдалану мен қорғаудың тұтас бас кестесінің, өзендердегі бассейіндік кесте, одақтас республиканың экономикалық аудандарының, автономды республика, аумақтар, облыстардың территориялық кестесінің жасалынуы жүктелінді [51, 6-7 бб.].

Ал 1984 жылы «Жер асты суларын қорғау туралы» Ереже бекітілген, онда

жерасты суларын пайдалану тәртібі, санитарлық аймақтарды ұйымдастыру мен анықтау, жерасты суларын есепке алу, жерасты суларын қорғаудың тәртібі көрініс тапқан.

Сонымен жоғарыдағыларды тұжырымдай келе, зерттеліп отырған кезеңде Қазақ СРО су құқығы жеке құқық саласы ретінде толық қалыптасты, деп сенімді айтуға болады. Осы аралықта одақтық, республикалық заңнамалар дамып, жетілдірілді, уақыт талабына сай жаңа нормалармен толықтырылды. Қалыптасып жатқан процестер мен республикадағы су ресурстарын рационалды пайдаланылудың құқықтық сұрақтары заңнамаларда көрініс тапты.

Су құқығының үшінші кезеңі Қазақстанның тәуелсіздік алуымен басталады. Экологиялық және су заңнамалар кеңес Одағы заңнамаларына негізделіп құралды. Су ресурстарын сарқылу мен ластанудан қорғау жөніндегі мақсатты мемлекеттік декларация салыстырмалы түрде беріде – ҚазақСРО мен ССРО-ның су заңнамаларының Негізін қабылданғаннан кейін пайда болды. Тәуелсіз Қазақстанның заңнамалары қабылданғанға дейін 1972 жылғы ҚазақСРО Су кодексі қолданылып келді [52]. Қазақ СРО СК-ң 32-бабы бойынша, халықтың қажеттілігіне арналған су объектілері басқаларға қарағанда артықшылыққа ие еді.

Тәуелсіз Қазақстан Республикасының Су кодексі тек 1993 жылы ғана қабылданған. Онда Үкімет пен  Ауыл шаруашылығы Министрлігінің су ресурстары жөніндегі  Комитетінің уәкілеттілігі қарастырылды. Су кодексінен кейін  елдегі экономикалық, экологиялық құқықтық және әлеуметтік қатынастарды реттейтін ҚР Азаматтық кодекс, «Әкімшілік құқықбұзушылықтар туралы» ҚР кодексі, Салық кодексі, «Қоршаған ортаны қорғау туралы» ҚР Заңы және т.б. базалық құқықтық актілер пайда болды.

Қазақстан Республикасының 2003 жылдың 9 шілдесіндегі Су кодексі нарықтық қатынас тұсындағы су ресурстарымен байланысты қатынастарындағы кезекті өзгерістерді сипаттай алды [53]. Су кодексін құрастыру барысында Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан, Ресей, Франция, сондай-ақ су саласындағы халықаралық құқық нормалары ескерілген болатын. 2003 жылы Су кодексінің қайтадан қабылдануы, елдегі су шаруашылығында қалыптасқан нақты жағдайлар мен аталған саланың заң базасындағы қайшылықтарын жоюға мүмкіндік берді.

«Қоршаған ортаны қорғау туралы» ҚР Заңы 1997 ж. 15 шілдесінде қабылданып, бірнеше рет түзетулер мен өзгерістерге ұшырады [54]. Аталған заң тек 2007 жылдың 9 қаңтарында № 212-ІІІ ҚР «Экологиялық кодексінің» қабылдануымен күшін жоя алды. Экологиялық кодекс бүкіл табиғатты пайдалану қатынастарын құқықтық реттейтін ең маңызды акт болып табылады. Ол – барлық табиғи ресурстарды пайдалану мен қорғау институтын рәсімдеуші акт. Кодексте су ресурстарының мониторингі және жерасты және жерүсті суларын пайдаланудың экологиялық талаптары мәселелері қаралды.

Елдегі жүргізіліп жатқан экологиялық реформалардың негізінде 2020 жылдың 21 желтоқсанында жаңа Экологиялық кодекс қабылданып, Президент 02.01.2021ж. қол қойды, бұл кодекс 2021 жылдың 1 шілдесінде күшіне енді

[55]. Бұл кодексті қалыптастыру барасында келесі жеті қағидат негізге алынды: ластаушы келтірілген зиынды өтейді төлейді және қалпына келтіреді; экологиялық ортаға тиген ықпалды жаңаша тұрғыда бағалау (ҚОӘБ); эмиссиялық төлемдердің болуы; автоматтандырылған жүйені құра отырып, шығарылған зиянды заттарға мониторингтің болуы; экологиялық бақылауды күшейту; өндіріс және тұтыну қалдықтарын басқарып отыруды жетілдіру.

2003 жылғы Су кодексіне қайта оралсақ. Республикадағы су қорының нақтылануы заңнаманың жетістігі болып табылады.

Су ресурстарымен байланысты құқық бұзушылықтардың әсерінен, әдетте, айналадағы қоршаған ортаға, халықтың денсаулығы мен өміріне зардаптар келеді. Бұл зардаптар нәтижесі-шығынды өтеу экология заңнамаларымен реттелінеді. Қоршаған ортаға келген шығынды өлшеудің арнайы әдістемесі бар (ҚР Үкіметінің 2007 жылдың 27 маусымындағы №535 қаулысымен бекітілген «Экономикалық бағалау әдіснамасы»).

Жаңа Экологиялық Кодекстің 136-бабы экологиялық залалды келтірген тұлғаға залалды жоюын міндеттейді. Сонымен қатар, ремедиация деп аталатын экологиялық залалды жою жөніндегі іс-шаралар кешенін заңдастырады [55].

Ал, ҚР Су кодексінің 9-бабында (Қазақстан Республикасы су заңдарының принциптері) Қазақстан Республикасының су заңдарын бұзудан келтірілген залалды өтеу қағидаты қарастырылады. Десе де, су ресурстарындағы заңнаманы бұзудың нәтижесінде қоршаған ортаға, не жәбірленушінің денсаулығына келген шығынның толық өтелуін ҚР Су кодексі міндеттемейді. Онда Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамасының негізгі принципі - Қазақстан Республикасының су заңдарын бұзудан келтірілген залалды өтеу» деп көрсетілген. Аталған норманы түсіндіретін болсақ, қоршаған ортаға зиян келтірген тұлғаның залалды өтеу міндетін көрсетіп отырған жоқ, ол құқық түрінде де болуы мүмкін. Сондықтан аталған нормада, «Қазақстан Республикасының су заңдарын бұзудан келтірілген залалды өтеу міндеттілігі», деп көрсетілуі керек. Шығынды пайдаланушы, не су объектілерінде жөндеу, құрылыс жұмыстарын жүргізуші, сумен қамтушы ұжым да келтіруі әбден мүмкін. Су пайдаланушы су кодексінің 71-бабы бойынша «2) су объектілерін пайдаланудың өзіне тиесілі құқықығын өз қалауына қарай жүзеге асыруға, бұл орайда, басқа тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына,су объектілері мен қоршаған ортаға зиян келтіруге жол бермеуге» [53]; ... «8) белгіленген су беру лимиті мен режиміне сәйкес құқықтардың, соның ішінде су алу құқықтарының бұзылуынан келтірілген зиянды өтеттіруге ... құқығы бар» [53].

ҚР Су кодексінің 72-бабында су пайдаланушылардың міндеттері көрсетіледі. Бір тарап - су пайдаланушының міндеттеріне, екінші тараптың құқықтары сәйкес келеді, демек суды пайдалану ережесін сақтамаған тұлға оның кінәсынан туындаған шығындарды өтеуге міндеттенеді.

ҚР Су кодексінің 71-бабындағының 2-бөлігінде сөйлемнің құрастырылуында морфологиялық қайшылықты байқауға болады, мысалы, алғашқы жартысында, «су объектілерін пайдаланудың өзіне тиесілі құқығын өз

қалауына қарай жүзеге асыруға», дей отырып, су пайдаланушының құқығын білдірсе, сөйлемнің келесі жартысында «бұл орайда, басқа тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына, су объектілері мен қоршаған ортаға зиян келтіруге жол бермеуге», деп жалғасуы, тұлғаға міндет жүктегендей. Тұтас алғанда, бұл тармақта су пайдаланушының басқа тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына және су объектілері мен қоршаған ортаға зиянның келуіне жол бермей, су объектілерін пайдалану барысында оған тән құқықтарды өздігінше жүзеге асыру құқығын білдіреді.

Тұжырымдай келе, ҚР Су кодексінің 71-бабын мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізуді ұсынамыз:

**«71-бап. Су пайдаланушылардың құқықтары**

Су пайдаланушылардың:

...

2) басқа тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына, су объектілерімен қоршаған ортаға зиян келтіруге жол бермейтіндей су объектілерін пайдаланудың өзіне тиесілі құқығын өз қалауына қарай жүзеге асыруға;

... және су бұру саласындағы заңдарда көзделген басқа да құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар».

Экологиялық құқық бұзушылықтардан келетін зиянның міндетті түрде өтелуі ҚР ЭК-нің 321-бабының 1-тармағында айтылған. Бұл ереже өзінің бастауын ҚР ЭК-нің 5-бабында белгіленген қоршаған ортаға келтірілген залалды өтеу міндеттілігі қағидасынан алады. Бұл қағида ҚР Су кодексінде де сақталынуы тиіс. ҚР Су кодексінің 9-бабының (ҚР Су заңдарының принциптері) 7-тармақшасындағы «7) ҚР Су заңдарын бұзудан келтірілген залалды өтеу» атты қағиданы, «ҚР Су заңдарын бұзудан келтірілген залалды өтеу міндеттілігі» деген мәтінде өзгерту қажет.

Ғылыми еңбектерде ҚР Су кодексіндегі өзекті мәселелерге қатысты пікір-таластар өте көп, мұндай шаралар егеменді Қазақстанымыздың су қатынасына арналған ұлттық заңнамасын дамып, жетілуінің нақты кепілі болмақ.

Тәуелсіз Қазақстанның су заңнамасын зерттеу нәтижесінде су ресурстарын құқықтық реттеу шараларының мынадай міндеттерге негізделгені айқындалды:

- судың мемлекеттік маңыздылығын Конституцияда және басқа да нормативтік құқықтық актілерде регламенттеу жолымен айқындау;
- судың заман талабына сай пайдалануы тенденциясына орай заманауи технологияларды игере отырып, суды кешенді және рационалды пайдалану;
- су объектілерінің қорғалына отырып пайдаланылуы суды тек пайдалануды ғана білдіріп қана қоймай, оны рационалды пайдалануға бағытталады;
- Қазақстан Республикасының су заңдарын бұзудан келген шығынды өтеу;
- өмір мен тіршілік әрекетінің көзі ретінде халықтың суға әділ және теңдей қол жеткізе алуы;
- су объектілерін қорғау мен пайдалану саласындағы халықаралық

ынтымақтастық.

**Су заңнамаларының қайнар көзіне халықаралық актілер де жатады.** Қазақстан Республикасы су ресурстарына қатысты бірнеше халықаралық Конвенцияларға қосылып үлгерді. Енді сол Конвенцияларды атап кетейік: Мұхиттағы тірі организмдердің қауіпсіздігі туралы Конвенция (04.03.1994ж. Министрлер Кабинетінің қаулысымен бекітілген «Халықаралық мұхит ұйымдары атымен аталатын халықаралық конвенцияларға, және де «ИМО (англ. International Maritime Organization, IMO) туралы Конвенцияға» қосылу туралы» қаулы (07.06.1994ж.)); Қазақстан Климаттың өзгеруі жөніндегі (Рио-де –Жанейро, Бразилия) 1992 жылдың 11 маусымындағы БҰҰ- ның Үлгілік конвенциясы (ҚР Президентінің 04.05.1995ж. Жарлығымен бекітілген); Шөлге айналумен күрес туралы БҰҰ Конвенциясы (07.07.97ж. №149-13 «Шөлге айналумен күрес туралы БҰҰ Конвенцияны ратификациялау туралы» ҚР Заңы; климаттың өзгеруі жөніндегі БҰҰ-ның Үлгілік конвенциясына қосымша (1997 жылдың 11 желтоқсаны), Киото хаттамасы (Жапония) (ҚР Президентінің 12.03.1999 ж. Жарлығымен бекітілген); «ОҚБ заттар туралы» Монреаль хаттамасы (Қазақстан Республикасының 30.10.1997 ж. заңымен бекітілген); Трансшекаралық контексте қоршаған ортаға әсерді бағалау туралы Конвенция (21.10.00ж. № 86-ІІ қосылғандығы туралы ҚР Заңы); Трансшекаралық ағынсулар мен халықаралық көлдерді қорғау және пайдалану туралы Конвенция (23.10.00 ж. № 94-ІІ қосылғандығы туралы ҚР Заңы); Қауіпті қалдықтарды трансшекералық тасымалдауды бақылау туралы» Базель Конвенциясы (2003 жылы 10 ақпанда қосылғандығы туралы); Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау туралы Рамолық Конвенция (13.12.05 ж. №97-3 «Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау туралы Рамолық конвенцияны ратификациялау туралы» ҚР Заңы).

Елімізде трансшекаралық өзендерге қатысты шешімін таппаған жағдайлар өте көп. Бұл мәселе суды бөлу, рационалды пайдалану пен қорғау, су сапасын реттеу, суды ластағаны үшін жауаптылық, келтірілген шығындарды өтеу және т.б. себептермен байланысты.

Халықаралық құқық нормаларымен халықаралық жауаптылықтың түрлі нысаны мен түрлері қарастырылғанымен де, оны реттеудің және жауаптылыққа тартудың нақты механизмі айқындалмаған. Сондай-ақ онда трансшекаралық су ресурстарына келген шығындардың көлемі мен сипатын, компенсацияны анықтау мен есептеу әдістемесі нақты реттелмеген. Мысалы, Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі Рамолық конвенциясын алсақ. Бұл конвенция 1992 жылғы трансшекаралық ағын сулар мен халықаралық өзендерді пайдалану мен қорғау жөніндегі Конвенцияға ұқсас. Алайда, қайшылықтың туындауы фактісіне орай мемлекет тарапынан қолданылмаған шаралар үшін жауаптылық мәселесін Рамолық конвенция нормалары қарастырмайды, нақты айтсақ, теңіздерді ластағаны үшін мемлекет арасындағы жауаптылықты бөлу және ынтымақтастықтың механизмі реттелмеген [56,111б.]. Бірақ 1992 жылғы БҰҰ трансшекаралық ағын сулар мен халықаралық өзендерді пайдалану мен қорғау жөніндегі Конвенциясының 7-бабында тараптардың жауаптылық саласындағы

нормаларды, талаптарды және процедураларды қарастыруға рұқсат берілгендігі аталып кетеді [57].

Енді көршілес мемлекеттермен бой көтеріп келе жатқан жаңа су қоймалары жөнінде қысқаша ой өрбітсек.

1960 жылдардан бастап мақта шаруашылығының дамуымен Орта Азия елдерінде ірі су қоймаларының Сырдария мен Амударияның төменгі жағалауында бірінен соң бірін сала бастаған. Арал теңізі бассейнде 2007 жылғы Европалық экономикалық комиссияның (ЕЭК) ресми ақпаратына сай, Өзбекстан территориясында үлкен плотиналар бойынша Халықаралық коимиссияның анықтауымен 54 үлкен плотиналардың құрылысы бітіп, пайдалануға берілген. Ал тәуелсіздік жылдарында іс-жүзінде барлық жеке және трансшекаралық өзендерді өзіне бұра отырып, 30 орта және кіші су қоймаларын салады, бұл Арал проблемасын күрделендіре түседі.

Әлемдік деңгейдегі экономикалық прогресс қоғамда орын алып жатқан экологиялық кризистерге, апаттарға құлақ түрер емес. Жоспарлы экономикаға орай суармалы жерлерді кеңейту, егін шаруашылығын арттыру мемлекеттерде өзекті сұрақтардың бірі болып тұр. Егіс-алқаптарды сумен қамтамасыз ету үшін салынып жатқан жаңа су каналдарының, ГЭС-ның саны жауыннан кейінгі саңырауқұлақтай шапырлап жатыр. Әлемдегі ең ірі суқоймалардың қатарына Тәжікстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Қазақстан Республикасына қарасты ірі су каналдары мен Сырдария өзені бассейініндегі ГЭС кіріп, олардың көлемі 10 млн м3 құраған. Бұл шара жалғасын табуда [58].

Деректерге сүйенсек, Қырғызстан Республикасында 237,7 МВТ қуатты Жоғары-Нарын ГЭС-ін (Акбулун, Нарын-1, Нарын-2, Нарын-3); ал Өзбекстан республикасында Орталық-Ферғана, Заркент, Псемск (450 МВТ қуатты) су каналдарын (8 МВТ қуатты) және Камолот ГЭС-ін салу жоспарланған (бүгінгі күні құрылысын бастап та кеткен).

Бір жағынан экономикалық тұрғыдан бұл іс-шаралар энергетика, су шаруашылығы саласының үлкен жетістігі іспеттес, алайда оның су ресурсы ахуалына келтіретін зардаптары өзінше бір сұрақ. Дегенмен де, су ресурстарын интегралдап басқарудың жаңа қағидасына көшу мүмкіндігі таяп қалғандай. Қағидатқа сай, барлық тұтынушылар теңдей: ирригация, гидроэнергетика, табиғатты, экологияны, сумен қамту саласын қорғау, балық шаруашылығы мен рекреация мәселесі және т.б.

Жаңа су қоймаларының құрылысы туралы масштабты бағдарламаларды іске қосу, қолданыстағы гидротехникалық ғимараттарды техникалық модернизациялау орасан зор қаражатты қажетсінеді. Бұл жаңа суқоймаларын салғаннан, оны қаржыландырғаннан әлдеқайда арзан, әрі тиімді амал болмас па екен? Әрбір мемлекет өздеріне бірнеше су каналдары мен ГЭС-терді салып, өзгелерге тәуелсіз. Десе де судың жағдайы не болмақ? Одан да Орта Азия елдерінің ортақ келісімімен Сырдария мен Амударияны тиімді басқаруға қолжеткізе алады емес пе? Алайда, бұл мүмкін емес. Саясаткерлердің пайымдауынша, суды пайдалану мен сумен қамсыздандыру жағдайын реттеу Орталық Азия елдерінді қиын. Аймақтардағы су мәселесі, экономикалық

мағынада дамыған елдерді және ықпалы зор халықаралық ұйымдарды тарту саяси емес, геосаяси сұрақтарға айналғалы қашан [59]. Мұндай жағдайда экологиялық сананы дамыта отырып, экомәдениетті көтерген дұрыс шешім болар еді, дегеннен басқа айтарымыз жоқ.

Қарастырылып отырған сұрақты қысқаша тұжырымдасақ. Трансшекаралық өзендерге қатысты аталған жағдайлар халықаралық деңгейде заң жүзінде нақты реттеуді, аяқтауды қажет етеді. Ол шаралар тұтас тіршілік ету аймағы, экономикалық салада мемлекеттердің өзара ықпалдастығы және жаһанды экологиялық кризистің, экологиялық апаттардың, қоршаған ортаның дегредациясының алдын алу қажеттігін сезіну сынды қағидаттарды басшылыққа алу барысында толық іске асу мүмкіндігіне ие болады.

ҚР Су кодексінің 71-бабының 2-бөлігінің диспозициясындағы мәтіндегі морфологиялық қайшылықты жоюға, ал Су кодексінің 9-бабымен ЭК-тің 5-бабында қарастырылған қағидаларды сәйкестендіруге байланысты аталған нормалардың мәтінінде өзгерістер енгізу қажет.

Сонымен, отандық су ресурстарын құқықтық реттеу саласы (отандық және халықаралық нормалармен) заман талабына сай жетілдіріліп, тиісті дәрежеде қолданылған ретте ғана елдегі, көршілес мемлекеттердегі экологиялық қауіпсіздіктің тұрақтылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік туары анық.

## 1.3 Су ресурстарына пайдалану аясындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін жауаптылық белгілейтін заңнамаларға тарихи шолу

Экология қылмыстық саясат аясынан шет қала алмайды. Қылмыстық заңнамалар қылмыстық саясатты іске асырудың басты құралы танылады. Кез-келген құбылыс сынды экологиялық құқық бұзушулықтардың жеке саласы су ресурстарындағы қылмыстық заңнамалар да тарихи даму үрдісінде өзгеріп, жетіліп отырады.

Қазақстанның су ресурстарын қорғау аясындағы қылмыстық заңнамалары тарихи даму барысында екі кезеңнен өтті. Бірінші кезең Қазақстан ССРО-на Одақтас республика ретінде танылғаннан бастап еліміз тәуілсіздік алғанға дейінгі аралықты қамтыса, ал екіншісіне, сол тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуынан күні бүгінге дейінгі аралықтар кірді.

Су ресурстарындағы қылмыстық заңнамаларының даму тарихының алғашқы кезеңі. 1957 жылдың 11 ақпанында «Кеңес одағы республикаларында соттарды құру, азаматтық, қылмыстық және процессуалдық заңнамаларды қабылдау туралы» ССРО Заңы қабылданды. Кеңестік СРО-ның қарауында, осы заңға сәйкес, сот құрылымы туралы заңнамалардың негізін, қылмыстық және азаматтық заңнамалардың негізін бекіту қалды [60, 63 б.]. Республиканы басқару Қазақ СРО Жоғары кеңесіне (1957 ж. наурызында) өткен соң, «Сот өндірісі заңнамасын, азаматтық және қылмыстық кодексті енгізу» туралы Қазақ СРО-ның конституциясына сәйкесінше өзгертулер енгізілді.

1957 ж. 1 ақпанындағы ССРО Заңы орындалуы үшін ССРО Жоғары кеңесінің 1958 ж. 25 қарашасында үш заң актісі бекітілді: ССРО-ның

заңнамасының негізі, одақтас және автономдық республикалардың сот өндірісі туралы; ССРО-ның және одақтас республикалардың қылмыстық заңнамасының негізі; ССРО-ның және одақтас республикалардың қылмыстық сот өндірісінің негізі.

ССРО-ның және одақтас республикалар заңнамаларының базасының негізінде Қазақстанда «Қазақ СРО-ның Сот құрылысы туралы»; Қазақ ССР-ның Қылмыстық кодексі және Қазақ СРО-ның Қылмыстық-процессуалдық кодексі құрастырылып, қабылданды.

Қазақ ССР-ның Қылмыстық кодексі Жоғары кеңестің 22.11.1959 ж. №177 Заңмен [61] ресми қабылданды. Бұл Қазақстанның мемлекеті мен құқығы тарихында алғашқы ұлттық қылмыстық заң болып есептелінеді. Қылмыстық заң уақытпен шыңдалған құқықтық базасының жағымды жақтарын жинақтай алды, онда кеңестік қылмыстық құқық теориясының жетістіктері бейнеленді. Қазақстан бір жүз жылдықта қылмыстық құқық әдет-ғұрып құқығынан кодификацияланған заңнамаға дейін зор күрделі эколюциялық жолды бастан кешірді.

Салыстырмалы түрде су ресурсына қатысты қылмыстық жауаптылық өзге Кеңес Одағы мемлекеттерінің қылмыстық заңнамаларынан отандық қылмыстық заңнамада ертерек орын алған еді. РСФСР-да су ресурстарының қылмыстық реттелу күйін сипаттаған А.Ю. Филаленко бұл жөнінде өз еңбегінде былай дейді: Өндіріс қорларына және табиғи объектілерге мемлекеттік меншік құқығын ешкіммен бөліспейтін билік жағдайында көпшілік олардың қорғалуының экологиялық бағытын кештетіп мойындағандай. РСФРО-ның тек кезекті үшінші қылмыстық кодексінде ғана қарастырылып отырған мәселе бойынша су қоймаларының және ауаның ластануы үшін қылмыстық жауаптылық тек 1960 жылы ғана орын алды [37, 25-26 б.].

Қазақ ССР-ның ҚК-де (Тарау VI. Шаруашылық қылмыстар) су ресурстарына қатысты мынадай нормалар қарастырылды: «156-1-бап (ССРО-ның континентальды шельфі туралы заңнамасының бұзылуы), 158-бап (Өз бетімен суды басып алу); 159-бап (Суды, жерді және ауаны ластау); 159-1-бап (Теңізді адамдардың денсаулығына немесе теңіздің тірі ресурстарына зиян заттармен немесе басқа да қалдықтармен және материалдармен ластау); 222-1-бап (Жерасты коммуникациясы бақылау құқықығын ұстау ережелерін бұзу)» [61].

Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Қылмыстық кодексінің 159-бабы «Суды ластау, жерді және ауаны улау», –деп аталып, диспозициясы келесі редакцияда берілген: «Бұлақтарды, өзендерді, көлдерді, тағы басқа су қоймаларын ағып келіп қосылатын сулармен, өнеркәсіп қалдықтарымен және сол сияқтылармен ластау, егер осының халыққа, малға, ауыл шаруашылығына, заң бойынша қорғалатын су жәндіктеріне не балықтарына зиянды зардабы болса, я болуы мүмкін екендігі мәлім болса, сондай-ақ адамдардың өміріне, я денсаулығына, не малдың саулығына қауіп төндіретін өнеркәсіп өндірісінің немесе ғылыми-тәжірибелік қоқыстармен жерді, я ауаны улау» [61]. Сонымен

қатар ҚК-тің 162-бабында су кәсібімен заңсыз шұғылданғаны үшін қылмыстық жауаптылық көзделеді. Бұл нормаға Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1962 жылғы 17 тамыздағы «Қазақ КСР Қылмыстық кодексінің 162-бабын өзгерту туралы» Жарлығымен өзгертулер мен толықтырулар енгізілген.

Енді жоғарыда аталған нормаларға қысқаша шолу жасап кетсек.

Континентальды шельф туралы заңнаманың қылмыстық әрекетпен бұзылуы Қазақ ССР қылмыстық кодексінің 156-1-бабымен регламенттелген. ҚазССР ҚК 156-1-бабының 1-тармағында ССРО-ның континентальды шельфтерінде құрылыстар мен басқа құрылғыларды салу, сондай-ақ олардың маңайында рұқсат етілмеген тиісті емес қауіпсіздік аймақатарды құру; СССР-ның континентальды шельфтеріндегі құрылыстар мен басқа да құрылғылардың қауіпсіздігін қорғау, ондай жағдайлардың бар екендігі және эксплуатациялау мәселелері толығымен қамтылған, құрылыстар мен құрылғылардың жойылуының алдын алуды қаражатпен тұрақты түрде қамтамасыз етпеу, сондай-ақ қауіпсіздік аймақтарында теңіздің тірі ресурстарын зиян қалдықтардан қорғауға қатысты шаралар қолданбау үшін жауаптылық көзделеді.

ҚазСРО ҚК-ң 156-1-бабының 2-тармағы СССР-дың континентальды шельфтерінде табиғи байлықтарды СССР мен мүдделі шетел мемлекеттерінің арасындағы қарастырылған келісімде немесе СССР уәкілетті билігі берген арнайы рұқсатпен қарастырылмаса, шетел азаматының зерттеуі, барлауы, оны игеруі және басқа да жұмыстарды жүргізуін қылмыстық әрекет деп таниды. Аталған қылмыстық іс-әрекеттер үшін айыппұл, бас бостандығынан айыру, қылмыстық мақсатта қолданған, заңсыз жолмен табылған кеме, құралдар мен инструменттерді тәркілеу жазалары қолданылады. Бұл бапқа 1976 жылы өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі [62]. Сондай-ақ жаза тағайындауда заң шығарушының мүлікті тәркілегенде қылмыстық іс-әрекеттерді жасауға қолданылған кеме, құралдар мен инструменттердің заңсыз жолмен табылғандығын анықтауы, азаматтардың меншік құқығын қорғауының бір қыры болып есептелді.

Ал ҚазСРО ҚК 158-бабының 1-тармағында (Өз бетімен суды тартып алу) суландыру каналдарының жиегін қазу, шлюз ашу, каналдарды соратын құрылғы, жерасты құбырлар немесе басқа да тетіктерді өз бетімен суды тартып алу үшін жауаптылық бар. Ал баптың 2-тармағында күш көрсету немесе қорқыту немесе ирригациялық құрылыстарға зиян келуі, адамдар елеулі зиян келген немесе абайсызда қайғылы оқиға орын алған жағдайлар белгіленген. Жаза ретінде ҚК 158-бабының 1т.-ның санкциясында айыппұл (300 рубль), түзеу жұмысы (2 жылға дейін) қаралады. Норманың 1-тармағына өзгертулер мен толықтыру 1982 жылы енген [63, 17 б.] «Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы ҚК-нің 159-бабы «Қазақ КСР ҚК-нің 159,163-баптарына өзгерістер енгізу туралы» 1979 жылғы 27 карашадағы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының №5153-IX Жарлығымен төмендегідей өзгертілген:

«159-бап. Суды, жерді және ауаны ластау

1. Өзендерді, көлдерді, басқа да су қоймалары мен су көздерін және жерлерді тазартылмаған және залалсыздандырылмаған сарқынды сулармен, өнеркәсіп, коммуналдық, ауыл шаруашылық және басқа да кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың қоқыстарымен немесе қалдықтарымен ластау, егер бұл адамдардың денсаулығына не ауыл шаруашылық өндірісіне немесе өсімдік пен жануарлар дүниесіне зиян келтірсе немесе зиян келтіруі мүмкін болса, сол сияқты ауаны өндірістік немесе ғылыми эксперименттердің зиянды қалдықтарымен ластау, – бір жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына не 300 сомға дейін айыппұлға кесіледі» [61].

Бұл нормада зиянның келуі, әрі келу мүмкіндігі есепке алынады, қылмыстық құқықта ол формальдық құрамға жатқызылады. Зардаптар болса, елеулі дәрежеде болуы тиіс. ҚК-тің 159-бабындағы қылмыстар үшін қарастырылған жазалар ҚК 158-бабымен бірдей. Бұл нормаға түзетулер мен толықтырулар 1979ж. 27 қарашасында, 1982 ж. 29 желтоқсанында енгізілді [64, 60 б.].

ҚазСРО ҚК-ң 159-1-бабы ССРО-ның территориялық сулары мен ішкі теңіздері шегінде көму мақсатында кемеден және басқа да жүзу құралдарынан, әуе кемелерінен, платформдардан немесе басқа да жасанды құрылыстардан теңізге адамдардың денсаулығына немесе теңіздегі тірі ресурстар үшін зиян заттардың конструкциясын, немесе қалдықтар мен материалдарды заңсыз тастауды, демалыс орындарына залал келтіруі немесе теңізді пайдаланудың басқа да заңды түрлерінекедергі келтіруі мүмкін, сондай-ақ ашық теңізге көму мақсатында советтік кемелерден немесе өзге жүзу құралдардан, әуе кемелерінен, платформ немесе басқа жасанды құрылыстардан теңізге аталған заттардың конструкциясын, қалдықтар мен материалдарды заңсыз тастауды қылмыстық іс-әрекет ретінде таниды.

«ҚК 159-1-бабының 2-тармағында, КСРО-ның ішкі теңіз сулары мен аумақтық сулары осы суларға кемелерден және басқа жүзу құралдарынан, әуе кемелерінен, платформалардан немесе теңізде салынған басқа да жасанды құрастырмалардан адамдардың денсаулығына немесе теңіздің тірі ресурстарына зиянды заттарды, немесе белгіленген нормалардан жоғары осындай заттары бар қоспаларды, не демалыс аймағына нұқсан келтіруі немесе теңізді пайдаланудың басқа да заңды түрлеріне бөгет жасауы мүмкін басқа қалдықтар мен материалдарды заңсыз тастаудың салдарынан, не солардың ысырабын болдырмауға қажетті шаралар қолданбаудың салдарынан ластау, сол сияқты КСРО-ның халықаралық шарттарын бұза отырып, ашық теңіз суларын кеңестік кемелерден және басқа жүзу құралдарынан, әуе кемелерінен, платформаларынан немесе теңізде салынған басқа да жасанды құрастырмаларынан аталған заттарды, қоспаларды, қалдықтар мен материалдарды заңсыз тастаудың салдарынан, не солардың ысырабын болдырмауға қажетті шаралар қолданбаудың салдарынан ластау мән-жайды ауырлататын норма қатарында танылады.

ҚазСРО ҚК-нің 159-1-бабының 3-тармағында, 1-тармақта аталған іс-әрекеттердің адамдардың денсаулығына немесе теңіздегі тірі ресурстарына,

аймағына немесе теңізді пайдаланудың басқа да заңды түрлеріне елеулі зиян келтірілуі айтылған.

ҚазСРО ҚК-нің 159-1-бабының 4-тармағында, Кемелердің және басқа жүзу құралдарының, әуе кемелерінің, платформалардың немесе теңізде салынған басқа да жасанды құрастырмалардың, соған жауапты лауазымды адамдардың КСРО-ның ішкі теңіз және аумақтық суларының шеңберінде адамдардың денсаулығына немесе теңіздің тірі ресурстарына зиянды заттарды немесе белгіленген нормалардан жоғары мөлшерде осындай заттары бар қоспаларды, не демалыс аймағына нұқсан келтіруі немесе теңізді пайдаланудың басқа да заңды түрлеріне бөгет жасауы мүмкін болатын, басқа қалдықтар мен материалдарды мейлінше қажеттіліктен алып тастамақ болып жатқаны не амалсыз тастағаны туралы мәліметтерді таяудағы кеңес портының әкімшілігіне, ал көму мақсатында тасталған жағдайда – тастауға рұқсат беретін ұйымға да хабарламағандығы, сол сияқты кеңестік кемелердің және басқа да жүзу құралдарының, әуе кемелерінің, платформаларының немесе теңізде салынған басқа да жасанды құрастырмалардың, соған жауапты лауазымды тұлғалардың аталған заттарды, қоспаларды, қалдықтар мен материалдарды мейлінше қажеттіліктен ашық теңізге тастамақ болып жатқаны не амалсыз тастағаны туралы мәліметтерді таяудағы кеңес портының әкімшілігіне, ал көму мақсатында тастамаған жағдайда – тастауға рұқсат беретін ұйымға да хабарламағандығы үшін жауаптылық белгіленген» [65,28б.].

Қолданылатын жаза мәселесіне келсек, ҚазСРО ҚК-нің 159-1-бапта қарастырылған қылмыстық іс-әрекет үшін бас бостандығынан айыру, түзеу жұмысы, сондай-ақ рубльмен белгіленген нақты айыппұл көзделген. Баптың алғашқы 1,2,3-тармақтарында жаза біртіндеп ауырласа, 4-тармақта жазаның шегі төмен, түрі де жеңіл. Бір қызығы, норманың саралаушы баптарында жазаның біртіндеп ауырлауы сынды ереже кей нормаларда сақталынбайды.

ҚазСРО ҚК-нің 159-1-бабының 1-тармағының санкциясында бір жылға дейін бас бостандығынан айыру немесе сол мерзімге түзеу жұмысы немесе 10 мың рубльге дейін айыппұл көзделген. Ал 2-тармағында екі жыл бас бостандығынан айыру жазасына балама ретінде 15 мың рубль айыппұл бар. 3-тармағында, бес жыл бас бостандығынан айыру немесе 25 мың рубль айыппұл белгіленген. 4-тармағында 1 жылға дейін түзеу жұмысы немесе 5 рубль айыппұл қарастырылады.

Теңізді адамдардың денсаулығына немесе теңіздің тірі ресурстарына зиян заттармен немесе басқа да қалдықтармен және материалдармен ластау жөніндегі норманың диспозициясында қылмыстың жасалу құралы, орны, заты, зардабы жөнінде толығырақ мәлімет беріледі.

Ал енді, ҚазСРО ҚК-нің 222-1-баптың (Жерасты коммуникациясы байқау құдығын ұстау ережелерін бұзу) диспозициясы көшенің және жолдың жүретін бөлігіндегі жерасты коммуникациясы байқау құдығын ұстау ережелерін бұзу, сондай-ақ бұзылған жерасты коммуникациясын жөндеу шараларын қолданбау салдарынан жолдың үстіне судың, техникалық сұйықтықтардың, будың шығуы, қызылсу мұзының пайда болуына, жол төсемінің құртылуы және адамдармен

жазатайым оқиға не басқа да ауыр зардаптар орын алған басқа да жол қозғалысын тудырғаны үшін қылмыстық жауаптылық көздейді.

Аталған қылмыстық кодексте табиғи ортаға, экономикалық қызметке қолсұғатын қылмыстық әрекеттер сол уақыттағы әлеуметтік-экономикалық жағдайға орай шаруашылық қылмыстар санатында танылды.

Теңіз ортасына заңсыз қалдықтар мен материалдарды тастағаны үшін жауапты лауазымды тұлғалардың хабарламауы жөніндегі норманың ҚазСРО ҚК-нің 159-1-бабының 4-тармағында орын алуы, бүгінгі күндері де аталған тәжірбиені жаңғыртып, тек теңіз ортасы ғана емес, жерасты, жерүсті суларына да қатысты қылмыстық кодекске енгізу орынды болар еді. Бұл қоғам мүшелерінің заң алдында, міндетін, қоғам алдындағы борышын сезінуге септігін тигізер еді.

1959 жылғы, кейін толықтырулар мен өзгертулер келтіру жолымен дамып отырған қылмыстық кодекстің ерекшелігі, нақты зерттеп отырған сұраққа қатысты, диспозицияда қылмыс құрамының элементтерін сипаттайтын белгілер толығырақ қарастырылады. Бұл, өз кезегінде сілтеме жасауды жөн көрмеген нормалар және құқық қолданушыға ыңғайлы.

Географиялық орналасу ерекшелігіне қарай су тапшылығы жиі байқалатын қазақ жерінің су қажеттігін қанағаттандыратын су объектілерінің салынуы, суды пайдаланудағы қайшылықтардың орын алуы құқықтық реттеуді талап етті.

Уақыт талабына сай 1919 жылғы «Жетісу облысының уақытша су заңынан» бастау алып, жүйелі түрде 1959-1960 жылдардағы «Қазақ СРО аумағындағы жерасты суларын қорғау туралы», «Жерасты суларын қорғауды мемлекеттік бақылау жөніндегі», «Жерасты суларын пайдалануды мемлекеттік бақылауға және оны қорғауға байланысты шараларды күшейту жөнінде», «Қазақ СРО су ресурстарын пайдалану мен қорғауды күшейту шаралары туралы» қаулылардың, су ресурстарын реттейтін кодификацияланған заңнама - 1972 жылғы ҚазСРО-ның алғашқы су кодексінің қабылдануысу қатынасының дамуымен белгілі дәрежеде Қазақстандық су құқығының заң базасын қалыптастыра алды. Аталған жағдайлармен қатар, су қатынасында туындаған қайшылықтардың құқықтық реттелу қажеттігі, отандық тұңғыш кодификацияланған қылмыстық кодексте су ресурстарына қатысты қылмыстық нормалардың регламенттелуіне септігін тигізе алды.

Ұлттық қылмыстық құқықтың дамуының сапалы жаңа кезеңі ретінде Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігін жариялағаннан бастап (1990 жылы 25 қазандағы Жоғарғы Кеңестің «Қазақ ССР-інің мемлекеттік егемендігі туралы Декларациясы қабылданғаннан) күні бүгінге дейінгі кезді айтуға болады. Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздікті иемденуі алдына бірнеше күрделі міндеттер жүктелді. Сол мәселелі жағдайлардың бірі саяси және экономикалық реформалардың құқықтық базасын құру еді. 1994 жылдың 12 сәуіріндегі Президент қаулысымен бекітілген Құқықтық реформа Мемлекеттік бағдарламаның негізгі бағыты ретінде Қазақстанның жаңа құқығын қалыптастыруды бекітіп берді, оған қылмыстық құқық та жатты.

Осы тұста су ресурсы қылмыстық заңнамасының дамуының екінші кезеңі басталады. 1997 жылдың 16 шілдесінде жаңа ҚР-ның Қылмыстық кодексі қабылданып, 1998 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енді. ҚР ҚК-гі жаңа өзгерістермен топтық объекті ретінде бұрын қылмыстың басқа объектілерімен қамтылып жатқан қоғамдық қатынастардың жаңа топтары пайда болды, яғни онда бұрынғы ескі нұсқадағы ҚазСРО ҚК-де шаруашылық қылмыстар деп аталатын VI Тараудан экономикалық қызмет, экологиялық, коммерциялық және өзге де ұйымдардың қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстар бөлініп шықты.

Су ресурстарына қатысты қылмыстарды ҚР ҚК-нің бірнеше тарауларынан кездестіруге болады: «бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігіне қарсы; экономикалық қызмет саласындағы, халықтың денсаулығына және адамгершілігіне қарсы және экологиялық қылмыстар» [66]. Экология саласындағы су ресурстарымен байланысты қылмыстардың қатарына мыналар жатады: «суларды ластау, бітеу және сарқу (281-бап); теңіз аясын ластау (283-бап); ҚР құрылықтық шельфі туралы және ҚР айрықша экономикалық аймағы туралы заңдардың бұзылуы (284-бап)» [66].

ҚР ҚК-тің 281-бабының 1-тармағында «өсімдіктер немесе жануарлар дүниесіне, балық қорына, орман немесе ауыл шаруашылығына елеулі зиян келтіруге әкеп соғатын жер беті немесе жер асты суларын, мұздықтарды, ауыз сумен жабдықтау көздерін ластау, бітеу, сарқу не олардың табиғи қасиеттерін өзге де өзгерту» [66] әрекеттері үшін қылмыстық жауаптылық көзделді. Ал саралаушы баптарда (281-баптың 2-тармағында) адамның денсалығына зиян келтіруге немесе өсімдіктер немесе жануарлар дүниесінің жаппай құрып кетуіне, сол сияқты ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда не төтенше экологиялық жағдай аумағында жасалған дәл сол әректтер, сондай-ақ (281-баптың 3-тармағында) осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, абайсызда кісі өліміне әкеп соққан әрекеттер қылмыс [66] болып есептелінді.

Ал, ҚР ҚК 283-бабының 1-тармағында (Теңіз аясын ластау) – «құрғақтағы көздерден не көлік құралдарынан немесе теңізде тұрғызылған жасанды құрылыстардан адамның денсаулығы мен теңіздің жанды ресурстары үшін зиянды не теңіз аясын заңды пайдалануға кедергі келтіретін заттар мен материалдарды көму немесе тастау ережелерін бұзу салдарынан теңіз аясын ластау» [66] қылмыстық іс-әрекет болып есептелінді. Аталған норманың 2-тармағында – «адамның денсаулығына, өсімдіктер немесе жануарлар дүниесіне, балық қорына, қоршаған ортаға, демалыс аймақтарына не басқа да заңмен қорғалатын мүдделерге елеулі зиян келтірген дәл сол әрекеттер» [66] үшін жауаптылық қаралды. Саралаушы (ҚК 283-бабының 3-тармағы) нормада – «абайсызда кісі өліміне әкеп соққан» [66] айтылып отырған әрекет жауаптылықты ауырлататын мән-жай ретінде қаралды.

ҚР ҚК 281-бабына (Суларды ластау, бітеу және сарқу) ҚР 12.09.2004 ж. №10, 01.18.2011ж. № 393-IV, 11.09.2011ж. №490-IV, 12.03.2011ж. №505-IV Заңдарымен; ҚР ҚК 283-бабына ҚР 12.09.2004 ж. №10, 01.18.2011ж. № 393-

IV, 11.09.2011ж. №490-IV Заңдарымен; ал ҚР ҚК 284-бабына ҚР 12.09.2004 ж. №10, 11.09.2011ж. №490-IV Заңдарымен түзетулер мен толықтырулар енгізілген болатын. Бұл өзгерістер мен толықтырулар жазалау саясатындағы өзгерістермен байланысты еді. «Қамау» жазасының орнына «бас бостандығын шектеу» жазасын қолдану, немесе сотталған адамның жалақысы мен өзге де табысы мөлшерімен белгіленетін айыппұл айлық есептік көрсеткішпен есептеленуге көшкен.

Жоғары Соттың №1 «Кейбір экологиялық қылмыстар үшін жауаптылық заңнамасын сотта қолдану туралы» қаулысы 2004 жылдың 18 маусымында қабылданды. Бұл экологиялық қылмыстарды сот тәжірбиесінде саралауға байланысты мәселелерді шешуде заңдық күші бар ресми түсініктеме болып табылатын.

ҚР 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған Құқықтық саясат [67] тұжырымдамасына орай, қылмыстық құқық жүйесін түбегейлі өзгерістер күтті. Актіде нақты белгіленген мемлекеттің қылмыстық саясатын іске асыру үшін жаңа Қылмыстық кодексті қабылдау қажеттігі туындады. 2010-2020жж. арналған ҚР қылмыстық саясат Тұжырымдамасы «еківекторлы» қылмыстық саясатты жүзеге асыру жолында қоғамға онша қауіпті емес қылмыстарды гуманизациялау, сондай-ақ қоғамға қауіпті қылмыстар үшін жауаптылықты күшейтетін, кезең-кезеңмен қылмыстық қудалауды қысқартатын, бас бостандығымен байланысты емес жазалардың қолдану аясын кеңейтетін және т.б. қазақстандық қылмыстық құқықтың дамуының бірнеше бағыттарын бөліп көрсетті.

Су ресурстарына қатысты қылмыстық нормалар 2014 жылғы жаңа қылмыстық кодексте орын алды [68]. Қылмыстық саясаттың бұл нормаларға әсері болды. Қылмыстық кодекстің 13-тарауындағы 328; 330; 331-баптар су ресурстарына арналған.

Отандық қылмыстық заңды тарихи даму үрдісінде қарай отырып, жаңадан қолданысқа ие болған әрбір кезекті қылмыстық кодекстегі нормалардың диспозицияларының қысқартылып, өте нұсқа баяндалатындығын аңғармау мүмкін емес. Бұл заң шығарушылық қызметінің кәсібилік шеберлікке бой ұрғанының белгісі. Себебі кодексте бланкетті нормалар көп. Алайда, кодексте «ережелерді», «заңнамаларды бұзу», «талаптарды сақтамау» сынды сөз тіркесі жиі қолданылады, және норманың мәнін түсіну үшін заңнамаларға сүйену қажет, ал тиісті заңды сандаған актілер арасынан іздеп, тауып алу оңай емес. Қолданылатын заңнамаға сілтеме көрсетіле бермейді. Сондықтан да аталған жағдай құқық қолдану іс-тәжірбиесінде елеулі қиындықтар тудырады. Заң нормасының әрі қысқа, әрі нұсқа, түсінікті болуы кәсіби шеберліктің белгісі. Бірақ та біздің заң шығармашылық үрдісіміз талаптарға сүйеніп артық кетпеді ма екен деген ой тудырады. Кеңестік нормаларда әдетте, орын алатын құқық нормасының жазылу техникасын сақтау – құқықтың сәтті қолдануының кепілі де.

## 1.4 Су ресурстарын қылмыстық-құқықтық қорғау аясындағы шетелдік тәжірибе

Суды қылмыстық құқықтық қорғау бойынша шет мемлекеттердің қылмыстық заңнамаларын талдай кетейік.

Экологиялық және экономикалық мүдделерді саналы сәйкестендіруге негізделген табиғатты қорғау заңнамаларын, сондай-ақ заңды жауапкершілік институтын тиімді қолдану аталған аймақтардағы экологиялық жағдайлардың тұрақтануын қамтамасыз ете алатындығы айдан анық.

Қазақстан Республикасында экологиялық заңнамалардың қалыптасуына, сондай-ақ сулардың ластануынан қорғану мәселесінің туындауына байланысты шет мемлекеттерінде қолданылатын табиғат қорғау қызметтерінің құқықтық реттелу нысаны, әдістері қызығушылық тудырып отыр. Қызығушылықтың басты себебі Германия сынды европалық елдердің табиғатты қорғау туралы заңдарды құру мен тиімді қолдануы аясында көпжылдық тарихының болуымен байланысты.

Шет мемлекеттері заңнамаларының сәтті тұстарын зерттеу, оның жетілдірілуін ұсыну отандық заңнамаға тереңінен баға беруге көмектеседі. Француз заңгері Марк Ансельдің, шетел құқығын зерттеу «заңгерге жаңа мүмкіндіктер береді, өз елінің құқықтары, немесе бұл құқықтың арнайы белгілері, әсіресе басқа жүйемен салыстыру барысында анық байқалады. Салыстыру әдісі заңгерді тек жеке құқығынды өте жақсы білгенде де ала алмайтын аргументтер мен идеялармен қаруландыра алады», деген пікірімен толық келісеміз [15].

Көпшілік назарына ілініп жүрген мәселердің бірі қоршаған орта ұғымы.

Заңнамада орын алатын қоршаған орта ұғымын анықтаудың табиғи ортаны қорғау, экологиялық шығынды бағалау іс-тәжірбиесінде маңызы зор. Бұл әсіресе «ортақ пайдаланылатын ресурстарға» қатысты. Қоршаған орта кең мағынада адамның «экологиялық және мәдени» құндылығы (ниша) ретінде бірнеше елдердің заңнамаларында орын алады (Бразилия, Испания, Греция, Италия, Норвегия, Португалия). Сонымен қатар кейбір елдердің құқық саласында (Франция, Бельгия, АҚШ, Ұлыбритания, Швеция, ФГР) мұндай кең мағыналы анықтама кездеспейді, тек денсаулықты және ресурстардың жеке элементтерін (топырақ, ауа, су және т.б.) қорғауға басты күш салынады. Норвегия, Финляндия, Италия елдерінде келтірілген шығынды анықтау саласын құқықтық реттеуді дамыту бағытында «ластаушы - төлейді» қағидатын күшейту, ластанған жерлерді инвентаризациялау, адамның денсаулығы мен қоршаған ортаға қауіптің келуі концепциясының негізінде залалданған жерлерді анықтау сынды шаралар қолға алынған. Мұндағы басты мақсат - адамның денсаулығы мен қоршаған ортаға қауіп келу көзі ретінде танылатын ластанған табиғат объектілерін қалпына келтіруді қамтамасыз ету. Ластанған жерлерді инвентаризациялауды алғаш Францияда 1978 жылы қабылдаған. Енді кейбір елдердің су ресурсы аясындағы қылмыстық заңнамаларының дамуына қысқаша тоқталып өтейік.

Суды қылмыстық-құқықтық қорғаудағы Ресей тәжірибесіне тоқтала

кетейік.

Ресейдің суды қорғау туралы алғашқы нормативтік актілері XVIII ғ. басталады. 1649 жылғы Жинақтың IX тарауының 17 п. тек кеме жүретін жолдарға плотина, тоған, су диірменін құруға тиым салатынын ережелер кездескен. Императорлар Петр II, Александр I, Николай I, Генерал-губернаторлардыңсуды ластауға тиым салған Жарлықтары болған.

1917ж. 17.12 «Ресей Империясының барлық заңдарын жою туралы» Декретімен кодификациялық тәжірбиеге ие пайдалы Ресей Империясы заңнамаларынан бас тарту, жаңа қоғамда құқықты құрудың жолдары туралы теориялық түсініктің болмауы, қылмыстық жауаптылықты бекіту сұрақтарына қатысты саяси сұрақтар және т.б. Ресей заңнамасының даму үрдесін елеулі дәрежеде тежеді десе болады.

Су қоймалары мен ауаны ластағаны үшін қылмыстық жауаптылық РСФСР-ның тек үшінші ҚК-не (1960 ж. қазан) енді. Оған дейін су ресурстарын қылмыстық қорғау басқа табиғи объектілермен «жанама» қаралды. 1920 жж. экологияны пайдалану саласында кешенді құқық шығармашылық тенденциясы қалыптасты. Осы уақытта Өзбекстан, Түркіменстан республикаларында Жер-су кодексі пайда болды. РСФСР Су кодексі тек 1980ж. қабылданды [69].

1920-1960 жж. суды қылмыстық-құқықтық қорғау басқа табиғи ресурстарды қорғайтын заңнамалардан артта қалды. Оның себебін, Кеңестік экономикалық қызметті жүзеге асырудың әкімшілік-басқару әдісі орын алып, сәйкесінше, мемлекет тиісті қатынастарды да әкімшілік нысанда басқарды, деп түсіндірді ресей ғалымдары.

1960 жылдарға дейін табиғатты ластанудан қорғау экологиялық емес, санитарлық мәселе болып есептелінді. 1960 жылғы РСФСР ҚК-де заң шығарушы да, құқық қолданушы да қоршаған ортаны қылмыстық қолсұғушылықтың объектісі ретінде мойындамады. Қоғам мен мемлекет үшін табиғи ресурстардың экономикалық құндылығы материалдық пайда ретінде басты мәнге ие болды. Сондықтан да экологиялық қылмыстардың басым бөлігі «Шаруашылық қылмыстар» тарауынан орын алды [70, 73-84 бб.].

Тек 1960 жылғы ҚК-тің алғашқы үлгісінде су шаруашылығымен байланысты төрт құрам үшін жауаптылық көзделді. Олар:

Алтыншы тарау. Шаруашылық қылмыстар: 163-бап. Су және басқа да балық аулау кәсібімен заңсыз айналысу; 164-бап. Теңіз мысығы мен құндыздардың заңсыз кәсібі; 165-бап. Сал ағызу мен балық қоры ережелерін бұзатын жарылыс жұмыстары өндірісі.

Оныншы тарау. Қоғамдық қауіпсіздікке, қоғамдық тәртіпке және халықтың денсаулығына қарсы қылмыстар: 223-бап. Су қоймалары мен ауаны ластау; 223-1-бап. Адамдардың денсаулығына немесе тірі теңіз ресурстарына зиян немесе өзге де қалдықтар мен материалдармен теңізді ластау. Бұл нормалар кейін 13.04.96 ж. №30-ФЗ Федералды заңмен континентальды шельфке қатысты бес нормамен толықтырылды (167.4-167.8-баптар).

223-1-бап - Адамдардың денсаулығына немесе тірі теңіз ресурстарына зиян немесе өзге де қалдықтар мен материалдармен теңізді ластау жөніндегі норма

бірнеше рет өзгертіліп, толықтырылды [71].

Ресейдің төртінші Қылмыстық кодексінде (1922, 1926, 1960, 1996 жж.) табиғи ресурстарды қорғауды қылмыстық қолсұғушылықтан қорғайтын жаңа «Экологиялық қылмыстар» 26-тарауда пайда болды [72].

Суды және теңізді ластаудан қорғайтын нормаларға РФ ҚК-ның 250, 252-баптары арналды.

Жербеті не жерасты суларын, ауыз сумен жабдықтау көздерін ластау, қоқыстау, сарқу не олардың табиғи қасиеттерін басқа да өзгерту, егер бұл жануарлар немесе өсімдік әлеміне, балық қорына, орман немесе ауылшаруашылығына айтарлықтай залал келтірген жағдайда РФ ҚК-нің 250-бабымен жауаптылық көзделеді. Баптың саралаушы нормасында (2-тармағында) адамның денсаулығына зиян келтірген немесе жануарлардың жаппай қырылуына, сол сияқты қорық немесе кіші қорық аумақтарында немесе экологиялық апат не төтенше экологиялық ахуал аумақтарында жасалған дәл сол іс-әрекеттер қарастырылады. Ал үшінші тармақта, адам өлімі жауапкершілік пен жазаны ауырлататын мән- жайлар танылады.

РФ ҚК-нің 252-бабында теңіз ортасын ластау қарастырылған. Баптың 1-тармағында құрлықтағы көздерден немесе көлік құралдарынан немесе теңізде салынған жасанды аралдардан адамның денсаулығы мен су биологиялық ресурстарына құрылғылар мен құрылыс заттары мен материалдарын теңізге тастау (қашыртқылау) немесе көму ережесін бұзу немесе теңіздің заңды пайдалануға кедергі келтіру нәтижесінде теңіз ортасын ластау үшін жауаптылық бар. Ал 2-тармағында, адамның денсаулығына, су биологиялық ресурстарына, демалыс аймақтарына немесе басқа да заңмен қорғалынатын мүдделерге айтарлықтай зиян келтіретін сол әрекеттер жауырлататын мән-жайлар қатарында қарастырылады. Баптың 3-тармағында адам өліміне алып келген жағдайларда баптың 1,2-тармағындағы іс-әрекеттер қылмысты құрайды.

РСФСР-дің қылмыстық кодекстерінде кездесетін қылмыс құрамын сипаттайтын белгілердің әлі де РФ ҚК-нің 252-бабында сақталынғанын аңғаруға болады. Мысалы, құрлықтағы көздарден немесе көлік құралдарынан немесе теңізде салынған жасанды аралдардан құрылғылар мен құрылыс заттары мен материалдарының тасталуын айтуға болады. Мұндай зиянды заттардың қай жерден, немен теңізге шыққаны лиспозицияда нақтыланады.

Суды, теңіз ортасын ластау үшін заң шығарушының айыппұлды нақты ақша соммасы не жалақы көлемімен белгіленгенін байқаймыз.

Ал енді суды қылмыстық құқықтық қорғаудағы Беларусь қылмыстық заңнамасын талдап өтейік.

Алғашқы кеңестік Қылмыстық кодекстеріндегідей айналадағы қоршаған ортаны қылмыстық ластау туралы жауаптылық нормасы бірінші Беларусь ҚК де орын алмады [73].

30-жылдары қолданыстағы Беларусь ҚК-де айналадағы қоршаған ортаны қылмыстық ластау үшін жауаптылық болмағанымен де, сот практикасында анологияға жол берілген, ССРО Жоғары Сотының 1934 жылдың 28 желтоқсанындағы қаулысында, су мен ауаның тазалығын сақтау туралы

ұйғарымды бұзған лауазымды адамның іс-әрекеті лауазымды қылмыстар туралы баппен сараланады, делінген болатын. Ал лауазымды адамға жатпайтын азаматтар үшін жауаптылық ҚК қарастырылмаған [74, 375-376 бб.].

1958 ж. 25 желтоқсанындағы ССРО-ның және кеңестік республиканың қылмыстық заңнамасының Негізі қабылданған соң Жоғары Кеңестің бесінші шақырылымының 1960 ж. 29 желтоқсанындағы төртінші сессиясында Белоруссия ССР ҚК-і қабылданып, Кеңес Одағы тұсында алғаш рет табиғат объектілерін ластағаны үшін қылмыстық жауаптылық белгіленді.

ҚК-нің 218-бабында, өзен, көл басқа да су қоймалары мен судың қайнар көздерін және жерлерді тазартылмаған және залалдансыздырылмаған ағын сулармен, өндірістік, ауылшаруашылығы, коммуналдық және басқа да кәсіпорын, мекеме және ұйымның қалдықтары мен қоқыстарымен ластау, егер адамдардың денсаулығына, немесе ауыл шаруашылық өндірісі немесе балық қорларына залал келтіруге әкеп соққан немесе әкеп соғуы мүмкін болса, сондай-ақ өндірістің зиян қалдықтарымен ауаны ластау қылмыстық іс-әрекетке жатқызылған [75].

Аталған норманың қылмыстық заңнамаға енуін өндірістің, көлік, байланыс, ауыл шаруашылығының күрт дамуымен, бұрын соңды елеулі мөлшерде өндірістердің зиян қалдықтарын қоршаған ортаға тастайтынжағдайлардың орын алуымен түсіндіруге болады [76, 7-9 бб.].

Заңнаманың жетілдірілуі үрдісінде 1960 жылғы ҚК 218-бабының редакциясы біршама нақтыланды. 1986 жылдың 7 сәуіріндегі БССР Жоғары Сотының Президиумымен адамдардың денсаулығына, халық шаруашылығына немесе өсімдіктер мен жануарлар әлеміне залал келтіруге әкеп соққан немесе әкеп соғуы мүмкін суларды қоқыстқаны, жерді құртқаны және ластағаны, сондай-ақ атмосфералық ауаға зиян физикалық әсер еткені үшін қылмыстық жауаптылық көздеді.

Сонымен қатар, ҚК 218-бабы (Сулардың, жерлердің немесе атмосфералық ауаның ластануы) бірнеше рет өзгеріске ұшырады, нормалар үшін жауаптылық қаталдады.

Беларусь ҚК-нің IX бөлімі, 26 тарауында экологиялық қауіпсіздікке және табиғи ортаға қарсы қылмыстар қарастырылады. Қолданыстағы ҚК экологиялық қылмыстарды жеке тарауға бөлген, тараудағы қылмыстар болып, жерге, суға, жер қойнауына, орман, өсімдік пен жануарлар әлеміне, атмосфераға және қоршаған ортаны ластанудан қорғау туралы заңнамасында қарастырылған өзге де табиғат объектілеріне залал келтіруге әкеп соққан немесе әкеп соғуы мүмкін қоғамға қауіпті іс-әрекеттер танылады. Тарауда қарастырылып отырған су ресурстары мәселесіне 272 (Судың ластануы немесе қоқыстау), 273 (Суды пайдалану ережесін бұзу)-баптар арналады [77].

ҚК 272-бабының 1-тармағында (Судың ластануы немесе қоқыстау) жерасты және жерүсті суларын ластау немесе қоқыстау, бір жылдың ішінде дәл осы іс-әрекет үшін әкімшілік жаза қолданғанылған болса, қылмыстық жауаптылық туындайды. Байқап отырғанымыздай бұл нормада әкімшілік преюдиция қарастырылған. Ал баптың келесі тармағында, қасақана немесе

абайсызда ірі мөлшерде залал алып келетін суды ластау немесе қоқыстау, немесе ауыз сумен қамту көзін қасақана ластау немесе қоқыстау қылмыстық іс-әрекет танылады. Аталған баптың 3-тармағында ауырлататын мән-жай ретінде абайсызда адам өлімі немесе адамдардың ауыруы қаралады.

Заңнамада әкімшілік преюдиция да орын алған. Мұндай іс-әрекет үшін екі жылға дейін қоғамдық жұмыстар, немесе айыппұл, немесе түзеу жұмысы, немесе қамау түріндегі жаза қаралған. Беларусь ҚК-нің 50-бабына сай, айыппұл әкімшілік тәртіппен белгіленген айыппұлдың мөлшерінен кем болмауы тиіс. Норманың өзге тармақтарында айыппұл қарастырылмаған, тек түзеу жұмыстары, бостандықты шектеу, бас бостандығынан айыру жазалары бар, ал қосымша жаза ретінде белгілі лауазымды немесе қызметпен айналысу құқығынан айыру белгіленеді.

БР-ң СК-де су ресурстары болып шаруашылық және басқа да қызметтерге пайдаланатын немесе пайдалануы мүмкін жерасты және жерүсті сулары танылады [78].

Қылмыстық кодексте суларды ластану мен теңізді ластауды бөлек нормамен бөлмейді, ол су ұғымымен қамтылады. ҚК 273-бабында суды пайдалану ережесін бұзғаны үшін жауаптылық бар. Суды пайдалану ережесін бұзу БР су кодексінде, су пайдаланушылардың міндеттерінен туындайды, міндеттемелерді сақтамау аталған ережені бұзу деп танылады. Бірақ іс-әрекет қылмыстық сипат алуы үшін су объектісінің сарқылу зардабы туындауы тиіс. Демек, ҚК-те судың ластануы мен қоқыстануы 272-бапта, ал судық сарқылуы 273-баппен қамтылған.

ҚР-да ортақ су пайдалану қағидаларын бұзғаны үшін қылмыстық жауаптылық қылмыстық кодекспен реттелмеген. Бұл сұрақ ҚР ӘҚБтК-тің 364-бабында орын алған. БР су кодексінде «суды пайдалану» мен «ортақ суды пайдалану» ұғымдарын ажыратылған. Онда, су пайдалану дегенде су ресурстарын қолдану және (немесе) шаруашылық пен өзге де қызметтерді жүзеге асырғанда су объектілеріне ықпал ету түсіндіріледі, ал ортақ су пайдалану гидротехникалық құрылыстар немесе құрылғылардың көмегінсіз жүзеге асырылады.

П.М. Ермолинскийдің еңбегінде, Беларусь қылмыстық кодексіндегі қоршаған ортаны ластанудан қорғау мәселесі қаралады, онда халықаралық сипаттағы (биоцид, экологиялық терроризм, көрші мемлекеттің территориясын радионуклидами, көму үшін аса қауіпті заттарды халықаралық тасымалдау) табиғи объектілерді ластау экологиялық қылмыстардың қатарында қылмыстық заңнамада орын алмағандығы, сонымен қатар, табиғи ортаны радиоктивті, химиялық және бактериологиялық заттармен ластауы экологиялық қылмыстардың қоғамдық қауіптілігін жоғарылатып, сапалық өзгеретіндігін алға тартқан [76, 7-9 бб.].

Бұл мәселеге орай, радиоктивті, химиялық және бактериологиялық заттарды көмудің қылмыстар заңсыз көму, не жұмыс істеу кезінде экологиялық талаптарды бұзумен ұштасуы іс-әрекетін саралағанда қоғамдық қауіпсіздігі не халық денсаулығына қосымша қолсұғылатынтығын ескеру керек деген

пікірдеміз (саралау мәселесі келесі тарауда қарастырылады).

*Су объектілерін қорғаудағы Германия қылмыстық заңнамасы.*

Қазіргі тарихи кезеңде европа мемлекеттері қылмыстық заңнаманы жетілдіруде белсенді қызмет атқаруда. 90-жылдардың аяғынан бастап Франция, Австрия, Испания, ФРГ қылмыстық заңнамалары жаңартылды. Германияның қоршаған ортасындағы позитивті өзгерістер бұл елдің заңнамасына, қылмыстық заңнамасына да қызығушылық танытады.

Тіршіліктің негізі ретінде табиғатты қорғау мемлекетпен қолдау табылатындығы Конституциямен бекітілген (20-бап) [79, 90 б.]. ФГР-дегі «Сандоз» компаниясымен химиялық кәсіпорындағы өрттен соң қоршаған орта минстрі Үкіметтің қоршаған ортаға келтірілетін кез-келген шығын үшін жауапты тұлғаларды, кінәлілерді қатал жауапқа тартуға дайын екендігін жариялаған еді. 1989 жылдың 1 қаңтарынан бастап бұрын тек жерүсті және жерасты суларына шығын келтіргені үшін қатал жауаптылықты көздейтін норма енді кез-келген табиғи объектіге қолданылатын болды. Сонымен қатар қоршаған ортаға қаупі бар өндірістік кәсіпорындардың барлығына түгел экологиялық шығындар үшін жауаптылықты міндетті сақтандыруды енгізуді жоспарға алынды. 1989 жылдың 24 мамырынан экологиялық шығындар үшін жауаптылық сұрақтары бойынша құқықтық реформа жүргізіледі. Оның басты ерекшелігі экологиялық шығындар үшін, сонымен қатар жер және барлық су ресурстарына қатысы бар белгілі бір санаттағы кәсіпорындарға, барлық шығынның түріне, сондай-ақ заңды қызметтің нәтижесінде елеулі залал келген жағдайда да қатал жауаптылыққа тарту көзделетін болады.

ФГР табиғатты қорғау қатынасының жүйесі үйлесімді және Европалық Одақ заңнамасымен қатар толық регламенттелген. Соңғы 25 жылдықта, деп жазады 1995 жылы доктор Петер-Кристоф Шторм (Peter-Christoph Storm), Германия құқық жүйесі экологиялық пішін алды. Көптеген нормативтік актілер қабылданды. Табиғатқа зиян келтіру қатал жазаланды [80,37 б.].

Германияда табиғатты қорғау және табиғатты пайдалану саласында заңдар мен заңға сәйкес нормативтік актілер көп. Экологиялық заңнамаларды бұзу қылмыстық жауаптылыққа алып келеді. «Іс-әрекеттің жазалануының алғышартын заң шығарушы өзі енгізбей, өз құқығының бір бөлігін атқарушы органдарға береді. Неміс әдебиетінде аталған мәселе әкімшілік акцессорлық (Verwaltungsakzessorietat) деген атау алған, онда қоршаған ортаның қылмыстық құқығындағы кризистік жағдай жөнінде сөз қозғалады. Отандық қылмыстық құқық ғылымының тілімен айтқанда, бұл қылмыстық құқық нормасының бланкеттілігін білдіреді.

Германияда қылмыстық жауаптылық сұрағы кейбір федералдық заңдарға да енгізілген. Мысалы, §39 Гендік инженерия туралы Заңда (GenTG: Gentechnikgesetz), §13 Радиациядан қорғау туралы Заңда (StrVG: Strahlenschutzvorsorgegesetz), §21 Қоршаған ортаны қорғау туралы Заңда(UHG: Umwelthaftungsgesetz) қылмыстық-құқықтық нормалар қарастырылады. Табиғатқа қолсұққаны үшін жауаптылық 26.06.2002 ж. халықаралық қылмыстар Кодексінің 11-бабында (VStGB: Völkerstrafgezetzbuch) орын алған.

«ФГР-ның негізгі Заңының 25-бабы Германия территориясында халықаралық қылмыстық құқықтың тікелей қолдануына кедергі келтіретіндіктен, яғни неміс және халықаралық қылмыстық құқық арасында өзгешіліктің болуына орай, Халықаралық қылмыстық кодекс қабылданды» [81, 82 б.], деп осы нормативтік актінің неміс қылмыстық заңнамасы жүйесінде орын алуының себебі түсіндіреді А.Э. Жалинский.

Аталған нормаға сай, халықаралық қарулы конфликтілі жағдайында табиғи ортаға зиян келтіргені үшін үш жылдан кем емес мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы қолданылады [81, 82 б.].

ФГР-да қылмыстық құқықтың негізгі қайнар көзі 1871 жылы (15.05. 1871ж.) қабылданған қылмыстық кодекс (Қылмыстық жинақ) [82]. Кодекс қабылданған бері алты заңмен ғана өзгертіліп, толықтырылған екен: 1969 жылы бірінші заң - каторгалық түрме, түрме, тұтқынға алу мен қамау жазаларының орнына тек бас бостандығынан айыру жазасын қолдануға байланысты қылмыстық құқық реформасы туралы заң, 1975 жылы екінші заң - ҚК жалпы бөлімге құрылымдық өзгеріс енгізген қылмыстық құқықтың реформасы заңы, 1986 жылы үшінші заң - терроризм заңы, 1976 ж. мен 1986 ж. төртінші заң - экономикалық заң, 1980ж. мен 1994 ж. бесінші заң - экологиялық заң; 1992ж мен 1998 ж. алтыншы заң – ұйымдасқан қылмыстылықпен күрес заңы).

Қылмыстық кодексте қылмыстық іс-әрекеттер санаттары қарастырылады. Деликт ауырлығына байланысты екіге бөлінеді: «қылмыс» және «қылмыстық терісқылық». Олар жаза түрімен ажыратылады. Заңмен ең төменгі мерзім бір жыл және одан жоғары мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы белгіленетін қоғамға қауіпті іс-әрекет - қылмыс, ал бір жылдан төмен мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы немесе айыппұл қарастырылған құқыққа қайшы іс-әрекет - қылмыстық терісқылық, деп танылады [83]. «Мұндағы айыппұл (ФГР ҚК §40-43) күндізгі төлеммен (дневная ставка) есептеледі. Күндізгі төлем – бұл орташа алатын немесе алуы мүмкін таза кіріс, ең төменгі мөлшері - бес, жоғарысы – 360 күндізгі төлем. ҚК §52 абз.2 сәйкес, жалпы ақшалай айыппұл белгіленсе -720 күндізгі төлем. ҚК §40 абз.2-нің 2 және 3 сөйлеміне сүйенсек, күндізгі төлемнің ең төменгі мөлшері – бір евро, жоғарысы – 30000 евроны құрайды (2014 ж.).

ҚК-тің 29-тарауы «Қоршаған ортаға қарсы қылмыстық іс-әрекеттер» деп аталады. Бұл тарауда су ресурсын ластауға байланысты арнайы бір норма бар - §324 Су қоймасын ластау, ал қалған нормалар - су көздеріне жанама қатысты (өзге табиғи ресурстармен қатар су көздерінің ластануы), оларға мыналар жатады**:** §326 Қауіпті заттармен рұқсатсыз жұмыс жасау (обращение); §327 Құрылыстарды заңсыз эксплуатациялау; §329 Қорғалынуға жататын территорияда қауіпті жағдай тудыру; §330 Қоршаған ортаға қарсы жазаланатын іс-әрекеттердің аса қауіпті жағдайы» [83].

ФГР ҚК-нің қарастырылатын мәселеге қатысты нормаларына тоқталсақ. ФГР ҚК-нің жазылу стиліне назар аудара алу үшін қарастырылатын мәселеге қатысты кейбір нормалардың мәтінін (аударылған) баяндауды жөн көрдік.

ФГР ҚК-нің §324-де Су қоймасын ластағаны үшін жауаптылық көзделген.

Онда зиян келтіре отырып, су қоймасын құқыққа қайшы ластаса немесе қандай да өзге жолмен оның сапасын өзгертсе 5 жылға дейін бас бостандығынан айырылатыны немесе айыппұл төленетіні айтылған. Оқталғаны үшін жауаптылық бар. Ал сол әрекеттерді абайсызда жасаса 3 жылға дейін бас бостандығынан айырады, не айыппұл салынады.

*§326 Қауіпті заттармен рұқсатсыз жұмыс жасау.*

Құқыққа қайшы қалдықтарды өңдеу, жинау, қаттау, тастау немесе өзге де жолдармен белгіленген нұсқамадан тыс жою немесе нұсқамадан немесе рұқсат етілген үрдістен айтарлықтай ауытқу, егер су көзін, ауаны немесе топырақты ұзақ уақыт бойында ластау немесе қандай да әдіспен оларды сәтсіз өзгертудің нәтижесінде су көзін, ауаны немесе топырақты ұзақ уақыт бойында мақсатқа сай пайдалану мүмкін болмай қалған, немесе экожүйеге қалпына келтірілмейтіндей зардаптар және …. алып келгені үшін бес жылға дейін бас бостандығынан айыру немесе ақшалай айыппұл тағайындалады.

1971 жылғы «Ластанумен күрес туралы» Заңда аса ауыр қылмыстар үшін он жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қаралған.

Қалдықтардың көлемдерінің аз болуына байланысты қоршаған ортаға, әсіресе адамдарға, су көзіне, топыраққа, пайдалы жануарларға немесе пайдалы өсімдіктерге зияны әсері болмаса, іс-әрекет жазалануға жатпайды.

*§327 Құрылыстарды заңсыз эксплуатациялау.*

(2). «Су режимін реттеу туралы» Заңда қарастырылған су режиміне қауіпті төндіретін заттарды тасымалдауға арналған суқұбырларын тиісті рұқсатсыз және ескертпей эксплуатация жүргізгені үшін үш жылға бас бостандығынан айыру немесе ақшалай айыппұл салынады.

Байқап отырғанымыздай, ФГР қылмыстық кодексіне тән белгі, онда бланкетті нормаларда сілтеме жасалынатын Заңның аты нақты көрсетіледі. Бұл неміс заңнамасының тиімділігінің көрінісі. Ал отандық қылмыстық заңнамада заңның аты нақтыланбайды, біз нормаға толық түсінік алу үшін жалпы экологиялық заңнамаларға жүгінеміз (ҚР ЭК-тің 8-бөлімі, 28, 40-тарауларға). ҚР ҚК-нің 324-б. 1-т., 325-б., 326-баптарында және т.б. байқалады.

§329 Қорғалынуға жататын территорияда қауіпті жағдай тудырғаны үшін де қылмыстық жауаптылық төмендегідей жағдайда тағайындалады:

(2) Кімде-кім, су немесе емдеу көздерін қорғауға арналған құқықтық ұйғарымдарды, немесе сақталуға тиіс тиымдарды (техникалық талаптарды) бұза отырып, су ресурстары үшін қауіп төндіретін заттарды пайдалана отырып, өндірістік қондырғыларына эксплуатациялауды жүзеге асырса, немесе су ресурстары үшін қауіпті заттарды тасымалдауға арналған суқұбырларын эксплуатацияласа немесе….. үш жылға дейін бас бостандығынан айыру немесе ақшалай айыппұл жазасы;

3. Кімде-кім, қорықты, қорық немесе ұлттық парк ретінде уақытша қорғалынатын территорияларды қорғау үшін қабылданған құқықтық ұйғарымдарды, немесе сақталуға тиіс тиымдарды бұза отырып (техникалық талаптарды), … су құбырын жасаса, өзгертсе немесе жойса….бес жылға дейін бас бостандығынан айырылады немесе айыппұл салынады.

ҚК-тің *§330-да* қоршаған ортаға қарсы жазаланатын іс-әрекеттердің аса қауіпті жағдайы регламенттелген.

(1) *ҚК§§ 324-329* қарастырылған қылмыстық әрекеттер ерекше ауыр жағдайларда әдейі жасалса алты айдан он жылға дейін бас бостандығынан айыру қолданылады. Ерекше ауыр жағдай деп мыналар танылады: § 329, абз. 3-те мазмұнында айтылған су қоймасына, топыраққа немесе қорғалынуға жататын территорияға қалпына келтірілмейтін зиянның келуі, немесе оны жою үшін шектен тыс шығын немесе ұзақ уақыт қажет болса, немесе көпшіліктің сумен қамтамасыз етілуіне зиянның келуі,…..

(2) *§§ 324-329-та* басқа адамның өлу қаупін төндірген немесе оның денсаулығына ауыр зиянның келуіне немесе көп адамның денсаулығына зиян келу қаупін тудырған немесе №1 жағдай басқа адамның өліміне алып келген іс-әрекеттер үшін жауаптылық қарастырылған.

Бұл іс-әрекеттер үшін алты айдан бес жылға дейін бас бостандығынан айыруға, ал №2 жағдайда, егер де іс-әрекет §330а, абз. 1-3 сәйкес жазалануға жатпаса, үш жылға дейін жазаланады.

(3) абз. 2, №1 қарастырылған онша ауыр емес жағдайда алты айдан бес жылға дейін бас бостандығынан айыруға, 2, № 2 қарастырылған онша ауыр емес жағдайдабір жылдан он жылға дейін бас бостандығынан айыруға жазаланады.

*§ 330b Шынайы өкіну*

(1) Сот §325а, абз. 2, §326, абз. 1-3, §328, абз. 1-3 и §330а, абз. 1,3 и 4 қарастырылған жағдайларда § 49, абз. жазаны жеңілдете алады немесе осы ұйғарымға сәйкес, егер тұлға өз еркімен қауіпке жол бермесе немесе елеулі зардап келетін өзі тудырған жағдайды жойса жазадан босата алады. Осы аталған алғышарттар болса 325а, абз. 3, № 2, § 326, абз. 5, § 328, абз. 5 и § 330а, абз. 5. негізінде тұлға жазаланбайды.

(2) Егер де қауіпке жол берілмесе, немесе құқыққа қайшы іс-әрекеттердің нәтижесінде пайда болған жағдайлар жойылса, оларды жасаған тұлғаның қатысуынсыз, онда осы мақсатқа оның жетуі үшін ерікті және табанды күш жұмсауы жеткілікті болады.

Егер де мына қарастырылған іс-әрекеттер §330с мүлікті алу, §§ 326,327, абз. 1 немесе 2, §§ 328, 329, абз. 1,2 немесе 3, соңғысы абз. 4-ке байланысты,іс-әрекетті жасау нәтижесінде алынған, немесе жасау кезінде пайдаланылған немесе жасауға арналған заттар, және іс-әрекетке жататын заттар алынып, §74а қолданылады.

ҚК-тің §330d осы тарауға қатысты ұғымдарға түсінік қарастырылады. Мысалы, су көзі – жерүстіндегі су көзі, жерасты сулары және теңіз.

ФГР қылмыстық заңнамасымен таныса отырып, мынадай тұжырымға келеміз: ФГР ҚК-нің жазылу стилі өте қарапайым, тілі түсінікті. Бірақ та жекеленген қылмыстарға, не сол тарауға қатысты, мысалы, аса қауіпті жағдайлар, шынайы өкіну жағдайы сынды жалпы ережелер ерекше бөлімнің сол тарауының жеке нормаларында (§330b Шынайы өкіну, §330 Қоршаған ортаға қарсы жазаланатын іс-әрекеттердің аса қауіпті жағдайы, §330d

анықтамаларға түсінік) қарастырылады. Жалпы қолданылатын жаза қатал, тек бас бостандығынан айыру мен айыппұл сынды жазаның екі түрі ғана бар. Басты күш залалдың орнын толтыруға бағытталады, жазаны жеңілдетудің, не жазадан босатудың алғышарттары тиісті нормада көрсетіледі. ФГР ҚК орын алған «залалдың орнын толтырудың бірінші кезектілігі» құқық тәжірибиесінде үлгі боларлық жағдай сынды. Табиғатты ластау қаупінің болуы үшін жауаптылықтың болуы және қылмыстық жазалынатын іс-әрекеттің нақты критерийлерінің болмауынан, Германияда жылына он мыңдаған қоршаған ортаға қарсы қылмыстар тіркелінеді. Бұл жалпы статистикаға экологиялық қылмыстардың басым бөлігін құрайтын флора, фаунаға қарсы қылмыстар кірмейді [84, 10-11б.].

ФГР ҚК-нің 324-бабында, су қоймасына зиян келтіре отырып, заңсыз ластаған немесе оның қасиетін тиімсіз етіп басқадай да өзгерткені үшін қылмыстық жаза белгіленген. Адам іс-әрекетті абайсызда жасағаны үшінаталған баптың 3-абзацында жеңіл жаза көзделеді. Неміс ғалымдары бұл норманың құрылымы материалдық құрамды құрағандықтан да оны қолдану барысында белгілі қиындықтардың туындайтындығын ескертеді.

Сонымен қатар, қылмыстық кодекстің бланкетті нормасында сілтеме жасауды қажет ететін Заңның аты нақты көрсетіледі. Бұл неміс заңнамасының тиімділігінің көрінісі.

Су ресурстарымен байланысты отандық қылмыстық, шетел заңнамаларына баға бере отырып, эволюциялық дамудан өткен қылмыстық нормалардың жетілдірілуіне әлеуметтік, экономикалық, саяси жағдайлардың ықпалы болатындығын аңғарамыз. Шетел құқықтық тәжірбиесін бағалау отандық нормалардың сапалығын, тиімділігін, артықшылығы мен кемшілік тұстарын тануға мүмкіндік беретіні анық. Осы орайда су ресурстарына қатысты отандық қылмыстық нормаларда мына жағдайларды ескерген жөн санаймыз:

- құқықтық тарихы тереңде жатқан Европа елдерінің қылмыстық заңнамаларына тән қасиет, жиі өзгеріске ұшырамай, мың ойланып бір пішілетін құқықтық базаны қалыптастыру мүмкіндігіне ие болу;

- кеңестік құқық шығармашылығындағы, әсіресе қылмыстық кодекс нормаларындазаңдық техниканың жоғары деңгейде болғандығын (норма түсінікті болатындай қылмыстық құқық бұзушылық құрамы белгілерін мүмкіндігінше толық сипаттау, бланкетті нормаларда сілтеме жасайтын заңнаманы мүмкіндігінше көрсету және т.б.) ескеріп, бағалап, отандық ҚК-те қолдану;

- қылмыстық заңнамада, әсіресе экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін жаза тағайындау процесінде мүмкіндігінше залалдың орнын толтыру ережесінің биік тұруы, залалдың орнын толтыру механизмін қылмыстық заңнаманың деңгейінде шешілуі. Ол үшін ФРГ ҚК-нің заң шығармашылық тәжірбиесін негізге алып, тиісті қылмыстық норманың өзінде, не ескертуінде жазаны жеңілдетудің, не жазадан босатудың алғышарттарын қарастыру.

-қылмыстық құқық бұзушылықтың латенттігінің алдын алуда кеңес одағы

тұсындағы ҚК де орын алған экологиялық заңнамалардың бұзылғандығын хабарламағаны, немесе қасақана ақпараттарды түзегені үшін қылмыстық жауаптылық көздейтін норманы жетілдіріп, ҚР-ның қолданыстағы заңнамасына енгізу.

**Тарауды қорытындылай келе, төмендегідей тұжырымға келдік:**

1. Қазақстан халқының ауызсумен қамсыздандырылуы көңіл алаңдатарлықтай күйде, ал халықтың жалпы сырқаттануы да жалғасын тауып отыр.

2. Қазақстандағы су ресурстарындағы қоғамдық қатынастарға баға берудің негізінде іс-тәжірибеде анықталған қайшылықтар тез арада шешімін табуды талап етеді. Сонымен қатар, трансшекаралық өзендерді пайдалану барысында экологиялық талаптардың сақталуы халықаралық деңгейде заң жүзінде нақты реттеу, аяқтау қажет. Экономикалық салада мемлекеттердің өзара ықпалдастығы және жаһанды экологиялық кризистің, экологиялық апаттардың, қоршаған ортаның дегредациясының алдын алу қажеттігін сезіну сынды қағидаттарды басшылыққа ала отырып қана бұл шараны толық іске асыру мүмкін болады.

3. ҚР Су кодексінің 71-бабына өзгерістер мен толықтырулар енгізуді ұсынамыз:

**«71-бап. Су пайдаланушылардың құқықтары**

Су пайдаланушылардың: ...

2) басқа тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына, су объектілері мен қоршаған ортаға зиян келтіруге жол бермейтіндей, су объектілерін пайдаланудың өзіне тиесілі құқығын өз қалауына қарай жүзеге асыруға;

... және су бұру саласындағы заңдардарында қарастылған басқа да құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар»'.

4. ҚР Су кодексінің 9-бабының (ҚР Су заңдарының принциптері) 7-тармақшасын келесідей жаңа мәтінде мазмұндау қажет: «ҚР Су заңдарын бұзудан келтірілген залалды өтеу міндеттілігі».

5. Отандық қылмыстық құқық нормаларында құқық нормасының жазылу техникасының сақталуын толығымен қамтамасыз ету - құқықтың сәтті қолдануының кепілі болмақ.

Сонымен, су ресурстарындағы қылмыстық отандық заңнамаларға шолу жасай отырып тұжырымдағанымыз, әлеуметтік-экономикалық қатынастардың дамуы, әлемдегі ғылыми техникалық прогресс, қоғамдық қатынастардың барлық салаларының күрделенуіне орай адамзаттың әлемдік жаһандану үрдісіне көшу қажеттігі, су ресурстарындағы қылмыстық заңнамаларды тыс қалдырмай заман талабына сай жетілдірілуді талап етеді.

## 2 2 СУ РЕСУРСТАРЫН ПАЙДАЛАНУ АЯСЫНДАҒЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫҢ СИПАТТАМАСЫ

### 2.1 Су ресурстарын пайдалану аясындағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың құрамы және оларды жіктеу

Табиғат - ол адамзаттың саналы қызметімен өзгеретін объективті ақиқат. Ғылыми-техникалық прогресс және табиғи ортаға антропогенді қысымның күшеюі экологиялық жағдайды күйретері анық, ол табиғи ресурстар қорының сарқылуына, табиғи ортаның ластануына, табиғат пен адам арасындағы шынайы табиғи байланыстың үзілуіне, адамдардың физикалық және рухани саулығының нашарлауына, шикізат нарығы үшін экономикалық және саяси күрестің өрбуіне алып келеді.

Біздің еліміз де әлемдегі экологиялық жағдайы нашар елдердің қатарында. Экологиялық сипаттағы залалдарды қоспағанда экономикалық сипаттағы шығындар, мамандардың есебінше жыл сайын елдің ұлттық күресінің тең жартысын құрайды екен. ҚР Қылмыстық заңнамасындағы су ресурстарына тоқталмас бұрын, оның экологиялық-құқықтық аспектісіне үңілсек.

Нақты ғылымдағы және күнделікті тұрмыстағы сутегі мен оттегінің химиялық бірлігінен тұратын су ұғымы заңдағы «су» ұғымынан ерекшеленеді. ҚР Су кодексіне сәйкес, сулар - су объектілерінде жинақталған барлық сулардың жиынтығы (ҚР СК-нің 1-бабы, 32) танылады. Заңға сәйкес, табиғи ортада кездескенімен де, жеке табиғи игілікті құрамайтын, басқа табиғи объектілердің құрамдас элементтеріне жататын су (атмосфералық ылғал, топырақ ылғалы, өсімдіктердің және адамдардың бойындағы су) да бұл ұғымға кірмейді.

Су ресурсын биологиялық су ресурсы ұғымынан да ажырата алған жөн. Биологиялық су ресурсы қоршаған ортаның ажырамас бөлігі ретінде жануарлар мен өсімдіктер әлемінің бір бөлігі. Биологиялық су ресурсы – бұл балықтар, омыртқасыз су жануарлары, су сүтқоректілер, балдырлар, басқа да табиғи күйдегі су жануарлары мен өсімдіктер [85].

Қазақстан Республикасының су қатынастары ҚР Су кодексімен реттеледі (ҚР Су кодексінің 10-бабы) және онда су заңдарының мақсаттары (3-бап) нақтыланған.

Экономиканың индустриалды қарқынды дамуының жағымсыз тұстарының нәтижесінде қоршаған табиғи ортаны құқықтық әдіспен қорғау қажеттігі туындаған. Мемлекет қоғамдық қатынасты реттеу құралы ретінде заңды жауаптылықты таңдайды. ҚР ЭК-нің 320-бабы, экология заңнамасын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылық туындайтынын ескертеді. Мемлекет осы жолмен табиғат пен қоғам арасындағы қарым-қатынасты реттейді. Экологиялық құқық бұзушылықтар үшін заңды жауаптылық халықтың экологиялық қауіпсіздігін, табиғи ортаны және оның ресурстарының рационалды пайдалануын қорғайды. Ол экономикалық, саяси, рухани-тәрбиелеу, білім беру шараларымен қатар, табиғатқа немесе адамның денсаулығына келген шығындарды өтеуге қатысты және басқа да шаралармен

жүзеге асырылады.

Су құқық бұзушылығы экологиялық құқық бұзушылықтың түрі екендігін негізге алып, оған А.А. Мукашева мынадай анықтама берген [12, 202 б.]: су құқықбұзушылығы деп, суды қолдану, қорғау тәртібіне және осы салада жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен мүдделеріне қол сұғатын, нақты зардап алып келу қаупі бар, немесе қауіп алып келетін кінәлі, құқыққа қайшы іс-әрекет танылады. Оның нақты тізімі қазіргі заңнамада жоқ, ҚР 02.12.2009 ж. №132-IV Заңымен Су кодекесінің 139-бабында қарастырылған су құқық бұзушылықтарының тізімі алынып тасталынған. Бірақ та су құқық бұзушылықтары үшін заңда мынадай заңды жауаптылық түрлері белгіленген: әкімшілік, азаматтық-материалдық, тәртіптік, қылмыстық.

Су құқық бұзушылығын қылмыстық құқықтық аспектіде қарастырмас бұрын экологиялық қылмыстық құқық бұзушылық ұғымына тоқталсақ.

Заңнамада экологиялық қылмыстық құқық бұзушылық ұғымына түсініктің берілмеуі іс-тәжірибеде қылмыстық іс-әрекетті саралауда белгілі дәрежеде қиындықтар тудырады, деген де пікірлер кездеседі. Қылмыстық заңнаманың жалпы бөліміне негізгі түсініктер мен терминдер сөздігінен тұратын норманы енгізуі жөніндегі отандық ғалымдардың ұсыныстары 2014 жылғы қылмыстық кодексте қолдау тапты. Қылмыстық кодекстің ерекше бөлігіндегі 18-тарауда қарастырылған қылмыстық құқық бұзушылықтарға тән қылмыстық белгілері қамтылған анықтаманың берілуінің ғылыми да, тәжірибелік те маңызы бар. Ол өз кезегімен қылмыстық іс-әрекетті әкімшілік құқық бұзушылықтан ажыратуға, дұрыс саралуға мүмкіндік береді.

Ғылыми еңбектерде экологиялық қылмыстық құқық бұзушылық ұғымына, жіктелуіне қатысты пікірлер көп, дегенмен де бір тоқтам жоқ болып отыр. Дегенмен де экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар анықтамасы келесі белгілерді қамтуы тиіс: экологиялылық, құқыққа қайшылық, қоғамға қауіптілік, деп қарастырады М.Д. Каражанов [86].

И.Ш. Борчашвили, экологиялық қылмыстар дегеніміз, табиғи объектілерді ластау, жою жолымен оған экологиялық зардап келтіре отырып, адамның, қоғамың жайлы қоршаған ортаға құқықтарына қатысты қоғамдық қатынасқа қол сұғатын, кінәлі әрекет болып табылады, деп есептейді [6, 96 б.].

Жоғарыдағы экологиялық қылмысқа берген анықтамадан, қылмыстық іс-әрекеттің қылмыстық заңдағы жазалау қатерімен тыйым салынуы сынды белгілер қамтылмағанын байқаймыз.

Экологиялық қылмыстарды Ресей заң шығарушысы қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстарға жатқызады, оны көпшілік мамандар экологиялық қылмыстар объектісін анықтау кезінде ескереді [87, 30 б.].

Қоршаған ортаның жекеленген элементтерін тізе отырып, аталған ұғымға анықтама береді Ф.С. Жақсыбекова: «Қазақстан Республикасының аумағындағы қолданыстағы арнайы заңдармен бекітілген жер, су, ауа қабаты, өсімдіктер мен жануарлар дүниесін қоса алғанда қоршаған ортаны, яғни табиғатты қорғау тәртібіне қарсы бағытталған осы тарауда көзделген қылмыстарды кінәлі тұлғалардың жасауы экологиялық қылмыстық құқық

бұзушылықтар деп танылады [88, 94 б.]. Автор экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтарға түсінік бергенде қылмыстық іс-әрекетке тек қылмыстарды ғана жатқызады. Бұл анықтамаға З.А. Умирбаеваның берген түсінігі жақын. Ғалым экологиялық қылмыстар ұғымын зерттеудің үш концептуалды бағытын бөліп қарай отырып, төмендегідей анықтама берген [7, 19 б.]: ҚР ҚК-нің 11-тарауында қарастырылған қоршаған ортаға кері әсер ету жолымен табиғатты қорғау ережелерін бұзатын қылмыстар, егер бұл іс-әрекеттер қорғалынатын қатынастарға елеулі зардаптарды келтіру қаупін тудыратын болса, экологиялық қылмыстар болып табылады.

Аталған анықтамаларда қарастырылған экологиялық қылмыстарды сипаттайтын белгілерді жалпы қамтыған, жинақы түсінікті А.М. Бытымбаев береді, «Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылық – табиғи ортаны қорғау мен экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің бекітілген тәртібіне қарсы бағытталған, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 13-тарауында қарастырылатын, қоғамға қауіпті, кінәлі, жазаланатын іс-әрекет [9, 36 б.]. Бұл ҚР жаңа қылмыстық кодексі аясында жүргізілген зерттеулер бойынша соңғы еңбектердің бірі. Экологиялық құқық бұзушылыққа берілген бұл анықтамада (жазаланатын іс-әрекет) қылмыс және қылмыстық теріс қылықтың бір-бірінен қоғамға қауіптілігі деңгейі арқылы ажыратылатыны ескерілмейді.

С.М. Құстаулетов те экологиялық қылмыстар ұғымын экологиялық қауіпсіздік пен адамның қолайлы қоршаған ортаға деген адам құқығымен байланыстырады [5].

Экологиялық қылмыс, не қылмыстық құқық бұзушылықтың анықтамасы (ескі және жаңа кодекс бойынша) аясында туындаған мәселенің түп төркіні, қылмыстық құқықта қылмыстық құқық бұзушылық белгілерін негізге ала отырып, қол сұғатын объектіні нақтылау және оның қоғамға қауіптілігін анықтауда болып тұр. Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылық (жаңа кодекске орай) объектісін анықтау үшін алдыменен ҚР Экологиялық кодекстің, ҚР Қылмыстық кодексінің мақсатарына жүгіну керек сынды. ҚР Экологиялық кодексінде заңнаманың мақсат-міндеттері нақты нормамен қарастырылмаған, оны тек осы заңнаманың 2,3,5-баптарының мазмұнынан анықтай аламыз.

Экологиялық заңнаманың мақсат-міндетіне қатысты «Қоршаған ортаны қорғау туралы» РФ-сы Заңының преамбуласында: Әрбір адамның Конституциямен бекітілген қолайлы қоршаған ортаға құқығы және сәйкесінше міндеттері айқындалады; бүгінгі және ертеңгі ұрпақтың қажеттігі қанағаттандырылады, қоршаған ортаны қорғау саласындағы құқықтық тәртіп бекітіледі және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатын көздейтін мемлекеттік саясат айқындалады, делінген. Сонымен қатар осы заңмен реттелетін қатынастар тізіледі [89].

Мұнан жасалынатын тұжырым, РФ экологиялық саясатының мақсаты - қоршаған ортаны қорғаудың құқықтық тәртібін бекіту және экологиялық қауіпсіздікті орнату болмақ.

Ал ҚР ҚК-нің міндеттері заңнаманың 2-бабында бекітілген. ҚР Конституциясының 31-бабында - адам үшін қолайлы қоршаған ортаны қорғау

мемлекеттің мақсаты, 38-бабында - оны қорғау азаматтарының міндеті екендігі, ал 6-баптың 3-тармағында - табиғи ресурстарының мемлекет меншігінде, Жердің жеке меншікте болуы мүмкіндігі [1], айтылады.

Қоршаған табиғи ортаға қатысты қоғамда экологиялық қатынас туындайды. Мұндай құқықтық қатынаста адам, қоғам, мемлекеттің табиғатпен байланысы, яғни адам, қоғам, мемлекетте табиғаттың сыйын тиісінше пайдалану, сәйкесінше тиісінше пайдаланбаудың нәтижесінде табиғаттың тарапынан келетін зардаптардан қорғану жағдайлары реттелуге жатады. Яғни екі жағдай назарда болады, бірі құқықтық реттеу құралдарымен қоршаған ортаны пайдалану және оның күйінің барынша сақталуын қамтамасыз ету, екіншісі - адамзаттың сол табиғатты пайдаланудан келетін қауіпті жағдайлардан сақтануы реттелінеді. Экологиялық қауіпсіздік – бұл қоршаған ортаға антропогендік және табиғи әсер ете отырып келген зияндардан жеке адам, қоғам, мемлекет мүдделері қорғалынатын жай-күй болып табылады.

Жаңа ҚР ЭК-нің 4-бабының 3-тармағында «экологиялық қауіпсіздік» ұғымына қатысты түсінік берілген, оған сәйкес экологиялық қауіпсіздік бұл «адамның, қоғам мен мемлекеттің құқықтары мен өмірлік маңызды мүдделерінің қоршаған ортаға антропогендік және табиғи әсер ету салдарынан туындайтын қатерлерден қорғалу жағдайы ұлттық қауіпсіздіктің құрамдас бөлігі». Осы ұғымның қалыптасуына негіз болған заңи актілердің бірі «ҚР ұлттық қауіпсіздігі туралы» ҚР Заңында да экологиялық қауіпсіздік ұлттық қауіпсіздің бір түрі болып табылатындығы белгіленген [90]. Экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету ҚР ұлттық қауіпсіздігінің құрамдас бөлігі және де мемлекет территориясында табиғи ресурстарды сақтау және тұрақты дамытудың міндетті шарты болып табылады.

Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың қоғамға қауіптілігі сол, олар табиғи ортаны қорғау тәртібіне және ұлттық қауіпсіздіктің құрамдас бөлігі - экологиялық қауіпсіздікке қол сұғады.

Аталған жағдайларды ескеріп, экологиялық қылмыстық құқық бұзушылыққа келесідей түсінік береміз.

Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылық деп, кінәлінің қоршаған ортаны қорғау тәртібіне және экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын, қылмыстық жазалау қатерімен тыйым салынған, қоғамға зор қауіп төндірмейтін, болмашы зиян келтірген не жеке адам басына, ұйымға, қоғамға немесе мемлекетке зиян келтіру қатерін туғызған айыпты жасалған, немесе қоғамға қауіпті іс-әрекет (әрекет не әрекетсіздік) айтамыз.

Іс-тәжірибеде экологиялық әкімшілік құқық бұзушылықты экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтан ажырату көп қиындықтар тудырып жатады, әдетте ол әкімшілік те, қылмыстық заңнамада да құқық бұзушылықтың белгілері бірдей сипатталуымен, немесе құқық бұзушылықтың атауы көрсетілмеуімен (жай диспозицияда) байланысты.

ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде бланкеттік нормалар өте көп. ҚР ӘҚБтК-нің 25-бабының 2-тармағына сай, «құқық бұзушылықтардың сипаты заңнамаға сай қылмыстық жауаптылыққа әкеп

соқпаған ретте ӘҚБтК-нің Ерекше бөлігінің баптарында көзделген құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік жауаптылық туындайды [91]. Десек те бір құқық бұзушылықтың басқасынан қалай ажыратылатындығын анықтау өте қиын. Құқық бұзушылықтарды саралаудағы қиындықтар, сонымен қатар, елімізде соңғы уақытта жүргізілген реформаға сай, отандық қылмыстық кодекске қылмыстық терісқылық ұғымының енуімен де байланысты.

Әдетте, экологиялық әкімшілік құқық бұзушылықтар экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтан қоғамға қауіптілік дәрежесімен, зардабы бойынша ажыратылады. Қылмыстық жауаптылық қылмыстық заңнамада арнайы нормамен қарастырылған, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылық құрамының барлық белгілері сақталған ретте туындайтындығын ескереміз.

Сапасы сын көтермейтін ауыз су мәселесіне келсек, ҚР ҚК-нің 304-бабындағы көрсетілген зардаптарды тудырмайтын кінәлінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығымен байланысты талаптарды, гигиеналық нормативтерді, техникалық регламенттерді сақтамағаны үшін ӘҚБтК-тің 425-бабымен әкімшілік жауаптылық туындайды. ҚР ҚК-нің 304-бабында, «іс-әрекеттің қаупі жоғары, сәйкесінше зардаптар салыстырмалы түрде жоғары. Құрамы - материалдық.

Тіршілік көзі танылатын ауыз су мәселесі кейбір елдердің (Украинада, Қырғызстанда, РФ-да, Саха Республикасында, Башкортостан Республикасында*)* арнайы заңдарымен реттелген [92], ал басқа көптеген елдерде ондай арнайы заңдар қарастырылмаған.

Қазақстанда бұл мәселеге ҚР Су кодексі және «Елді мекендерді сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін техникалық пайдалану ережесі» нормалары арналған. Ауыз суы жайлы арнайы заңның қабылдануы халықтың денсаулығы үшін сапалы және қауіпсіз ауыз сумен қамтамасыз етуге бағытталған ауыз сумен жабдықтау жүйесінің жұмыс істеуінің құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық негіздерін айқындауға мүмкіндік берері анық. Өзге елдер сынды РФ ӘҚБтК-нің 6.5-бабында ауызсудың санитарлық-эпидемиялық талаптарын сақтамағаны үшін әкімшілік жауаптылық қарастырылған.

Ал енді, зерттеу пәніміз - су ресурстарындағы қылмыстық құқық бұзушылық ұғымына ашуға көшсек.

Су қылмыстық құқық бұзушылығы – нақты су объектілеріне қол сұғатын қылмыстық іс-әрекеттен тұратын экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың бір тобы. А.А. Мукашеваның пікірінше, су қылмысы (ҚР 1997 жылғы ҚК бойынша) дегеніміз кінәлінің суды қолдану және қорғаудың құқықтық тәртібіне қол сұғатын, су объектісіне немесе жеке тұлғалар мен заңды тұлғалардың суды қолдану мен қорғау мүдделері мен құқықтарына нақты қауіп төндіретін, жазалану қаупімен қылмыстық тиым салатын қоғамға қауіпті іс-әрекеті (әрекет не әрекетсіздігі) танылады. Анықтамадан түсінетініміз, негізгі қылмыстық зардап көзі су объектісі және сол су объектісімен (негізгі объектілермен) байланысты қылмыстық заңмен қорғалуға жататын қосымша объектілері субъектілердің құқықтары мен заңды мүдделері қарастырылған. Автор су қылмысының қоғамға қауіптілігін, сол суды

пайдалану және қорғау саласындағы құқықтық тәртіпке, сондай-ақ су объектілерін пайдаланушы субъектілердің экологиялық қауіпсіздігіне нұқсан келуімен түсіндіруге тырысады [12, 231 б.].

Ал енді келесі бір зерттемеге сүйенсек, Т.Б. Жұмағұлов диссертациялық зерттеуде судың сапасыздығы мен тапшылығы тұсында су ресурсын елдің ұлттық қауіпсіздігінің компоненті ретінде тануды ұсынады. Су қауіпсіздігінің сауда, энергетика, климаттық, экологиялық қауіпсіздік және жалпы адамзат қауіпсіздігі мәселелерін тұтас қамтитындығын алға тартады. Осы орайда су қауіпсіздігі ұғымын ҚР Су кодексінде, ҚР Жер кодексінде қолдану қажет деп санайды.

«Су қауіпсіздігі – бұл адамзаттың өмірі мен денсаулығына қауіп келтірмей, мемлекеттік су ресурстарын рационалды пайдалану, су тапшылығын жою және халықты сумен қамту, суды пайдаланудағы табиғи немесе төтенше жағдайларының алдын алу болмақ. Су қауіпсіздігі мына қағидаттармен қамтамасыз етіледі:

1) адамның өмірі мен денсаулығында су қауіпсіздігінің мемлекеттік маңыздылығы;

2) адамдардың таза суға құқығын қамтамасыз етілу қағидаты;

3) ҚР су қауіпсіздігінің мемлекеттік бақылауға алынуы қағидасы;

4) ҚР су заңнамасын бұзғаны үшін заңды жауаптылыққа тарту немесе шығынның өтелуі қағидаты;

5) ҚР-ның келісім-шарттары мен халықаралық келісімдерінің сабақтастығы» [8, 30б.].

ҚР су қауіпсіздігін ҚР ұлттық қауіпсіздігінің құрамдас бөлігі ретінде тану жөніндегі Т.Б. Жұмағұловтың ұсынысы қолдауға лайықты. Бүкіл әлемдегі тіршіліктің көзі – Жер, Су және Ауа. Оның біріне төнген қауіп бір ғана елге тән емес, көршілес елдердің барлығына, сол материкке де тиесілі. Сол себептен де қоршаған табиғы ортаны қорғау саласындағы барлық халықаралық ұйымдар Жер шарының түпкір-түпкіріндегі табиғи апаттарға қол ұшын созуы тегін емес-ті. Мемлекет деңгейінде табиғи ресурсты қорғамаудың салдары өзегі өте терең проблема туындатады, себебі дер кезінде қолға алмаған проблеманың әлемдік арена деңгейінде ушығуы сөзсіз. Мұндай жағдайда Жер, Су, Ауа қауіпсіздігін ұлттық қауіпсіздік деңгейінде ғана емес, оны Бүкіләлемдік қауіпсіздіктің құрамдас бөлігі ретінде танымайтындығына кім кепіл болады.

ҚР Су кодексінің 3-бабында, отандық су заңдарының мақсаттары айтылған.

Су қылмыстық құқық бұзушылықтарын зерттей отырып, оларды төмендегідей топтастыруға болады:

I. Тікелей объектісі бойынша су заңнамасын бұзумен байланысты қылмыстық-құқықтық тыйымдарды келесідей 2 топқа бөлуге болады:

- су объектісіне тікелей қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар (су ресурстарындағы қылмыстық құқық бұзушылық): Суларды ластау, қоқыстау немесе сарқу (ҚР ҚК-тің 328-бабы); Теңіз ортасын ластау (330-бап).

- су объектілеріне жанама қол сұғатын құқық бұзушылықтар.

Алғашқы топқа экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың қатарындағы нақты су объектілеріне қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтарды жатқызамыз.

Екінші топқа су ресурсына жанама қатысы бар экологиялық және ҚК-тің басқа тарауларында қарастырылатын қылмыстық құқық бұзушылықтар кіреді, мысалы, экоцид (4-тараудағы 169-бап).

- ҚР ҚК-нің 5-тараудағы диверсия (184-бап).
- ҚР ҚК-нің 8-тараудағы 215, 216, 218, 219, 221, 238, 240, 244, 245, 248-баптар;
- ҚР ҚК-нің 10-тараудағы 283, 285-баптар;
- ҚР ҚК-нің 11-тараудағы 304, 305-баптар.
- экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар атты ҚР ҚК-нің 13-тараудағы 324,325,326, 331-баптар;
- көліктегі қылмыстық құқық бұзушылықтар атты ҚР ҚК-нің 14-тараудағы 354-бап.

ІІ. Объективтік жағы бойынша су заңнамасын бұзумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтарды төмендегідей топтастырамыз:

- экологиялық талаптарды, қағидаларды, ережелерді бұзумен байланысты: ҚР ҚК-нің 283-бап; 285-бап; 324-бап; 325-бап; 326-бап; 304-бап; 331-баптың 1-тармағы; 354-бап.
- ластаумен байланысты: ҚР ҚК-нің 328-бап; 330-бап.
- экономикалық қызмет көрсету, құрылыс жүргізу, эксплуатациялау, зерттеу жұмыстарын жүргізуге байланысты; ҚР ҚК-нің 214, 215, 216, 218, 219, 221, 238, 240, 244, 245, 248, 331-баптың 2-тармағы, 354-бап.

Аталған су объектілерімен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтарды топтастырудың өзіндік маңызы бар. Ол қылмыстық іс-әрекетті дұрыс саралауға мүмкіндік береді, яғни қылмыстық құқық бұзушылықтың алғашқы классификациясы қылмыстық құқық бұзушылықты объекті бойынша саралауға, ал екіншісі қылмыстық құқық бұзушылықтың объективті жағы бойынша саралау мүмкіндігіне ықпал ете алады.

Су қылмыстық құқық бұзушылығы құрамының толықтығы қылмыстық жауаптылықтың туындауының негізі екендігі қылмыстық құқық теориясынан белгілі. Су қылмыстық құқық бұзушылығының қатарына енетін ҚР ҚК-нің 328 және 330-баптарына жеке құқықтық сипаттама келесі тарауда берілетін болады.

Аталған екі қылмыстық норма негізінен қылмыстық құқық бұзушылық объектісі, заты, субъективтік жағы, сондай-ақ объективтік жағының көп белгілерімен ұқсас. Бұл нормалардың кейбір мемлекеттерде бір қылмыстық нормамен қарастырылғанын білеміз.

Енді су қылмыстық құқық бұзушылықтары құрамын жалпы шолып өтсек.

Қылмыстық құқық бұзушылық объектісінің құқықтық және әлеуметтік маңызы ерекше, ол қылмыстық заңнамамен қорғалынатын қоғамдық қатынастың саяси көрінісі саналады және заң шығарушының әрбір норманың заңнамаға енгізудегі мақсатын түсіндіре алады. Объекті бір қылмыстық құқық бұзушылықты өзге нормадан ажыратуға мүмкіндік береді.

Заң шығарушының ҚР ҚК-нің 2-бабында қылмыстық заңнаманың міндеттерінің бір бағыты ретінде «заңды мүдденің» қорғалатындығының көрсетілуі, қылмыстық құқықта қылмыстық құқық бұзушылық объектісі ретінде мүдденің танылатындығына айғақ болып табылады [68].

Қылмыс объектісі әр уақытта ортақ мүдде күйінде және де құқықтық нысанда көрініс табады. Объективтік мағынада «мүдде» дегеніміз игіліктен басқа ештеңе емес (идеалды, материалды). Мүдде – ол белгілі бір қоғамдық қатынастың нақты көрінісі. Қылмыстық-құқықтық қорғау объектісін мүдде қалпында түсіну объектіні қоғамдық қатынас ретінде (қандай да мүдденің және оны алып жүруші-субъектінің сипаты немесе мазмұны бойынша) зерттеуге және нақты тануға зор мүміндік береді», деген тұжырымға келеді Е.І. Қайыржанов [36, 81б.].

Объект мәселесін зерттеу тақырыбына қатысты алсақ, онда су қылмыстық құқық бұзушылықтарының объектісі – мемлекеттің су объектілерін қорғау мен пайдалану тәртібі мен су ресурсындағы экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі мүддесі, болады.

Су қылмыстық құқық бұзушылықтарының заты, бір қарағанда – сулар, яғни су объектілерінде жинақталған барлық сулардың жиынтығы саналады.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың объективтік жағын суларды, теңіз ортасын ластау, қоқыстау, сарқу не олардың табиғи қасиеттерін өзге де өзгерту түріндегі іс-әрекеттер құрайды.

Құрамына келсек, ҚР ҚК-нің 328-баптың 1-тармағы – формальдық, ал қалған тармақтары мен ҚР ҚК-нің 330-баптағы норма – материалдық.

Сәйкесінше, аталған баптардың жай және саралаушы нормаларында зардап белгіленген, олар қоршаған ортаға келетін, келу қаупі бар айтарлықтай залал; қоршаған ортаға келетін ірі залал, адамның денсаулығына келетін зиян; қоршаған ортаға келетін аса ірі залал, адам өлімі, адамдардың жаппай сырқаттануы.

Су қылмыстық құқық бұзушылықтарының жасалу орны да қылмыстық саралауда негізгі белгіні құрайды, егер ҚР Су кодексінің 5-бабына сүйенсек, оған су объектісі де (теңіз ортасы да), ерекше қорғалатын табиғи аумақтар да не төтенше экологиялық ахуал аумақтар да жатады.

ҚР Су кодексінің 5-бабында ҚР су объектілері нақтыланған [53]. Десек те, сулар ұғымын сол сулар орналасқан жер қойнауының бөліктерінен бөлек алып қарай алмаймыз. Себебі, мысалы теңіз, өзен және т.б. ластағанда оны біз бөлек ыдысқа құйып алып ластап жатырған жоқ, ол сол жер қойнауының бөлігінде тұрған бойында ластанады. Сондықтан да құқықтық нормаларда қылмыстық қол сұғылатын зат су объектілері, деп түсінеміз.

Кейбір ғалымдар қылмыстық нормада «суларды» ластау, қоқыстау не сарқу нормасында «сулар» ұғымының орнына «су объектілері» ұғымын қолдануды ұсынады [93, 26-29 б.].

Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтарды субъективтік жағына байланысты төмендегідей топтастырылады:

- қасақана жасалынатын экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтарға

ҚР ҚК-нің 331, 334, 335, 337, 340-баптары, ҚР ҚК-нің 341-бабының 2-бөлігі,

- әрі қасақана, әрі абайсызда нысанда: ҚР ҚК-нің 329, 332, 341-баптың 1-бөлігі.

Су қылмыстық құқық бұзушылықтардың субъективтік жағын жекеленген қылмыстық құқық бұзушылықтың ерекшеліктеріне қарай кінә нысандары сипаттайды (келесі осы тараудың 2.2, 2.3 бөліктерінде қарастырылады).

Су қылмыстық құқық бұзушылықтардың субъектісіне қатысты ғалымдар арасында пікірталастар әлі күнге дейін орын алуда. Бұл пікірталас әрине заңды тұлғаларды қылмыстық жауаптылыққа тартумен байланысты.

Қазақстанда заңды тұлғаларды жауапқа тарту мәселесі жиі қойылады. Бұл экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтарға да қатысты. Соңғы қылмыстық құқық заңнамасын қабылдағанда бұл сұрақ қылмыстық кодекстің жобасына ілінгенімен, қолдау таппады. Заңды тұлғаларды жауаптылыққа тарту мүмкіндігі туралы пікірді көтергендердің бірі А.Н. Трайнин болды. Ол белгілі бір жағдайда қылмыстық іс-әрекеттің қылмыстық-құқықтық зардаптарын заңды тұлғаларға ауыстыру мүмкіндігі жөніндегі мәселені көтерген еді [94, 295 - 297, 298бб.].

Ал кейбір оппоненттер, заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығын отандық қылмыстық кодекске енгізу еліміздің құқықтық қағидаттарына қайшы деп есептейді. С.М. Рахметовтың соңғы пікірге қатысты төмендегідей жауабы бар: біріншіден, заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығын отандық қылмыстық кодекске енгізу қылмыстық-құқық принциптеріне ғана қатысты, ал еліміздің конституциялық және басқа да салалық қағидаттарына қатысы жоқ. Ал қылмыстық құқықтың жеке жауаптылық принципі, қылмыстық кодексте орын алмаған, қылмыстық құқық теориясында да кездеспейді. Осының бәрі, заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығын кодекске енгізудің қылмыстық құқық принциптеріне қайшы еместігін дәлелдейді. Екіншіден, заңды тұлғаларды қылмыстық жауапкершілікке тарту қылмыстық істер санының кемуіне, шетелдік заңды тұлғарың қылмыстық іс-әрекеттерінің алдын орауға ісер етер еді. Үшіншіден, заңды тұлғалардың көмегімен лауазымды тұлғалардың сыбайлас жемқорлық қылмыстарды жиі жасағандықтан заңды тұлғалардың қылмыстық жауапкершілігін белгілеу сыбайлас жемқорлықтың жолын кесері анық [95, 19-20 бб.]. Б.М. Конысбайдың еңбегінде Э.Б. Мұхамеджановтың: Сыбайлас жемқорлықтың деңгейі жоғары елдерде заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығын енгізудің қажет емес, деген пікірі келтіріледі [96, 384-390 бб.].

Қазіргі кезде келесі континенталдық құқыққа ие европалық елдердің қылмыстық заңнамаларында заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығы институты енгізілген: Голландия, Франция, Португалия, Бельгия, Люксембург, Швейцария, Австрия, Дания, Норвегия, Финляндия, Исландия, Словения, Литва, Польша, Эстония, Молдова, Венгрия, Македония, Румыния, Хорватия, Черногория, Босния [97, 23 б.] және Герцеговина. Бұл институтты ҚХР (нарықтық экономика орын алған социалистік ел), Израиль де қабылдаған (оның «аралас» қылмыстық құқық жүйесінде).

Латвияның қылмыстық заңнамасында заңды тұлғаның қылмыстық жауаптылығы жөнінде сөз жоқ, бірақ та заңды тұлғаларға қолданылатын қылмыстық мәжбүрлеу шаралары жөнінде айтылады, қылмыстық құқықтық тұрғыдан бұл екеуі бірдей институт болып табылмайды. 2005 жылы Латвия Республикасы заң шығарушысы Латвия Қылмыстық кодексінің «Заңды тұлғаларға қолданылатын мәжбүрлеу шаралары» атты VIII-I-тарауында мынаны қарастырады:

*70.1-бап. Заңды тұлғаларға мәжбүрлеу шараларын қолдану негізі:*

Осы заңнаманың Ерекше бөлімінде қарастырылған жеке құқықтағы заңды тұлғаның, сонымен қатар капиталдың мемлекеттік қоғамының (государственному обществу капитала) немесе өзін-өзі басқару капиталы қоғамының (обществу капитала самоуправлений) қылмыстық іс-әрекеттері үшін, сондай-ақ қызметкер қоғамына, сот немесе заңмен қарастырылған жағдайда прокурор мәжбүрлеу шараларын қолдана алады, егер де іс-әрекетті заңды тұлғаның мүддесі үшін, осы тұлғаның пайдасына немесе оның тиісті бақылауының немесе қадағалауының нәтижесінде жеке тұлға, жеке әрекет ете отырып немесе тиісті заңды тұлғаның алқалы құрамының мүшесі ретінде жасаса:

1) заңды тұлғаны өкілдік ету құқығы немесе оның тапсырмасымен әрекет ету құқығының негізінде;

2) заңды тұлғаның атынан шешім қабылдау құқығы негізінде;

3) заңды тұлғаның шегінде бақылау жүргізуге.

Заңды тұлғаға келесі мәжбүрлеу шаралары қолданылады:

1) жою;

2) құқықтарын шектеу;

3) мүлкін тәркілеу;

4) ақша өндіру.

Ақша қылмыстық іс-әрекетке және заңды тұлғаның мүліктік жағдайына қарай өндіріледі [98].

Заңды тұлғаның жауаптылығы мәселесіне қатысты Э. Мұхамеджановтың, қылмыстық құқық нормаларында «заңды тұлғаны пайдаланып немесе заңдытұлғада жұмыс жасайтын немесе оның құрылтайшысы болып табылатын тұлғаның қылмысты жасауын» ауырлататын мән-жай, ал ҚР ҚК-нің ерекше бөлімінің қылмыс құрамдарында саралаушы белгі ретінде қарастыру жөніндегі ұсынысы қолдауға лайықты [99]. Себебі, қылмыстық құқық теориясында заңды тұлғаны қылмыстық құқық бұзушылық субъектісі ретінде қабылдамағанымен де, оған заң шығарушының қылмысты-құқықтық ықпалы байқалынады.

Іс-тәжірибеде заңды тұлғалардың (өндіріс ұйымдары, кәсіпорындар) мыңдаған шаршы қалдықтары мен материалдары тасталып, ағын суларының төгілуінен су ресурстары ластанып, не қоқыстанып, не сарқылып жатады, нәтижесінде орасан көп залал су ресурстарына, сонымен қатар басқа да қоршаған орта объектілеріне және адамдарға зиян келеді. Сондықтан да Э. Мұхамеджановтың пікірін жалғастырып, ҚР Қылмыстық кодексінің Жалпы бөліміндегі 54-бапта қарастырылатын ауырлататын мән-жайлардың қатарына

«заңды тұлғаны пайдаланып немесе заңды тұлғада жұмыс жасайтын немесе оның құрылтайшысы болып табылатын тұлғаның қылмыстық құқық бұзушылық жасауын» енгізуді жөн санаймыз.

*Ал ҚР ҚК-нің 54-бабының 1-тармағын келесідей мәтіндегі 17)-тармақшамен толықтыруды ұсынамыз: «тұлғаның заңды тұлғаны немесе өзі жұмыс жасайтын немесе олардың құрылтайшысы болып табылатын заңды тұлғаларды пайдаланып қылмыстық құқық бұзушылық жасауы».*

Су қылмыстық құқық бұзушылықтары нормаларын іс-тәжірибеде қолдануда ситуациялық жағдайлар мен қиындықтар жиі туындайды, олар мынадай жағдайлармен байланысты:

- жалпы және арнайы құқыққа қайшылықты анықтаумен байланысты;
- су құқық бұзушылықтарын анықтау мен тіркеуда;
- шығындардың мөлшерін анықтауда;
- құқық бұзушылық іс-әрекеттерді саралауда;
- іс-әрекет пен зардап арасындағы себепті байланыстарды анықтауда (материалдық құрамдарда және қауіп төнуімен байланысты);
- кінә нысанын анықтаумен, әсіресе формальды құрамдарда, сондай-ақ абайсызда адам өліміне немесе басқа да ауыр зардаптар алып келетін су ресурстарындағы қылмыстық қол сұғушылықтарда.

Ерекше топтағы қиындықтарға мыналарды жатқызамыз:

- су объектілеріне тікелей қол сұғатын қылмыстық іс-әрекеттерді сол су объектілерінде жанама қатынысы бар қылмыстық іс-әрекеттерден ажырату;
- қылмыстық іс-әрекеттерді әкімшілік құқық бұзушылықтардан айыру.

ҚР ӘҚБтК мен ҚР ҚК-нің нормаларына жете түсінік берудің, құқық бұзушылықтарды саралауға, қылмыстық істерді жүргізу амалдары мен әдістемесін, әкімшілік өндірістерді жүргізудегі сұрақтар бойынша тиісті нұсқауларды ескере отырып, заңдарды нақты және мүлтіксіз атқарудың негізінде аталған проблемалық сұрақтар өз шешімін табады.

Теңіз ортасына заңсыз қалдықтар мен материалдарды тастағаны үшін жауапты лауазымды тұлғалардың хабарламауы жөніндегі норма КазССР ҚК-нің 159-1-бабының 4-тармағында орын алған. Сонымен қатар, 1998 ж. 17 маусымында қабылданған Латвия ҚК-нің 106-бабында, табиғи ортаның ластануы туралы мәліметтерді жасырғаны (хабарламағаны) үшін қылмыстық жауаптылық қарастырылған.

Бүгінгі күні аталған тәжірибені жаңғыртып, тек теңіз ортасы аясындағы ақпараттармен шектелмей, жалпыадамзат өмірі не денсаулығы не табиғат үшін қауіпті деректер жайлы халықты ақпараттандыруға міндетті тұлғаның аталған мәліметті жасырғаны немесе бұрмалағаны үшін ҚР ҚК-нің 305-бабы жауаптылық көздеп отыр. Бұл қоғам мүшелерінің заң алдында, міндетін, қоғам алдындағы борышын сезінуге септігін тигізеді.

Шығынды өтеу – экологиялық қылмыстық істерді қарауда өзекті мәселе. Шығындарды есептеу үрдісі де әкімшілік өндірістегідей арнайы әдіснамаға сүйенеді [100]. Әдетте қылмыстық іс-әрекеттер табиғи ортаға келген зардап көлемімен ерекшеленеді. Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін

жауаптылық жөніндегі заңнаманы іс-тәжірибеде қолданудағы кейбір мәселелер Жоғары Соттың нормативтік қаулысымен реттелінеді, мұнда табиғи ортаға келген зардаптарды есептеу, өтеу мәселесі қамтылған [101].

Шығындарды өтеу механизмінде бүгінде шығын келтірген іс-әрекет пен нәтиже арасындағы себепті байланысты зерделеу елеулі қиындықтар тудырып отыр; сот негізді шешім шығару үшін құқық бұзушылықтың бар екендігін, сондай-ақ іс-әрекет пен зардап арасындағы байланысты растайтын салмақты дәлелдемелер қажет.

Тәжірбие тек мүлікке келген шығынмен немесе адамдардың материалдық саламаттылығының басқа нысанымен бағаланатын материалдық шығындарды ғана (адамның денсаулығына келген зардап та бұл зардаптың басқа емес тек материалдық көрінісін сипаттайды) анықтаумен шектеледі. Сондықтан да сотта, мысалы, қоршаған ортаның ластануынан келген моральдық шығындарды өтеу жөніндегі істер үлкен қиындықпен қаралып жатады.

Табиғи объектілерге, нақты айтсақ, су объектілеріне қатысты ең алдыменен шығынды нақтылы табиғи күйінде өтеу жөніндегі сұрақ шешілуі тиіс, егер бастапқы қалпына келмейтін жағдай орын алғанда ғана экологиялық шығынды есептеудің арнайы әдісі қолданылуы тиіс. Бұдан мынадай тұжырым туындайды, табиғатты қорғауға уәкілетті лауазымды тұлғалар ең алдыменен қоршаған ортаға залал келтірген тұлғалардың қоршаған ортаны қалпына келтіруі шарасын жүзеге асыру мүмкіндігін қарастырады, деудің орнына, қарастыруға міндетті, деп ҚР ЭК-нің 109-бабының 2-тармағын өзгерту жөнінде А.А. Мукашеваның ұсынысы бар [102, 36б.].

Е.А. Панова да өзінің еңбегінде, шығынды ерікті өтеу – шығынның мөлшерін анықтау мүмкін болғанда – ең алдыменен табиғи объектілерге келген шығындарды нақтылы табиғи күйінде өтеуге басымдылық берудің міндеттілігі қағидатын Су кодексінде бекітуді, сонымен қатар су объектілеріне келген шығынды өтеуден түскен қаражаттардың, бассейндік қағидат негізінде, мақсатты пайдаланылуын міндеттеу жөнінде Су кодексіне толықтыру енгізуді ұсынады [30, 17 б.].

ҚР Қылмыстық-процестік кодексінің 173-бабында қарастырылған жәбірленушілерге зиянды өтеу қоры қылмыстық іс-әрекеттен туындайтын кез-келген залалдың (соның ішінде су ресурстарына қатысты да) өтелу механизмін қамтамасыз етудің бір құралы болып табылады.

Жаза тағайындау, жазаны қолдану іс-тәжірибесінде әрдайым, айыппұл алдыңғы кезекте қаралып, ал шығынды өтеу соңына қалады. ҚР ЭК-нің 5-бабымен бекітілген «қоршаған ортаға келтірілген залалды өтеу міндеттілігі» жөніндегі қағидатты іс жүзінде қамтамасыз ету мақсатында үкім шығаруы процесінде табиғи ортаға шығындардың нақты келуі фактісі бойынша сот шығынының өтелуіне аса назар аударуы тиіс. Сәйкесінше, «Соттардың кейбір экологиялық қылмыстар үшін жауаптылық жөніндегі заңнаманы қолдануы туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2004 жылғы 18 маусымдағы №1 нормативтік қаулысының 22-тармақшасын төмендегідей мәтінде толықтыруды ұсынамыз:

«22. ..........................

Экологиялық заңнаманы бұзуға байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың салдарынан келтірілген материалдық шығындардың орнын толтыру туралы талаптарды сот тиісті талап қойылған жағдайда шешеді. Сот барлық қылмыстық істер бойынша бұл қойылған талапқа қатысты іс жүргізуде қаралуы мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті. Талап өндірісте қаралған жағдайда шығындарды өтеуге қатысты сот шешімі сот үкімінде орын алуы тиіс».

**Қылмыстық жаза** қылмыстық заңмен кінәлі адамға тағайындалатын мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы. Жаза қылмыстық әрекеттің қауіптілігі мен ауырлығына сәйкес болуы қажет. Қылмыстық жазаның мазмұны қоғамдық-экономикалық формацияға, әлеуметтік, саяси, мәдени, моральдық көзқарастарға, яғни қоғамда орын алған идеологияға байланысты келеді. Жаза түрлері мен жүйесі қылмыстылықпен күресу құралына қатысты қоғамдағы билеуші таптың көзқарасының бейнесі. Сонан барып қана бұл жазалар жүйесі заңнамада қалыптасып, орын алады, деп есептейді И.И. Карпец өз еңбегінде [103, 10 б.].

Тарихта қаталдығымен есте қалған заңдардың қатарында «Каролинаны» атауға болады. Ф. Энгельс бұл жөнінде: «Ағылшын қылмыстық кодексі Европадағы ең қатал заң танылатындығы белгілі. 1810 жылы ол Каролинаның рақымсыздығынан бір елі де кем емес: өртеу, дөңгелекке салу, төрттағандау, тірі дененің ішінен жұлып алу және т.б. жазаның ұнамды түрлері саналды» [104, 638 б.]. Көне заманның ұлы ғұламалары сол кездің өзінде-ақ қатал жазаға қарсы болған. Олар қатал жаза жазаланатын адамның ғана емес, жазалаушының да тұрмыс салты мен мінез-құлқын қатайтандығын, сондай-ақ қатал жазаның көмегімен қылмыстылықпен күресудің мәні жоқтығын түсінген еді.

Адамзат қоғамының алға жылжуымен, қоғамдық-экономикалық формацияның өзгеруімен қатар, қылмыстың және қылмыстық жазаның сипаты да өзгере бастады. Басқаша сөзбен айтқанда, әлеуметтік өзгеріс жазаның сипатына, түріне және жүйесіне тікелей әсер етті.

Кез-келген өркениетті қоғамда қылмыстылықпен күресте жаза қажетті, бірақ та негізгі құрал болып табылмайды. Қылмыстылықтың алдын алуда әлеуметтік, ұйымдастырушылық-шаруашылық және мәдени-тәрбиелеу шараларының маңызы ерекше, деп есептейді Е.І. Қайыржанов [105, 170-171 бб.].

Жаза сотталушының құқықтары мен бостандықтарын шектесе де, ол оған физикалық немесе рухани жан-күйзелісін немесе ар-намысын таптауды көздемейді. Бұл қағида адамның құқықтары мен сотталушыларға қарау жөніндегі халықаралық пакті негізделеді [106, 126,127бб.].

Осы орайда, экономикамен тығыз қатынаста болатын экологиялық мәселелерді қылмыстық репрессияның көмегімен шешу өте қиын: ғасырлық тәжірибе көрсеткендей, оны шешудің кілті концептуалды, саяси, тәрбиелік, рухани сипаттағы шараларда жатыр, ал сонан соң заңи, қылмыстық шаралар орын алады. Жеңіл ықпал ету шараларын қолдану жеткіліксіз, нәтижесіз болған жағдайда ғана заңда қарастырылған қылмыстық жауаптылыққа іс-тәжірибеде

жол берілу қажет болады. Аталған жағдай соңғы отандық қылмыстық құқық реформасында орын алды. Онда қатал жаза қылмыстық іс-әрекеттердің тиісті қауіптілік деңгейіне қарай белгіленіп, қылмыстық құқық бұзушылықпен күресудің нәтижелі, қоғам, мемлекет үшін ұтымды шараларына басты көңіл бөлінетіні белгіленген.

Қылмыстылықпен күрестің тиімді құралы бола алуы үшін жаза «жариялы, шұғыл, қажетті, аталғандардың арасында мүмкіндігінше ең азы, заңда қарастырылған қылмысқа сай болуы тиіс», деп есептеген Беккарианың пікірімен келіспеуге болмайды [107, 70 б.].

Суларды ластау жөніндегі қылмыстық теріс қылық үшін ҚР ҚК-мен айыппұл, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстар, қамаққа алу [68] жазалары қарастырылған. Бұл қылмыстық әрекет үшін ҚР ҚК-нің 328-бабының саралаушы бабында (2-тармағында) бас бостандығынан айыру жазасының мерзімі 3 жылға дейінгі мерзімге, ал 3-тармағында 2 жылдан 7 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру [68] жазасы қаралады.

ҚР ҚК-нің 330-бабының 1 және 2-тармағымен белгіленген жаза түрлері ҚР ҚК-нің 328-баптың және 3-тармағындағы жазамен сай келеді. Тек, ҚР ҚК-нің 330-бабының 2-тармағында бас бостандығынан айыру мерзімінде айырмашылықтар бар, 3 жылдан 7 жеті жылға дейін.

Аталған нормалардағы қылмыстық іс-әрекеттерді негізінен өнеркәсіп басшылары, лауазымды тұлғалар жасағандықтан, заң шығарушының белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі жазаны көрсетуі өте орынды.

Елімізде жүргізіліп жатқан ізгіліктендіру саясаты аясында 2016 жылдың 14 желтоқсанында ҚР Президенті «ҚР Тәуелсіздігіне жиырма бес жыл толуына орай рақымшылдық туралы» ҚР Заңын қабылдады. Заңға сәйкес, ҚР ҚК-нің 328-бабының үшінші тармағы, ҚР ҚК-нің 330-баптың 2-тармағымен қылмыс жасағандар қылмыстық жауаптылықтан босатылған болатын [108].

Р.К. Сарпеков пен С.М. Рахметовтың пайымдауынша, экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың басым бөлігіне жеңіл жаза түрлері көзделген. ҚР ҚК-нің 13-тарауындағы 49 қылмыстық құрамның 15-і қылмыстық терісқылық, бұл жалпы қылмыстық құқық бұзушылықтың 30,6%-ын құрайды. Ал онаша ауыр емес қылмыстар - 4, ауырлығы орташа қылмыстар - 19, ауыры - 11, аса ауыры жоқ. Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін заң шығарушымен тым жеңіл жазаның белгіленуі себепті, тұлғалардың жауаптылықтан босатылуына мүмкіндіктері бар және де санкцияның жеңілдігінен қылмыстық қудалауды қысқарту оңайға түседі. Сондықтан да аталған кемшіліктерді түзеу үшін кейбір қылмыстық терісқылықтарды қылмыс қатарына (ҚР ҚК-нің 328-бабының 1-бөлігін, 335-бабының 1,2-бөліктері, 336-бабы, 340-баптың 23 бөліктері), ал, келесі баптардағы санкциялар күшейткен жөн: ҚР ҚК-нің 327-бабының 1,2-бөліктері, 335-бабының 3,4-бөліктері, 336, 337-бабының 3,4,5 бөліктері, 339-бабы, 340-бабының 4-бөлігі. Аталған санкциялардағы өзгерістерді қылмыстық қолсұғылатын объектілердің маңыздылығымен түсіндіруге болады [109, 96-97

б.]. Айтылған пікірге келсек, жазаны күшейту қылмыскердің түзелуінің кепілі бола бермейтіндігін уақыт көрсетіп отыр, дегенмен де бұл қылмыскерді жазадан босату қажет дегенді білдірмейді.

Қазақстанның даму стратегиясының басты бағыттарының бірі экологиялық қауіпсіздікке және тұрақты дамуға бет бұру еліміздің қылмыстық құқықтық саясаты аясында қоршаған ортаны қорғау және табиғат ресурстарын рационалды пайдалануды қылмыстық құқықтық реттейтін заңнамаларды жетілдіре отырып, елеулі өзгерістер енгізуді талап етіп отыр.

Сонымен жоғарыда айтылғандарды түйіндей келе, су қылмыстық құқық бұзушылықтарының анықтамасын қалыптастыруға болады. Су қылмыстық құқық бұзушылықтары деп, экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың бір тобын құрайтын, кінәлінің қылмыстық жазалану қаупі бар, су объектілерін пайдалану мен қорғау және су объектілерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша қылмыстық заңмен қорғалатын қоғамдық қатынастарға қол сұғатын, қылмыстық жазалау қатерімен тыйым салынған, қоғамға зор қауып төндірмейтін, болмашы залал келрірген не адамның жеке басына, ұйымға, қоғамға немесе мемлекетке зиян келтіру қатерін туғызатын қоғамға қауіпті іс-әрекеттерін (әрекетін не әрекетсіздігін) айтамыз.

## 2.2 Суларды ластау, қоқыстау немесе сарқу түріндегі қылмыстық құқық бұзушылық құрамының қылмыстық-құқықтық сипаттамасы

Суларды ластау бүгінгі күннің күн тәртібіндегі өзекті мәселелердің бірі. Соған орай, жерасты және жерүсті суларының ластануын қылмыстық құқықтық қорғаудың орны ерекше. ҚР ҚК-нің 328-бабы су объектілерін өндірістік, ауыл шаруашылығы, тұтынушылық және басқа да қажеттіліктері үшін пайдаланатын кең ауқымды пайдаланушылардың суды пайдалану тәртібін қамтамасыз ету жолын қылмыстық құқықтық қорғауды мақсат етіп көздейді. Заң шығарушы сулардың жай-күйін басты назарға ала отырып, судың қалпын сақтап отыруды қолдайды және қандай да жолмен болмасын судың табиғи қасиеттерінің өзгеруін қылмыстық өзгеру деп таниды. Бұл норманың қолдану аясы да кең. Ол халық шаруашылығының кез-келген саласында, тұрмыстық су пайдалану үрдісінде, тіптен жеке су көздерін рекреациалық және басқа да мақсаттарда пайдаланатын жеке тұлғалардың әрекеттеріне де қолданылады.

Енді ҚР ҚК-нің 13-тарауынан (Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар) орын алған, сәйкесінше экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтың жекеленген түрі суларды ластау, қоқыстау немесе сарқудың (ҚР ҚК-нің 328-бабы) құрамына қылмыстық құқықтық сипаттама беруге көшсек.

Қылмыстық құқық бұзушылық объектісі. ҚК-тің 328-бабымен көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтың объектісі су объектілерін пайдалану қорғаумен байланысты қатынастар болады.

Жоғарыда айтып кеткеніміздей, уақыт өте келе жаңа көзқарастардың туындауымен «экологиялық қауіпсіздік» термині қолданысқа енді. Әлеуметтік-

саяси және экономикалық мәні бойынша бірыңғай немесе ұқсас қоғамдық қатынастарды экологиялық заңнама нормалары реттеп келеді.

И.Ш. Борчашвили, аталған қылмыстың объектісі ретінде суды рационалды пайдалану және қорғаумен қамтамасыз етілетін экологиялық қауіпсіздікті қарайды [110, 679 б.].

Ал келесі еңбекте, бұл қылмыстың объектісі адамдардың өмірі мен денсаулығының, ауыл шаруашылығы өндірісінің, орман шаруашылығының және балық аулаудың жұмыс істеуінің табиғи жағдайы ретінде су ресурстарының қалыпты сапасының сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі қатынастар, деп қаралған [111].

Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың топтық объектісін дәстүрлі қоғамдық қатынастар арқылы ашумен қылмыс объектісін мүдде ретінде қарайтын көзқарастар қалыптасты. Мысалы, М.Д. Каражанов, қылмыстың топтық объектісін мүдде тұрғысынан карастыра келе, экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың объектісі экологиялық қауіпсіздік, деп есептеген [112, 275-283 б.].

ҚР аумағындағы су объектілерін пайдалану және қорғалу тәртібі ҚР Су кодексімен реттеледі. Сондықтан да, су заңнамасының міндетіне сүйенсек, суларды ластау, қоқыстау және саркудың объектісі жербеті немесе жерасты суларын қорғау мен пайдалану тәртібі және су ресурсындағы экологиялық қауіпсіздік болып табылады.

Суларды ластау, қоқыстау немесе саркудың **заты** жербеті немесе жерасты сулары, мұздықтар, ауыз сумен жабдықтау көздері болып табылады.

ҚР Су кодексі негіздеріне сәйкес, нақтылаушы термин ретінде «сулар» болып, заңмен белгіленген, мемлекеттік-құқықтық реттелінетін, су объектілерінің жиынтығын құрайтын түсінік танылады. Су объектілерінде жиналған, пайдаланылатын не пайдаланылуы мүмкін жер үсті және жер асты суларының қорлары отандық су ресурстарын құрайды. Олар ҚР Су кодексімен, ҚР Экологиялық кодексімен, суды ластаудан, қоқыстаудан, саркудан қорғау ережелері қарастырылған өзге де нормативтік актілермен реттелінеді.

ҚР ҚК-нің 328-бабының 1-тармағындағы жәй құрам қылмыстық теріс қылықты, ал 2 және 3-тармағындағы сараланған құрам қылмысты құрайды.

Осы қылмыстық құқық бұзушылықтың **объективтік жағын келесі элементтер құрайды**: а) су ресурстарын ластау, қоқыстау, сарку не олардың табиғи қасиеттерін басқаша өзгерту, б) қоршаған ортаға келген немесе әкеп соғуы мүмкін айтарлықтай залал немесе адамның денсаулығына келген зиян, в) себепті байланыс.

Суды ластау, сарку, қоқыстау, не судың табиғи қасиеттерін өзгедей өзгерту әрекет және әрекетсіздік арқылы жасалынады. Әрекетсіздік су бөгеттері және басқа да гидротехникалық құрылыс уақытында суды реттеуіш құрылғыларын және суды есептеуіш құралдарын орналастырмау, су қоймаларында су басудан сақтанбау, су объектілеріне құйылардың алдында ағынды сулардан уытты заттарды алмау міндетті шараларын атқармау және т.б. нысандарда көрінеді.

ҚР ЭК-нің 15-бөліміндегі 219-227-баптарда (Су объектілерін қорғау)

экологиялық талап түрлері қарастырылады [55].

Аталған нормаларды сақтамау, сулардың ластануына, саркылуына қоқыстануына алып барады.

Судың физикалық, химиялық немесе биологиялық сипаты өзгеретіндей зиянды заттардың суға араласуы судың ластануы деп айтылады, нәтижесінде су коммуналдық, өнеркәсіптік, ауыл, балық шаруашылықтары және өзге мақсатта дұрыс қолдануға жарамсыз болады. Судың ластанғаны сынап көру жолымен анықталады.

ҚР Су кодексінің 113-бабында су объектілерінің ластануына заңи түсінік берілген [53]. Оған сәйкес «су объектілерінің сапалық жай-күйін нашарлататын және пайдаланылуын қиындататын заттардың немесе ластаушы нәрселердің су объектілеріне тасталуы немесе өзге де тәсілмен түсуі су объектілерінің ластануы деп танылады» [53].

Су объектілерінің ластану әдістері әртүрлі. ҚР ҚК-нің 328-бабында ол айтылмаған, олардың қатарын адренажды (кәріз суы) және ағынды сулар да кіреді. Кәріз – ауылшаруашылық жерлерді құрғататын, құрылыстағы жерасты (топырақты) суларды алу және оның деңгейін төмендетуге арналған жерасты каналдар (қашыртқы) жүйесі; суды кәрізді байланыстан сыртқа сол кептірілетін жерден тыс жерлердегі су қабылдау орындарына шығарады. Кәріз сулар деп қашыртқы құрылыстарымен жиналатын және су объектісіне құйылатын суларды айтамыз. Ал ағын сулар – өндіріске немесе тұрмыстық қажеттікке пайдаланылған және оған қоспалар қосылған, алғашқы құрамы және физикалық күйі өзгерген сулар.

Ғылыми еңбектерге сүйенсек, «сулардың ластануы жолдарын келесідей топтауға болады: биологиялық ластану; химиялық ластану; физикалық ластану.

ҚР ЭК-нің 134-бабының мазмұнынан түсінетініміз сол, судың ластануының нәтижесінде экологиялық, химиялық, сандық көрсеткішіне, экологиялық әлеуетіне елеулі залал туындайды [55].

Су бассейндерінің ластануына тазартылмаған ағын суларды өзен-көлдерге жіберу, яғни ауыл шаруашылығын химияландыру, өнеркәсіп, тұрғын-үй коммуналдық және халық шаруашылығының басқа да салаларының қалдықтарымен ластанып жатады.

Ағынды сулардың ластануын төмендегідей топтайды: қоспалар, лас сулар.

Су ресурстарын өнеркәсіпте пайдалынылған және синтетикалық заттармен жуылған сулармен ластау өте қауіпті. Олар - химиялық ластанудың көзі. Мәселен, Кеңес Одағы тұсында мақта, күріш, жеміс-жидек, бау-бақша, жылы жай зиянкестерімен күресте химиялық заттар қолданылған. Онан су ластанып, судың сапасы, микрфлорасы, микрофаунасы, ірі хайуанаттар, құстар залалданған.

ҚР Су кодексінің 114-бабына сәйкес, «су объектілерінің қоқыстануы деп, су объектісіне қатты, өндірістік, тұрмыстық және өзге де қалдықтардың, сондай-ақ салмақты бөлшектердің енуі нәтижесінде судың гидрологиялық күйі күйреп, суды қолдануда қиындықтардың туындауын» [53] айтады.

Еліміздің қай түкпіріндегі су объектісін алсақ та, олардың ауыр жағдайды

бастан кешіп жатқанын көздестіреміз. Қоршаған ортада ауыр зардаптардың туындауының өзі қылмыстық іс-әрекеттердің орын алғанын білдіреді. Ал сот тәжірбиесінде сулардың ластану, қоқыстануы фактісі бойынша әкімшілік, қылмыстық істерді аз да болса бар, бірақ та судың сарқылуына қатысты қылмыстық істер кездеспейді. Сонда, бұл су объектілерінің ластануының себебі не болған, жауапты тұлғалар қайда қарап отырған, деген сауалдың еріксіз туындары анық. Қазақстанда сулар сарқылмаса, оның үнемделуі үшін жауапты уәкілетті тұлғалар қайда қарап келген.

Су объектілерінің сарқылуы деп (ҚР Су кодексінің 115-бабы - су объектілерін сарқылудан қорғау) ағындының рұқсат етілетін деңгейінің ең аз мөлшерінен де жер үсті су қорының азаюы немесе жер асты су қорының кемуін айтамыз [53]. Негізінде өзен-көлдердің, бөгеттердің, жер үсті, жер асты суларының және өзге сулардың бірыңғай су режимінің орнықпауы, суды қолданатын субъектілердің сарқылуға жол бермеудегі міндеттерін сақтамауы, жер асты суларын қорғау шараларын тиісті деңгейде жүргізбеуі себепті су объектілері сарқылады.

Судың табиғи қасиеттерінің өзге де өзгеруі дегеніміз тікелей су объектілеріне немесе оған жақын аймақтарда су құрамына залал тидіретін жарылыс, құрылыс, басқа істердің атқарылуы болып саналады.

ҚР Жоғарғы Сотының 2004 жылғы №1 Нормативтік қаулысының 17-тармағында суларды ластау, қоқыстау және сарқуға қатысты іс-әрекеттер үшін қылмыстық жауапкершілік жүктелетіндігі атап көрсетіледі [101].

Мына әрекеттер су ресурстарының ластануына, қоқыстануына және сарқуына алып келеді:

- «ластаушы заттардың өндірістік нормативтен тыс тастаса, шығарылса, қалдықтардың орналастырылуы жайлы хабарламаса;
- атмосфераға шығарындыларды тазалауға және сарқынды суларды ағызуға арналған жабдықты қолдану ережелерін сақтамаса, сондай-ақ оны қолданбаса;
- су ресурстарын қорғау ережелерін сақтамаса;
- су шаруашылығы құрылыстарын, құрылғыларын және сумен жабдықтаудың өртке қарсы жүйелерін бүлдірсе, оларды қолдану тәртібін бұзса;
- су қорғау аймақтарында және су объектілері белдеулерінде заңсыз құрылыс салса;
- су айдындарында қауіпсіздік ережелерін бұзса немесе сақтамаса және т.б.

ҚР ЭК-нің сәйкес ережелерінде су пайдалануға қойылатын жалпы экологиялық талаптар берілген. Су объектілерін пайдалану ережелерін бұзу судың ластануы, қоқыстануы, сарқуының көзі болады. Мысалы ҚР Су кодексінің 72-бабында су пайдаланушылардың міндеттері нақтыланған [53] және осы міндеттерді атқармауды немесе тиісті түрде атқармауды судың ластануы, қоқыстануы, сарқуының көзі ретінде қарастыруға болады.

Әдетте, тәжірибеде терминологиялық сұрақтарды нақтылауға қатысты қиындықтар жиі орын алып жатады. Ластау, қоқыстау, сарқу ұғымдарының «іс-әрекетті» не, «нәтижені» білдіретіндігін ажырата алмағандықтан да сулардың ластануы, қоқыстануы, сарқылуы жөніндегі норманы тәжірибеде қолдануда

қиындықтар жиі туындайды. Егер де оны іс-әрекет тұрғысынан қарастырсақ, онда осы іс-әрекеттің мазмұнын реттейтін аралас нормативтік құқықтық актілерге жүгіну қажет. ҚР ҚК-нің 324 және 325-баптарында экологиялық талаптарды бұзудың жекеленген амалдары қаралған, мысалы, шаруашылық не басқа жұмыстарға қатысты экологиялық талаптарды сақтамау және экологиялық тұрғыдан әлеуетті қауіпті химиялық немесе биологиялық заттармен қызмет етуде экологиялық талаптарды сақтамау. Ал ҚР ҚК-нің 330-бабында теңіз ортасы экологиялық талаптарды бұзудың салдарынан ластанады.

ҚР ҚК-нің 324-бабының 1,2-тармақтары мен 336-бабында тікелей не жанама түрде судың ластанғанына қарамастан, бұл құрамдардағы іс-әрекет әртүрлі сипатталады. Тек ҚР ҚК-нің 328-бабының 1-тармағында заң шығарушы қылмыстық құқық бұзушылықтың объективтік жағын – «жербеті немесе жерасты суларын, мұздықтарды, ауыз сумен жабдықтау көздерін ластау, қоқыстау, сарқу не олардың табиғи қасиеттерін басқаша өзгерту, егер бұл қоршаған ортаға айтарлықтай залал келтіруге әкеп соқса немесе әкеп соғуы мүмкін болса немесе адамның денсаулығына зиян келтірсе» [68], деп келтірілген. ҚР ҚК-нің 330-бабының 1-тармағында - «экологиялық талаптарды бұзу салдарынан теңіз ортасын ластау, егер бұл іс-әрекет қоршаған ортаға ірі залал келтіруге әкеп соқса немесе адамның денсаулығына зиян келтірсе» [68] қылмыстық жауаптылық орын алады.

Демек, заң шығарушы су объектілерін ластағаны үшін қылмыстық жауаптылық белгілегенде түрлі құқық (конструкцияларын) құрылымын пайдаланады, ҚР ҚК-нің 328-бабында - ластау деп - қылмыстық іс-әрекеттерді, ал ҚР ҚК-нің 324, 325, 330, 336-баптарында – құқыққа қайшы іс-әрекеттердің зардабын белгілейді.

Осыған байланысты әдебиеттерде пікірлер өте көп. Алайда, сулардың ластануы жөніндегі кейбір диссертациялық зерттеулерде, қарастырылып отырған қылмыстық құқық бұзушылықтың объективтік жағы суды пайдалану немесе су объектілерін қорғау жөніндегі жалпыға міндетті ережелерді бұзу нысанында көрінеді, делінеді [92, 69 б.].

Ал, профессор Н.А. Лопашенконың ойынша, қылмыс құрамындағы ластау, қоқыстау, сарқу сынды іс-әрекет зардапты білдіреді – бірінші кезектегі нәтижені, алайда, қылмыстық жауаптылықтың туындауы үшін бұл жеткіліксіз белгі. Екінші кезектегі зардаптардың туындауы шарт, жануарлар немесе өсімдіктер әлеміне, балық қорына, орман немесе ауыл шаруашылығына елеулі зардаптың немесе РФ ҚК-нің 250-бабындағы зардаптың тууы керек [36, 105-106 бб.]. Дәл осындай көзқарасты А.А. Мукашева да келтіреді [114, 67 б.].

Объективтік жақ қылмыстық құқық бұзушылықтың мазмұнын ашады, яғни ол қандай да қылмыстық құқық бұзушылық үшін жауаптылық бекітетін қолсұғушылықтың шегі. Баптың диспозициясында заң шығарушы іс-әрекеттің қоғам үшін қауіптілігін көрсетеді. Ластануы болу үшін су объектісіне зиян заттың түсуі, құйылуы шарт. Мұнда кінәлі тұлға табиғатты қорғау заңнамасын бұзады. Егер ластайтын зат тасталынбай, тек қоршаған ортаны қорғау туралы заң сақталынбаса, мысалы кәсіпорында тазалайтын құрылыс болмаса немесе

рұқсатсыз қалдықтарды қаттап тастаса, ластау, не қоқыстау қылмыстық іс-әрекет болмайды. Су объектісіне ластайтын заттың түсуі ғана қылмыстық-жазаланатын іс-әрекетті құрайды.

ҚР ҚК-нің 328-бабы бойынша сот үкімдеріне баға бере келе байқағанымыз, сот айыптау фабуласында заңнаманың қай нормасы бұзылғаны көрсетіле бермейді. Кінәлі тұлғалардың лауазымдық нұсқаулықты сақтамағаны жиі көрсетіледі. Лауазымдық нұсқаудың, не ҚР ЭК-і, не ҚР Су кодексіндегі жалпы норманың сақталмағанына үкімдерде басты көңіл бөлінеді. Мысалы, ішкі істер органымен азамат С.-ның ҚР ҚК-нің 328-бабының 2-тармағымен қарастырылған іс-әрекетті жасағаны анықталған. Айыптау актісінде азамат С.-ның су каналының «Канализация» учаскісінің басшысы болып табылатындығы көрсетіліп, қызметтік нұсқауға сәйкес, цехтың өндірісітік-шаруашылық қызметтеріне басшылық етуге, цехтың үздіксіз және апатсыз жұмысын қамтамасыз етуге, байланыстардың, канализациядағы сұйық затты шығарып тұратын кең трубалардың, кәріз жүйесінің сорғышының бұзылуын және апаттарды дер кезінде жою, байланыстардың күнделікті жөндеу жұмыстарын жасауды ұйымдастыруға міндетті болып табылатындығы көрсетіледі.

Алайда, азамат С. өз міндеттерін тиісті дәрежеде орындамағандықтан канализациядағы сұйық зат пен газды шығарып тұратын кең трубалардың бұрылысында апат болып, К. өзеніне 1500 шаршы куб шаруашылық зәрнәжіс суы құйылған. Жағымсыз антропогенді әсерден су объектісі ластанған. Сулар табиғи гидробиоценоз бұзылған және су жануарларының тіршілігіне зиян келген, нәтижесінде суда еріген оттегі тапшылығы орын алған және табиғи суда гипоксия өршіп, балықтар меншаяндардың жаппай қырылуы орын алған.

Келесі бір шын өкінуіне байланысты қысқартылған іс бойынша, тергеу бөлімі азамат П.-ға қатысты іс бойынша келесі жағдай анықталған.

Кәсіпорынның бас инженері азамат П. қызметтік нұсқау бойынша қайта жасау, жаңарту шараларын құрастыруға, кәсіпорынның қоршаған ортаға залалдануын болдырмауға, дер кезінде және сапалы кәсіпорынды дайындауға, құрал-жабдықтарды техникалық эксплуатациялау, жөндеу және жаңартуға; кәсіпорынның техникалық қызметін басқару, жұмыс нәтижелерін бақылауға міндетті.

ҚР Су кодексінің 72-бабына сай, суды қолданушы, су қорғау іс-шараларын атқаруға, жер үсті, жер асты суларынан су жиналатын алаңның ластануына жол бермеуге міндетті [53].

Азамат П. қызметтік нұсқауда өзіне жүктелген міндеттерді және су заңнамасы тараптарын сақтамаудың салдарынан өндірістің қоршаған ортаға теріс ықпалын жою шараларын жүргізбеген, яғни дер кезінде жөндеу жұмыстарын жүргізбеген және тиекті ысырманы ауыстырмаған, нәтижесінде ақпа суларды деркезінде екінші канализациядағы сұйық затты шығарып тұратын кең труба қысымына қосып үлгере алмаған. Сонымен қатар азамат П. канализациядағы сұйық затты шығарып тұратын кең трубаның жарылуы нәтижесінде туындаған апаттың зардаптарын жоймаған. Соған орай, биологиялық тазалаудан өтпеген ақпа сулар тәулік бойы Б. өзеніне құйылған.

Тазаланбаған ақпа сулардың құйылуы нәтижесінде суқоймасы ластанып, балық қорына зиян келген, уылдырық шашатын 7000 шаршы метр көлемдегі аймақ қысқартылған, бұл аймақты қалпына келтіруге ең кемінде 1 жылдай уақыт қажет болады. Су қоймасындағы балық қоры 1610 кг шамасында шабақтар алмайды. Елеулі дәрежеде зиян келгендігі анықталған.

Келесі мысалды қарастырсақ. 2016 жылдың 8 тамызында Ақтөбе облысының Хромтау ауданына қарасты Орь №1 өзеніндегі 20 километрге созылатын, аңшылар мен балықшылар қоғамына тиесілі балық шаруашылық учаскесінде балықтардың жаппай қырылғаны анықталған. Ондаған сом, шортан, мөңке балығы және басқа да балықтардың денелері су бетіне шығып, айналаға сасық иіс таратқан. Орь өзеніне түскен зат Орал өзеніне де (сол жақ ағысы) түсіп отырады. Су қоймасына жылда міндетті түрде балық жіберіп отырады, олардың жалпы саны 16 (оларды екеуі облыс орталығынан алыс емес Ақтөбе және Карғалы ірі су қоймалары). Өткен жылы 3 млн. тенге қаражат бөлінген 120 млн. шабақтар суға жіберілген болатын. Енді Орь өзеніне жіберілген барлық балық жіберу жұмысы текке кетіп отыр, дейді аңшылар мен балықшылар қоғамының басшысы Гогель. Хромтау АІО ҚР ҚК 328-бабы бойынша қылмыстық іс жүргізген. Экология Департаменті, табиғат қорғау прокуратурасы, табиғатты қорғау полициясы су қоймаларын бірлесіп қарап шыққан. Іс бойынша екі ресми емес факт анықталған: оттегінің жетіспеуі немесе суларға химикаттардың жіберілуі [115].

Сот тәжірибесі материалдарын зерттей отырып, көп жағдайда әрекетсіздіктері үшін жауаптылыққа тартылатындығын байқаймыз. Сонымен, тәжірибеде авария немесе су объектісіне ластаушы заттарды тастау кінәлінің өзіне жүктелінген міндеттерді орындамауы немесе тиісті дәрежеде орындамауының салдарынан туындайды. Әрекетсіздік пен ластану бір-бірімен тығыз байланысты және де қылмыстық құқықтық мағынада ҚР ҚК-нің 328-бабына қатысты қылмыстық құқық бұзушылықтың объективтік жағының белгісі болып табылатын іс-әрекетті тұтастай құрайды. Бұл ҚР ҚК 328-бабын басқа ұқсас баптардан ажырататын негіздердің бірі.

Аталған жағдайға кінәлінің қылмыстық іс-әрекетінде ҚР ҚК 328-баптың 1-тармағында, 305, 324-баптарда қарастырылған белгілер кездесетін факт мысал бола алады.

ЖШС-тің басшысы азамат Л., мұнай құбырын жүргізу барысында қоршаған ортаға мұнайдың төгілуіне себеп болған саңылаудың пайда болғанын анықтаған. Мұнай тамған орын апат тудырған.

Азамат Л. апатты жағдайды және зардаптарды жою жұмыстарын орындауды, төгілетін мұнай көлемін накты анықтауды ұйымдастыруға толық мүмкіндіктері бола тұра, қасақана мұнай құбырларын тиісті деңгейде эксплуатацияламағаны және жағалау сызығы учаскесіне мұнайдың төгілгені үшін жауаптылықтан қашып, апатты жағдайды және зардаптарды жою жұмыстарын орындауды, төгілетін мұнай көлемін накты анықтауға қатысты шараларды дер кезінде қолданбаған. Сол әрекетсіздігінің нәтижесінде ол су беті және бұлақтың түбіндегі шөгінділер және жер бетінің сатыланып тұрған жазық

алаңдарын ластанған, өсімдіктер бентосты тіршіліктер саны мен құрылымы бұзылып, жануарлар мен өсімдіктер әлеміне, сондай-ақ балық ресурстарына да елеулі зардап келген.

Бұл әрекетсіздікте ҚР ҚК-нің 328-бабынан бөлек, шаруашылық немесе өзге де қызметке қойылатын экологиялық талаптардың бұзылғанын ескеріп ҚР ҚК-нің 324-бабымен саралау керек сияқты. Мұнда мұнай құбырларын эксплуатациялау кезінде қоршаған орта ережелерін бұзғаннан суларды ластаумен қатар ауыр зардаптар келген. Ластау мұнда зардап ретінде де және әрекет ретінде де қатар кездесер еді, бұл әрине дұрыс болмас еді. Істің мән-жайына қарасақ, азамат Л-дың қылмыстық іс-әрекетін ҚР ҚК-нің 328-бабымен саралануы тиіс. Сондықтан да ҚР ҚК-нің 328-бабында қарастырылған қылмыстық құқық бұзушылық құрамының объективтік жағының мазмұнын түсіну, оны ҚР ҚК-нің 324, 325, 336-баптарын ажыратуда қиындықтар туындатпас үшін ҚР ҚК-нің 328-бабының құрылымында қайшылықтың болмауының, заң техникасындағы лингвисткалық ереженің сақталуының маңызы ерекше.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың объективтік жағының келесі белгісі – зардап. Залал қосымша затқа ауыздықталған болуы тиіс. Ол қоршаған ортаға келеді.

Уикипедия-ашық энциклопедиясынан алынған мәліметтерге сүйенсек: «Қоршаған орта – адамзат қоғамы өмір сүретін табиғи және антропогендік орта; адамдар мен олардың шаруашылығына бірлесе және тікелей әсер ететін биоталық, абиоталық және антропогендік орталардың жиынтығы; адамдар, жануарлар немесе объектілер тіршілік ететін немесе әрекет ететін орта немесе контекст» [116], деп келтірілген.

Ал ҚР Су кодексіндегі мәтіннен түсінетініміз, қоршаған ортаны сулар және қоршаған ортаның басқа да объектілері құрайды.

ҚР ҚК-нің 1997 жылғы ескі нұсқадағы 281-бапта суларды ластау, қоқыстау немесе сарқуды материалдық құрамға жатқызған, қылмыстың аяқталуы үшін өсімдіктер немесе жануарлар әлеміне, балық қорына, орман немесе ауыл шаруашылыққа елеулі залалдың келуі шарт еді.

Егер қарастырылып отырған нормаға қарасақ, дейді ресей ғалымы, қылмыстық іс-әрекет пен зардаптың арасындағы байланыс екі кезеңнен тұратын сияқты, яғни іс-әрекет судың қасиеттерінің өзгеруіне алып келуі тиіс, ал бұл судың құрамындағы өзгеріс, мысалы еріген қауіпті химиялық заттан механикалық қоспа құрамының артуы немесе су объектісіндегі судың физикалық көлемінің азаюы және т.б. қылмыстық заңмен қорғалынатын объектінің жай-күйін де өзгертеді – жануарлардың денсаулығы, өсімдіктің тамырындағы құнарлылықтың жойылу мүмкіндігі және т.б. Ал, егер де беткі сулар сарқылса немесе беткі су ластанса, жануарлар немесе балық қоры қауымдалысының (популяция) барлығы да жануар індетінен (эпизоотия), басқа да себептермен қырылған жағдайда қарастырылып отырған норма бойынша себепті байланыс болмайды. Себебі туындайтын зардап пен іс-әрекеттің арасындағы байланыс басқа болып тұр.

Осы орайда ресей ғалымы О.Н. Кузнецованың «РФ ҚК-нің 250-бабының диспозициясынан (Суларды ластау) қылмыстық жауаптылықтың су қоймаларын ластағаны үшін көзделмегенін байқамыз, себебі мұнда екінші кезектегі зиян, яғни балық қорына, орман немесе ауыл шаруашылығына және т.б. келген зиянды анықтау керек. Бірінші және екінші кезектегі зияндардың арасындағы себепті байланысты дәлелдеу қиын, бұл байланыстарды қарастыратын нормативтік құқықтық акті де жоқ, сәйкесінше, мысалы, ормандардың судың ластануынан солғанын дәлелдеу барлық жағдайда мүмкін бола бермейді», деген пікірімен келісуге болады [117, 498-503 бб.].

Жаңа заңнамада, яғни ҚР ҚК-нің 328-бабының 1-тармағында, заң шығарушы зардаптың келуінің келесі жағдайын қарастырады:

- «қоршаған ортаға айтарлықтай залал келтіруге әкеп соқса, немесе
- әкеп соғуы мүмкін болса, немесе
- адамның денсаулығына зиянның келсе» [68].

Дегенмен де, суға кінәлі ластанған заттарды тастап, кінәлінің еркінен тыс жағдайларға орай қоршаған ортаға нормада қарастырылған залал келмеген кездің өзінде де су объектісі ластанады емес пе, судың химиялық құрамында өзгерістер туындамайды ма?

Біздің пікірімізше, бұл нормада су ресурсы алғашқы қауіп көзі болуы керек, ал қоршаған ортаның қалған бөліктері – өсімдіктер немесе жануарлар әлемі, су қоры және т.б. – екінші кезекте тұрады, себебі ол табиғат ресурстарын қылмыстық-құқықтық қорғайтын арнайы нормалар ҚК-те бар. Мұнда, алғашқы орында судың құрамы қасиеттерінің өзгеруіне жасалынған талдаманың өзі-ақ жеткілікті болуы тиіс. Тек сол су құрамының құртылғандығын сырттай біз табиғи ресурстардың көмегімен (су жануарларының, балықтардың залалданып жағада шығып қалуы арқылы) көреміз. Шын мәнісінде тәжірбиеде бұл залалдың келу қаупі су рерустарының күнделікті жай-күйін, су құрамын бақылап отыратын уәкілетті органға белгілі болып тұруы тиіс. Алайда олай бола бермейді.

Атмосфераға ластаушы заттардың шығарылуын азайту немесе тоқтату арқылы ауа бассейні тез арада таза болады, ал ластанған ағынды сулардың шығарылуын жабу арқылы сулар тез арада тазаланбайды, бірақ су айдындарында судың табиғи сапасы тез қалпына келтіріледі. Алайда, жер бетіне түсіп қалған заттар мен қосылыстар топырақта, өсімдіктерде, су түбі шөгінділерінде, жер асты суларында жинақталып қалады, тірі организмдерде және т.б. шоғырланады, ұзақ уақыт бойы өзінің зиянды әсерін көрсете алады. Мысалы, Нұра өзенінің түбіндегі шөгінділердегі металл сынаптың жоғары болуына байланысты өз уақытында осы өзеннің арнасын Солтүстік Қазақстан аудандарына ауыз су беру үшін тракта ретінде пайдалану мүмкін болмаған, бірақ сол уақытта бұл ластанудың көзі – «Карбид» АҚ ацетальдегидті өндірісі құрамында сынап бар сарқынды суларды шығаруды тоқтатқан болатын. Ал, Азов теңізінің жағалауында орналасқан әскери аэродром ауданында 300 мың м3 астам топыраққа мұнай өнімдері сіңірілген,олар ұзақ жылдар бойы теңіз суларын ластап, ағып отырған [118].

Бұдан түсінетініміз, табиғат ресурстарының ластануын анықтау кейбір жағдайларда ұзақ уақыттың өтуін қажет еткендіктен, онан келетін зиян лезде байқала бермейді. Демек, табиғат ресурстарының ластануымен байланысты нормаларды материалдық, әрі формальдық құрам ретінде қараудың ерекшелігі осында болмақ.

ҚР ҚК-нің 328-бабының 1-тармағында заң шығарушы зардаптың келуінің келесі жағдайын - адамның денсаулығына зиян келуін қарастырады. Бұл нормада зардаптың келуінің алғашқы екі жағдайында - қоршаған ортаға айтарлықтай залал келтіруге әкеп соғуы, немесе қоршаған ортаға айтарлықтай залал әкеп соғуының мүмкін болуы - қылмыстық құқық бұзушылық құрам формальдық-материалдық құрамды, ал адамның денсаулығына зиянның келуін қарастырған жағдайда материалдық құрамды сипаттайды.

Қылмыстық нормада, адамның денсаулығына зиянның қай дәрежеде келетіндігі нақтыланбайды, ол түрлі дәрежеде болуы мүмкін (денсаулыққа жеңіл зиян, денсаулыққа ауырлығы орташа зиян, денсаулыққа ауыр зиян), яғни қарастырылып жатқан қылмыстық құқық бұзушылық құрамымен адамның денсаулығына жеңіл зиян емес, ауыр немесе ауырлығы орташа зиян келтірілетін болса, құқық қолданушылар оған қандай баға беруі керек деген орынды сұрақ туындайды. ҚР ҚК-нің 328-бабының 1-тармағы қылмыстық терісқылыққа жатады. Бұл жағдайда денсаулыққа қылмыстық іс-әрекеттен (суларды ластау, қоқыстау, сарқу) келген ауыр зиянды қылмыстық теріс қылық санатында қарау әділ саралау болмайды. Сондай-ақ заң шығарушының ҚР ҚК-нің 328-бабының 1-тармағында қарастырылған қылмыстық іс-әрекеттің нәтижесінде адамның денсаулығына келетін зиянды қоршаған ортаға келетін, не келуі мүмкін айтарлықтай залалмен бір қатарда қарастыруымен келісе алмаймыз.

Су ресурстарының ластануынан адамның денсаулығына келген зиянды ҚК-тің 328 және 330-баптарында екі түрлі қарастыруы логикалық пайымдауға сыйымсыз деп есептейміз.

ҚР Жоғарғы Сотының 2004 жылғы 18 маусымдағы №1 Нормативтік қаулысының 20-тармақшасында, ҚР ҚК-нің ескі нұсқасындағыдай «Экологиялық қылмыстардың жекелеген түрлерінің ( 324, 325, 326, 328, 329, 330, 332, 333-баптары, 343-бабының екінші бөлігі) орын алатын қоғамға қауіпті салдары ретінде адамның еңбек қабілетін жоғалтуға әкеп соққанына не ауыр немесе орташа ауыр зиян келтіргеніне қарамастан, адамның денсаулығына жеңіл зиян келтіру деп түсіну қажет» [101], делінеді. Алайда, мұндай жағдай ҚК-нің ерекше бөліміндегі адамның денсаулығына келтірілген зиян жөніндегі нормаларға (2014 жылғы ҚР ҚК 106-107, 112-114-баптар), жалпы қылмыстық ұғымдарға қайшы келеді. Сондай-ақ 2017 жылғы 3 шілдедегі «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне құқық қорғау жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру қылмыстық құқық бұзушылық құрамын белгілейтін қолданыстағы ҚР ҚК-нің 108-бабының заңды күші

жойылған болатын және ол ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексімен қарастырылған әкімшілік құқық бұзушылықтар қатарына жатқызылған болатын.

Сондықтан ҚР Жоғарғы Сотының 2004 жылғы 18 маусымдағы №1 Нормативтік қаулысының 20)-тармақшасы келесідей мәтінде көрсетілуі керек деп есептейміз: «экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың жекелеген түрлерінің (ҚК-нің 324, 325, 326, 328, 329, 330, 332, 333-баптары, 343-бабының екінші бөлігі) орын алатын қоғамға қауіпті міндетті салдары ретінде адамның денсаулығына зиян келтіруді адамның денсаулығына ауырлығы орташа немесе ауыр зиян келтіру деп түсіну қажет».

Сонымен бірге аталған өзгерістерді ҚР ҚК-нің сәйкес баптарында да ескеру қажетті, атап айтқан ҚР ҚК-нің 328-бабының 1-тармағындағы «адамдар денсаулығына зиян келтіру» түсінігін, осы баптың 2-тармағында қарастырған орынды деп санаймыз.

ҚР Жоғарғы Сотының 2004 жылғы 18 маусымдағы №1 Нормативтік қаулысының ережелері экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтармен келтірілген «зиян», «залал» ұғымдарына қатысты жаңадан қабылданған ҚР Экологиялық кодексіндегі, ҚР Қылмыстық кодексіндегі жаңа өзгерістерді ескермегендігі көрініп тұр. Атап айтқанда ҚР ЭК-нің 5-бөлімінде «экологиялық залал» және «экологиялық зиян» ұғымдары ажыратыла отырып көрсетілген. ҚР ЭК-нің 131-бабының 1-тармағына сәйкес «Осы Кодекстің 133, 134 және 135-баптарында көрсетілген табиғи орта құрамдастарына келтірілген залал, егер ақылға қонымды уақыт кезеңі ішінде оларды ремедиация жөніндегі шараларды қолданбай, базалық жай-күйге дейін табиғи қалпына келтіру мүмкіндігі болмаса, экологиялық залал деп танылады», осы жердегі жинақтаушы ұғым «экологиялық залал» ретінде табиғи орта құрамдастарына: «жануарлар дүниесі мен өсімдіктер әлеміне» (ҚР ЭК-нің 133-бабы), «суға» (ҚР ЭК-нің 134-бабы) және «жерге» (ҚР ЭК-нің 135-бабы) қатысты келтірілген залал қарастырылған. Сонымен бірге экологиялық залал қатарына атмосфералық ауаны ластау да жатқызылған.

ҚР ЭК-нің 133-бабының 1-тармағына сәйкес «Табиғи ортаның құрамдастарына келтірілген, жануарлар дүниесі мен өсімдіктер әлемі түрлерінің және табиғи ареалдардың қолайлы жай-күйіне қол жеткізуге немесе оны сақтауға елеулі жағымсыз әсер ететін кез келген залал жануарлар дүниесі мен өсімдіктер әлеміне экологиялық залал деп танылады».

ҚР ЭК-нің 134-бабына сәйкес «Қазақстан Республикасының экологиялық және (немесе) су заңнамасында айқындалған жерүсті және (немесе) жерасты суларының экологиялық, химиялық немесе сандық жай-күйіне немесе экологиялық әлеуетіне елеулі жағымсыз әсер ететін кез келген залал суға экологиялық залал деп танылады».

ҚР ЭК-нің 135-бабының 1-тармағына сәйкес «халықтың денсаулығына зиян келтірудің елеулі тәуекелін туғызатын ластағыш заттардың, организмдердің немесе микроорганизмдердің жер бетіне немесе жердің құрамына немесе топыраққа тікелей немесе жанама түсуі нәтижесінде жердің

ластануы жерге экологиялық залал деп танылады», ал осы баптың 2-тармағына сәйкес «топырақты жою немесе Қазақстан Республикасы жер заңнамасының ережелеріне сәйкес олардың тозуына немесе құнарсыздануына алып келетін өзге де салдарлар түрінде келтірілген залал да жерге келтірілген экологиялық залал деп танылады».

Ал экологиялық зиян ретінде «жеке тұлғалардың өміріне және (немесе) денсаулығына жағымсыз экологиялық салдарлардың әсер етуі салдарынан келтірілген зиян» (ҚР ЭК-нің 132-бабының 1-тармағы) қарастырылған. Байқап отырғанымыздай, «экологиялық залал» және «экологиялық зиян» ұғымдары бір-бірінен бөлек ұғымдар ретінде бекітілген. Осы ережелер ҚР ҚК-нің сәйкес ережелерінде сақталған, оны өзіміз талдап жатқан ҚР ҚК-нің 328, 330-баптарында және ҚР ҚК-нің экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың өзге де құрамдарын қарастыратын басқа да баптарында байқай аламыз.

Ал ҚР Жоғарғы Сотының 2004 жылғы 18 маусымдағы №1 Нормативтік қаулысында жоғарыда аталған өзгерістер керісінше сақталмаған дей аламыз, әрине бұны олқылық ретінде қарастыруға болады.

Атап айтсақ,

Біріншіден, аталған Қаулының 18)-тармақшасында «залал» мен «зиян» ұғымдары бөлек көрсетілмеген, керісінше «қоршаған ортаға елеулі зиян келтіру» ұғымына «адамның денсаулығына зиян келтіру» ұғымын да жатқызған. Және заңнамадағы өзгерістерге сай «адамның денсаулығына жеңіл зиян келтіру» әкімшілік құқық бұзушылықтар қатарында қаралғандықтан Нормативтік қаулының 20)-тармақшасында 1-абзацтың мәтініндегі «адамның денсаулығына жеңіл зиян келтіру» сөзтіркесін алып тастау қажетті.

Екіншіден, Қаулының 18)-тармақшасы бойынша «қоршаған ортаға елеулі зиян келтіру» ретінде «адамдардың жаппай сырқаттануын», ал ҚР ҚК-нің 328-бабының 3-тармағының ережелеріне сәйкес «адамдардың жаппай сырқаттануы» аса ірі экологиялық залалмен бір қатарында қарастырылған, яғни Нормативтік қаулының 18)-тармақшасындағы екі ереже бір-біріне қарама қайшы келіп тұр, сондықтан бұл олқылықты жою үшін Нормативтік қаулының 18)-тармақшасының 1-абцазтың мәтініндегі «қоршаған ортаға елеулі зиян» ұғымындағы «адамдардың жаппай ауруын» сөзтіркесін алып тастап, 3-абзацға енгізу қажетті. Сонымен қатар, Нормативтік қаулының 18)-тармақшасының 1-абцазтағы «<u>адамның денсаулығына зиян келтіру</u>» сөзтіркесін ірі залал келтіру деп қараған дұрыс.

ҚР Жоғарғы Сотының 2004 жылғы 18 маусымдағы №1 Нормативтік қаулысының 18)-тармақшасын келесідей мәтінде болуы тиіс деп ойлаймыз:

«18. Қоршаған ортаға елеулі экологиялық залал келтіру деп (ҚК-нің 325, 326, 328-баптарының бірінші бөлігі, 335-бабы бірінші бөлігінің 1-тармағы, 337-бабының үшінші бөлігі және 342-бабының бірінші бөлігі) қоршаған орта, демалыс орындары сапасының айтарлықтай нашарлауын, жануарлардың жаппай ауыруының туындауын, балық қорларының, өзге де су өсімдіктері мен организмдерінің елеулі көлемде азаюын және құрып кетуін, өсімдіктер мен орман алқаптарының ауыруын және жойылуын, жердің құнарлылығының

анағұрлым төмендеуін, сондай-ақ орнына келтіру үшін жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінен асатын мөлшерде шығынды талап ететін өзге де салдарды түсінген жөн.

Қоршаған ортаға ірі экологиялық залал келтіру деп (ҚК-нің 324-бабының бірінші бөлігі, 325, 326, 328-баптарының екінші бөлігі, 329, 330, 332, 333, 334-баптарының бірінші бөлігі, 335-бабының төртінші бөлігі, 337-бабы төртінші бөлігінің 4-тармағы, 338-бабы, 340-бабы үшінші бөлігінің 3-тармағы, 341-бабының бірінші бөлігі және 343-бабының екінші бөлігі) адамның денсаулығына зиян келтіруді, қоршаған ортаны және табиғи ресурстардың тұтынушылық қасиеттерін қалпына келтіру үшін қажетті шығындардың бір мың айлық есептік көрсеткіштен асатын мөлшердегі құндық көрінісі белгіленген осындай залал келтіруді түсінген жөн.

Қоршаған ортаға аса ірі экологиялық залал келтіру деп (ҚК-нің 324-бабының екінші бөлігі, 325, 326, 328-баптарының үшінші бөлігі, 329, 330, 332, 333, 334-баптарының екінші бөлігі, 337-бабы бесінші бөлігінің 2-тармағы және 343-бабының үшінші бөлігі) адамдардың жаппай сырқаттануына, қоршаған ортаны және табиғи ресурстардың тұтынушылық қасиеттерін қалпына келтіру үшін қажетті шығындардың жиырма мың айлық есептік көрсеткіштен асатын мөлшердегі құндық көрінісі белгіленген осындай залал келтіруді түсінген жөн».

С.Д. Бекишева болса, аталған Қаулыда қоршаған ортаға және оның жекеленген ресурстарына келтірілген зиянға қатысты өзіндік ұсыныстар береді:

«Біріншіден, нормативтік қаулының 19-тармағындағы «елеулі зиян» деген бағалаушы ұғымды алып тастау қажеттілігі туындап отыр, себебі ол ҚР ҚК 13-тарауынан алынып тасталды.

Екіншіден, ҚР Жоғары Сотының нормативтік қаулысының 15, 16, 18-тармақшаларына ҚР ҚК 3-бабында белгіленген «елеулі зиян», «ірі залал» және «аса ірі залал» ұғымдарын енгізу керек.

18-тармақша мынадай мәтінде ұсынады:

18. Қоршаған ортаға елеулі залал (ҚР ҚК 325, 326, 328, 335, 337 және 342-баптары) деп адамның денсаулығына зиянның келуін, қоршаған ортаның, демалыс аймақтарының елеулі күйреуі, жануарлардың жаппай ауруға ұшырауын, балық қорларының, басқа су өсімдіктері мен организмдерінің едәуір көлемде азаюын немесе жойылуын, өсімдіктер мен орман алқаптарының ауруға шалдығуы мен жойылуын, жер құнарлылығының едәуір нашарлауын, адамдардың жаппай сырқаттануын, сондай-ақ шығындарды жою үшін 100 артық АЕК мөлшерін талап ететін басқа залалды ұғынамыз. Ал, ірі залал және ірі мөлшерде (ҚР ҚК-нің 324-326, 328-330, 332-335, 337, 338, 340, 341 және 343-баптардағы) - 1000 АЕК асатын, аса ірі залал және аса ірі мөлшерде (324, 325, 326, 328, 329, 330, 332, 333, 334, 337 және 343-баптарда) – 20 000 АЕК асатын мөлшердегі құндық көрінісі» [119, 39-47 бб.].

Жоғарыдағыларды ескере келе, ҚР ҚК-нің 328-бабын мына мәтінде ұсынамыз:

328-бап. Суларды ластау, қоқыстау немесе сарқу

1. Жербеті немесе жерасты суларын, мұздықтарды, ауыз сумен

жабдықтау көздерін ластау, қоқыстау, сарқу не олардың табиғи қасиеттерін өзге де өзгерту, егер суларға немесе қоршаған ортаға айтарлықтай залал келтіруге әкеп соқса немесе әкеп соғуы мүмкін болса –

... жазаланады.

2. Қоршаған ортаға ірі залал келтірген не келтіру қатерін туғызған, немесе адамның денсаулығына зиян келтірген, сол сияқты ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда не төтенше экологиялық ахуал аумақтарында жасалған дәл сол іс-әрекеттер –

......жазаланады.

3. .....

....жазаланады».

ҚР ҚК-нің 328-бабының 1-тармағында, зардап көзі ретінде суларды қоршаған ортаның басқа объектілерінен жеке бөліп көрсету арқылы біз қоршаған ортаға қол сұғатын экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтықтың басқа түрлерінен суларды ластау, қоқыстау, не сарқуды ажыратуға мүмкіндік аламыз. Сондай-ақ, аталған норманың мақсаты су объектілерін қылмыстық ластану, қоқыстау, не сарқудан қорғау екендігін нақтылай аламыз, деп есептейміз.

ҚР ҚК-нің 328-бабының 2-тармағында осы құрамның ауырлататын түрі – «қоршаған ортаға ірі залал келтірген не келтіру қатерін туғызған, сол сияқты ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда не төтенше экологиялық ахуал аумақтарында жасалған дәл сол іс-әрекеттер» [68] үшін жауаптылық белгіленген.

ҚР ҚК-нің 328, 330-баптары келесідей де терминологиялық өзгерістерге ұшыраған. Ескі нұсқадағы ҚК-тің 281-бабының 2-тармағында, «адамның денсаулығына зиян келтіруге немесе өсімдіктер немесе жануарлар дүниесінің жаппай құрып кетуіне, ...дәл сол әрекеттер» [66] түріндегі қылмыстық іс-әрекеттерді ауырлататын мән-жай жаңа ҚК-тің 328-бабының 2-тармағында, «қоршаған ортаға ірі залал келтірген не келтіру қатерін туғызған [68] ... дәл сол іс-әрекеттер» деп көрсетіледі. ҚК-тің 328-бабының 2-тармағында бірнеше альтернативті жағдайлар қаралады. Мұндағы, шығын мөлшері – 1 000 АЕК-тен астам. Демек, бұл жерлерде қылмыстың зардабының болған, болмағанына қарамастан қылмыс аяқталған болып табылады.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар не төтенше экологиялық ахуал аумақтар – қылмыстың істелетін орны.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар Қазақстан Республикасының «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында нақтыланады [120] жатады.

Кейбір экологиялық талаптар мен экологиялық нормативтер мына актілерде орын алған: «Шаруашылық және өзге де қызмет бойынша экологиялық нормативтер мен экологиялық талаптарды бекіту туралы» ҚР Энергетика министрінің 2014 жылдың 13 қазандағы № 57 бұйрығына 1-қосымша «Щучинск-Бурабай курорттық аймақтың объектілерінде мәдени-тұрмыстық су пайдалануға және табиғи су айдындарын сақтау және қалпына

келтіру мақсатында оларды тазалау жұмыстарына байланысты шаруашылық және өзге қызметтерге экологиялық нормативтер мен экологиялық талаптар»; ҚР Энергетика министрінің 13.10.2014 ж. № 57 бұйрығына 2-қосымша «Қалдықтарды жерасты көмуге байланысты шаруашылық және өзге қызмет бойынша экологиялық нормативтер мен экологиялық талаптар».

ҚР қоршаған табиғи органы қорғау жайлы, тұрғындарды төтенше оқиғалардан қорғау туралы, өзге де актілерге сай, еліміздің кейбір аумақтары, объектілері шаруашылық немесе өзге жұмыстардың дұрыс жүргізілмеуінен табиғатқа, халыққа, өсімдіктер мен жануарлардың тіршілік етуіне тұрақты түрде жағымсыз ықпал ететін жағдайларға орай төтенше экологиялық жағдай аумағы деп жарияланады.

ҚР ҚК-нің 328-бабының 3-тармағында аса ауырлататын мән-жай қаралған, ондағы зардап қоршаған ортаға аса ірі залал келтіру не адам өлімі не адамдардың жаппай сырқаттануы болып танылады. Мұндағы аса ірі залал мөлшері – 20 000 АЕК мөлшермен есептелінеді.

ҚР Жоғарғы Сотының №1 Нормативтік қаулысында (2004 ж. 18 маусым) «адамдардың жаппай сырқаттануы» ұғымына түсінік берілмейді. Жаппай сырқаттануын саны екі немесе одан да көп адамдардың уақытша еңбек қабілетінен айырылуы, деп түсінеміз. Экологиялық қауіпті заттарды өндіру, пайдалану ережелерінін бұзылуынан сырқат туындайды.

ҚР ҚК-нің 13-тарауында көзделген баптардың көпшілігінде кездесетін «не адам өліміне, не адамдардың жаппай сырқаттануына әкеп соққан іс-әрекеттер» деген ауыр зардаптарға әкелу түріндегі саралаушы белгісі, ҚР ҚК-нің 3-бабының 4-бөлігінде бекітілген «ауыр зардаптар» түсінігімен толық қамтылғандықтан, экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтарының сараланған және ерекше сараланған құрамдарының мәтінін, яғни ҚР ҚК-нің 324-бабының 2-бөлігіндегі, 325-бабының 3-бөлігіндегі, 326-бабының 3-бөлігіндегі, 328-бабының 3-бөлігіндегі, 329-бабының 2-бөлігіндегі, 330-бабының 2-бөлігіндегі, 332-бабының 2-бөлігіндегі, 333-бабының 2-бөлігіндегі, 343-бабының 3-бөлігіндегі «қоршаған ортаға аса ірі залал келтіруге не адам өліміне, не адамдардың жаппай сырқаттануына әкеп соққан іс-әрекеттер» деген сөздерді «қоршаған ортаға аса ірі залал келтіруге, не ауыр зардаптарға әкеп соққан іс-әрекеттер» [9, 77 б.] деген сөздермен өзгерту ұсынылады.

ҚР ҚК-нің 3-бабының 4)-бөлігінде «ауыр зардаптар» ұғымы нақтыланады [68].

Байқағанымыздай, суларды, теңіз ортасын ластауға қатысты (ҚР ҚК 328-баптың 3-тармағына, 330-баптың 2-тармағына) ҚК-тегі «ауыр зардаптар» ұғымына адам өлімі, адамдардың жаппай сырқаттануы, ірі немесе аса ірі залал келтіруден басқа денсаулыққа ауыр зиян келтіру [68] де кіреді. Ал «адамның денсаулығына зиян келтіру» зардабы ҚР ҚК-нің 328-бабының 1-тармағында қарастырылады. Бұл қарастырылып отырған нормадағы тармақтар арасында ішкі қайшылық-сәйкессіздік тудырары анық.

Сондай-ақ «жануарлар мен өсімдіктердің жаппай жойылуы» ұғымына да түсінік берілмейді. Бұл ұғымға ұқсас ұғым 1998 жылдың 5 қарашасындағы РФ

Жоғары Соты Пленумының сәйкес қаулысында берілген: «жануарлар әлемінің жаппай қырылуы деп белгілі бір территориядағы өлім көрсеткіші орташа статистикалық көрсеткіштен үш немесе онан көп есе жоғары болатын құстар мен жануарлардың өлімі танылады».

Суларды ластау, қоқыстау немесе сарқудың **субъективтік жағы** қылмыскердің жасаған іс-әрекетіне деген психикалық жағын қарастыратын белгі.

«Субъективтік жақ» термині қылмыстық заңда қолданылмайды. Алайда, заңшығарушы оның мәнін, кінә, ниет, мақсат ұғымдары арқылы ашады. Осы аталған ұғымдардың әрқайсысы қылмыстың психикалық мәнін әр жағынан сипаттайды [121, 41 б.].

Ал О.Л. Дубовиктің пайымдауынша, зерттеліп отырған қылмыстық құқық бұзушылық жанама қасақаналықпен жасалынады [122, 518 б.]. Осы пікірді И.Ш. Борчашвили де ұстанады [123, 723 б.]. Негізінде жанама қасақаналықта субъект қылмыстық зардаптың нақты келу мүмкіндігін болжай алады.

ҚР ҚК-нің 19-бабының 4-тармағына сай, «Абайсызда жасалған іс-әрекет қылмыстық кодекстің Ерекше бөлігінің тиісті бабында арнайы көзделген жағдайда ғана қылмыстық құқық бұзушылық деп танылады» [68], сәйкесінше, ҚР ҚК-нің 328-бабының 1-тармағының диспозициясында кінә нысаны қарастырылмаған, яғни қылмыстық іс-әрекет абайсыздықты құрамайды.

В.А. Нерсесянның пікірінше, бұл жағдайда қылмыстың субъективтік жағы - абайсыз нысандағы кінә [124, 123 б.; 96].

Адам қылмыстық құқық бұзушылықты менмендікпен жасағанда, өз әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) қоғамға қауіпті зардаптар туғызу мүмкіндігін болжайды, бірақ жеткілікті негіздерсіз немқұрайдылықпен бұл зардаптарды болдырмауға болады [68] деп есептейді.

Интеллектуалдық кезеңіне қарай менмендік жанама қасақаналыққа ұқсайды. Олардың ерекшелігі сол, жанама қасақаналықта кінәлі қылмыстық зардаптың келуін жақсы болжай алса, ал менмендікте кінәлі бұл зардаптың келуін оншалықты болжай алмайды. Яғни қасақаналықта субъект зардапты нақты болжайды, ал менмендікте жалпы нысанда байқай алады деген сөз. Менмендікте сонымен қатар, сол зардаптың туындамай қоймайтындығын емес, зардаптың келу мүмкіндігін болжайды.

Менмендікте субъект түрлі мән-жайларды есепке алады: кінәлінің өзіне қатысты (білімі, тәжірибесі), қылмыстың жасалу жағдайына (түнгі уақыт, адамдардың, бақылаудың болмауы және т.б.), табиғаттың күшіне (жел, су объектісінің көлемінің үлкендігі, суда аралас кетуі), механизмге (тазалайтын құрылыс қондырғыларға, фильтрге) және басқа да. Суларды ластағанда, қоқыстқанда, сарқытқанда немесе өзгеше табиғи қасиетін өзгерткенде кінәлі зардаптың келетінін болжайды, бірақ та ол зардаптарды болдыртпаймын деп менмендік танытып, судың өзі табиғи жолмен өзі тазаланады жеп ойлайды, не судың қатты ағысына, үлкен көлемдегі су объектісіне сенеді.

ҚР ҚК-нің 328-бабының саралаушы нормаларында қарастырылғанадам өліміне, не адамдардың жаппай сырқаттануы түріндегі зардаптар

абайсыздықтан туындайды. Ал суларды ластау, қоқыстау, сарқу әрекеттерінде, қоршаған ортаға айтарлықтай залал келтіруге қатысты қасақаналық пиғыл орын алады.

Бұл қылмыстық іс әрекет немқұрайлылықпен де жасалынады. Адам суды ластағанда іс-әрекетінің немесе қоршаған орта компоненттерінің табиғи қасиеттерін өзгерткенде қоғамға қауіпті зардаптар туғызу мүмкіндігін алдын ала болжап білмейді. Дегенмен де тиісті ұқыптылық пен сақтық танытқанда оны біле алу мүмкіндігі болатын еді. Егер де адам өз қызметін өндірістік қызметінің бөлігі ретінде атқарғанда немесе лауазымды адам атқарғанда ол осы зардаптарды алдын ала болжап білуге тиіс және болжай алатын еді.

Қасақаналықпен салыстырғанда абайсыздықта адам қылмыстық нәтиженің келуін назарға ала бермейді. Экологиялық қылмыстарға кінәнің тікелей қасақаналық нысаны тән емес деген Ю.И. Скуратова, В.М. Лебедева пен Э.Ф. Побегайло пікірлерімен белгілі дәрежеде келісуге болады [125, 30 б.]. Осы пікірді С.Н. Құстаулетов өз еңбегінде қолдайды: суларды ластау, қоқыстау және сарқу кезінде адамның денсаулығына, жануарлар және өсімдіктер әлеміне, балық қорына, ауыл шаруашылығына зиянның келуін ниет пен мақсат етсе, ҚК-тің басқа баптарымен жауаптылық туындайды. Сондықтан да бұл құрамды қасақана қылмыс деп санауымен келісе алмаймыз. Мұндай қылмыстардың басым бөлігі адамдардың шаруашылық қызметімен байланысты. Және көп жағдайда олар абайсыздықпен жасалынады (менмендікпен немесе немқұрайлылықпен) [5, 67 б.]. Бұл нормада ниет пен мақсат сынды элементтерін анықтаудың қылмыстық іс-әрекеттерді саралау кезінде маңызы жоқ. Егер де кінәлі «табиғи ортаға ықпал ету арқылы адамдарға зиян келтіруді мақсат етсе, онда іс-әрекеттің қасқаналығының бағыты мен мазмұнына қарай оның іс-әрекетін ауыр қылмыс ретінде қарастырамыз: адамзатқа қарсы, адамның денсаулығы мен өміріне қарсы қылмыс ретінде. Суларды ластағанда субъект ерте ме, кеш пе адамдардың денсаулығына кері әсер ететіндігін сезіне алады.

Адамның тікелей қасақаналықпен суларды ластауы мына баптағы қылмыстық іс-әрекеттерге қатысты жасалса, онда іс-әрекет сулардың ластануы, қоқыстау, не сарқыту жөніндегі нормамен бірге мына баптармен десаралануы мүмкін болады: субъект лауазымда адам болса, мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылық ретінде ҚР ҚК-нің 361-бабымен, 362-баппен, ал егер кінәлі мемлекеттік емес ұйымның басшысы болса, онда коммерциялық және өзге де ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар ретінде ҚР ҚК-нің 250-бабымен, террарристік акт үшін жауаптылық көзделетін ҚР ҚК-нің 255-бабымен, диверсия үшін жауаптылық көзделетін ҚР ҚК-нің 184-бабымен, не адам өлімі орын алғанда - ҚР ҚК-нің 99-бабымен. Барлық жағдайда да іс-әрекетті саралау үшін қасақана суды ластаған қылмыстық іс-әрекетті жасаудың мақсаты мен ниетін анықтау керек болады.

Яғни, субъективтік жағынан кінәлі суларды ластау, қоқыстау немесе сарқуға қатысты іс-әрекетті жанама қасақаналықпен де, абайсыздықпенде, ал

саралаушы нормасында зардапқа қатысты – абайсыздықпен істейді.

Кейбір авторлардың пайымдауларынша, қарастырылып отырған қылмыстық құқық бұзушылық аралас кінә нысанында жасалынады [126, 192, 212 бб.].

Р.Т. Нұртаев Қылмыстық кодекстің ерекше бөліміндегі норманың құрылымдық ерекшеліктеріне қарай кінәнің екі нысанымен жасалынған қылмыстық жазаланатын құқық бұзушылықтарды зерделей келе, оларды екі топқа бөледі [127, 61 б.]:

1) негізгі құрамы - материалдық, саралаушы белгі ретінде жекеленген ауыр зардаптар қарастырылған, кінәнің қос нысанымен жасалған қылмыстық іс-әрекеттер;

2) негізгі құрамы - формальдық, ал саралаушы құрамдары ауыр зардаптар міндетті түрде туындайтын, кінәнің екі нысанымен жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар.

Кінәнің екі нысанымен жасалынатын іс-әрекеттерді заманауи қылмыстық құқық шегінде қарастыра келе Р.Т. Нұртаев, кінәнің үшінші нысанын – кінәнің қасақана мен абайсыздық нысандарымен қатар – кінәнің дара нысаны ретінде қарауды ұсынады. Бұл жағдай екі тегі бар адам сынды (Салтыков-Щедрин, Складовская-Кюри, Лебедев-Кумач). Мұндайда шетел заң шығармашылығы назарға алынуы қажет, деп есептейді. Мысалы, Боливия, Гватемала, Колумбия, Коста-Рика, Никарагуа, Перу, Эквадор елдерінің қылмыстық заңнамаларында абайсыздық пен қасақаналықтан бөлек кінәнің үшінші нысанын «претеринтеционалдылық» (претеринтециональность) деп атайды. Егер де әрекет, не әрекетсіздік субъект тілегеннен де ауырлау зардап тудырса, онда бұл іс-әрекет претеринтеционалды болып есептеледі [108, 241-242 бб.].

Осы аталған құқық шығармашылықты іске асыру мақсатында ғалым Р.Т. Нұртаев, ҚР ҚК-нің 22-бабындағы, «Тұтас алғанда, мұндай қылмыстық құқық бұзушылық қасақана жасалған деп танылады» [68] деген мәтінді алып тастап, оның орнын «Іс-әрекет кінәнің екі нысанында жасалған қылмыстық құқық бұзушылық деп танылады, егер де бұл осы Кодекстің Ерекше бөлімінің тиісті бабымен арнайы қарастырылған болса» деген мәтінмен алмастыратын ҚР ҚК-нің 22-бабының жаңа редакциясын ұсынады. Және де, ҚР ҚК-нің ерекше бөлімінің жеке нормаларында кінәнің екі нысанымен жасалған іс-әрекет үшін жауапкершіліктің [128, 241-242 бб.] қарастырылуын жөн санайды. Бұл өзгерістің маңыздылығын төмендегідей түсіндіруге тырысқан: Кінәнің екі нысанымен жасалынатын осы санатты қылмыстық құқық бұзушылықтарды тану, бұл іс-әрекеттердің маңызды тұстарын сипаттайтын жаңа бағыттарды іздеуге қатысты сұрақтарды күн тәртібіне қойдыра алды. Себебі қоғамға қауіпті іс-әрекеттердің шынайы мәнін түсіне алатындай тиісінше дұрыс ой қалыптастыру, оны толық және объективті қарай алу, республикадағы құқық шығармашылық және құқық қолдану тәжірибелерін әрі қарай жетілдіріп, дамытудың жаңа жолдарын игеруге мүмкіндік береді. Айтылған пікірге оң не теріс баға беру қиын, себебі аталған сұрақ арнайы монографиялық деңгейде зерттеуді қажет етеді.

Суларды ластау, қоқыстау және саркудың субъектісі - жалпы, 16-ға толған, ақыл-есі дұрыс кез келген жеке тұлға.

Қарастырылып отырған баптың субъектісі әдетте, тиісті, локальды актілермен қоршаған ортаға зиян әсер етуді, стационарлық және қозғалмалы құрылғыларды құрылыстарды және басқа да объектілерді эксплуатациялауды бақылау және тәртіпті сақтауға байланысты міндет жүктелінген жалпы және арнайы субъект белгілері тән адамдар болып табылады. Субъекті лауазымды адам және лауазымды емес те тұлға. Бұл белгілі білімі мен мамандығы бар адамдар, мысалы, қауіпті заттарды тасымалдайтын жүргізуші, қоймашы, ұшқыш, теңіз кемесі экипажының мүшесі т.б. болуы мүмкін. Бірақ та 16 не 18-ге толған адамдар да субъект бола алмауы мүмкін. Арнайы ереже бойынша ұшақты кәмелетке толмаған адам басқара алмайды.

Өткен тарауда байқағанымыздай, су объектілеріне қол сұғатын қылмыстық нормалар өте көп. Сәйкесінше оларды ажырату да қиын. Қылмыстық құқықта нормалар бәсекелестігі ережесінің де қылмыстық құқық бұзушылықты дұрыс саралауға маңызы бар. Алайда, ҚК-те саралау ұғымы берілмеген, ол тек қылмыстық құқық теориясында ғана кездеседі. Бәсекелестік нормалар ретінде қарау үшін ол нормалар бір-бірімен жалпы және жеке, немесе бүтін және бөлік сынды өзара қатынаста болуы шарт [129, 57-62 бб.; 96]. Теориядан білетініміз, нормалар бәсекелестігінде жеке нормаға, сондай-ақ тұтас нормаларға артықшылық беріледі.

Заң шығарушы қылмыстық кодексті құрастырғанда жалпы және жеке нормалардың ретімен орналастыруды негізге алмаған, оның себебін қоршаған ортаның компоненттерінің күрделілігімен және әртүрлілігімен түсіндіруге болады. Бір байқалатыны, бәсекелестікке түсетін нормалардың қайсысының жалпы, қайсысының жеке, не қайсысының бүтін, қайсысының бөлік екендігіндігіне көз жеткізу өте қиын. Ю.А. Случевская бұл мәселеге қатысты қарама-қайшы пікірлерді «Конкуренция норм гл. 26 УК РФ, связанных с загрязнением водных объектов» атты мақаласында талқылап («Уголовное право», 2015, №4), РФ ҚК-нің 250 (Сулардың ластануы), 252 (Теңіз ортасының ластануы), 247 (Экологиялық қауіпті заттар мен қалдықтармен жұмыс істеу ережелерін бұзу) - баптары аралас қылмыс құрамы болып табылады, бәсекелесуші емес, деген тұжырым жасайды.

Әсіресе, ҚК-гі суларды ластауды экологиялық талаптарды бұзумен байланысты қылмыстық нормалардан; ҚР ҚК-нің 325, 326, 327-бабы ажырату өте қиын. Себебі экологиялық талаптардың бұзылуы, зиян заттарды суға ағызу кезіндегі заңда белгіленген талаптардың сақталмауы салдарынан сулардың ластануын тәжірбиеде саралағанда аталған нормалардың ара-жігін ашуда қиындықтар туытыны анық.

Бұл сот тәжірибесінде елеулі қиындықтар туғызып отыр, ұқсас іс-әрекетер әртүрлі сараланатындығын байқауға болады. Бір жағдайда қылмыстық іс-әрекет шаруашылық немесе өзге де қызметке қойылатын экологиялық талаптарды бұзу ҚР ҚК-нің 324-бабымен сараланады. Іс-тәжірбиеге жүгінсек, Шығыс Қазақстан прокуратурасымен ШҚО (Шығыс Қазақстан облысы) «Hambledon

mining company limited компаниясы, «Таукен кәсіпорны ЖШС және «Алтай Кен-байыту» ЖШС қызметкерлерінің шаруашылық қызметін жүргізуде экологиялық талаптарды өрескел бұзуының нәтижесінде арық, құбыр арқылы су ағылған технологиялық сулардың Глубовск ауданы Секисовск ауылы Волчевка өзеніне құйылу фактісі бойынша қылмыстық іс қозғалған. Секисовск Уба өзенінің саласы, Ертіс трансшекаралық өзеніне құйылады. Қоршаған ортаға келген зардаптың мөлшері 1 млрд. сомадан асқан. №3 алтын өндіретін кешеннің қалдық қоймасындағы гидрооқшаулағыш қабатының бұзылуының нәтижесінде жергілікті Секисковка өзеніне ластанған цианидтер ағыны құйылған. Өзенге цианидтердің шоғырлануықоюланудың мүмкін шегі 516-ны құраған, сағатына 1 мың шаршы құйған. Қалдық қоймасының жалпы көлемі 200 мың шаршыны құраған [130]. Ақтау арнайы табиғатты қорғау прокуратурасы 2017 жылдың 25 сәуірінде Каспий жағалауындағы Форт-Шевченко қаласында 243 тюленьнің денесі табылған. Аталған фактіге орай, Маңғыстау облысы арнайы табиғатты қорғау прокуратурасы Маңғыстау облысы аумақтық орман шаруашылығы мен жануарлар әлемі инспекциясы, Маңғыстау облысы экология Департаменті, экологиялық зерттеу зертханасы, Түпқараған ауданы төтенше жағдайлар бөлімі, «Каспий» коммуналдық кәсіпорын және «Казгидромет» РМК (республикалық мемлекеттік кәсіпорын) қызметкерлерінен тұратын комиссия құрған. Тюлень денелері сараптама жүргізу үшін алынған. Маңғыстау облысы экология Департаменті тюленьдердің қырылуын сулардың ластануымен байланыстармай, ал эколог мамандар болса, керісінше мұнайөндіруші компанияларының теңізді ластауынан тюленьдер қырылды, деп отыр. Жануарлар өлекселерін қатты-тұрмыстық қалдықтарға арналған полигонда сақтау үшін өртеп отыр. Аталған факті бойынша ҚР ҚК 338-бабымен «Жануарлар дүниесін қорғау қағидаларын бұзу» қылмыстық іс қозғалған [131].

Ал тәжірибеде басқа осы мысалға ұқсас жағдайда қылмыстық іс-әрекет ҚР ҚК-нің 328-бабымен сараланады. Ішкі істер органы тергеу барысында мынаны анықтаған. Кінәлі тұлға қызметтік лауазымға сәйкес, өндірістік-шаруашылық қызмет цехының басшылық ету, апатты болдырмауды қамтамасыз ету, канализациядағы сұйық зат шығарып тұратын кең трубасында, сорғы стансиясында апатты және зақымдануды деркезіндежоюды ұйымдастыруы тиіс. Кінәлі өзіне жүктелген міндеттерді тиісті дәрежеде орындамауы салдарынан Кіші Койсуг өзенінің жағалауы жанындағы канализациядағы сұйық зат шығарып тұратын кең трубасының бұрылысында апатты жағдай тудырған. Оның нәтижесінде Кіші Койсуг өзеніне 1500 шаршы метрлі шаруашылық зәрнәжістік сулар құйылған. Су объектілері жағымсыз антропогенді әсерден ластанған. Оның нәтижесінде табиғи гидробиоцензонның бұзылуы және су жануарларының жағдайы елеулі дәрежеде нашарлап, суда еріген оттегі тапшылығы, табиғи су қабатында гипоксия артқан және су объектілеріндегі балықтар мен шаяндардың жаппай қырылуы орын алған [132].

«ҚР ҚК-нің 325-бабының диспозициясында, қылмыстық құқық бұзушылық заты - қоршаған орта болып табылатыны байқалады. Залал бірден табиғи компоненттердің бірнешеуіне келеді. Ал ҚР ҚК-нің 328-бабының заты

нақты су объектісі, алдыменен су ластанады, қоқыстанады, сарқылады, соның нәтижесінде айтарлықтай зиян қоршаған ортаның басқа элементтеріне – жануарлар, өсімдіктер балық қоры, орман немесе ауыл шаруашылығына залал келтіреді.

Аталған нормалардың объективтік жақтары да жартылай сәйкес келеді.

ҚР ҚК-нің 325-бабында, «қоршаған орта және (немесе) оның компоненттерінің экологиялық тұрғыдан әлеуетті қауіпті химиялық немесе биологиялық заттарды өндіру, тасымалдау, сақтау, көму, пайдалану немесе олармен өзге де жұмыс істеу кезінде экологиялық талаптарды» [68] бұзудың нәтижесінде ластанғандығы фактісін дәлелдеу керек. Дәлелдеу пәні тиісті нормативтік актілермен анықталады («Өндіріс және тұтыну қалдықтарын есепке алу қағидаларын бекіту туралы» ҚР Энергетика министрінің 2016 жылғы 11 шілдедегі №312 бұйрығы. ҚР Әділет министрлігінде 2016 жылы 10 тамызда № 14103; ҚР Ұлттық экономика Министрінің 2015 жылғы 15 сәуірдегі №338 бұйрығымен бекітілген «Ықтимал қауіпті химиялық және биологиялық заттарды пайдаланатын зертханаларға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары; «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексі). Өндіріс пен тұтыну қалдықтарының қоршаған орта үшін қауіпті топқа жатқызудың санаттары тиісті құжатпен анықталады. Нормалар қолданылатын субъектілердің тобын анықтай алуымен аталған құқықтық актілер ерекшеленеді. ҚР ҚК-нің 325-бабындағы қылмыстық құқық бұзушылықтың субъектісі арнайы. Диспозицияда субъектіні сипаттайтын қосымша белгілер айтылмайды, сондықтан да авторлар оны жалпы субъект ретінде қарайды.

Суларды ластау, қоқыстау немесе сарқу (ҚР ҚК-нің 328-бабы) қылмыстық құқық бұзушылық құрамы экоцид (ҚР ҚК-нің 169-бабы) қылмыстық құқық бұзушылық құрамына ұқсас келеді.

Экоцидте (ҚР ҚК-нің 169-бабы) де табиғат ресурстарына зиян келтіріледі. Оның қоғамға қауіптілігі сол, ол табиғатты залалдай отырып, экологиялық тепе-теңдікті бұзады, адамның денсаулығы мен өміріне зиян келеді, генетикалық өзгерістерге ұшырайды.

Халықаралық қылмыс қатарындағы экоцид Вьетнам соғысы тұсында туындайды, себебі Вьетнамда гербецидпен немесе химиялық заттармен тірі нәрсенің барлығы жойылған болатын» [133, 562 б.]. Экоцидтен табиғи орта жойылып, сондай-ақ сол аумақта тұратын халықтың тіршілігі бұзылуына қарсы бағытталады.

Экоцидтің тікелей объектісі – адамзаттың, халықтың, этностың, әлеуметтік немесе діни топтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған қатынастар. Қылмыстың заты - өсімдіктер немесе жануарлар дүниесі, сондай-ақ атмосфера, жер немесе су ресурстары [134, 271 б.].

Экоцидтің объективтік жағын құрайтын іс-әрекеттерге өсімдіктер әлемін немесе жануарлар дүниесін жаппай жою, атмосфераны, жер немесе су ресурстарын улау, сондай-ақ экологиялық зілзаланы немесе төтенше

экологиялық ахуал туғызған немесе туғызуы мүмкін басқа да әрекеттер жатады. Экоцид түріндегі әрекеттер түрлі нысанда іске асады. Енді сол ұғымдарға тоқталсақ.

Өсімдіктер мен жануарлар дүниесін жаппай жою – бұл өсімдіктер мен жануарларды түбегейлі құрту, сөйтіп экологиялық жүйені бұзулар.

Қазақстан Республикасының белгілі бір аумағында төтенше экологиялық ахуалды Үкімет жариялайды.

Өзге де осындай әрекеттерге келсек, ол экологиялық зілзаланы немесе төтенше экологиялық ахуал туғызған немесе туғызуы мүмкін өндірістік, ғылыми-зерттеу, не өзен-көлдерді, ауаны ластайтын, қоқыстайтын не басқа әрекеттер дегенді білдіреді.

Байқап отырғанымыздай, экоцид (ҚР ҚК-нің 169-бабы) пен суларды ластау, қоқыстау және сарқу (ҚР ҚК-нің 328-бабы) түріндегі қылмыстық құқық бұзушылықтар объективтік жағынан біршама ұқсас. Экоцидте төтенше экологиялық ахуалдың тууы немесе тууы мүмкіндігі - әрекеттің зардабы болса, ал ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда не төтенше экологиялық ахуал аумақтар (ҚР ҚК-нің 328-баптың 2-тармағының бір бөлігінде) - суларды ластау, қоқыстау және сарқудың орны болып табылады.

ҚР ҚК-нің 328-баптың диспозицияларында мынадай зардаптар қарастырылған: ҚР ҚК-нің 328-бабының 1-тармағында - қоршаған ортаға айтарлықтай залал адамның денсаулығына зиян, 2-тармағында - қоршаған ортаға ірі залал; 3-тармағында - қоршаған ортаға аса ірі залал не адам өлімі не адамдардың жаппай сырқаттануы.

Экоцидтің **субъективтік жағын** тек қасақаналық (тікелей немесе жанама), ал суларды ластау, қоқыстау немесе сарқуда - қасақаналық, абайсыздық нысанындағы кінә құрайды.

Сонымен қорытындай келгенде, тіршілік иелері үшін ерекше ықпалға ие қоршаған ортаның компоненті - суларды ластау, қоқыстау және сарқудың қоғамға қауіптілігі жоғары. Қылмыстық құқық бұзушылықтың алдын алу, құқық қолдану аясында туындайтын қиындықтарды жою мақсатында аталған норманы жетілдірудің орны ерекше.

## 2.3 Теңіз ортасын ластау түріндегі қылмыстық құқық бұзушылық құрамының қылмыстық-құқықтық сипаттамасы

Теңіз-су асты рельефінің құрлықтарымен немесе биіктіктерімен оқшауланған әлемдік мұхиттың бөлігі, үлкен тұзды көлдерден тұрады десе де болады. Кейде теңіз және Мұхит термині теңіз синонимдері сынды зерттеледі, олар бір-бірінен флорасы мен фаунасы бойынша ерекшеленеді. Бұл орасан зор байлық заңмен қорғалынады. Теңіз ортасын сақтау халықаралық және ұлттық саясаттың басты бағыттарының бірі де.

ҚР ҚК-нің 13-тарауының 330-бабында орналасқан теңіз ортасын ластау жөніндегі нормада белгіленген құқық бұзушылық экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтарға жатады. Бұл норма теңіз ортасын және теңіздегі

биологиялық ресурстарды, теңіздегі заңмен қорғалынатын басқа да мүдделерді құқыққа сай пайдалануды, қылмыстық-құқықтық қорғауды қамтамасыз етеді. Қылмыстық қол сұғушылықтан қорғау барысында қылмыстың объектісі мен қол сұғылатын қылмыс заты ескеріледі. Теңіз бен әуе көліктерінің көп қырлы экологиялық төтенше қызметтеріне, пайдалы қазбаларды өндіру, балық аулау және теңіз ортасын басқа да пайдалануға, сондай-ақ рекреациялық қызметтерді ұйымдастыруға, өндіріс, тұрғын үй-тұрмыстық шаруашылығына бұл норма зор ықпал етеді. Теңіз ортасын ластанудан қылмыстық-құқықтық қорғау соңғы кездері объективтік қажеттіліктен туындап отыр. Теңіз ортасын бақылау оңай емес. Теңіз ортасында қауіпті заттар көзімен эксплуатациялау жиі орын алуда. Мұнайдың төгілуі, ағын суларды құю, кәріз жүйесі құрылысының әсері (канализация), қоқыс тастау, жағалауға мал мәйітін жинау және теңіз ортасына өзге де әсерлер соңғы жылдары жиі кездесіп жүр. Олардың көпшілігі антропогенді, оған қоса адамдардың құқыққа қайшы қызметтерімен байланысты болып жатады. ҚР ҚК-нің 330-бабы болса, осы аталған жағдайларға қылмыстық заң тұрғысынан баға бере алады.

Қылмыс құрамының элементеріне сипаттама беруге көшсек, ҚР ҚК-нің 328, 330-баптардың объектісі – мемлекеттің су ресурстарын қорғау мен пайдалану тәртібі мен су ресурсындағы экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі мүддесі болып табылады.

ҚР ҚК-нің 330-бабындағы қылмыстың заты теңіз ортасы болып табылады. Теңіз ортасы, ішкі теңіз, аумақтық теңіз және ашық теңіз деп түсініледі. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы шегіндегі Каспий және Арал теңіздерінің сулары ҚР теңіз суларына жатады.

Н.Ф. Кузнецова теңіз суларының георафиялық ерекшеліктерін алға тарта отырып, мына жағдайларды алға тартады, біріншіден, «теңіз ортасы» халықаралық және отандық заңнамаларда қарастырылмаған; екіншіден, жаратылыстану тұрғысынан теңіз ортасын бөліп қарасақ, онда тұщы суда да бөлек қарау керек; ал үшіншіден, шын мәнісінде, РФ ҚК-нің 250 (Суларды ластау), 252-баптарында (Теңіз ортасын ластау) қылмыстың заты – сулар мен теңіз ортасы жалпы су объектісі болып саналады [135]. Айтылғандарды негізге алсақ, қылмыстық қол сұғушылық объектілерінің практикалық маңызының болуы әбден мүмкін. Сондықтан да жасанды түрде объектілерді, шығындарды «бөліп жару» саралауда жіберілетін қателіктердің санын арттырады

Заң әдебиеттерінде, теңіз ортасын ішкі теңіз сулары, мемлекеттің территориясындағы теңіздер және ашық теңіздер суларды құрайды, сәйкесінше суларды ластауға қарағанда теңіз ортасын ластау арнайы норма саналады. «Теңіз» сөзінің терминологиялық ұғымына тоқталсақ, теңіз-мұхиттың құрлыққа сұғына кіріп орналасқан немесе оның өзге бөліктерінен құрлық жағалаулары түбектернемесе аралдармен бөлектеніп жатқан кішігірім бөлігі. Кейбірлер теңіз деп ірі көлдерді атайды (мысалы, Арал, Каспий, Өлі теңіздер). Алайда, теңіз ортасына отандық заңнаманың берген түсінігі, ресейлік заңнамадағы түсініктен өзгеше. Онда теңіз ортасына ішкі теңіз сулар, территориялық теңіз сулары, ашық теңіз, тіршілік ортасымен тығыз байланысты теңіздің тірі ресурстары

кіреді. Мұхитпен байланысына және гидрологиялық ерекшеліктеріне қарай – теңіз ішкі, шеткі, аралаaралық, ал географиялық орнына қарай – материкаралық және материкшілік болып бөлінеді [136].

Аумақтық теңіз мәселесі 1982 жылы БҰҰ «Теңіз құқығы туралы» Конвенциясында қаралған [137].

Ішкі теңіз - құрлыққа тереңдей кіріп жатқан, мұхитпен бұғаз арқылы жалғасатын теңіз. Ол гидрологиялық режиміне қарай құрлықішілік (мысалы, Қара теңіз, Ақ теңіз) және құрлықаралық (мысалы, Жерорта теңізі, Қызыл теңіз) деп жіктеледі [138]. Сондай-ақ ішкі теңіз сулары, ашық теңіз ұғымдары Н.С. Куделькиннің еңбегінде ашылған [139].

Теңізді кеңістік түсінігін теңіз ортасымен қатар қарауға болмайды. «Теңіз ортасы» термині халықаралық құқық нормаларының отандық қылмыстық заңнамаға (имплементацияланып отыр) енгізіліп отыр. 1974 жылы бұл ұғым отандық заңнамаға енген, оның себебі ССРО-ның теңіз құқығы саласындағы халықаралық келісім-шартқа қосылумен байланысты (мысалы, 1954 жылғы Мұнаймен теңізді ластаудың алдын алуға байланысты Халықаралық Конвенция, 1972 жылғы Қалдықтар мен басқа да материалдарды тастау арқылытеңізді ластаудың алдын алу жөніндегі Халықаралық конвенция). 1982 жылы теңіз құқығы бойынша БҰҰ-ның Конвенциясы жасалынды, ол күні бүгінге дейін қарастырылып отырған салада маңызды құжаттардың бірі, сондықтан да сол терминологияға халықаралық та, мемлекет ішіндегі құқықтық нормалардың сәйкестендірілуі сөзсіз.

Халықаралық құқықтық актілеріне «теңіз ортасы» терминінің енуін теңіз құқығының тарихи даму ерекшеліктерімен түсіндіруге болады. Ұзақ жылдар бойы дүниежүзілік мұхит суы жүктерді тасымалдауға, сондай-ақ биологиялық және табиғи ресурсстарды аулау үшін пайдаланылып келген. Теңіздің ластану мәселесіне аса назар аударылған жоқ. Сондықтан да «теңіз» термині алдыменен теңіз құқығында пайда болды, әлемдік мұхит суымен бір қаралды. Ол территориялық шекараларды анықтайтын ерекшеліктермен сипатталып келген. Халықаралық теңіз құқығында теңіз территориясының құқықтық режимінің ерекшеліктеріне орай оларды, ішкі сулар (жағалауындағы мемлекет үшін) және архипелаг сулар (біріне бірі жақын мемлекеттер), территориядағы теңіз, іргелес аймақ, ерекше экономикалық аймақ, құрлықтық қайраң, ашық теңіз, деп бөледі.

Бертін келе дүниежүзілік мұхит сулары объект ретінде қалыптаса бастады. Өмірдің барлық салаларын экологизациялау процесіне орай өткен ғасырдың 70-жылдарынан бастап халықаралық теңіз құқығында «теңіз ортасы» термині ерекше құқықтық қорғау объектісі ретінде енгізілді.

ҚР ҚК-нің 330-бабының диспозициясына қарап, теңізді ластаудың объективтік жағын мыналардың сипаттайтындығын байқаймыз:

- экологиялық талаптарды бұзу салдарынан теңіз ортасын ластау іс-әрекеті;
- зардап;
- себепті байланыс.

«Теңіз ортасының ластануына» тоқталсақ. Экологияда ластануға «адам

қызметінің толық немесе жанама (кері ықпалының) әсерінен қоршаған ортаның жағымсыз өзгерісі» деген түсінік беріледі (Б. Небел, 1994). Сонымен қатар ластану деп, экологиялық жүйеге тән емес тірі және (немесе) тірі емес компоненттердің қосылуын, зат алмасу процесін бұзатын немесе белгіленген шамадан тыс, физикалық немесе құрылымдық өзгерістің енуін айтамыз [139].

Француз ғалымы Ф. Рамад, «ластану адамзаттың жанама немесе белгілі бір қызметтерінің нәтижесінде қоршаған ортаның жағымсыз өзгеруі, ол келіп түсетін энергия көзінің бөлінуін, радиация деңгейін, қоршаған ортаның физико-химиялық қасиеттері және тіршілік иелерінің өмір сүру жағдайын толық немесе жанама өзгертеді» деп қараған [140, 231 б.]. Ал жаратылыстану ғылымындағы сөздікте «ластану» ұғымына келесідей анықтама беріледі, қарастырылып отырған кезеңде қоршаған ортаға (тән емес) физикалық, химиялық немесе биологиялық агенттердің енуі, немесе пайда болуы, немесе сол агенттердің табиғи орта көпжылдық концентрация деңгейінің шамадан тыс артуы [141].

Ғылыми еңбектерде қоршаған ортаны ластаудың бірнеше түрлері кездеседі. Бірақ бізді өзге заттармен ластау көп қызықтырады. Оны бақылау қиын және теңіз ортасына, сондай-ақ биоалуан түрлілікті тұтас сақтауға зор қауіп төндіреді. Ластанудың бұл түрі көп жағдайда кінәлі емес әрекеттен туындайды (мұнда ватер сызығына (кеменің қаншалықты суға батып тұруы керектігін көрсететін сызық) жеткізу үшін мыңдаған тонна су қажет болады, үлкен көлемдегі балласт суына тірі организмдер келіп құйылады; бұл организмдер су қашырткысының нәтижесінде туындауы да мүмкін, дәл солар қоршаған ортаға зиян келтіреді), ал ондай жағдайда жауаптылыққа тарту мүмкін емес болады, немесе кінәлілерді анықтау қиын, себебі онда химиялық заттармен ластаумен салыстырғанда зардап бірден байқалмайды. Сол балласт суын тасудан келетін бөгде заттардың санын қысқарту мақсатында профессор Фред Доббс (Fred Dobbs (Old Dominion University)) бірнеше әдістерді ұсынады: фильтрациядан бастап биоцидтерді қолдануға дейін – тірі организмдерді жоятын немесе залалсыздандыратын заттар, ультрадыбыстан ультракүлгінмен сәулелеуге дейін [142].

Отандық қылмыстық нормада теңіз ортасының ластану ұғымының ашылуы жағдайында өзгерістер бар. Жаңа қылмыстық кодекс қабылданға дейін «теңіз ортасын ластау» ұғымы Ресей қылмыстық заңнамасымен ұқсас болатын. Соңғы ҚР ҚК-тің 330-бабының диспозициясында норманың мазмұны тіптен қысқартылып, экологиялық талаптарды бұзу салдарынан теңіз ортасының ласталуы ғана айтылған. Мұнда, экологиялық талаптар деп, сол ҚР ЭК-те, ҚР-ның өзге де нормативтік-құқықтық актілерімен, нормативтік-техникалық құжаттарымен нақтыланған, қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына теріс ықпалы бар, шаруашылық, басқа да жұмыстарды шектеу және оларға тыйым салуды айтамыз. Ал, ҚР ЭК-нің 32-бабында, «экологиялық талаптар» ұғымы сақталынбаған қағидалар, талаптар, шектеулер мен тыйымдармен байланыстырылады [55].

Ал аталған экологиялық талаптарды бұзғаны үшін мынадай жағдайларда қылмыстылық жауаптылық туындайды [142, 99-107 бб.]:

1) белгіленген экологиялық қауіпсіздік ережелерін орындамаған; ғимараттарды тазалаудағы тиісті эксплуатацияны қамтамасыз ету, жөндеу, бақылау шараларын орындамаған;

2) экологиялық кодексте және басқа да нормативтік құқықтық актілерде тікелей көрсетілген талаптарды бұзғанда (мысалы, қоршаған ортаға антропогенді жүктелген жүктеме нормативін есепке алмау, қоршаған ортаны ластаудың алдын алу және жою шараларының жобада қарастырылмауы, қоршаған ортаны қалпына келтіру талаптарын орындамау);

3) бекітілген жобасыз немесе жағымсыз экологиялық сараптама болған жағдайда өндірістік объектілерді эксплуатацияға беру және құрылыс жүргізу, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі талаптарға зиян келтіретін, бекітілген нормативтер немесе жобаларды өзгерту және т.б.).

Ескі нұсқадағы ҚР ҚК-нің 283-бабының 1-тармағында, «теңіз аясын ластау» ұғымын ашқанда нақты бұзылған ережелер тізіліп көрсетіледі [35]. Мұнда заң шығарушы зиянды, не теңіз аясын қолдануға кедергі келтіретін заттар мен материалдардың қайдан келгенін (орны) - құрлықтағы көздер не көлік құралдарынан немесе теңізде тұрғызылған жасанды құрылыстардан, деп нақтылайды. Нормада ластану әдістері көрсетілмейді. Ескі нұсқада келтірілген, құрлықтағы көздерден не көлік құралдарынан немесе теңізде тұрғызылған жасанды құрылыстардан адамның денсаулығы мен теңіздің жанды ресурстары үшін зиянды не теңіз аясын заңды қолдануға кедергі келтіретін «заттар мен материалдарды көму немесе тастау ережелерін бұзудың салдары» [66] ұғымын ҚР ҚК-нің жаңа нұсқасында «экологиялық талаптар бұзудың салдары» ұғымы алмастырған.

Теңіз ортасын ластауды мына белгілер сипаттайды:

- құрлық көзіндерінен алынған болуы (мысалы, қалдықтар);
- теңіз ортасына, теңізге шыққан кеме немесе құрылыстардан көму ережелерін бұзу арқылы;
- тасталынатын зат бастан-ақ қауіпті немесе бөгет болуы керек, яғни көмілетін немесе тасталатын зат (материал) қылмыс заты болып табылады.

ҚР ЭК-нің 1-бабында, қалдықтарды көму ұғымына қалдықтарды қауіпсіз сақтау үшін арнайы белгіленген орындарда шектеусіз мерзім ішінде жинап қою, деп түсінік берілген.

Көму ережесін бұзу кезінде көмілетін, тасталатын объекті ережемен белгіленген нормадан тыс теңіз ортасына түсіріледі, немесе алдын ала немесе қосымша тазартылмай, немесе тасталынатын орыннан басқа жерге, немесе заттар мен материалдарды көму немесе тастау толығымен тиым салынғанжерлерге тасталынады.

Көлік құралы теңіз кемесі және басқа да жүзу құралы, азаматтық әуе кемесі, әскери корабльдер, әскери-көмекші және әскери-әуе кемелері, шетел теңіз кемелері және ішкі теңіздегі, аумақтық сулардағы басқа да жүзу құралдары болып табылады.

Теңізде тұрғызылған жасанды құрылыстар – жасанды аралдар, бұрғылау мұнарасы, платформалар және іздеу, ғылыми-зерттеу, өндіру жұмыстарын

жүргізуге арналған ішкі теңіз сулары шегінде орнатылған басқа да объектілер.

Көму немесе тастау ережелерін бұзу әрекет түрінде де түсіндірілуі мүмкін, мысалы, тиісті рұқсатсыз кемеден жүктелген заттар мен материалдарды түсіру, әскери кемелерден, жерасты қайықтардан, атомдық мұзжарғыштардан игерілмеген ядролық отындарды суға батыру, мұнай өнімдерін ағызу және т.б., ал әрекетсіздік нысанында кемеден немесе өзге де объектіден мұнайды ағызу немесе өзге де ластайтын заттарды ағызу немесе төгілуі мүмкіндігін болдыртпау шараларын қолданбау.

Құрлық көзінен рұқсатсыз бірталай өндіріс, авариялық тастау, тұндырғыштардан химиялық заттарды теңізге құю – әрекет нысанында, материалдарды және басқа қатты қалдықтарды құйып алуда жағалау сызығына тастау – немесе әрекетсіздік – өндіріс кәсіпорындарындағы тазалайтын құрылыс жұмыстарына бақылау жүргізбеу нысанында жасалынады. Демек, экологиялық талаптарды бұзу салдарынан теңіз ортасын ластау қылмысы әрекет және әрекетсіздік нысанында жасалынады.

ҚР ҚК-де экологиялық талаптарды бұзуға түсінік берілмеген. Экологиялық талаптарды бұзудың ҚР ҚК-нің бірнеше нормаларында орын алғандықтан да, қылмыстық іс-әрекетті саралау барысында тәжірибеде белгілі дәрежеде қиындықтар туындайды.

ҚР ҚК-нің 324, 325, 326, 327-баптарында да экологиялық талаптар мен қағидаларды бұзғаны үшін жауаптылық көзделген. Бұл қылмыстық іс-әрекеттерде жекеленген салаларда жұмыс жүргізудің экологиялық талаптарын бұзғаны үшін қылмыстық жауаптылықтың туындайтыны накты айтылады және де зардап табиғи ресурстардың барлығына, не кез-келгеніне келеді. Мұндағы, «адамның денсаулығы мен теңіздің жанды ресурстары үшін зиянды не теңіз аясын заңды пайдалануға кедергі келтіретін заттар мен материалдарды көму немесе тастау ережелерін бұзу» [68], сол ҚР ҚК-нің 324-326-баптарында қарастырылған экологиялық талаптарға қатысты.

Табиғи ресурстардың жекеленген түрлеріне экологиялық зардап келумен байланысты нормаларға, атап айтсақ, ҚР ҚК-нің 328, 329, 330, 332, 333, 336, 338-баптар жатады.

ҚР ҚК-нің 330-бабындағы қылмыстық іс-әрекет – экологиялық талаптарды бұзудың салдарынан теңізді ластау болып табылады.

**Қылмыстың заты** – теңіз ортасы, теңіз сулары. Сондай-ақ ҚР ҚК-нің 328-бабында да су ресурстарын пайдалану ережелерімен байланысты экологиялық талаптардың бұзылуы салдарынан сулар (жербеті немесе жерасты суларын, мұздықтарды, ауыз сумен жабдықтау көздері) ластанады, қоқыстанады, не сарқылады.

ҚР ҚК-нің 330-бабында қарастырылған норма - бланкетті. Теңіз ортасын ластау ұғымын толық түсіну үшін экологиялық талаптар мен нормативтер белгіленген заңнамаларға сүйену қажет. Алайда, қылмыс құрамының белгілерін қылмыстық нормада мүмкіндігінше толық қарастыру құқық қолдану тәжірибесін жеңілдетер еді. Сондықтан да қылмыстық нормаларда жай диспозициядан, яғни, баптың атауымен шектелетін диспозициядан бас

тартып, бұрынғы ҚР Қылмыстық кодексінің ескі нұсқасындағы норма үлгісін қалдырған жөн деп есептейміз.

**Зардап.** Теңіздің ластану жөніндегі норманың диспозициясынан байқайтынымыз, қылмыстың аяқталуы үшін (ҚР ҚК-нің 330-бабының 1-тармағы) қоршаған ортаға ірі залалдың келуі немесе адамның денсаулығына зиянның келуі шарт. Мұнда, ірі залалдың мөлшерін 1 000 АЕК-тен асатын құндық көрініс деп түсінеміз.

Қылмыс материалдық **құрамды** құрайды. Алайда, жоғарыда айтылғандай, су ресурстарының, теңіз ортасының ластанғаны уақыт өте ғана байқалатындығын ескерсек, ҚР ҚК-нің 330-бабындағы қылмыстық іс-әрекетті ҚР ҚК-нің 328-бабының 1-бөліміндегідей, формальдық құрам деп қарастырған орынды, яғни экологиялық талаптарды бұзу салдарынан теңіз ортасын ластау, немесе сарқу, егер бұл іс-әрекет қоршаған ортаға ірі залал келтіруге әкеп соқса немесе әкеп соғуы мүмкін болса немесе адамның денсаулығына зиян келтірсе, деп көрсеткен жөн.

Ал ҚР ҚК-нің 330-бабының 2-тармағында, экологиялық талаптарды бұзу салдарынан теңіз ортасын ластау іс-әрекетінің аса ірі залал келтіруге не адам өліміне не адамдардың жаппай сырқаттануына әкеп соғуы қаралады. Аса ірі залалдың мөлшері 20 000 АЕК-тен артық.

Қылмыстың жасалу орны да зерттеу барысында ерекше назар аудартады. Қылмыс орнын анықтау барысында теңіз ортасының табиғи ерекшеліктері де ескерілуі тиіс: теңіз ағысы, теңіз толқынының белсенділігі және т.б.

РФ ҚК-нің 252-бабының 1-тармағында, құрлықтағы көздерден немесе көлік құралдарынан немесе теңізде салынған жасанды аралдардан адамның денсаулығы мен су биологиялық ресурстарына құрылғылар мен құрылыс заттары мен материалдарын теңізге тастау немесе көму ережесін бұзу немесе теңіздің заңды пайдалануға кедергі келтіру нәтижесінде теңіз ортасын ластау қарастырылады. Мұнда заң шығарушы заттар мен материалдарды тастау және көмілуі (ережені бұза отырып) жолымен ластау іс-әрекетінің белгілерін сипаттайды.

Н.С. Кудελькин теңізді ластау жолдарын зерттей отырып, РФ қылмыстық кодексінде энергиямен ластау түрі қарастырылмағанын және диспозицияда ластау ұғымында оның барлық түрлері мен әдістерін енгізу керек деген ұсыныс келтірген [29, 20 б.].

ҚР ҚК-нің 330-бабындағы қылмыстық құқық бұзушылықтың субъектісіне келсек, теңізге заттар мен материалдарды тастау немесе көму кезінде экологиялық талаптарды сақтау міндеті жүктелінген тұлға болуы тиіс.

Арнайы функция жүктелмеген, кез-келген 16 жасқа толған жеке тұлға теңізді ластаудың субъектісі бола алады. Бұл жөнінде З.О. Ашитов, аталған қылмыстың субъектісі, арнайы – теңізді зиянды заттармен ластауға жол бермеуге міндетті тұлғалар, мысалы, теңіз кемесінің мүшесі немесе капитаны; ұшу аппаратының ұшқышы; теңіз құрылымының, платформының, сондай-ақ құрлықтың басқа да қайнар көздерінің жұмысшысы немесе қызметшісі, ал жекеленген жағдайда субъект 16 жасқа толған жеке тұлға болады, деп есептейді

[143, 404 б.].

Теңізді ластаудың субъективтік жағын жанама қасақаналық нысанындағы кінә құрайды. ҚР ҚК-нің 330-бабының 2-тармағында қарастырылған зардап - адам өліміне не адамдардың жаппай сырқаттануына қатысты абайсыздық орын алады.

ҚР ҚК-нің 330-бабы ұқсас нормалардан мына белгілері бойынша ажыратылады: қылмыс заты – теңіз ортасымен, қылмыстың жасалу әдісімен, кей жағдайда қылмыстың жасалу орны да үлкен маңызға ие. Алайда, кей жағдайда аталған қылмысты ҚР ҚК-нің 325-бабынан ажыратуда үлкен қиындықтар туындайды, себебі қылмыстық іс-әрекет бірдей әдіспен жасалынуы (заттарды көму) және бірдей объекті мен қылмыс затына қол сұғуы мүмкін.

ҚР ҚК-нің 328 және 330-баптарында қарастырылған қылмыстық құқық бұзушылықтардың объектілері бір, ал затына келсек, екеуі де су объектісіне жатады. Құрамына келсек, ҚР ҚК-нің 328-бабының 1-тармағы формальдық, ал 2,3-тармақтары материалдық.

РФ-сы ҚК-дегі теңізді ластаудың құрамына қатысты пікірлер әртүрлі. Мысалы, Н.А. Лопашенко, РФ ҚК-нің 252-бабының 1-тармағын (Теңіз ортасының ластану) заң шығарушы формальды қылмысқа жатқызады, алайда қылмыстық іс-әрекет белгілі зардаптардың туындауын, теңіз ортасының ластануын талап етеді, деп есептейді [144]. Көп авторлар қылмыстың теңіз ортасы ластанған сәттен бастап аяқталатынын айтады. Бұл сұрақтың жауабы (2.2 сұрағында) теңізді ластау іс-әрекет пе, әлде зардап па деген мәселеге келіп тіреледі. Ластаудың зардап не іс-әрекет екендігін түсіну үшін легалды анықтамаларға жүгіну қажет.

1982 жылы Теңіз құқығы бойынша БҰҰ-ның Конвенциясына сәйкес, «теңіз өміріне және тірі ресурстарға зиян, аданың денсаулығына қауіп келтіретін, теңіз қызметіне, сонымен қатар балық аулауға және теңізді пайдаланудың басқа да заңды түрлеріне бөгет болатын, теңіз суларының сапасын төмендететін және демалыс жағдайын нашарлататындай зардаптарға алып келетін немесе алып келу қаупі бар тікелей немесе жанама түрде заттарды немесе энергияны, эстуарийді де адамның теңіз ортасына енгізуі теңіз ортасының ластануы» болып саналады.

Мұнан байқайтынымыз, теңіз ортасын ластау антропогенді әсерге ие болумен қатар, жойып жіберетіндей зардаптарға ие. Ал бұл анықтама ҚР ҚК-нің 330-бабына қаншалықты сәйкес келеді екен.

ҚР ҚК-нің 330-баптың 1-тармағының диспозициясы күрделі құрылымға ие. Оған келесі объективті белгілер тән: 1) теңіз ортасының ластану жөніндегі іс-әрекетті құрайды; 2) теңіз ортасы ластануы іс-әрекеті экологиялық талаптарды бұзу салдарынан (көму және тастау ережелері жөнінде) туындайды.

Теңіз ортасының ластануының негізгі құрамында қылмыс зардабы арнайы регламенттелген және де объективті жағы күрделі құрылған, баламалы белгілерге ие, ал саралаушы құрамда қол сұғушылық заты бойынша баламалы

белгілер бар.

ҚР ҚК-нің 330-бабының 1-тармағында заң шығарушы, экологиялық талаптарды бұзу салдарынан теңіз ортасын ластау іс-әрекетінің қоршаған ортаға ірі залал келтіруге әкеп соққан немесе адамның денсаулығына зиян келтірген жағдайда қылмыс болып саналатындығын түсіндірген.

Қазақстанда еліміздің табиғи байлығын, соның ішінде су ресурстарының үнемделуі өзекті мәселе. Қылмыстық заңнамада теңіз суларының сарқылғаны үшін жауаптылық қарастырылмаған. Оны қылмыстық құқықтық қамтамасыз ету де уақыт талабы сынды. Су ресурстарының ластанумен қатар, олардың заңсыз сарқылуы ҚР ҚК-нің 328-бабында қарастырылғанымен де, норманың жүзеге асып жатқанына күмәніміз бар.

Бұл бүкіл әлемді толғандырып отырған Арал теңізінің жай-күйіне қатысты болмақ. Мемлекеттердің экономикалық даму үрдісі барысында жан-жақтан теңіз суын ашкөздікпен талап-бітіруге шақ қалуы халықаралық деңгейде мойындалғанымен де, оған тоқтау қоюдың амалын іздеп жатқан жан жоқ. Мемлекетаралық, халықаралық деңгейде келісім-бітімгершілікпен бұл шара шешілер емес. Су мөлшерінің мұншалықты азаюына жауапты адамдар бар ма?

Осы орайда бұл мәселені халықаралық деңгейде заңды жауаптылық, нақты айтсақ қылмыстық қорғау арқылы шешу қажет-ау. Халықаралық Конвенцияларда және басқа да халықаралық актілердің деңгейінде әрбір қатысушы мемлекеттердің су ресурстарының заңсыз сарқылуына жол берген тұлғаларды қылмыстық жауаптылыққа тарту мәселесін көтеріп, ратификацияланған елдердің ұлттық қылмыстық заңнамаларында олардың орын алуын қамтамасыз ету керек сынды. Өйткен тарауларда біз су ресурстарын ластағаны үшін заңды жауаптылық мәселесінің, нормалардың орындалу механизмінің халықаралық актілерде толық шешілмегендігін айтқан болатынбыз. Десек те, бұл мәселе қолға алынуы шарт [145, 52-59 бб.].

**Тарауды қорыта келе мынадай тұжырымдарға келдік:**

1. Қылмыстық заңнамада экологиялық қылмыстық құқық бұзушылық ұғымының нақтыланбауы салдарынан қылмыстық саралауда туындайтын қиындықтарды ескере келе мынадай түсінік беруді ұсынамыз:

«экологиялық қылмыстық құқық бұзушылық деп, кінәлінің қоршаған ортаны қорғау тәртібіне және экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын, қылмыстық жазалау қатерімен тыйым салынған, қоғамға зор қауіп төндірмейтін, болмашы зиян келтірген не адамның жеке басына, ұйымға, қоғамға немесе мемлекетке зиян келтіру қатерін туғызған айыпты жасалған, немесе қоғамға қауіпті іс-әрекетті (әрекет не әрекетсіздік) айтамыз».

2. Су ресурстарындағы қылмыстық-құқықтық тыйымдар тікелей объектісі бойынша:

- су объектісіне тікелей қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар (су ресурстарындағы қылмыстық құқық бұзушылық);

- су объектілеріне жанама қол сұғатын құқық бұзушылықтар, болып бөлінеді.

Алғашқысы экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың қатарындағы нақты су ресурсына қол сұғады.

Екіншісі экологиялық және ҚР ҚК-нің басқа тарауларында қарастырылатын су ресурстарында кездесетін қылмыстық құқық бұзушылықтарды құрайды: ҚР ҚК-нің 5-тарауы, 8-тарауы, 10-тарауы, 11-тарауы, 13-тарауы, 14-тарауындағылар.

Объективтік жағы бойынша су ресурстарындағы қылмыстық құқық бұзушылықтарды төмендегідей топтастырамыз:

4) Экологиялық талаптарды, қағидаларды, ережелерді бұзумен байланысты: ҚР ҚК-нің 283-бабы; 285-бабы; 324-бабы, 325-бабы; 326-бабы; 304-бабы; 331-бабының 1-тармағы; 354-бабы.

5) Ластаумен байланысты: ҚР ҚК-нің 328-бабы; 330-бабы.

6) Экономикалық қызмет көрсету, құрылыс жүргізу, эксплуатациялау, зерттеу жұмыстарын жүргізуге байланысты; ҚР ҚК-нің 214-бабы; 215-бабы; 216-бабы; 218-бабы; 219-бап; 221-бабы; 238-бабы; 240-бабы; 244-бабы; 245-бабы; 248-бабы; 331-бабының 2-тармағы; 354-бабы.

Бұл топтастырулар су ресурстарындағы қылмыстық құқық бұзушылықтарды объектісі және объективтік жағы бойынша дұрыс саралауға мүмкіндік береді.

3. Су қылмыстық құқық бұзушылықтары деп, экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың бір тобын құрайтын, кінәлінің қылмыстық жазалану қаупі бар, су объектілерін пайдалану мен қорғау және су объектілерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша қылмыстық заңмен қорғалатын қоғамдық қатынастарға қол сұғатын, қылмыстық жазалау қатерімен тыйым салынған, қоғамға зор қауіп төндірмейтін, болмашы залал келтірген не адамның жеке басына, ұйымға, қоғамға немесе мемлекетке зиян келтіру қатерін туғызған айыпты жасалған немесе қоғамға қауіпті іс-әрекеттерін (әрекетін не әрекетсіздігін) айтамыз.

4. ҚР ҚК-нің 54-бабының 1-тармағын келесідей мәтіндегі 17)-тармақшамен толықтыруды ұсынамыз: «тұлғаның заңды тұлғаны немесе өзі жұмыс жасайтын немесе олардың құрылтайшысы болып табылатын заңды тұлғаларды пайдаланып қылмыстық құқық бұзушылық жасауы».

5. Су ресурстарына келген шығындардың өтелуін сот өндірісінде қамтамасыз ету мақсатында «Соттардың кейбір экологиялық қылмыстар үшін жауаптылық жөніндегі заңнаманы қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2004 жылғы 18 маусымдағы №1 нормативтік қаулысының 22-тармағын төмендегідей мәтінде толықтыруды ұсынамыз:

«22. ..........................

Экологиялық заңнаманы бұзуға байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың салдарынан келтірілген материалдық шығындардың орнын толтыру туралы талаптарды сот тиісті талап қойылған жағдайда шешеді. Сот барлық қылмыстық істер бойынша бұл қойылған талапқа қатысты іс жүргізуде қаралуы мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті. Талап өндірісте қаралған жағдайда шығындарды өтеуге қатысты сот шешімі сот үкімінде орын алуы

тиіс».

6. ҚР ҚК-нің 328-бабында, «ластау» ұғымы қылмыстық іс-әрекетті, ал ҚР ҚК-нің 324, 325, 330, 336-баптарында – құқыққа қайшы іс-әрекеттердің зардабын белгілейді.

7. ҚР ҚК-нің 328-бабында су ресурсы алғашқы қауіп көзі болуы керек, ал екінші кезекте қоршаған ортаның қалған бөліктері – өсімдіктер немесе жануарлар әлемі, су қоры және т.б. тұрады, себебі ол табиғат ресурстарын қылмыстық-құқықтық қорғайтын арнайы нормалар ҚР ҚК-де бар.

8. ҚР Жоғарғы Сотының 2004 жылғы 18 маусымдағы №1 Нормативтік қаулысының 20)-тармақшасы келесідей мәтінде көрсетілуі керек деп есептейміз: «экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың жекелеген түрлерінің (ҚК-нің 324, 325, 326, 328, 329, 330, 332, 333-баптары, 343-бабының екінші бөлігі) міндетті қоғамға қауіпті салдары ретінде, адамның денсаулығына зиян келтіру деп адамның денсаулығына ауырлығы орташа немесе ауыр зиян келтіруді түсіну қажет».

9. Жаңа ҚР Экологиялық Кодексі «қоршаған ортаға келген зиян» ұғымын «экологиялық залал» ұғымымен алмастырып, 5-бөлімді осы мәселеге арнайды. ҚР ЭК-тің 134-бабында суға экологиялық залал ұғымы нақтыланған және бұл ұғым қолданыстағы ҚР Қылмыстық заңнамасының сәйкес нормаларында да қолданылуда.

10. ҚР Жоғарғы Сотының 2004 жылғы 18 маусымдағы №1 Нормативтік қаулысының 18)-тармақшасын келесідей мәтінде болғаны жөн:

«18. Қоршаған ортаға елеулі экологиялық залал келтіру деп (ҚК-нің 325, 326, 328-баптарының бірінші бөлігі, 335-бабы бірінші бөлігінің 1-тармағы, 337-бабының үшінші бөлігі және 342-бабының бірінші бөлігі) қоршаған орта, демалыс орындары сапасының айтарлықтай нашарлауын, жануарлардың жаппай ауыруының туындауын, балық қорларының, өзге де су өсімдіктері мен организмдерінің елеулі көлемде азаюын және құрып кетуін, өсімдіктер мен орман алқаптарының ауыруын және жойылуын, жердің құнарлылығының анағұрлым төмендеуін, сондай-ақ орнына келтіру үшін жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінен асатын мөлшерде шығынды талап ететін өзге де салдарды түсінген жөн.

Қоршаған ортаға ірі экологиялық залал келтіру деп (ҚК-нің 324-бабының бірінші бөлігі, 325, 326, 328-баптарының екінші бөлігі, 329, 330, 332, 333, 334-баптарының бірінші бөлігі, 335-бабының төртінші бөлігі, 337-бабы төртінші бөлігінің 4-тармағы, 338-бабы, 340-бабы үшінші бөлігінің 3-тармағы, 341-бабының бірінші бөлігі және 343-бабының екінші бөлігі) адамның денсаулығына зиян келтіру, қоршаған ортаны және табиғи ресурстардың тұтынушылық қасиеттерін қалпына келтіру үшін қажетті шығындардың бір мың айлық есептік көрсеткіштен асатын мөлшердегі құндық көрінісі белгіленген осындай залал келтіруді түсінген жөн.

Қоршаған ортаға аса ірі экологиялық залал келтіру деп (ҚК-нің 324-бабының екінші бөлігі, 325, 326, 328-баптарының үшінші бөлігі, 329, 330, 332, 333, 334-баптарының екінші бөлігі, 337-бабы бесінші бөлігінің 2-тармағы және

343-бабының үшінші бөлігі) адам өлімі, не адамдардың жаппай сырқаттануы, қоршаған ортаны және табиғи ресурстардың тұтынушылық қасиеттерін қалпына келтіру үшін қажетті шығындардың жиырма мың айлық есептік көрсеткіштен асатын мөлшердегі құндық көрінісі белгіленген осындай залал келтіруді түсінген жөн.

11. ҚР ҚК-нің 328-бабын мына мәтінде ұсынамыз:

«328-бап. Суларды ластау, қоқыстау немесе сарқу

1. Жербеті немесе жерасты суларын, мұздықтарды, ауыз сумен жабдықтау көздерін ластау, қоқыстау, сарқу не олардың табиғи қасиеттерін өзге де өзгерту, егер суларға немесе қоршаған ортаға айтарлықтай экологиялық залал келтіруге әкеп соқса немесе әкеп соғуы мүмкін болса –

... жазаланады.

2. Қоршаған ортаға ірі залал келтірген не келтіру қатерін туғызған, немесе адамның денсаулығына зиян келтірген, сол сияқты ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда не төтенше экологиялық ахуал аумақтарында жасалған дәл сол іс-әрекеттер –

......жазаланады.

3. .....

....жазаланады»».

12. ҚР Жоғарғы Сотының 2004 жылғы 18 маусымдағы №1 Нормативтік қаулысының 20)-тармақшасын келесідей мәтіндегі өзгерістермен толықтыруды ұсынамыз:

«Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың жекелеген түрлерінде (ҚК-нің 324-бабының екінші бөлігі, 325, 326, 328-баптарының үшінші бөлігі, 329, 330, 332, 333-баптарының екінші бөлігі, 343-бабының үшінші бөлігі) орын алатын қоғамға қауіпті салдары ретінде адамдардың жаппай сырқаттануы ретінде саны екі немесе одан да көп адамдардың уақытша еңбек қабілетінен айырылуын түсіну қажет.».

**13.** ҚР ҚК-нің 330-бабында тек теңіз ортасын ластаумен қатар сарқығаны үшін де, егер де бұл қылмыстық іс-әрекет қоршаған ортаға ірі залал келтіруге әкеп соқса немесе әкеп соғуы мүмкін болса немесе адамның денсаулығына зиян келтірсе, жауаптылық қарастырған жөн.

# 3 СУ РЕСУРСТАРЫН ПАЙДАЛАНУ АЯСЫНДАҒЫ ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚТЫҢ КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТЫ

## 3.1 Су ресурстарын пайдалану аясындағы қылмыстылықтың криминологиялық жағдайы

Мамандар теріс әлеуметтік-құқықтық құбылыс ретінде қылмыстық құқық бұзушылықтарды сипаттау барысында кеңінен қолданатын маңызды көрсеткіштердің бірі белгілі бір уақытта белгілі бір аумақта жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардың (және оларды жасаған адамдардың) абсолюттік санымен айқындалатын қылмыстылықтың жағдайы болып табылады. Алайда, кейбір қылмыстық құқық бұзушылықтардың анықталмайтын, жасырын (жасырын) болатындығын ескерсек, іс тәжірбиеде қылмыстылықтың жай-күйі қылмыстық статистиканың деректері негізінде тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтардың санымен (оның ішінде ашылмай қалған), сондай-ақ оны жасаған адамдардың санымен айқындалады. Алайда, мамандар белгілі және белгісіз қылмыстық құқық бұзушылықтарды қылмыстық Айсбергке теңеуі тектен-тек емес.

Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың елеулі бөлігінің қылмыстық тіркеуден тыс қалуының себебі әртүрлі. Мысалы, оларға мыналарды жатқызсақ болады: халықтың бір бөлігінің құқықтық мәдениетінің төмен деңгейі, азаматтардың құқық қорғау органдарының мүмкіндіктеріне сенбеуі, қылмыстық іс жүргізу рәсімдерінің күрделенуі, қылмыстық құқық бұзушылықты есептен (әсіресе ашу қиын) жасырмақ болған полиция қызметкерлерінің айла-шарғысы және т.б. Осы тұрғыдан экологиялық қылмыстылыққа қарсы күрес проблемасы маңызды мәселелердің бірі ретінде бағаланады.

Экологиялық қылмыстылықтардың жоғары латенттілігі туралы прокурорлық қадағалау тексеріс материалдарын, баспасөз, сауалнама, қылмыстық істі жүргізуден бас тартылған материалдарды зерделеу нәтижесіінде, әкімшілік практика материалдарының және т.б. мәліметтердің негізінде білуге болады.

Көптеген істер тергеу сатысында тоқтатылады, басқалары бойынша соттар көбінесе сотталушылардың кінәсі дәлелденбегені үшін ақтау үкімін шығарады. Анықтау органдары қылмыстық істі жүргізуден негізсіз бас тартқан материалдар саны жоғары болып қалуда. Қылмыстық жауапкершілікке тартылған тұлғалардың 2008-2014 жж. аралығында орташа сотталғандар саны 51%-ды, 2015-2020 жж. – 4/1 құраған. Жалпы қылмыстық құқық бұзушылықтардың, әсіресе экономикалық және пайдакүнемдік-зорлық-зомбылықтың өсуі жағдайында құқық қорғау органдары экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтарға қарсы күреске тиісті көңіл бөле бермейді. Күні бүгінге дейін олар екінші кезекке сырылып келеді.

Экологиялық қылмыстылықтың өзгеруі оның динамика сынды көрсеткіштің көмегімен сипатталады. Динамикада экологиялық қылмыстылықтың жағдайы және деңгейі бағалануы мүмкін.

Біздің мемлекеттің қоршаған ортаны қорғауға қатысты қабылдаған шараларына қарамастан, қоғамға қауіпті қол сұғушылықтар саны қысқармай, өсіп отыр. Бұған Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің статистикалық деректері дәлел (Кесте 1.).

Кесте 1. Экологиялық қылмыстық істердің ашылу жағдайы жайлы мәліметтер

| жылдар | Тіркелген қ/қ/б саны | Қылмыстық қудалау қысқартылған қ/қ/б б/ша | Қылмыстық өндіріс тоқтатылған қ/қ/б саны | Кінәлінің анықталмауына б/ты қылмыстық іс тоқтатылған істер саны | Қылмыстық іс аяқталған қ/қ/б саны | Сотқа жіберілген қ/қ/б саны | Сотталған |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **2008** * | 305 | 18 | 124 | 119 | 166 | 158 | |
| **2009** * | 397 | 18 | 216 | 209 | 173 | 164 | |
| **2010** * | 343 | 16 | 180 | 178 | 178 | 170 | 193 |
| **2011** * | 272 | 43 | 138 | 130 | 115 | 101 | 150 |
| **2012** * | 348 | 84 | 162 | 156 | 191 | 126 | 168 |
| **2013** * | 571 | 86 | 267 | 257 | 245 | 225 | 208 |
| **2014** * | 813 | 181 | 501 | 500 | 382 | 326 | 356 |
| **2015** | 2303 | 1925 | 383 | 380 | 1365 | 885 | 467 |
| **2016** | 1974 | 2122 | 324 | 323 | 1372 | 678 | 508 |
| **2017** | 1973 | 1768 | 281 | 280 | 1423 | 613 | 539 |
| **2018** | 181 | | 12 | 12 | 116 | 52 | 125 |
| **2019** | 1324 | 725 | 177 | 175 | 910 | 445 | |
| **2020** | 688 | | | | 366 | 313 | |
| **2021** | 295 | 140 | 53 | 52 | 145 | 134 | 188 |
| **2022** | 130 | 11 | 20 | 9 | 62 | 51 | |

* – 1997 жылғы Қылмыстық кодекстің баптары негізінде.
Ескерту – автор 2013-2021 жылдар аралығындағы статистикалық мәліметтерді ҚР Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің статистикалық есебі негізінде жасады (http://qamqor.gov.kz/portal/page/portal/POPageGroup/Services/Pravstat).

Деректерге сүйенсек, Қазақстан Республикасында жыл сайын тіркелетін экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар саны 6,5 есеге өскен. Бұл жағдай қоршаған ортаға қоғамдық қауіпті қол сұғушылықтарға ықпал ететін мән-жайлар жайлы ойлануға бізді мәжбүр етеді (Сурет 1.).

Сурет 2. Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың 2008-2021 жж. аралығындағы динамикасы




Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік көзделген ҚР ҚК-нің 326, 329, 330, 331, 338 және 343-баптары бойынша 2017 жылы Қазақстанда бірде-бір қылмыстық құқық бұзушылық тіркелген жоқ; ҚК-нің 336, 341, 342-баптары бойынша бір қылмыстық құқық бұзушылық бойынша тіркелген. Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар латенттіліктің жоғары деңгейімен ерекшеленетінін атап өткен жөн, олар жиі топтасып және ұйымдақан топпен жасалады; оларды жасаған кезде ғылым мен техниканың жаңа жетістіктері пайдаланылады. Анықталған экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың көпшілігінде қылмыстық қудалаудың тоқтатылуы жолымен кінәлілер жазасыз қалып отырған [146, 32 бб.].

Егер зерттеу пәніне қатысты мәліметтерге жүгінсек, ҚР ҚК-нің 328-бабы бойынша қылмыстылықтың жай-күйі төмендегідей көрінеді (Кесте 2,3):

2013 ж. сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізіліміне тіркелген қылмыстық істер саны – 4, өндірісте болғаны – 4; ҚР ҚПК 50-бабының 1-тармағы 1-тармақшасына (айыпталушы ретінде тартылатын тұлғаның анықталмауына байланысты, есептен шығуына байланысты), сонымен қатар ҚР ҚПК-нің 37-бабының 1,2-тармақтары 1-тармақшасына сәйкес (қылмыс құрамы мен оқиғасының болмауына байланысты) қысқартылған қылмыстық істер саны – 4, тоқтатылғаны - 4.

2014 ж. сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізіліміне тіркелген қылмыстық істер саны – 1, өндірісте болғаны – 1, ҚР ҚПК 50-бабының 1-тармағы 1-тармақшасына (айыпталушы ретінде тартылатын тұлғаның анықталмауына байланысты, есептен шығуына байланысты), сонымен қатар ҚР ҚПК-нің 37-бабының 1,2-тармақтары 1-тармақшасына сәйкес (қылмыс құрамы мен оқиғасының болмауына байланысты) қысқартылған қылмыстық істер саны – 8, аяқталғаны – 1, тоқтатылғаны - 1.

2015 ж. сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізіліміне тіркелген қылмыстық істер саны – 5; өндірісте болғаны – 1; жалпы қысқартылғаны – 21, ҚР ҚПК 35-бабының 1-тармағының 1), 2), 5), 6), 7), 8)-тармақшалары бойынша қысқартылған қылмыстық істер саны - 1; ҚР ҚПК 45-бабының 7-тармағына 2)-тармақшасына сәйкес, сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдерін үзілген қылмыстық құқық бұзушылықтар саны - (күдікті, айыпталушы ҚР тысқары жерде болған) – 2, тоқтатылғаны - 2.

2016 ж. сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізіліміне тіркелген қылмыстық істер саны - 5; есеп уақытында тіркелінгені – 2, жалпы қысқартылғаны – 28.

2017 ж. сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізіліміне тіркелген қылмыстық істер саны - 2; жалпы қысқаратылғаны – 17, ҚР ҚПК 35-бабының 1-тармағының 1), 2), 5), 6), 7), 8) тармақшалары бойынша қысқартылған қылмыстық істер саны -3; ҚР ҚПК 45-бабының 7-тармағына 2)-тармақшасына сәйкес, сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдері үзілген істер саны - (күдікті, айыпталушы ҚР тысқары жерде болған) - 1.

2018 жылы есеп уақытында өндірісте болғаны - 6, есеп уақытында тіркелінгені – 4, оның өткен жылдардан қалғаны - 1, ҚР ҚПК 35-бабының 1-тармағының 1), 2), 5), 6), 7), 8) тармақшалары бойынша қысқартылған қылмыстық істер саны - 1.

2019 жылы есеп уақытында өндірісте болғаны - 6, есеп уақытында тіркелінгені – 4, аяқталған қылмыстық іс саны - 1.

2020 жылы есеп уақытында өндірісте болғаны - 10, есеп уақытында тіркелінгені – 6, аяқталған қылмыстық іс саны - 1.

2021 жылы есеп уақытында өндірісте болғаны - 7, есеп уақытында тіркелінгені – 3, аяқталған қылмыстық іс саны - 1.

2022 жылы есеп уақытында өндірісте болғаны - 2, есеп уақытында тіркелінгені – 1, аяқталған қылмыстық іс саны - 0.

Кесте 2. 2013-2021 жж. аралығындағы ҚР ҚК-нің 328 бойынша тіркелінген, қысқартылған, аяқталған қылмыстық істер жөніндегі мәліметтер

| Жылдар | өндірістегі істер | тіркелген қылмыстық істер саны | ҚР ҚПК 35-бабының 1-тармағының 3), 4), 9), 10), 11), 12) –тармақшалары және 36-бабы бойынша қысқартылған істер саны | ҚР ҚПК 45-бабының 7-тармағына 2)-тармақшасына сәйкес, сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдері үзілген істер саны – (күдікті, айыпталушы Қазақстан Республикасынан тысқары жерде болған) | ҚР ҚПК 50-бабының 1-тармағы 1-тармақшасына (айыпталушы ретінде тартылатын тұлғаның анықталмауына б/ы, есептен шығуына байланысты, сондай-ақ ҚР ҚПК-нің 37-бабының 1,2-тармақтары 1-тармақшасына сәйкес (қылмыс құрамы мен оқиғасының болмауына байланысты) қысқартылғаны | ҚР ҚПК 35-бабының 1-тармағының 1), 2), 5), 6), 7), 8)-тармақшалары бойынша қысқартылған істер саны | Аяқталған қылмыстық іс | ҚР ҚПК 45-бабының 7-тармағына 1)-тармақшасымен қысқартылған (қылмыскердің анықталмауымен) |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 2013* | 4 | 4 | | | 4 | | | |
| 2014* | 1 | 1 | | | 8 | | 1 | |
| 2015 | 5 | 1 | | 2 | | 1 | | |
| 2016 | 7 | 2 | | | | | | |
| 2017 | 2 | 0 | | 1 | | 3 | | |
| 2018 | 6 | 4 | 1 | | | 1 | | |
| 2019 | 6 | 4 | | | | | 1 | |
| 2020 | 10 | 6 | 1 | - | - | 4 | 1 | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 2021 | 7 | 3 | 1 | - | - | 2 | 1 | |
| 2022 | 2 | 1 | - | - | - | - | - | |

* – 1997 жылғы Қылмыстық кодекстің баптары негізінде.
Ескерту – автор 2013-2021 жылдар аралығындағы статистикалық мәліметтерді ҚР Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің статистикалық есебі негізінде жасады. (http://qamqor.gov.kz/portal/page/portal/POPageGroup/Services/Pravstat)

Кесте 3. 2013-2021 жж. аралығындағы ҚР ҚК-тің 328-бабында қарастырылған қылмыстық істердің ашылу жағдайы жайлы жалпы мәліметтер

| жылдар | Тіркелген к/қ/б саны | Қылмыстық қудалау қысқартылған к/қ/б бойынша | Қылмыстық өндіріс тоқтатылған к/қ/б саны | Кінәлінің анықталмауына б/ты қылмыстық іс тоқтат-н к/қ/б саны | Қылмыстық іс аяқталған к/қ/б саны | Сотқа жіберілген к/қ/б саны | Сотталған |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 2008* | - | - | - | - | - | - | - |
| 2009* | 1 | - | 1 | - | 1 | - | - |
| 2010* | - | - | - | - | - | - | - |
| 2011* | - | - | - | - | - | - | - |
| 2012* | - | - | - | - | - | - | - |
| 2013* | 4 | 1 | 4 | 4 | - | - | - |
| 2014* | 1 | 1 | 1 | - | 1 | | |
| 2015 | 5 | 21 | 2 | 2 | - | - | - |
| 2016 | 7 | 28 | - | - | - | - | - |
| 2017 | 2 | 17 | - | 2 | - | - | - |
| 2018 | 6 | 1 | - | - | - | - | - |
| 2019 | 4 | - | - | - | 1 | 1 | |
| 2020 | 6 | 5 | - | - | 1 | - | - |
| 2021 | 3 | 2 | - | - | 1 | 1 | 1 |
| 2022 | 1 | - | - | - | - | - | - |

* – 1997 жылғы Қылмыстық кодекстің баптары негізінде.
Ескерту – автор 2013-2021 жылдар аралығындағы статистикалық мәліметтерді ҚР Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің статистикалық есебі негізінде жасады. (http://qamqor.gov.kz/portal/page/portal/POPageGroup/Services/Pravstat)

ҚР ҚК-нің 328-бабы бойынша 2010 ж.- 2012 жылдар аралығында ешқандай қылмыстық істер тіркелінбеген. Тек 2013 жылдан 2016 ж. аралығында сотқа дейінгі өндірісте болған істер сотқа жетпей қысқартылған. ҚР ҚК-нің 328-бабымен қарастырылатын қылмыстық істер саны жалпы экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың құрамында үлесі тым аз, себебі ол латенттік сипатқа ие. Ал ҚР ҚК-нің 330-бабы бойынша 2008 ж.-2018 ж. деректерге сүйенсек, тек 2017 ж. - 1 іс тіркелген, ол да ашылмаған (Сурет 2.).

Сурет 2. - ҚР ҚК-нің 328, 330-баптары бойынша қылмыстық құқық бұзушылықтардың 2008-2021жж. аралығындағы динамикасы




Кез-келген күрделі сұраққа жауап өзара шырмаланған құбылыстарды жіктеп, бағалаудың нәтижесінде қол жеткізіледі. Диалектика заңында айтылғандай, тіршілік етушілердің барлығы да тұрақты түрде қозғалыста және бір-бірімен тығыз байланыста болады. Әрбір құбылыстың қозғалысы сол құбылысқа қатысты қарым-қатынасты іске асыратын үрдісті құрайды. Жалпы шынайы байланыс объективті әлемнің дамуы мен функциялануының әмбебап заңдылықтарының бірі. Әрбір құбылыс, кез-келген зат пен объективті ақиқат үрдісі, бұл жалпы оқиғалар тізбегінің нақты мезеті, белгілі бір түйіні болады [147, 9 б.]. Сондықтан да басқа қылмыстылық түрлері сияқты су ресурстарындағы қылмыстылық себептерін себептілік аясынан іздеуге тырысайық.

Су ресурстарындағы құқық бұзушылық себептерін зерттеудің маңызы ерекше, себебі мұнда жоғарыда айтылғандай себептер мен жол берілген жағымсыз зардаптар арасындағы тығыз қатынастар қарастырылады. Су қылмыстық құқық бұзушылығының себептері мен оған итермелеген мән-жайларды анықтай отырып, су ресурстарындағы қылмыстық құқық бұзушылықтарға қарсы тұрудың тиімді бағыттарын анықтауға мүмкіндік туады.

Жалпы криминология ғылымында қылмыстылық себептілігі әртүрлі топтастырылады. Криминология әдебиеттерінде қылмыстылықтың себептері мен оған итермелейтін мән-жайларды топтастырудың мынадай негіздері қарастырылған: әрекет ету механизмі; функциялану деңгейі; оқиғаның мазмұны, табиғаты бойынша және т.б. Классификациялық белгілерді дұрыс таңдаудың ғылыми және тәжірибелік маңызы ерекше.

Қылмыстылықты детерминациялайтын жағымсыз әлеуметтік процестерді әрекет ету механизмі бойынша - себептер мен криминогенді факторларға, ал функциялану деңгейіне қарай - жалпы қылмыстылық (жалпы себептері), қылмыстық құқық бұзушылықтардың түрлері (санаттары, тобы), жекеленген

қылмыстық құқық бұзушылықтар, деп бөлінеді. Қылмыстылықтың бұл үш деңгейі өзара шарттасқан.

Ал енді мазмұны бойынша криминогенді детерминанттар -әлеуметтік-экономикалық, саяси, әлеуметтік-психологиялық, идеологиялық, тәрбиелік, құқықтық, ұйымдастырушылық-басқарушы және т.б.топтасады. Сондай-ақ қылмыстылық детерминанттарының пайда болу табиғатына қарай - объективті, объективті-субъективті және субъективті, деп қаралады. Алғашқы екі топтар қазіргі тарихи кезеңде адамның еркінен тыс туындап жатады және де оларды дер кезінде жою мүмкін емес. Олардың криминогендік ықпалы мен дамуын тек нейтрализациялауға, қысқартуға, тежеуге болады. Қылмыстылықтың себептерін табиғаты бойынша классификациялағанда, мысалы, сананың болмысқа сай келмеуін, жеке сананың қоғамдық санамен сәйкес келмеуін және т.б. объективті түрге жатқызамыз. Көп детерминанттар объективті-субъективті сипатқа ие.

Күнделікті тіршілік көзі болғандықтан да су ресурсының қоғамдағы барлық құбылыстардың бастауы ретінде залалданбауы мүмкін емес те болар. Ғылыми техникалық үрдісте су объектілерінің ластануының түрлі себептерін кездестіре аламыз. Оларға А.А. Романов мыналарды жатқызған [13, 6 б.]:

- экологиялық құқықтық сана мен мәдениеттің төмендігі, экологиялық нигилизм;
- өндірістік кәсіпорындардың жаңа технологиялармен жабдықталмауы себепті авариялық жағдайлар саны артып, сулардың ластануы жиі орын алады;
- басшылары пайдакүнемдікпен экологиялық талаптарды сақтамау есебінен аз шығындалып, пайда табуды көздейтін жеке өндірістердің артуы;
- жылдар бойында өндіріс кәсіпорындарының жағымсыз зардаптар мен экологиялық сипаттағы шығындарды есепке алмай пайда табуды көздеп келуі;
- заң шығармашылығындағы кемшіліктер және де заңнаманы қолданудағы қиындықтардың жиі орын алуы;
- жауаптылық шараларының тиімсіздігінен жазалаудағы басты мақсатқа қолжеткізу қиын;
- құқық қолдану тәжірибесі деңгейінің және суларды қылмыстық ластау жөніндегі істерді тергеу мен ашумен айналысатын ішкі істер органы қызметкерлерінің арнайы білім деңгейінің төмендігі, қылмыстық істерді тергеуге қажетті түрлі сараптамалар жүргізу үшін арнайы техникамен жеткілікті дәрежеде қамтамасыз етілмеуі сулардың ластану фактісімен күресуге кері әсерін тигізеді.

Келесі бір ғалым су ресурстары саласындағы қылмыстылық детерминанттарын қарастырғанда «үш деңгейлі жүйені (триада)» ескеру қажеттігін алға тартады: адам - қоғам - табиғат [148, 99-101 бб.].

Су қоймаларына тазаланбаған немесе жеткілікті дәрежеде тазаланбаған ақпа суларды тастаудың нәтижесінде Республикамызда жерүсті су бассейндері ластанады. Бұны тұрғын үй коммуналды шаруашылығы мен халықты тұрмыстық қамсыздандыру ұйымдары, өндірістік кәсіпорындар, ауыл шаруашылығы мен басқа да шаруашылық салаларындағы ұйымдар жиі жасайды. ағын суларға

мынадай қоспалардың түрлері тасталынады: ерімейтін, коллоидті, еритін. Олардың ластануының мынадай түрлері белгілі: минералды, органикалық, бактериалды, биологиялық.

Ендігі жерде жоғарыда аталған классификацияны негізге ала отырып, су ресурстарындағы криминогенді детерминанттарды мазмұны бойынша қарастырып көрейік.

Су ресурстарына ықпал ететін факторлардың арасында басымырақ салмаққа иесі – экономикалық фактор. Бұл қайшылықтардың негізгілері елдегі әлеуметтік және экономикалық сипаттағы жағымсыз процестермен байланысты. Іс-тәжірибеде өндірістік кәсіпорындардың, өнеркәсіп, шаруашылық ұйымдардың қалдықтарды, не радиоактивті материалдарды, жоғары уытты қалдықтар мен экологиялық лас технологиялардың бөлшектерді, қауіпті емес, бірақ та жойылуы қиын қоқыстарды, сапасыз немесе тиым салынған азық-түліктер және өзге де тұтыну тауарларын сақтау, көму немесе тастауға қатысты нормативтік талаптарды сақтамай, оның қосымша шығындарынан қашуы жиі кездеседі.

Кәсіпкерлер экономикалық мүддені экологиялық мүдделен жоғары қояды. Бас пайдасын ойлаған басшылар да баршылық. Олар Қазақстан Республикасының территориясында қауіпті қалдықтарды көму үшін аумағымызға заңсыз кіргізуге де дайын.

Әдетте, көптеген өндірістік кәсіпорындар табиғатты қорғау мақсатындағы шығындарды өнімнің өзіндік құнына қосады, табиғатты нақты қорғауды іске асырудан және экологиялық нормалар мен табиғатты қорғау заңнамасындағы талаптардың орындалуынан қашады.

Қылмыстылық себептерінің келесі бір тобы – құқықтық фактор.

Көптеген авторлар су ресурстары саласындағы қылмыстық құқықтық заңнамалардағы ақаулар жайлы жиі айтады. Сондай-ақ азаматтардың көпшілігінің Қазақстанның табиғи ресурстарын таусылмастай кен санауы, қалыптасқан жағдай. Ең қиыны сол, өндірістік кәсіпорын басшыларының ластаушы заттарды заңсыз тастаудың салдарын түйсігімен түсінбеуінде болып тұр.

Заң шығарушының қоғамдағы экологиялық қауіпсіздікті дұрыс бағаламауы себепті су ресурстары саласында қылмыстық заңнамалар жетілдірілуді қажет етеді.

Аталған саладағы қылмыстылықтың себебін адамзаттың экологиялық құқықтық санасындағы, мәдениетіндегі ақаулармен де байланыстырсақ болады. Олардың экологиялық пайымдау деңгейлері де жоғары емес. Қоғамдық экологиялық санадағы тұрақты қалыптасқан қайшылықтар өз орнын байқатқандай.

Қылмыстылық себептілігінің келесі түрі – ұйымдастырушылық детерминанттар. Ұйымдастырушылық себептердің күрделілігі су ресурсындағы қылмыстылықтың спецификалық ерекшеліктерімен байланысты. Су ресурстарындағы қылмыстылықтың ұйымдастырушылық себептері мен оған ықпал ететін мән-жайларға мыналарды жатқызамыз:

- су ресурстарын басқару жүйесінің тиісті деңгейде қалыптаспауы;
- су ресурстарын пайдалану мен қорғауға қатысты (трансшекаралық сулар) мемлекет аралық келісім-шарттардың тиісті деңгейде жасалмауы, олардың іске

асырылмауы (халықаралық деңгейде шешімін таппауы);

- су ресурстарына қатысты заңды жауаптылық және шығындардың орнын толтыру механизмінің Халықаралық Конвенцияларда толық реттелмеуі;

- су ресурстарының жай-күйін, ластануын бақылау жүйесінің дұрыс қалыптаспауы;

- су ресурстарын үнемдеу шараларының мемлекетаралық деңгейде шешілмеуі;

- судың саркылуына қатысты мәселе мемлекеттік, халықаралық деңгейде қаралса да, оған жауапты адамдар жөнінде сөз бола бермейді, кінәлілер анықталмайды;

- заңмен бекітілген осы салада бақылау-қадағалау мен шаруашылық-бөлу функцияларын ажырату қағидаларын іске асырудың жүйеленбеуі;

- бақылау-инспекциялық қызметтінің тиісті дәрежеде материалдық-қаржылық қамсыздандырылмауы;

- табиғат қорғау органдарының инспекторлық құрамының құқықтық және әлеуметтік нашар қорғалуы;

- жақын арадағы және ұзақ мерзімге су шаруашылығы мәселесі бойынша ҒЗЖ бағдарламасын қарайтын және үйлестіретін арнайы орталықтың болмауы;

- су ресурстарына қойылатын экономикалық талаптарды қалыптастыру, бөлу және қанағаттандыру, сондай-ақ табиғи ресурстарды сақтап қалу, қалпына келтіру мәселелерін зерттейтін мамандар номенклатурасы толықтырылғанымен, оларды дайындауға байланысты материалдық-техникалық базаның болмауы; аталған сұрақты қарастыратын ҒЗЖ тиісті деңгейде жүргізілмеуі;

- суларды есепке алатын және сапасын, қоршаған ортаға шығынның келуін анықтайтын бассейіндік инспекциялардың құрамында мамандандырылған бөлімдердің болмауы. Олар трансшекаралық өзен бассейіндеріндегі жедел даулы және басқа да сұрақтарды шешуі үшін материалдық-техникалық базаның толық қалыптаспауы (көлікпен, басқа да қажетті материалдық қажеттіліктер);

- аграрлық бағытта суды пайдалану көлеміне бөлінетін субсидия мөлшерінің аздығы (бұл су-жер ресустарын рационалды пайдалану мәселесі шешпей, керісінше шығынға батырады);

- су сапасына байланысты өзен бассейндерінде гидрологиялық су кадастрының жүргізілмеуі. Су шаруашылығы жөніндегі ұлттық баяндама жыл сайынғы статистикамен бірдей болмайды;

- су шаруашылығы бойынша оқулықтардың, ғылыми-әдістемелік, нормативті анықтама және басқа да ақпараттық-аналитикалық материалдардың шығарылмауы;

- су сапасы мен көлемін есепке алатын мониторингтік байланыстың әлемдік деңгейдегі нормативтерге сәйкес келмеуі;

- статистикалық есепте, табиғи кешендердің су режимі мен сапасына қойылатын талаптардың қанағаттандырылуы деңгейін анықтау үшін, табиғи кешендерге ерекше мәртебе беру үшін арнайы көрсеткіштің болмауы;

- стратегиялық қордағы су ретінде жерасты суларына қол сұғылмауды, олардың болашақ ұрпақ үшін сақталуын қамтамасыз ету шараларының қолға алынбауы және т.б.

Құқық қорғау органдарының қызметіне қатысты ұйымдастырушылық себептер:

- аталған қылмыстылық түрімен күресуде кешенді бағыттың болмауы;
- бірлесіп қылмыстылықтың алдын алуда құқық қорғау органдары мен табиғатты қорғау органдарының өзара ықпалдасу деңгейінің төмендігі;
- қылмыстық істерді сотқа дейін тергеудің тиісті деңгейде жүргізілмеуі, ашылмауы;
- қылмыстық істі сотқа дейін қарайтын құқық қорғау органдары қызметкерлерінің су ресурстары саласында арнайы білімдерінің болмауы, біліксіздігі;
- экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықпен күресті ұйымдастыруға байланысты қызметтердің ақпараттық қамсыздандырылуының төмендігі;
- су құқық бұзушылықтары бойынша құқық қолдану тәжірибесі нәтижелерінің кең қолданылмауы, аталған бағытта құқық қорғау органдары дұрыс жұмыс атқармауы;
- су құқық бұзушылықтарын ашу әдістемесінің болмауы;
- экологиялық қылмыстылықпен күресте қоғамдық ұйымдарды қатыстырудың тиімді механизмінің болмауы және т.б.

Сот материалдарында судың сарқылуына қатысты құқық бұзушылық фактісі кездеспейді. Қазақстанда сулардың сарқылуына жол берген бақылаушы уәкілетті орган басшысының кінәсін қарап жатқан ешкім жоқ. Бұл жағдай Қазақстанда да, трансшекаралық өзендерді пайдаланып жатқан көршілес мемлекеттерде де орын алып отыр.

Негізінен көп жағдайда күрес шаралары экологиялық құқық нормаларын ұсақ бұзушыларға қарсы жүргізіледі, ал елдің экологиялық қауіпсіздігіне қол сұғатын, адам өмірі мен денсаулығының биологиялық негізін бұзатындар жазалаусыз қалып жатады. Криминология ғылымында жазаланбаушылық жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтың негізгі себебі екендігі ғылыми дәлелденген және негізделген жағдай.

Аталған қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас жемқорлықтың да ықпалы орасан. Қазақстандағы барлық су ресурстары ластанып, жойылу алдында тұрса да, сот практикасындағы материалдарға қарап мұндай жағдайдың бар екеніне сену қиын. Тіркелінген не әкімшілік, не қылмыстық құқық бұзушылық саны мұны растамайды. Сонда су ресурстарының ластану фактісі қалай анықталмай қалады деген сұрақ өздігінен туындайды.

Су ресурстарындағы құқық бұзушылықтармен күрес мемлекеттік, халықаралық деңгейде тиісінше жүргізіле бермейді.

Елдегі криминогенді жағдайда материалдық-техникалық қамсыздандырылмаған және экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алуда ешқандай да әлеуметтік қорғалынбаған қоршаған ортаны қорғау органдарының қызметкерлерінен өз өмірлері мен денсаулықтарын қауіпке тігетін

функционалды міндеттерін жүзеге асыруын талап ету қиын.

Үкімет, министрліктер мен ведомствалар экологиялық заңнамалардың іске асырылуын қамтамасыз етуде дәрменсіздігін алға тартады. Мемлекеттік бақылау жүйесі мен құқық қорғау органдарындағы жиі болатын қайта құрулардың әсерінен ауыр ситуациялық жағдайлар туындап жатады.

Су ресурстарын пайдалану мен қорғау саласындағы құқық бұзушылықтар үшін заңды жауаптылық шараларын қолданудың тиімсіздігінің негізгі себептеріне келсек. Оның жалпы себептері (жоғары латенттілік, экологиялық құқық бұзушылықтардың қоғамдық қауіптілігін бағаламау) мен арнайы себептерін де бөлуге болады. Арнайы себептерге мыналарды жатқызуға болады: 1) су ресурстарын пайдалану мен қорғау саласындағы құқық бұзушылық белгілерінің құқықта анықталмауы; 2) құқық бұзушылық зардаптары мен құқық бұзушылық фактісінің себепті-байланысын дәлелдеудің күрделілігі; 3) су ресурстарын пайдалану мен қорғау саласындағы құқық бұзушылықтардың объектісі, субъектісінің құқықта жеткілікті деңгейде сипатталмауы; 4) су ресурстары шығынын өтеудің жанама сипатқа ие болуы.

Сулардың ластану жөніндегі істерді тергеудің күрделілігі қылмыстық іс-әрекет туралы мәліметтерді прокуратура органының дер кезінде алмауында да. Қылмыстық істер бойынша дәлелдемелер базасы негізінен сулардың және өлген балықтардың сынамасының анализ нәтижелерінен тұрады. Істе оларды дер кезінде алып үлгермеген жағдайда кінәлі тұлғаны жауапкершілікке тарту үшін жеткілікті дәлелдеме көзі болмайды.

Қоршаған ортаны қорғау органдары мен СЭС-тің атқаратын тексеру шаралары жүйеленбеген және де құқық бұзушылықтардың және қылмыстық қол сұғушылық белгілері анықталған жағдайда да бұзушыларға ескерту және құқық бұзушылықты жою туралы нұсқау берумен ғана шектелінеді, кінәлілер анықталмайды, жауаптылыққа да тартыла бермейді.

Соңғы күндерге дейін Үкімет деңгейінде қаржыландыру мәселесінің шешімін таппауы және ғылыми-зерттеу ұйымдарының қызметтерімен үйлестіру шараларының атқарылмауы себепті аталған санаттағы істер бойынша барлық сараптамалар ҚР ӘМ сараптама мекемесінен тыс жүргізіледі. Сот-технологиялық және басқа да сараптама түрлерін жүргізу үшін мамандандырылған кәсіпорындар мен ұйымдарды (ғылыми-зерттеу және жоспарлау институттарын, қоршаған ортаны қорғау органдарын) шақыру қажет болады, олардың тиісті мәртебелері жоқ немесе жасалынатын сараптама үшін алдын ала ақы төлеуді талап етеді. Аталған жағдайлар істердің тез, сапалы жүруіне елеулі дәрежеде ықпалын тигізетіні анық. Сондай-ақ ҒЗИ аталған істер бойынша тергеу жүргізудің ұсынысының және ҚР Бас прокуратурасының нұсқауының жоқтығы байқалады.

Жалпы су ресурстарындағы құқық бұзушылықтардың себептері көп қырлы, дегенмен де аталған мән-жайларды назардан таса қылмай, қылмыстылықтың алдын алу бағдарламасын құрастыру барысында ескерсе, көзделген мақсаттарға дөп жетуімізге септігін тигізер еді, деген пікірдеміз.

**Қылмыскер тұлғасының ерекшеліктері.**

Қылмыскер тұлғасы - криминологиялық ғылымның негізгі зерттеу объектісі. Су ресурстарындағы қылмыскер тұлғасы осы криминологиялық зерттеулерге негізделеді. «Қылмыскердің жеке тұлғасы көп қырлы және өте қиын түсінік, ол жан-жақты және ұдайы зерттеуді талап етеді. Қылмыскер тұлғасымен толық танысу үшін қылмыс субъектісінің қылмыстық құқықтық белгілерімен шектелу жеткіліксіз.

Қылмыскердің жеке тұлғасының қалыптасу сәтіне ой жүгіртсек, ол қылмыстық құқық бұзушылық жасаған сәттен бастап қалыптасады дер едік. Жеке адамның тұлғасы өзі адам ретінде қылмыстық құқық бұзушылық жасағанша, қылмыстық құқық бұзушылықты жасау сәтінде, кейін де сақталады. Жеке тұлғаның басты қасиеті оның қылмыстық құқық бұзушылыққа бейімділігінде, бұл оның қылмыстық құқық бұзушылықты жасағандығын куәландырады (агрессивтік, қасиетті, қаталдығы). Қылмыскердің жеке тұлғасын тек теріс қасиеттермен сипаттау қате түсінік, себебі ол сүйікті әке, қамқоршы күйеу және өте жақсы маман болуы да мүмкін» [149, 103 б.].

Адамның жеке қасиеттерін ескере отырып оның жүріс-тұрысын модификациялауға болады [150, 56-59 бб.]:

1) Адамның кейбір қасиеттерінің көмегімен оның жүріс-тұрысын күшті анықтауға болады. Тіптен өзгермейтін де қасиеттер бар, ол адамның жынысы (әйел, еркек). Қылмыстық статистикаға жүгінсек, қылмыскер әйелдер жалпы әйелдер санының 9-дан 12-14 % пайызын құрайды екен.

2) Жеке тұлғадағы қасиеттерді өзгертуге болады, бірақ олардың ықпалы қылмыс түрлеріне байланысты. Адамның ерік-жігері күшті, не әлсіз болады. Сондықтан да мемлекет тарапынан ықпал ететін бірыңғай құрал жоқ: бір істе адамның еркін қатайту керек болса, екіншісінде керісінше босату қажет.

3) Жеке адамның белгілі бір кәсіппен айналысуына қарама-қарсы келетін қасиеттері де болады. Мысалы, сезімталдық қасиеті төмен адам автомобиль жүргізбеу керек, өте ашуланшақ адам мұғалім бола алмайды, конформист – сот немесе прокурор бола амайды.

Жеке тұлғаның түзелуі мүмкін қасиеттері де кездесіп отырады. Мысалы, маскүнемдік, есірткі пайдалану. Ең бастысы, адам өзіне көрсетілетін көмектен қашпай ынта танытса болғаны. Енді бір авторлар, қылмыскерлер тұлғасын абстрактілі құбылыс ретінде қараған. Онда қылмыс жасаған тұлғалардың ерекшеліктері ғылыми жалпыланып, қылмыскердің жағымсыз қасиеттерінен жинақталады. Бұл ғылыми абстракция қылмыскер бейнесін ойша конструкциялауға мүмкіндік береді, оның ғылыми да, практикалық та маңызы бар. Мысалы, С.М. Иншаков, «қылмыскер тұлғасын, олардың қылмыс жасауына себепші болған (немесе себепші болуы мүмкін) жағымсыз, криминогенді қасиеттерінің жиынтығы», деп түсінсе [151, 40 б.], келесі ғалымдар, оларды сыртқы жағдайлардың ықпалымен жүріс-тұрысы жағымсыз әлеуметтік қасиеттермен сипатталатын, қоғамға жат бағыт алған, қылмыстық іс-әрекет жасаған адамдар, деп қарастырады. Бұндай түсінік қылмыскер тұлғасының жалпыәлеуметтік және қылмыстық құқықтық мазмұнын ашады.

П.С. Дагель қылмыскердің жүріс-тұрысындағы мына белгілерді бөліп

көрсетеді:

1) қылмыс жасағанға дейінгі мінез-құлқы;

2) қылмыс жасаудағы қажеттілік;

3) жеке тұлғаның биологиялық, психикалық және психологиялық мінездемесі.

Ал ғалым Е.І. Қайыржанов, қылмыс субъектісінің жеке басы келесі үш деңгейде қарастырылады [152, 82 б.]: қылмыскер тұлғасы жалпы ұғым ретінде; түрлі санаттағы, қылмыскерлердің топтық белгілерібойынша, сондай-ақ жекеленген белгілеріне қарай (мысалы, ұрлық жасаған, адам өлтірген және т.б. адамдар) қарастырған. Осы топтастыруға Б.В. Волженкиннің пікірі жақын.

Ғалымдардың пайымдауларынша, адамның тұлғасы мен қылмыскердің тұлғасы ұғымдарының арақатынасы «бүтін» мен «бөлік» ұғымдарымен барабар. Сондықтан да, қылмыскер ұғымына объективті түсінік беру және өзіндік ерекшеліктерін ескере алу үшін, оларды топтастырып қарастырған жөн деп есептейміз.

Криминологияда қылмыскер тұлғасының құрылымына биофизиологиялық, әлеуметтік-демографиялық, психологиялық, рухани, қылмыстық құқықтық белгілерді жатқызу кең тараған.

Биофизиологиялық белгілерге – тұлғаның жынысы, жасы, денсаулығы, физикалық конституциясындағы ерекшеліктер, нерв жүйесіндегі табиғи қасиеттер және т.б. кіреді. Адамның биологиялық табиғаты – адамды даралаудың, жеке тұлға ретінде танудың қажетті шарты.

Сулардың ластану жөніндегі қылмыстық істердің сот-тәжірибесінде қылмыскер тұлғасының анықталмауы себепті сотқа жетпей қысқартылып жататындығын ескерсек, қылмыскерлер тұлғасын зерттеудің өзектілігі даусыз.

ҚР территориясында 2010-2012 жж. суларды ластау, қоқыстау немесе сарқу жөніндегі қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша бірде-бір қылмыстық статистикалық деректер тіркелмеген, ал 2013-2017 ж. 1 айындағы тіркелген істердің қысқартылуы себепті суларды ластау жөніндегі қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасаушылардың тұлғасына тән қасиеттерді тергеу барысындағы айыпталушы мәртебесіне ие жеке тұлғарға қатысты сипаттадық. Кесте 3.-ке сай, сотқа тек 2019 жылы ғана 1 іс жеткен.

**Әлеуметтік-демографиялық белгілері**

Бұл белгілерге тұлғаның жынысы, жасы, білімі, әлеуметтік жағдайы мен жағдайы, жұмыс түрі, ұлты, мамандығы, отбасы жағдайы, материалдық қамсыздандыру жағдайы, ауыл немесе қала тұрғыны екендігі және т.б. жатады. Қылмыскер жасы түрлі жас категориясындағы адамдардың қылмыстық жүріс-тұрысындағы ерекшеліктердің және криминогендік белсенділік деңгейінің көрінісі.

Әдетте, су ресурстарымен байланысты қылмыстық іс-әрекеттерді жасайтын қылмыскерлердің орташа жас шамасы – 50-де, бұл қылмыстық құқық бұзушылықтарды негізінен ер адамдар жасайды, себебі бұл қызмет түріне байланысты.

Кәсібі – негізінен ауыл шаруашылығы, өндірістік кәсіпорын, су

шаруашылығының қызметшілері, жұмысшылары, кәсіпкерлер.

Байқағанымыздай, суды ластау іс-әрекеттерін негізінен өндіріс қалдықтарын, материалдарын, қауіпті заттарды шығару, көму, тастау, лас суларды құю шараларына қатысы бар тұлғалар, не бақылаушы орган қызметкерлері, су ресурстарында құрылыс, ремонт, эксплуатация жұмыстарын жүргізетін адамдар жасайды. Яғни қылмыскер өзі жұмыс жасайтын ұжымның зиянды заттары мен суларын су ресурстарына заңсыз тастайды, құяды, не оларға ықпал етеді, не судың ластануына жол береді.

Әдетте, отбасы жағдайы қылмыстық жүріс-тұрысқа жиі ықпал етіп жатады. Суды ластау жөніндегі қылмыстық құқық бұзушылықтарға негізінен отбасылы адамдар барады.

Сотталғандардың мекен-жайына қатысты мәліметтерге келсек, суларды ластайтын, немесе оған жол берген қылмыскерлер су ресурсына жақын маңайда тұрады, ал ірі чиновниктер сол маңайда тұрмаса да қызмет бабын пайдаланып заңсыздыққа барады. Аталған қылмыскерлер негізінен бұрын соттылығы жоқ адамдар болып келеді.

Қылмыскер тұлғасының құрылымында рухани және психиологиялық қасиеттердің орны ерекше. Бұл қасиеттер қылмыскерлердің ішкі дүниесін тануға мүмкіндік береді – дүниетанымы, рухани белгілері, көзқарастары, сенімі, құндылық бағдары және т.б.

Дүниетанымдық бағыт тұлғаның жалпы өмірлік бағытын, оның мақсатқа талпынушылығын анықтайды, ол адамның бүкіл жүріс-тұрысынан, әдеттерінен, бейімділігінен байқалады. Адам тұлға болып қалыптасуы үшін өмірлік маңызды  сұрақтар бойынша бірыңғай көзқарастар жүйесі қалыптасқан жағдайда жете алады. Қылмыскер тұлғасын инттеллектуалдық, эмоционалды және еріктілік қасиеттер де толықтырады.

Суларды ластауға қатысы бар тұлғалардың дүниетанымдылық деңгейі әркелкі, олардың арасында тұлға ретінде қалыптаса алған, жоғары интелтектіге ие жандар бар. Дүниетанымдылығы көбіне сотталғанға дейінгі атқарған қызмет түріне байланысты. Дегенмен де қылмыскерлер арасында кез келген мүмкіндіктен өзіне пайда көріп қалуға тырысушылық, шектеулер мен тыйымдарға бағынбаушылық, қандай да бір жұмыс түрін немесе талаптарды орындауға деген ниеттің жоқтығы, өзіне қарсы келген немесе қандай да бір сәтсіздікке ұшыраған жағдайда төзімсіздік таныту, өз міндеттеріне немқұрайды қарау сынды қасиеттер қылмыскерлердің басым бөлігіне тән десек болады [153, 37 б.].

Криминологияда қылмыскер тұлғасын классификациялаудан (топтаудан) бөлек қылмыскерлерді типтеуге ерекше көңіл бөлінеді. Осы типология ұғымына келсек, бұл объектілер жүйесін мүшелеу және оларды модельдеу немесе типті жалпылай отырып, топтарға бөлетін ғылыми таным әдісі болып саналады. Типологиялаудың көмегімен зерттеп отырған объектілердің ұқсастықтары пен айырмашылықтары, құрылымдық ерекшеліктері анықталады [153, 30 б.].

Криминологияда қылмыскер тұлғасын жіктеудің келесі 3 тобы

қарастырылған:

1) жеке ниетіне;

2) жағдайларға байланысты;

3) әлеуметтік бағытына қарай.

Суларды ластаумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасайтын қылмыскерлердің типтері.

Әлеуметтік мәртебесі бойынша су ресурсы қылмыстық құқық бұзушылықтарын жасайтын тұлғаларды мынадай санаттарға бөлуге болады:

1) жеке тұлғалар (ҚР азаматы, шетел азаматы, азаматтығы жоқ адамдар):

- эпизодпен су ресурсы қылмыстық құқық бұзушылықтарын жасайтын тұлғалар;

- топтасып немесе жекелеп пайдакүнемдік ниетпен қылмыстық құқық бұзушылық жасайтындар;

- қылмыстық топпен жасайтындар.

Зерттеліп отырған қылмыстық іс-әрекеттерді жекеленген тұлғалар қасақана да, абайсызда жасауы мүмкін. Қасақана қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасаған тұлғаларға мынадай қасиеттер тән: залымдық, экологиялық нигилизм, ойына келгенін жасау, адамның көздеген мақсатын кез-келген жолмен жүзеге асыруға дайын тұруы, экологиялық мәдениетінің төмендігі және басқалар.

Ал, су ресурсы қылмыстық құқық бұзушылығын абайсызда жасайтын тұлғаларға келетін болсақ, көбінесе, оларғазаң нормаларын мойынсынбау, менмендік, қоғамның мүлкіне салғырттық, мамандандырылған дайындықтың жетіспеушілігі, қызметін асыра пайдалану сынды қасиеттер тән.

2) Өнеркәсіп басшылары мен кәсіпкерлер:

- өндірістік, көліктік, ауылшаруашылық және шикізат өнімдерін өндіретін кәсіпорын басшылары;

- қалдықтарды кіргізумен маманданған отандық және шетел кәсіпкерлері.

3) Мемлекеттік лауазымды адамдар:

- су ресурстарын реттеп, бақылайтын мемлекеттік ведомстволар, олардың қызмет басшылары;

- зиянды заттарды, радиоактивті қалдықтарды көму мен сарқынды суларды жер қойнауына ағызуды ұйымдастыратын уәкілетті орган (мемлекеттік ведомстволар мен қызметтер) басшылары;

- әскери лауазымды адамдар.

Ниетіне қарай су ресурсындағы қылмыскерлердің типтері:

- пайдакүнемдік ниетпен жасайтындар;

- абайсыздықпен жасайтындар болып төлінеді.

Су ресурсындағы қылмыстылықтың басым бөлігі пайдакүнемдік ниетпен, кейде абайсыздықпен де жасалынады.

Сот тәжірибесінде бұл топтағы қылмыскерлерді дәстүрлі 4 типке бөледі [154, 177-18103 бб.]: кекті, кездейсоқ, ситуациялық және саяси.

Су ресурсындағы антиәлеуметтік типтегі қылмыскерлер – бұл әлеуметке қарсы бағыттағы мінез-құлықты адам. Әдетте, оларға әртүрлі әкімшілік жазаға

тартылған, жазасын өтеу орындарында күн тәртібін жиі бұзатын, сол үшін қайта жазаланған, түзу жолға түспеген және түсуді ойламайтын адамдарды жатқызуға болады. Бұл типтес қылмыскерлер қоғамға өте қауіпті. Осы топта бұрын-соңды заңға қайшы қылмыстық іс-әрекетке бармаған, бірақ кез келген нәрсеге икемді адамдар да кездеседі. Қазіргі компьютермен жабдықталған технология заманында олардың қауіптілігі көп есеге өскен.

Су ресурсы саласындағы кездейсоқ қылмыскерлер – бұл өзінің ұнамды, салмақты көзқарасымен ерекшеленетін, сыртқы ортаның ықпалымен қоғамға қарсы әрекет жасайтын адамдар. Кейле, кездейсоқ қылмыскерлер кенеттен, түсініксіз жағдайда қылмыстық іс-әрекетке қалай барғанын білмей жатады, бұл бір. Ал екіншіден, мінез-құлқына сай, толық кәсіптік дайындығы болмағандықтан көп жағдайды аңғармайды. Кездейсоқ қылмыскердің қылмыстық құқық бұзушылық жасауы ішкі және сыртқы кездейсоқтыққа байланысты болады. Бір жағынан қарағанда, оның кездейсоқ қылмыскер атануы, оның істеген қылмыстық құқық бұзушылығы өзіне сай емес, тіпті кереғар болып көрінеді. Кез-келген жағдайдың ықпалымен қылмыстық құқық бұзушылықты жасауы бұл қылмыскердің субъективті қасиетін сипаттайды. Кездейсоқтықтың осылайша екі түрлі сипат алуы кездейсоқ қылмыстық құқық бұзушылықтың негізгі мазмұнын құрайды. Іс-тәжірбиеде осы топтағы қылмыскерлерді жазалағанда аталған ерекшеліктер ескерілуі қажет. Олар өздері жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтан сабақ алып, келешекте қайталамауға тырысады.

Ситуациялық қылмыскерлер. Олар керісінше жаман қылыққа жақын болады. Бұрын-соңды заң бұзушылыққа барған, жай еленбейтін қылмыстық құқық бұзушылықты жасауы әбден мүмкін. Кейін келе оның бойын жеңіл романтика билеп, қылмыстық іс-әрекетке жеңіл келіседі. Оны тек қана ұсталып қалу немесе күшті сыртқы ерік қана тоқтата алады. Мұндай адамдар заң бұзбайтындардың да, ірі қылмыскерлердің ортасына да тез бейімделеді.

Соңғы жылдары кәсіби қылмыскерлер өзекті тақырыпқа айналған. Су ресурсы саласындағы кәсіби қылмыскер үшін қылмыстық іс-әрекет жалғыз кіріс көзі болып саналады.

Су ресурсындағы қылмыстық құқық бұзушылықтан, әдетте, бір ғана азамат қана емес, халық зардап шегеді. Оның зардабы мол, әрі көп қырлы, адам өмірі, денсаулығы, материалдық шығыны т.с. Апаттардан соң табиғатты қорғаудың шараларын жедел ұйымдастырмаған жағдайда келетін зияндардың күші арта берері анық.

Қорыта келе, бұл істерді сот өндірісте қарағанда қоғамды жайлаған сыбайластыққа жол бермей, қылмыскер тұлғасына тән белгілер назарға алынса сулардың ластануы жөніндегі қылмыстық істердің ашылу мүмкіндігі артар еді.

### 3.2 Су ресурстарын пайдалану аясындағы қылмыстылықтың алдын алу шаралары

Қылмыстылықпен күрес қылмыстық заңда қарастырылған жазаларды қолдану шараларымен шектелмейді, оның ауқымы әлдеқайда кең. Қылмыстылықтың алдын алуқылмыстылықтың жай-күйі мен себептерін, қылмыстылықтың жеке түрлері мен нақты қылмыстылықты анықтау, жою, азайту мен залалсыздандыру, сондай-ақ тұрмыстық салт-тіршіліктен қылмыстық жолдың алдында қалған немесе сол мұқтаждықты сезінуі мүмкін тұлғалардың қылмыстық жолға түсуінен немесе қайта оралуынан сақтану мақсатындағы мемлекеттік және қоғамдық шаралардың көп санатты жүйесінен тұрады.

Кейбір еңбектерде қылмыстылықтың алдын алудың келесідей міндеттері атап көрсетіледі [155, 69 б.]. Оның алғашқысы, қылмыстылық динамикасын, құрылымы, себептері ескеріліп, алдын ала ықпал етеді (әлеуметтік алдын алу). Екіншісі, қылмыстық мінез-құлық түрлері мен нысандарын ескерту, белгілі бір қоғамдық саланың түріндегі қылмыстылықпен күреседі, жекеленген әлеуметтік топтар мен басқалардың қылмыстық құқық бұзушылықтарын ескертеді (криминологиялық алдын алу). Соңғы міндет, жеке тұлғаның қылмыстық құқық бұзушылығын тежеуден тұрады (жеке криминологиялық алдын алу).

Криминология саласындағы ғылыми еңбектерде «ескерту», «алдын алу», «болдырмау», «жолын кесу», «сақтандыру», «профилактика» сынды терминдердің қолданылу ерекшеліктері зерделенген. Алайда, қылмыстылықпен күресте аталған терминдердің қайсысын қолдану керек деген дау орынсыз, деп есептейміз. Бұл ұғымдарды құқық бұзушылыққа қарсы бағытталған әрекеттер-шараларға қатысты қолданамыз. Заңнамаларда бұл терминдер әркелкі. Мысалы, 18.11.2015 жылғы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» №410-V ҚРЗ, 13.11.1999 ж. «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» №416-I ҚРЗ, 10.11.1998 ж. «Есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер мен прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы» №279 ҚРЗ-да – «қарсы іс-қимыл», ал 29.04.2010ж. «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» №271-IV Қазақстан Республикасының Заңында - «профилактика» ұғымы қолданылады.

Қылмыстылықтың алдын алу – бұл қылмыстың себептері мен шарттарын жоюға немесе бейтараптандыруға бағытталған және қоғамдық шаралардың жиынтығы деген анықтаманы 1976 жылғы кеңестік криминология авторлары ұсынған. Ал отандық авторлар, қылмыстылықты ескертуді әлеуметтік қызметтің бір саласы ретінде қарастырады [156, 75 б.].

Криминологияда қылмыстылықтың алдын алуды түрлі критерийлер бойынша топтастырады [157, 83-84 бб.].

«а) Деңгейіне қарай:

1) жалпы әлеуметтік немесе жалпы алдын алу;

2) арнайы алдын алу.

Заңнамада құқық бұзушылық профилактикасы шаралар жүйесіне құқық бұзушылық профилактикасының жалпы, арнаулы және жеке шаралары кіреді.

Сонымен, зерттеу тақырыбымызға орай, су ресурстарындағы қылмыстылықтың алдын алу деп су ресурстарындағы қылмыстылықтың

себептері мен оған ықпал ететін мән-жайларды анықтап, құқықтық тәртіпті сақтау, күшейтудегі профилактика субъектілері атқаратын құқықтық, экономикалық, әлеуметтік және ұйымдастырушылық шаралар кешенін түсінеміз. Су ресурстарындағы қылмыстылықтың алдын алуэкологиялық қылмыстылықтың алдын алудың жекеленген түрі болмақ.

Су ресурстарындағы қылмыстылықтың жалпы әлеуметтік алдын алу шараларына мыналарды жатқызамыз:

- экологиялық тәрбиелеу мен білім беру, сулардың ластану фактісі, сондай-ақ кінәлілерді заңмен белгіленген жауаптылыққа тарту туралы халықты ақпараттандыру арқылы қоғам санасында экологиялық құндылықтарды қалыптастыру және дамыту. Экологиялық тәрбие, балалық шақтан басталуы тиіс және де бірінші кезекте тәрбие берушінің жеке өзі үлгі болады. Осы мақсатта мемлекеттік деңгейде экологиялық бастаманы, сонымен қатар жастардың да қолдауына, білім бағдарламаларын игеруге аса назар аударылуы тиіс. Балалар мен жастардың қатысуымен демалыс орындарына, орман алқабына экологиялық бағдарды тиімді ұйымдастыру және дамыту, экологиялық туризмді дамыту қажет;

- құқықтары мен міндеттері нақты белгіленген, әрдайым мемлекет қорғауында болатын су пайдаланушылардың мәртебесін көтеру, құқықтарын дамыту. Сондай жағдайда ғана су пайдаланушылардың экономикалық қызығушылық механизмін қалыптастырып, субъектілердің жағдайларын жақсартуға мүмкіндік туады.

- аумақтық саясат мүмкіндіктерін кеңінен пайдалану. Қазақстан Республикасының түрлі табиғи аумақтарының орналасу жағдайына қарай, аумақтық тұрғыдан қараған ретте ғана белгілі бір мөлшерде Қазақстанның жекеленген бөліктеріндегі жағдайлардың ерекшеліктері ескеріліп, республикалық жағдайлармен салыстыра келе құқық бұзушылықтармен нәтижелі күресті қамтамасыз етуге болады;

- ұзақ мерзімді мемлекеттің экономикалық саясаты шегінде жағымсыз экологиялық зардаптардан келетін экологиялық шығындарды ескеретін көрсеткіштер жүйесін құрастыру және енгізу, яғни экологиялық таза және қалдықсыз технологиялардың экономикалық негіздігіне назар бөлу қажет;

- кәсіпорындар өндірістік жабдықтарын жаңартып, қалдықтары аз технологияларды меңгерген, қажетті тазалағыш ғимараттар сала бастаған экономиканың дамуы. Қаражаттарды бюджеттен әділ, қатал тәртіппен бөле отырып қанақоршаған ортаны қорғаудың қажеттігін қанағаттандыруға арналған қаржы көздеріне қолжеткізуге болады. Табиғатты пайдаланушылардан келген қаражат сомасы мен қоршаған ортаны қорғауға бөлінетін қаражат сомасы арасындағы сәйкессіздікті жою қажет;

- суларды ысырапсыз немесе қалдықсыз қайтадан өңдеу жүйесіне негізделген технологияларға көшу;

- қалдықсыз, суы кепкен қалдықты немесе былғауыштардың қойырланған ерітіндісін жерге көму технологиясын жетілдіру;

- Үкімет «ластаушы төлесін» деген принципті есепке алып, қоршаған

ортаның ластануын азайтатын шаралардың жоспарланып, орындалуы;

- минералды ресурстарды өндіру және өңдеу аймақтарында экологиялық консервациялауға, мониторингке және бақылауға көбірек қаражаттың бөлінуі;

- өсімдіктерді түрлі аурулар мен зақымдаушылардан, егістіктерді арам шөптерден қорғаудың биологиялық және өзге де агротехникалық шараларының тиімділігін, қолдану аясын кеңейтіп, ауыл және орман шаруашылықтарын шектен тыс химияландыруды азайту.

Су ресурстарымен байланысты қылмыстылықтың алдын алуда «қалдықсыз және қалдығы аз технологияны игеруге, қалдықтарды жоюға ынталандыру механизмін құрастыру; энергияны үнемдеуге бағытталған экологиялық жобаларды қолдау; өнеркәсіп өндірісін модернизациялаудың орны ерекше. Мысалы, «Алтыналмас АК» АҚ корпоративтік кодексінде АҚ өз қызметінде қоршаған және әлеуметтік ортаны қорғауға, табиғат ресурстарын тиімді пайдалануға ерекше мән бөлетіні нақты көрсетілген [158]. Деректерге сүйенсек, аталған компания табиғатты қорғау саласындағы отандық заңнамаларды сақтай отырып, халықаралық стандарттар және оңтайлы қол жетімді технологияларды енгізуге тырысады. Атап айтсақ, су ресурстарын ұтымды пайдалануға қатысты: алтын өндіру зауытында айналымды сумен жабдықтау жүйесін енгізу және қоршаған ортаға өндірістік төгінділерді толығымен жою, тұрмыстық ағын суларға арналған биологиялық тазарту қондырғыларын сатып алу және орнатуға».

Сонымен қатар, ластанған суларды тазарту амалдарын игеру су ресурстарындағы қылмыстылықтың жалпы алдын алу шарасы болары шүбәсіз. Мысалы, мұнаймен ластанған су көздерін күріш қауызынан жасалынған сорбент тазарту жолының ойлап табу [159].

Арнайы-криминогенді шараларға мыналар жатқызылады:

- суларды қорғаудың нормативті-құқықтық базасын жетілдіру, сондай-ақ сулардың ластануы фактісін анықтау мен тергеу әдіснамасын жетілдіру. Бұл су ресурстарының ластағаны үшін қолданылатын жазадан қашып құтылмау қағидасын қамтамасыз етуге ықпал етеді.

- интернет желісіндегі құқық қорғау мен табиғатты қорғау органдарының ресми сайттарына табиғатты қорғау заңнамаларының бұзылу фактілері туралы ақпараттарды ұйымдар мен азаматтардан ала алу мүмкіндігін қамтамасыз ету, сондай-ақ келіп түскен ақпараттарға қатысты қолданылған шаралардың осы сайтта көрінуі. Аталған шара халықтың азаматтық белсенділігін арттырады және де азаматтық қоғам институтының дамуына ықпал етеді;

- су ресурстарын ластауға қарсы қимыл саласында, сонымен қатар ведомствоаралық бұйрықтарды қабылдау жолымен құқық қорғау және табиғат қорғау органдарының өзара ықпалдасуының тиімділігін арттыру;

- экологиялық, әкімшілік құқық бұзушылықтарға және қылмыстық құқық бұзушылықтарға қатысты тұлғаларды заңды жауаптылыққа тарту, қажет жағдайда кінәлілерді табиғатты қорғау объектілеріндегі жұмыстарға тарту олардың бойында табиғатты құрметтеуге әсер ететін болады;

- сулардың ластануы істері бойынша түрлі сараптама жүргізетін өндірісті,

дәлелдемелік ақпараттарды құжаттандыру мен фиксациялауды тиімді жүргізетін арнайы технологиялармен қамтамасыз ету;

- сулардың ластануы фактісін ашу мен тергеумен айналысатын практикалық органдардың жұмыстарын тиімділеу үшін, сондай-ақ экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтармен күресте ҚР ІІМ білім беру мекемелер жүйесінде мамандар дайындауға байланысты факультеттер ашу қажет;

- қылмыстық құқық бұзушылықтарды ашу мен алдын алудың тиімді құралы ретінде криминалды полиция жүйесінде экологиялық қылмыстылықпен күресуге байланысты бөлімшелер құру және де оларға жедел-іздестіру функцияларын бөліп беру;

- су саласындағы құқыққа қайшы іс-әрекеттерге қарсы жұмыстарға қоғам мүшелерін жұмылдыру. Құқық қорғау мен табиғатты қорғау органдарының жұмысында жариялықты қамтамасыз ету, халықтың экологиялық-құқықтық мәдениетінің деңгейін көтеру оның алғышарты болмақ;

- су заңнамасын жетілдіру, ондағы ресурстық және қорғаушы нормалардағы қайшылықтарды жою, сондай-ақ басқа да құқық саласындағы экологиялық нормаларды дамыту;

- су құқық бұзушылықтарының алдын алу субъектілер жүйесінің жұмыстарының тиімділігін арттыру және құрамын кеңейту. Экологиялық құқық бұзушылықтардың профилактикасында саяси партиялардың, діни ұйымдардың, сондай-ақ құқық қорғау органдарының алатын орны маңызды. Олар профилактикалық жұмыстарды жүргізу барысында экологиялық құқық бұзушылықтардың себептерін анықтап, олардың алдын алу шараларын өмірге енгізу міндеттерін шешеді.

Жоғарыда аталған субъектілердің күштерін жұмылдырғанда ғана көзделген мақсаттарға – барлық су объектілерінің жағдайын көтеруге қол жеткізуге болады.

2020 жылы 21 желтоқсанда жаңа Экологиялық кодекстің қабылдануымен (02.01.2021ж. Президенттің бекітуімен) еліміздің табиғатын қорғау саласында жаңа бағытқа бет бұру, нақтырақ айтсақ, «жасыл экономикаға» көшу жоспарланып отыр. Сәйкесінше, ҚР жаңа экологиялық кодексі Еуропалық Одақ елдерінің тәжірибесі бойынша ең озық қолжетімді технологиялар (ОҚТ) көрсеткіштерін пайдалану арқылы кәсіпорындарды өндірісті жаңғыртуға ынталандыруды көздеп отыр. ОҚТ-ға көшудің арқасында ЕО елдерінде ластаушы заттардың шығарындылары айтарлықтай төмендеуде: күкірт диоксиді бойынша - 94%, азот оксиді бойынша - 69%, қатты бөлшектер бойынша - 94%. Экологиялық реттеудің жаңа тәсілдерін іске асыру шеңберінде ОҚТ бойынша анықтамалықтар әзірленетін болады [160].

Ауыз су саласындағы қылмыстылықтың алдын алу шараларына тоқталсақ. Адам өмірін және денсаулықты қорғау саласындағы саясатты іске асырудың негізгі бағыттары тиісті көлемдегі сапалы ауыз сумен халықтықамтамасыз ету саласындағы заңнамаларды жетілдіру, сондай-ақ адамның денсаулығына жағымсыз әсер ететін су факторларын жоюға байланысты профилактикалық қызметтерді анықтаумен байланысты.

Ауыз су саласындағы қылмыстылықтың алдын алуда мынадай шаралар басымдылыққа ие болуы тиіс:

- халықтың экологиялық қаупін бағалау және төмендету. Сапасыз суды пайдалануы нәтижесінде адам денсаулығына өте көп зиянкеледі;
- қоғамның өмірі мен денсаулығының қалыпты жағдайын қамтамасыз етудің бір жолы ретінде адамның сапалы, тиісті көлемдегі ауыз суға құқығы заңнамада тікелей көрсетілуі;
- су объектілеріндегі жағымды су ортасын қалпына келтіру;
- суды үнемдеу технологиясын меңгеруге, айналма және қайталап сумен қамтуға назар аудару. Бұл экономиканың қажеттігін ескеруге және халықтың ауызсумен және шаруашылық-тұрмыстық сумен қамтылуын толық қамтамасыз етуге мүмкіндік береді;
- гидротехникалық құрылыстардағы меншік құқығы мәселесін тиісті тәртіпке келтіру және олардың эксплуатациялану қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- су қоймаларын пайдалану режимін реттейтін нормативтік құқықтық актілер пакетін реттеу, түзеу;
- күйдіргі мал қорымын қиратуға жол бермей, су қоймалары жағалауындағы абразия процесін ескеру;
- ауызсу заңды талаптарының сақталуын бақылауды күшейту, құқық бұзушылықтар үшін жауаптылыққа тартуды қолға алу. Сот өндірісінде ауызсу талаптарын сақтамау жөніндегі істердің саны өте аз. Оның тәжірибеде орын алуының маңызы бар.

Біздің мемлекетіміздің сыртқы және ішкі саясатында басымдыққа ие болуы тиіс экологиялық мақсаттар не қоғаммен, не барлық билік органдарымен мойындалмайды.

Оның үстіне, суларды ластау жалпы сипатқа ие, ҚР ҚК-дегі тиісті баптар өте сирек кездеседі. Жоғары билік органдары келеңсіз тәжірибеге, заңнамалардағы қайшылықтарға қарамастан, жылдар бойында су ресурстарына қатысты заңнамаларды жетілдіру, құқық бұзушылықпен күресуде құқық қорғау және табиғатты қорғау органдарының жұмыстарын белсендіру шараларына аз араласады.

Суларды қорғауға байланысты қылмыстық заңнамаларды қолдану аясында да барлық күшті синхрондау (үйлестіру) қажет. Ынтымақтастық әрекеттері мынадай бағытта жүргізілуі тиіс:

- қылмыстық істер бойынша өзара көмек көрсету туралы келісім-шарт жасау;
- ұлттық қылмыстық құқық нормаларын унификациялау (сәйкестендіру);
- өзара келісімге келген мемлекеттердің аумағында жасалған табиғатты пайдалану саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін трансұлттық корпорация (ТҰК) жауаптылығы туралы келісім-шарт жасау;
- аталған қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін өзге елде қылмыстық қудаланған адамдарды беру туралы келісім-шарт (экстрадиция);
- сулардың ластануын тергеу кезіндегі қатысушы – құқық қорғау және табиғат қорғау органдарының өзара әрекеттестік жөніндегі келісім-шарт жасау.

Мұндай ынтымақтастық әлемде мемлекетаралық бірлесудің жоғары деңгейі болмақ. Суларды ластанудан қорғаудың тиімділігі сол, ол тұтас алғанда экологиялық функцияларды іске асыру ретінде мемлекет пен қоғамның сапалы дамуына мүмкіндік береді.

Су ресурстарындағы қылмыстық құқықтық жауаптылық кейбір субъективті және объективті себептерге байланысты экологиялық қылмыстылықпен күресте толығымен қолданылмайды. Қанағаттанарлықсыз тәжірибенің бір себебі осы саладағы қылмыстылықтың алдын алу субъектілерінің тиімсіз жұмыстары болып табылады.

Енді су ресурстарындағы қылмыстылықтың алдын алу субъектілеріне тоқталайық.

Заңнамаға сәйкес, - құқық бұзушылық профилактикасын жүзеге асыру өкілеттілігі берілген ҚР мемлекеттік органдары, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, сондай-ақ ұйымдар мен азаматтар профилактикалық субъекті болып танылады.

Жоғарыда аталған заңның 18-бабына сәйкес, аталған субъектілердің қызметін құқық бұзушылық профилактикасы жөніндегі ведомствоаралық комиссиялар үйлестіреді. Олар Үкіметтің, жергілікті атқарушы органдарының жанынан құрылады. Бұл ведомствоаралық комиссия - консультативтік-кеңесші орган [157] болып саналады.

Су ресурстарымен байланысты қылмыстылықтың алдын алу субъектілеріне су қорын қолдану, қорғауға қатысты мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын органдар, ҚР Ішкі істер органы, прокуратура, сот, экологиялық қоғамдық ұйымдар және қоғамдық қозғалыстар, халықаралық экологиялық ұйымдар, Дүниежүзілік экологиялық ұйымдар жатады. Субъектілерді төмендегідей топтастыруға болады: мемлекеттік және мемлекеттік емес (қоғамдық).

Алғашқы топқа – су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын органдар, Ішкі істер органы, прокуратура, сот кіреді.

Екінші топқа - экологиялық ұйымдар, экологиялық қоғамдық ұйымдар және қоғамдық қозғалыстар, халықаралық экологиялық ұйымдар, Дүниежүзілік экологиялық ұйымдар кіреді. Мысалы, «Арал-Азия-Қазақстан» халықаралық қоғамдық комитеті, «Жасыл ғалымшар үшін» экологиялық бірлестігі, «Табиғат» комитеті және т.б.

Арал-Азия-Қазақстан» халықаралық қоғамдық комитеті. Бұл комитет 1987 жылы құрылған. Олар Арал теңізінің халіне, елдегі экологиялық дағдарысқа қоғам назарын аудару, Арал теңізін қалпына келтіру туралы жобалар мен бағдарламалар жасауды мақсат етеді.

Комитеттің бастамасымен Арал қорына қаражат түсірілген, түрлі шаралар ұйымдастырылған. 1996 жылы халықаралық «Арал-Азия-Қазақстан» қоғамдық комитетінің мәртебесі бекітілді. Аралды қорғау, Арал аймағындағы экологиялық және әлеуметтік мәселелерді шешу туралы шараларды іске асыруда көптеген шаралар іске асырылуда. Комитет жанынан Арал және

Қазақстан экологиясы туралы қоғамдық академия құрылған» [161].

«Жасыл ғаламшар үшін» экологиялық бірлестігі 2004 жылдың сәуірдің 26-сы күні Алматыда ҚР Әділет министрлігінде қоғамдық ұйым болып тіркелінген. Қоғамдық ұйымның басты мақсаты – Қазақстан қол қойған халықаралықдәрежедегі конвенцияларды мемлекет деңгейінде іске асыру [162].

Дүниежүзілік экологиялық ұйымдарға мыналарды жатқызамыз: ВВФ - ғаламшар тоғайларын қорғаудың халықаралық интернационалды жастар қоры; Даниядағы жастардың «жасылдар қозғалысы»; Гринпис («Жасыл әлем») - Бүкіл дүниежүзілік табиғат қорғау ұйымы (1970 жылы құрылған); «Робин Вуд» - германиялық жастардың «қышқыл жаңбырларға» қарсы күрес жүргізетін экологиялық қоғамы; ФАО - Біріккен Ұлттар Ұйымының ауыл шаруашылық және азық-түлік проблемаларымен айналысатын орган; БДҰ, ХТҚҰ, БТҚҚ [163, 259 б.].

Орта Азия елдерінде су ресурстарын басқаруды министрліктер, комитеттер, агенттіктер және олардың аумақтық бөлімшелері жүзеге асырылады. Олар су иерархиясында түрлі деңгейге ие.

Барлық елдердегі су шаруашылығы тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында иеленген салалық тұтастықтан, қуатынан, сондай-ақ мемлекеттік басқарудағы маңыздылығы мен мемлекетаралық мақсаттар мен міндеттерді қою мүмкіндіктерінен айырылып қалды. Су шаруашылығы және Жерді мелиорациялау түрлі министрліктер мен ведомстволардың арасында бөлінген бағыныштылық жағдайға тап болды. Олар өздерінің тұтас ұйымдастырушылық қабілетін жоғалтып қана қоймай, жоспарлау және қажетті әлеуетті арттыру, кадрлардың негізін құру және материалдық қамтамасыз ету, бірыңғай саланың қаржылық және техникалық негізін құру, оны техникалық жетілдіру және инновациялауға бағыттау мүмкіндіктерінен айырылды [164, 10 б.].

Ауыз судың тапшылығы мәселесін Елбасы Қасым-Жомарт Тоқаевтың еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері жөніндегі кеңейтілген кеңесінде қозғады. Онда: Сарапшылардың пайымдауынша, 2040 жылға қарай суға деген сұраныс 50 пайызға артады. Қазақстан 2050 жылға қарай «суға өте мұқтаж» елдердің санатына кіруі мүмкін. Қазір елімізде 600 мыңнан астам адам таза ауызсуға зәру екендігі айтылды (09.04.2023ж.) [165].

Президенттің тапсырмасымен ҚР Үкіметі су тапшылығын шешудің долдарын үкімет отырысында қараған болатын (02.05.2023ж.). Премьер Министр өз сөзінде: «Үкіметтің алдында 2025 жылдың соңына дейін халықтың 100%-ін таза ауыз сумен қамтамасыз ету міндеті тұр. Қазір бұл көрсеткіш қалаларда - 98%, ауылдық елді-мекендерде 94%-ті құрайды. Аса маңызды жұмыстардың бірі – елдегі су ресурстарының тапшылығын шешу.

Су бойынша жаңа тарифтік саясат қажет. "Бұл мәселені шешу үшін саланы цифрландыру және тиімді тарифтерді енгізу қажет. Осы мәселенің бәрін жаңа Су кодексі мен бағдарламалық құжаттарды дайындау кезінде ескеру қажет» деген болатын [166].

**Су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау органдары су қылмыстылығының алдын алу субъектісі ретінде**

ҚР аумағында қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызметтерді бірнеше органдар бірлесіп атқарады:

уәкілетті орган - ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар Министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитеті, оның аумақтық органдары-бассейндік су шаруашылығы басқармалары; Геология комитеті; Орман шаруашылығы мен жануарлар дүниесі комитеті; экологиялық реттеу және бақылау комитеті;

ҚР Ауыл шаруашылық Министрлігі (Жер ресурстарын басқару комитеті, Ветеринарлық бақылау және қадағалау комитеті, АӨК мемлекеттік инспекция комитеті);

- ҚР энергетика Министрлігі (Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті).

Су объектілерін пайдалану мен қорғаудың талаптарын сақтау; суларды қорғау аумақтары мен ауыз сумен қамту көздерін арнайы қорғау аумақтары шектеуінде орналасқан қозғалмайтын жер учаскелерін және басқа да мүлік объектілерін пайдаланудың ерекше құқықтық режимін; су заңнамасының басқа да талаптарын қамтамасыз ету мақсатында елімізде аталған сала мемлекеттік бақылауға алынады. Бұл үшін азаматтар мен заңды тұлғалар су объектілерін пайдалану барысында өндірістік-технологиялық, мелиоративті, агротехникалық, гидротехникалық, санитарлық және су объектілерін қорғайтын өзге де шараларды жүзеге асыруы тиіс болады.

Су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау органдарының лауазымды адамдарының тізімі ҚР Су кодексінің 50-баптарымен нақтыланған, оларға:

- Қазақстан Республикасының су қорын пайдалану мен қорғау жөніндегі бас мемлекеттік инспектор және оның орынбасары, аға мемлекеттік инспекторлар және мемлекеттік инспекторлар;

- тиісті бассейннің су қорын пайдалану мен қорғау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторлар және олардың орынбасарлары, аға мемлекеттік инспекторлар және мемлекеттік инспекторлары жатады [53].

Ал суларды тиімді пайдалану, қорғау және осы саладағы мемлекеттік басқару функциясы мынадай негізгі ұйымдастырушылық-құқықтық инструменттермен қамтамасыз етіледі:

- су объектілерін тиімді пайдалануды жоспарлау;
- суға ықпал ету мүмкіндіктерін нормалау;
- су объектілерінің мемлекеттік мониторингі;
- мемлекеттік су реестрі;
- су объектілерін пайдалану мен қорғауды мемлекеттік басқару мен қадағалау.

ҚР Су кодексінің 81-бабына сәйкес, «су объектілерінің мемлекеттік мониторингін осы саладағы уәкілетті органдар [53] бірлесіп атқарады.

Іс-тәжірибеге сүйенсек, барлық су объектілерінде мониторинг жүргізіле бермейді. Отандық су заңнамасында мониторинг жүргізуге уәкілеттілік берілгенімен де, лауазымды тұлғаларға заңнамамен міндеттелмеген. Мысалы,

Арал-Сырдария бассейндік инспекциясының есебінде лабороториямен жабдықталған уәкілетті органға трансшекаралық өзендердегі трансшекаралық экологиялық төтенше жағдайлардың алдын алу мақсатында Сырдария мен Келес өзендері суларының сапасына жүйелі мониторинг, Қазақстан территориясында трансшекаралық магистралды каналдардың (Достық, Зах, Ханым, Келес магистралды каналы (КМК), Жоғары-Ташкентский канал (ЖТК), Солтүстік-Ташкент каналы (СТК) Аққойлы) суларына химиялық зерттеулер жүргізуді жүктеу қажеттігі ұсынылған.

Суларды тиімді пайдалану мен қорғау және осы саланы мемлекеттік басқару функцияларын қамтамасыз етудің келесі инструменті - жер үсті және жер асты суларын мемлекеттік есепке алу. Ол еліміздегі су ресурстарының сандық және сапалық көрсеткіштерін заңнамамен белгіленген тәртіппен жүйелі түрде анықтау және тіркеу болып табылады.

Бұл деректер жер үсті және жер асты су объектілерінің сапалық және сандық көрсеткіштері, олардың адамға өнеркәсіптік және экологиялық қауіпсіздік дәрежесін сипаттайды.

2017 жылдың 27-маусымында Қызылорда қаласында өткен бассейндік кеңес мүшелерінің қатысуымен «Арал-Сырдария бассейндеріндегі су ресурстарының сапасы» атты тақырыпқа дөңгелек үстел өткізіліп, онда су ресурстары мамандарымен бірнеше ұсыныстар жасалынған. Мұнда «ОҚГМЭ» (Оңтүстік Қазақстан гидрогеолого-мелиоративті экспедиция) РММ (Республикалық мемлекеттік мекемесі) басшысының орынбасары М.Ю. Эсанбеков өз баяндамасында суларды ирригациялық бағалау және Оңтүстік Қазақстан облысын суландыру аймағы шегінде оларды 4-иррогациялық ауданда пайдалануға байланысты төмендегідей ұсыныс келтіреді:

- облыс шегінде жергілікті ауыл округтері арқылы бұлақтардың тізімі мен санын анықтау және суларды қорғау аумақтары мен белдеулерді, сондай-ақ өзендер мен көлдерге теңестірілген каналдарды анықтау;

- 2016 жылға дейін өзендер тізіміне енбегендерді анықтау және суларды қорғау аумақтары мен белдеулерді анықтауға байланысты жобаға түзету енгізу, атаулары жоқ өзендерге атауы белгіленген тақтайша қағу, ұрланған немесе ескірген атауларды жаңаға жаңғырту.

Келесі бір ұйымдастырушылық мәселесіне назар салсақ. Көксарай су реттегішінің пайдалану мақсатын өзгертіп, оған су реттегіші мен бірге су қорын жинақтау мен су пайдаланушыларды ағын сумен қамтамасыз ету міндетін жүктеп, су қоймада кемінде 700 млн.м3 суды (207 отм.) ұстап тұрып, су қабылдайтын және су тастайтын каналдарының көмегімен кемінде 40-50 м3/сек ағын суды Сырдария өзенінен алып, транзитпен суды Арыс өзеніне өз ағысымен қашыртқыласа, нәтижесінде мына мәселелер шешіледі:

- Көксарай су реттегішіндегі экологиялық жағдайлар/жылда қоймада қалған 40-50 млн.3 судағы балықтардың қырылмауына септігін тигізіп, таяз судағы көбейген шыбын-шіркей, масалардан біржолата құтылуға болады;

- Арыс өзенінің сулылығын арттыруға ең оңтайлы шешім және суғармалы жерлердің көлемін ұлғайтуға болады;

- Рекрациялық мақсаттағы демалыс орындарын ашуға, су спортын дамытуға және туристер келетін аймаққа айналдыруға болады.

Үлкен қаржы жұмсап қосымша су қоймалар соқпастан-ақ, облыс және бассейн көлемінде су қорын 2,3 млрд.м3 көбетуге оңтайлы шешім.

Су мониторингінің, реестрінің көмегінсіз суларды пайдалану мен қорғау саласын мемлекеттік басқару мен бақылау, сондай-ақ ондағы құқық бұзушылықтарды анықтау толық мүмкін еместігін ескеріп, ҚР Су кодексінің 52-бабының 1.1-тармағына, ҚР су объектілерінің мемлекеттік мониторингін, мемлекеттік су реестрін жүргізуді қамтамасыз ету міндетін жүктеу қажет деп есептейміз:

Су ресурстары жөніндегі комитеті және оның аумақтық органдары-бассейндік су шаруашылығы басқармалары жоғарыда аталған мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді және олардың қызметін үйлестіреді.

Мемлекеттік бақылау жоспарлы және жоспардан тыс тексеру арқылы өтеді. Су объектілерін қолданумен, мемлекеттік кадастрлар және су қоры мониторингін жүргізудің схемалары мен жобаларын дайындау шарасы бақыланады. Мемлекеттік бақылауды жүзеге асырудың рәсімі нұсқама негізінде жүргізіледі. Тексеру барысында анықталған заң бұзушылықтар актімен ресімделеді және осы мәселені қарау құзыретіне енетін органға (әкімшілік, не қылмыстық істер) тапсырылады.

Су ресурсындағы әкімшілік құқық бұзушылықты уәкілетті органдар ҚР ӘҚБтК-те белгіленген тәртіппен қарайды. Кодекстің 708-бабына сай, су қорын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті органдар сол Кодекстің 138-баптың 2-бөлігінде, 141, 299-баптың 1-бөлігінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қоспай, 358, 359, 360-баптардың 2-бөлігінде, 361, 362, 363, 365-баптарымен қаралған әкімшілік істерді қарайды. Ал, ҚР ӘҚБтК-нің 701-бапқа сәйкес, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы уәкілетті орган әкімшілік кодекстің 425-бабындағы талаптарды, сондай-ақ гигиеналық нормативтерді бұзу фактілері бойынша [91] әкімшілік істерді қарайды. Су қорын пайдалану мен қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлар су заңнамасының бұзылуын нақты жоюды қадағалайды.

Су шаруашылығында шешімін табуды қажет ететін мәселелер көп, олардың кейбірін атап кетсек:

- ҚР экология, геология және табиғи ресурстар Министрлігінің Сур есурстары жөніндегі комитеті болашаққа ҒЗЖ бағдарламасын үйлестіре алмайды. Ғылымды арнайы басқаратын құрылым да жоқ. Ғылыми зертеу жұмысына қатысты жүргізілетін тендер айқын емес және сараптама үшін тартылған мамандар әруақытта объективті емес, олар шын мәнісінде қандай да мәселеге қатысты қорытынды-тұжырым жасай алмайды. Сондықтан да су шаруашылығы мәселелері бойынша ғылыми Орталық құру қажет;
- бассейндік инспекция құрылымында жабдықталған, әлемдік деңгейдегі лабораториялары бар арнайы бөлімшелер құру;
- ҚР экология, геология және табиғи ресурстар Министрлігінің Су

ресурстары жөніндегі комитеті мен оның аумақтық органдары-бассейндік су шаруашылығы басқармаларының жабдықталуы;

- су-жер ресурстарын пайдалануды нәтижеліліндіру үшін, суармалы жерлердің экологиго-мелиоративті күйін жақсарту үшін субсидия бөлу;

- су шаруашылығы саласында біліктілікті арттыру курсын қайта қолға алу;

- су шаруашылығы саласында оқулықтар, ғылыми-әдістемелік құралдарды, нормативті-анықтама және басқа да ақпараттық-бағалаушы материалдарды шығаруды қолға алу;

- су мониторингін әлемдік деңгейге көтеру, барлық су объектілеріне су мониторнигін жүргізуді қамтамасыз ету;

- табиғи кешенге ерекше мәртебе беру үшін, су саны мен сапасы талаптарын есепке алу үшін арнайы көрсеткіш – табиғи кешеннің режимді және су сапасының талаптарын қанағаттандыру деңгейі – статистикалық есеп енгізу. Бұл көрсеткіштер бақыланып отыруы тиіс;

- жерасты сулары тек коммуналды-тұрмыстық және ауылшаруашылық сулармен жабдықтау саласына, жайылымдарды суаруға пайдаланылуы тиіс. Басқа экономика салаларына қолданылмауы тиіс. Жерасты сулары стратегиялық су қоры болып табылады, оларға қолсұғылмауы және болашақ ұрпаққа сақталуы керек [167, 45-55 бб.].

Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы су ресурсын қорғау саласында елеулі еңбектер атқарған. Деректерге сүйенсек, «Су объектілерін экологиялық талаптарға сай ұстау, олардың ластануы мен құрғауының алдын алу, өсімдік және жануарлар дүниесінің сақталуын қамтамасыз ету мақсатында Алматы облысында су қорғау аймақтары мен белдеулерін орнату жұмыстары 2006 жылы бастау алған. Облыста ірі 301 су объектісі бар. 2006-2016 жылдар аралығында 192 (5 көл, 3 су қоймасы және 184 өзендер мен бұлақтар) су объектісіне су қорғау аймақтары мен белдеулерінің жобалары жасалған.

2006-2016 жылдары су қорғау аймақтары мен белдеулерін жобалауға бюджеттен жалпы құны 600,4 млн. теңге, орнатуға 227,7 млн. теңге бөлініп, игерілген. Олардың ішіндегі ең ірілері – Балқаш, Алакөл көлдері, Бартоғай, Қапшағай су қоймалары және Іле, Қаратал, Қаскелең, Талғар, Есік, Көксу, Тентек және басқа өзендер.

2021 жылға дейінгі Балқаш көлінің экожүйесін жақсартуға бағытталған өңірлік бағдарламаға сәйкес, 7,132 млрд. теңгеге жұмыстар жалғастырылмақ» [168].

Алайда, тәжірибеде барлық уақытта мемлекетпен бөлінген қаражаттар суларды қорғау қызметіне орынды жұмсала бермейді. Су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы мемлекеттік органдардың іс-тәжірибесінде материалдық қаржыландыру мәселесінің тиісті дәрежеде шешілмеуі, орнымен жұмсалмауы мәселесі жиі орын алып жатады. Су ресурстарының ластануы фактісін анықтаудың өзінде қиындықтар қаржы мәселесіне барып тіреледі. Қаражатсыздық су объектілерін дер кезінде тексеріп отыруға, сараптама тағайындауға т.с.с. жағдайларға теріс ықпал етеді.

Облыс басшыларының өңірдегі су ресурстарының жай-күйімен танысуды әдетке алдырса, еліміздің жай-күйі түзеліп, аталған саладағы қылмыстылықтың алдын алуға белгілі үлесін қосар ма еді. Жаңалық парақшаларын ашсақ, мысалы, 2017 жылдың 14 тамызында Ақтөбе облысының әкімі Бердібек Сапарбаев «Максимус» ЖШС-нің ликер-арақ шығаратын зауытында болып, өндіріс қалдықтарын тазалаудың өңдеуден бастап, кәріз жүйесіне ағызуға дейінгі техникалық процесімен танысқандығы жөнінде деректер бар (мұнан басқа да).

Экология департаментінің ағымдағы жылдың мамыр айында жүргізген тексеруінің нәтижесі бойынша «Максимус» ЖШС-не 10 тамызға дейін локальді тазалау имараттарын орнату жөнінде ұйғарым шығарылған. Жуық арада кәсіпорынның төгетін ағын суларының құрамын анықтайтын қайта сараптама жүргізіледі. Б. Сапарбаев зауытта болған кезінде бақылаушы органдарға жүйелік негізде ірі өнеркәсіптік кәсіпорындардың қоршаған ортаны ластауын тексеруді тапсырған» [169]. Яғни, заңды тексерістер аталған саладағы құқық бұзушылықтардың алдын алуға себептігін ептеп тигізуде.

Келесі деректерге сүйенсек, Алматы облыстық экология департаментінің мемлекеттік экология бақылау бөлімі 2016 жылы 291 тексеру жүргізіліп, 578 заңбұзушылық анықталды. Анықталған заң бұзушылықтар бойынша 365 нұсқама беріліп, 355 нұсқама дер кезінде орындалған.

Жергілікті атқару органдары осы уақытқа дейін экологиялық талаптардың бұзылуы негізінде тексеру жүргізілген мекемелерге 35,5 млн. теңге көлемінде айыппұл салып, оның 33,0 млн. теңгесі мемлекет қоржынына құйылған. Сонымен қатар, есепті кезеңде 91 мекемеге 20,0 млн. теңге көлемінде қоршаған ортаға келтірген залалды өтеу үшін нұсқама беріліп, толықтай қазына есебіне түскен.

Аталған саладағы тәжірибеге сыбайлас жемқорлықтың да ықпалы болып отырады. Мемлекеттік қызметшілердің өздеріне жүктелген міндеттерді тиісінші атқармауының, тексеріс нәтижелерінің заңға сәйкес актілерде көрініс таппауының, жалпы сол су ресурстарындағы кез-келген заң бұзушылық фактілеріне басшылардың көз жұма қарауының артында көбіне сыбайлас жемқорлық жатады. Әрине, аталған уәкілетті органның лауазымды адамдары, қызметшілері өз құзіреті шегінде мемлекеттік бақылауды заңды негізде жүзеге асырып отырса, онда ҚР аумағындағы су объектілерінің жағдайы бүгінгідей ауыр халды кешпес еді. Су ресурстарындағы қылмыстылықтың алдын алуда қоғамды улаған сыбайлас жемқорлықты жою заман талабы болып қала бермек.

*Құқық қорғау органдары – ішкі істер органы, прокуратура су қылмыстылығының алдын алу субъектісі ретінде қызметтерін талай кетейік.*

**Табиғатты қорғау полициясы**

Полиция, қылмыстық-атқару жүйесі, әскери-тергеу органдары, ҚР Ұлттық ұланы, азаматтық қорғау органдары ҚР Ішкі істер органдары жүйесіне кіреді. Полиция құрылымына криминалдық полиция, әкімшілік полициясы, тергеу, анықтау бөлімшелері және басқа бөлімшелер енеді.

Карантиндік, санитариялық-эпидемияға қарсы және табиғатты қорғау іс-

шараларына Ішкі істер органдары құзыреті шегінде қатысады (ҚР ІІО туралы заңның 6-бабының 2-тармағы) [170].

Жергілікті полиция құқық бұзушылықтар профилактикасымен, қылмыстылықпен күресумен, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізу және қылмыстық теріс қылықтар бойынша хаттамалық нысанда сотқа дейінгі тергеп-тексерумен айналысады.

ҚР Бас прокуратурасына қарасты Құқық қорғау органдары Академиясы қызметкерлерінің ғылыми зерттемелерінде экологиялық заңнамалардың бұзылуын ашу және алдын алу саласындағы ҚР ІІО-ның қызметі аясындағы төмендегідей қайшылықтарды бөліп көрсеткен.

а) Ұйымдастырушылық бағыттағы:

-жедел іздестіру, жекелеген ІІД-і қызметтерінің экологиялық қылмыстық істер бойынша тергеу мен анықтау жұмыстарының жеткіліксіз ұйымдастырылған;

- экологиялық құқық бұзушылықтарды анықтау ішкі істер органдарының басты бағыттары қатарына қойылмаған. Бұл ескертпеге мына мысал айғақ, соңғы жылдары бірде-бір ІІД (Т) судың, атмосфераның, теңіз ортасының ластануына, қоқыстануына және сарқылуына, жер қойнауын қорғау және пайдалану ережелерінің бұзылуы, жердің бүлінуі, экологиялық талаптардың бұзылуына байланысты бірде-бір экологиялық қылмыстық істер тіркелмеген.

- аумақтардағы өңірлік, табиғи және экологиялық проблемаларды ескере отырып, аталған бөлімшелердің оңтайлы құрылымы нақтыланбаған;

- экологиялық бұзушылық фактілері туралы іс-материалдарының табиғат қорғау органдарынан ішкі істер органдарына уақтылы берілмеуі;

ә) Мамандандырылған бөлімшелердің нашар материалдық-техникалық жарақтандырылуы;

б) Әдістемелік жоспардағы қайшылықтар;

в) Сыбайлас жемқорлық [171, 38-45 бб.].

«Экологиялық құқық бұзушылықтарға қарсы күреске қатысу жөніндегі ішкі істер органдарының жұмысын ұйымдастыру туралы нұсқаулықпен» [172], ал табиғатты қорғау іс-шараларына қатысты ішкі істер органының, оның қарауындағы табиғатты қорғау полициясы бөліністерінің жұмыстары табиғатты қорғаудағы ішкі істер органдарының жұмысын ұйымдастыру [173] принциптерімен реттелінетін болғандықтан аталған қайшылықтар осы нормативтік актілерді де қатысты.

Ішкі істер органы табиғатты қорғау органдарымен (балық қору, суларды қадағалау, аңдарды бақылау және т.б.) өзара ықпалдаса отырып, кешенді жоспарлар құрастырады, құқық бұзушыларды ұстауға қатысады; аң және балық аулау құралдары мен әдістерін тексереді; табылған жануарлар мен балықтарды қарайды: патрульдеуді, рейдті және торуылды ұйымдастыру мен жүргізеді; заңсыз аң аулау мен балық аулау құралдарын браконьерлерден алып қояды; лауазымды адамдар мен азаматтардан табиғатты қорғау заңнамаларын бұзғандығы туралы түсініктеме алады; хаттамалар толтырады және т.б.

Экологиялық құқық бұзушылықтардың профилактикасы – ішкі істер

органының табиғатты қорғау саласындағы маңызды қызметтерінің бірі. Мұндағы басты мақсат - экологиялық құқық бұзушылықтарға ықпал ететін себептер мен оларға итермелейтін мән-жайларды ашу, және құқық бұзушылықтың алдын алу шараларын қарастыру болмақ.

Табиғатты қорғау саласындағы құқық бұзушылық профилактикасына жоғарыда аталып кеткен іс-тәжірибедегі қайшылықтарды жою жолында «табиғат қорғау полициясының штат саны мен кадр құрамын оңтайландырудың, табиғат қорғау полициясы бөлімшелеріне тек бақылау-қадағалау ғана емес, сондай-ақ жедел-іздестіру функцияларын, анықтау, тергеу функцияларын орындайтын ішкі істер органдарының дербес бөлімшесі мәртебесін берудің орны ерекше. Материалдық техникалық қамсыздандыруға қатысты, табиғатты қорғау полициясы бөлімдерін экологиялық құқық бұзушылықтармен күресу үшін қажетті жабдықтармен, көлік құралдарымен, техникамен материалдық жарақтандыру керек. Сондай-ақ, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы сыбайлас жемқорлық көріністерін ҚР Президентінің 26.12.2014 ж. № 986 Жарлығымен бекітілген ҚР 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын» [174, 45-47 бб.] іске асыру шеңберінде жоюға болады.

Құқық бұзушылықтар фактісі бойынша тиісті органдарға ішкі істер органы ұсыныс білдіре алады. Ұсыныста су заңнамасының бұзылуына ықпал ететін мән-жайлар және оны жетілдіруге қатысты пікірлер нақты, әрі түсінікті тілмен жазылуы тиіс. Жалпы сипаттағы ұсыныстар беру нәтижесіз болады. Практикада, кейбір ұсыныстарға қатысты шаралар қолға алынбай жатады, тіптен атқарылған жұмыстар туралы ақпаратпен ішкі істер органын хабардар етпейді де. Заңға сәйкес, мұндайда, ауызша, не жазбаша ақпарат қажет, кейін жоғары тұрған орган хабардар болуы тиіс.

Сапалы ұйымдастырылған құқықтық сипаттағы тәрбие жұмыстары - ішкі істер органының профилактикалық жұмысына жатады.

Табиғатты қорғау заңнамасын бұзумен күресте ішкі істер органдары қызметінің нәтижелері туралы ақпарат анықтама түрінде ресімделіп, ІІД, КІІД-іне (Көліктегі ішкі істер департаменті) ұсынылады.

Қазақстан Республикасының су айдындарында қауіпсіздікті қамтамасыз ету шараларын Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі мен жергілікті атқарушы органдары атқарады [175].

**Прокуратураның табиғатты қорғау қызметі**

Табиғатты қорғау прокуратуралары экологиялық заңдылықтардың орындалуын қадағалауды күшейту мақсатында құрылған. Прокуратура қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік органдардың қатарындағы экологиялық құқықтық тәртіпті қамтамасыз ететін орган болып табылады. Экологиялық заңнаманың орындалуын қадағалау оның қызметіндегі басты бағыттардың бірі. Ол өз қызметін ҚР-ның Прокуратура туралы заңын қатаң сақтай отырып жүзеге асырады. 1995 жылдың 21 желтоқсандағы «ҚР-ның Прокуратура туралы» ҚР 2017 жылғы 30 маусымдағы № 81-VI Заңымен күшін жойып, жаңа «Прокуратура туралы» ҚР Заңына 30.06.2017 ж. қол қойылды

[176]. «Прокурордың өкілеттілігі (құқықтары мен міндеттері), жауапкершілігі, тексерілетін субъектінің құқығы мен міндеті, тексеру мерзімі және Бас Прокурордың оны ұзарту шарттары бекітілді.

Прокуратура мемлекет атынан республика аумағында заңдылықтың сақталуын заңда белгіленген шекте және нысандарда жоғары қадағалауды, сотта мемлекеттің мүддесін білдіреді, мемлекеттің атынан қылмыстық қудалауды жүзеге асырады. Заңда сотта мемлекет мүддесін білдіру мен қылмыстық қудалау қызметін прокуратура органдары ҚР ҚПК, АПК және ӘӨБтК-тің негізінде қызмет ететіндігі көрсетілді. Прокуратура қызметінің өзге бағыттары жеке тарауда көрініс тапты. Қадағалау үш формада іске асырылады: тексеру, талдау, құқықтық актілерді бағалау.

Заңға сәйкес мемлекеттік органдарды тексеру негіздері едәуір қысқартылған. Прокуратура мемлекеттік органдарды екі жағдайда ғана тексереді, атап айтсақ, мемлекеттік орган өз құқығын қорғай алмайтын шарасыз адамдардың немесе көпшіліктің құқығын бұзса; адам өмірі мен денсаулығына немесе мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтірсе. Осындай шектеулер азаматтардың өтініштерін қарау тәртібіне де енді. Заңға сәйкес, прокурорлар тек өзін-өзі қорғай алмайтын адамдардың, көпшіліктің құқықтары бұзылғанда немесе адам мен мемлекет мүддесіне орны толмас нұқсан келтіргенде және осы мәселелерді құзырлы органдар қажетті дәрежеде шешпесе ғана өтініштерді қарайтын болады. Өзге өтініштер өкілетті органдарға жолданатын болады. Азаматтардың мемлекеттік органдардың кез келген әрекетіне сотқа шағымдану құқығы сақталады. Іс-тәжірибеге тоқталсақ.

«Батыс Қазақстан облысында азаматтардан түскен арыз-шағымдар дер кезінде қаралмай келген. Сондықтан заң бұзушылықтармен бірлесіп күреспек ниетте сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша өңірлік комиссия мен облыстық прокуратура азаматтардан түсетін өтініштерді қарауға қатысқан. Прокурорлардың айтуынша, халықтың билік өкілдеріне жазған арыздарына тиісті жауап уақытылы берілмеген. Дегенмен азаматтардың билік органдарына шағымдану деректері жыл санап азайған. Мәселен осыдан 5 жыл бұрын, яғни 2011 жылы 324 мың азамат өз өтініш-талабын жергілікті билікке жолдаса, былтыр бұл көрсеткіш 71 мыңнан аспаған. Үстіміздегі 2017 жылдың 8 айында атқарушы билікке 40 мыңдай азамат арызданған.

2012 жылдан 2017 жылға дейін аса қауіпті қалдықтарды қаланың, орманның маңына орналастыру фактілері бойынша 16 қылмыстық іс қозғалған. 4 жауапты тұлға қылмыстық жауапкершілікке тартылып, сотталған. Оның ішінде 1 мұнай компаниясының басшысы және 3 осы қауіпті қалдықтарды тасымалдау мекемелерінің басшылары болған» [177].

Жаңа қабылданған заңда, прокурордың құқықтық актілер жүйесіне түзетулер енгізілген. Олар: қадағалау және ден қою актілері болып, екі топқа бөлінеді. Қадағалау актілерінен «алдын ала ескерту» мен «ұйғарым» алынып тасталды. «Заңнамалық актіге түсіндірме берудің» де мағынасы өзгерген. Бұл акт қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, құқық бұзушылықтың алдын алу, сондай-ақ, дайындалып жатқан құқыққа қарсы әрекеттер туралы мәліметтер

болған кезде енгізілетін болады [178]. Сонымен бірге наразылық келтіруге жатпайтын құқықтық актілер көрсетіліп, прокурорлық қадағалау актілерін қабылдаудың салдары анықталды. Енді қадағалау актілерінің мәжбүрлі түрде орындалуы сот тәртібімен ғана жүзеге асатын болады».

Табиғатты қорғау прокуратурасының міндеттері заңда анық белгіленген. Бұл ҚР-ның экологиялық кодексінің негізгі міндеттерімен тығыз байланысты. Табиғатты қорғаудағы прокуратура экологиялық заңнамалардың сақталуын жоғары қадағалауды жүзеге асырады. Бірақ та бұл басқа табиғатты қорғау органдарын алмастырады дегенді білдірмейді. Прокурорлардың негізгі күштері мен әрекеттері бақылаушы органдардың өкілеттіктері сақталынбаған көпшілік халықтың мүдделеріне нұқсан келетін, адамдардың денсаулықтары мен өміріне қауіп төнетін күрделі құқық бұзушылықтарды бағалауға бағытталады.

Экологиялық құқық бұзушылықтардың ауқымы да кең: мұнда экологиялық сараптамасыз экологиялық қауіпті объектілер қолданылады, суларды қорғау аумақтарында заңсыз құрылыстарға жол беріледі, бірінші топтағы ормандар мен ерекше қорғалынатын территорияларды алып қою, мемлекеттік органдардың функциялары мен құзіретін иемдену және т.б. Осыған орай прокуратура органдарының алғашқы міндеті экологиялық бақылау органдарына берілген өкілеттіктердің толық, дер кезінде және заңды қолданылуын қадағалауды күшейту жолымен олардың қызметтерінің тиімділігін әрі қарай арттыру болып табылады.

Прокуратураның келесі маңызды міндеті, сол органдардың арасындағы өзара ықпалдасу әрекеттерін ұйымдастыру болмақ. Мұнда алдыменен келесі жағдайлар ескерілуі тиіс. Біріншіден, табиғатты қорғау органдары табиғатты қорғау заңнамаларын және ведомствалық актілердің бұзылуының себептерін анықтау, олардың алдын кесу және жоюға қатысты, сондай-ақ келтірілген материалдық шығындарды өтеу шараларын қолдану, кінәлілерді жауаптылыққа тартудың барлық мүмкіндіктеріне және құқықтарына ие. Екіншіден, прокурорлар, табиғат қорғау органдарын алмастырмай, олардың қызметтерін атқармайды, бақылау функцияларын жүзеге асырмайды. Үшіншіден, бәріне ортақтық пен ведомствадан тысқарылық белгілері тән болғандықтан да табиғатты қорғау органдарының бақылау қызметтеріне прокурорлық қадағалау жүреді. Демек, прокурорлар аталған органдардан белгілі әрекеттердің атқарылуын талап ете алады: тексеру жүргізу, ол үшін мамандар бөлу, сотқа шағым келтіру, прокуратураға тиісті материалдар мен мәліметтер беру.

Сонымен, прокурорлар бір жағынан, табиғатты қорғау органдарының заңдарды орындауын тексеруге және, екіншіден – олардың табиғатты қорғау туралы заңнамалардың сақталуын бақылау қызметтерін жетілдіру мен белсендендіруге ықпалын тигізеді.

Прокуратура органы табиғатты қорғауды бақылау уәкілетті органға жүктелінген бола тұра бұл қызметке араласу қажет па деген сауал орынды туындайды. Заң бұзылған жағдайда прокурордың араласауы қажет те. Егер де табиғатты қорғау органдарының өкілеттігі жеткіліксіз болса немесе табиғатты қорғау заңнамасының себептерін қандай да бір жағдайларға байланысты

анықтай, жоя немесе алдын ала алмаса, немесе бұл орган аталған шараларды қолданбаса, тиісті дәрежеде орындамаса прокурор араласуға мәжбүр болады.

Суды қорғау заңнамасының орындалуын тексеруді кім жүргізеді деген сауалға келсек, соңғы сөз прокурорға тиесілі. Прокурор тексеруді кімге тапсыру қажеттігін шешеді. Әдетте, бұл тапсырма табиғатты қорғау органдарына жүктеледі, қажет болған ретте мамандарды тартады.

Прокурор суды қорғау заңнамасының бұзылуын анықтау, келтірілген шығындарды өтеу, құқық бұзушыны жауаптылыққа тарту шараларын дер кезінде іске асырудың құқықтық құралдарын белсенді және кәсіби түрде қолдануға міндетті. Бұл жағдайда ол өзінің Прокуратура туралы заңмен жүктелген өкілеттігін және әсер етудің құқықтық құралдарын пайдаланады.

Суды қорғау заңнамасын бұзудың сипатына, қайталану, не кеңінен етек жаю себебіне, зардапқа, құқық бұзушының кінәсінің деңгейіне қарай прокурор келесі құқықтық актілерді қолданады: наразылық, қаулы, ұсыныс.

Сонымен қатар, прокурор су заңнамасын бұзудың салдарынан келген материалдық зардаптарды қамтамасыз ету шараларын қолдануға міндетті. Прокурор заңға сәйкес, жәбірленушінің мүдделерін сотта қолдай алады. Соңғы кездерде мұндай жағдай жиі орын алуда. Прокурордың заңды талаптарын орындамағаны үшін кінәлілерген жауаптылық көзделеді.

Осы орайда практика материалдарына тоқталсақ. «Таловск қалдық қоймасында апат оқиғасы бойынша Шығыс Қазақстаң мамандандырылған табиғат қорғау прокуратурасы «Казцинк» ЖШС-нің Ридер кен-байыту комбинатының қызметінде экологиялық заң талаптарының сакталуына тексеру жүргізген.

Атап айтқанда, Таловск қалдық қоймасында 22.05.2016 ж. айналымдағы суды шығару жүйесі құрылғысының бір жағы опырылып, нәтижесінде қалдық қоймасынан судың апаттық төгілуі орын алып, әрі қарай, қалдық қоймасынан аққан төгінді Филипповка өзеніне құйылған. Таловск қалдық қоймасынан апатты су төгілуі 2016 жылдың 22 мамырында сағат 9.30-дан 25 мамырдың сағат 14.00-дейін орын алған. «Казцинк» ЖШС-нің Риддер КБК маркшейдер бөлімінің есебіне сәйкес, Таловск қалдық қоймасынан аққан судың көлемі 394 452 м3 құраған. Апат болған күндері мамандандырылған табиғат қорғау прокуратурасының тапсырмасы бойынша ШҚО экология Департаментінің (бұдан әрі – Департамент) мамандары Филиповка өзеніне апатты су төгілу жерінен және апат болған жерден төменірек ағынды судан сынақ алды.Алынған сынақты талдау нәтижелеріне сәйкес судың құрамында бірқатар ластау заттектерінің бар екені анықталған. Осыған байланысты, 10.06.2016ж. табиғат қорғау прокуратурасы Департаменттің атына «Казцинк» ЖШС-нің Риддер КБК-на Таловск қалдық қоймасынан ластау заттектердің аппатты төгілуі бойынша қоршаған ортаға келтірілген залалды өндіру және апаттың себебін анықтау жөнінде мәселені қойып, заң бұзушылықтарды жою туралы ұсыныс енгізген. Ұсынысты қарау нәтижелері бойынша Департамент қоршаған ортаға келтірілген шығынды есептеп, оның сомасы 4 056 237 772 теңге құрағанын анықтаған. Сонымен қатар, осы факт бойынша ШҚО прокуратурасының

арнайы прокуроры ҚР ҚК-нің 328 бабы бойынша сотқа дейінгі тергеу жүргізілген» [179].

Табиғатты қорғау заңнамаларына түсініктеме беру де прокуратура органдарының міндеттері. Өндірістегі авариялар, қалдықтарды көму, ағызу, объектілерді эксплуатациялау, құралдарды пайдалану, қалдықтарды сақтау, тасымалдау ережелерін бұзу және т.б. су ресурстарының ластануы, қоқыстану, не сарқылуының көздері болғандықтан қауіпті. Прокуратура органдарының да осы фактілерге белсенді түрде назар аударуы уақыт талабы. Мысалы, «2016 жылы Қарағанды облыстың мамандандырылған табиғат қорғау прокуратурасы су шаруашылығын қорғау және қолдану жөніндегі Нұра-Сарысу бассейндік Басқармасының (әрі қарай - Инспекция) қызметіне тексеріс жүргізіп, нәтижесінде жеке кәсіпкерге арнайы су пайдалануға заңсыз рұқсат беру және өңірлік жауапкершілігі шектеулі серіктестікке арнайы су пайдалануға рұқсаттың мерзімін негізсіз шектеу деректерін анықтаған. Атап айтқанда, Инспекция міндетті санитарлық-эпидемиологиялық қорытындының болмауына қарамастан, жеке кәсіпкерге арнайы су пайдалануға заңсыз рұқсат берген.

Келесі жағдайда, Инспекция ЖШС-ке арнайы су пайдалануға рұқсат мерзімін 3 жылдан 1 жылға дейін негізсіз қысқартқан, соның нәтижесінде ЖШС-тің кәсіпкерлік қызметпен айналысу құқығына қысым келтірген.

Табиғат қорғау прокуратурасы енгізген наразылықтың қаралу нәтижесінде Басқарманың қызметінде орын алған заң бұзушылықтар заңнама талаптарына сәйкестендіріліп, Инспекцияның бөлім басшысы және екі қызметкері тәртіптік жауапкершілікке тартылған.

Осы тәрізді тексерістер «Қарағанды Су Қоймалары» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнында да жүргізіліп, олардың барысында келесідей заң бұзушылықтар орын алған:

- 20 су қоймасында тексерістер жүргізілмеген және төлқұжаттар дайындалмаған;
- су шаруашылығы құрылғыларының жүйелі техникалық тексерістері тиісінше жүргізілмеген;
- Топар су бекетінде заңсыз орнатылған темірметалл конструкциясы көктемгі су тасқынының өтуіне кедергі келтіреді.

Өткізілген тексерістердің нәтижесінде облыстың Табиғи ресурстар және табиғат пайдалану басқармасына заң бұзушылықтарды жою жөнінде 3 ұсыныс енгізілген, ол ұсыныстарды қарау барысында аталған басқарманың 3 лауазымды тұлғасы тәртіптік жауапкершілікке тартылған.

Прокурорлық ықпал ету шараларымен Топар су бекетінде заңсыз орнатылған темірметалл конструкциясы орнынан алынған.

Сонымен қатар, прокуратура су қолданушылары болып табылатын «Жігер Су», «Каражал Су», Жезқазған қаласының «Жылумен жабдықтау кәсіпорыны» АҚ-ның және «Шахтинскводоканал» ЖШС-нің қызметіне талдау жасау барысында қалдық суларды, суды қолдануға арнайы рұқсаты болмағанына қарамастан, жер бетіне шығарып тастау деректерін анықтайды. Аталған кәсіпорындар әкімшілік жауапкершілікке тартылып,оларға 396 400 теңге

көлемінде айыппұл салынған» [180].

Тәжірибеде сонымен қатар, экологиялық қор қаражаттарының мақсатсыз жаратылуы фактісі жиі орын алып жатады. Сол экологиялық қор туралы заңнаманың орындалуын жүйелі түрде тексеру прокуратураның ерекше міндеті. Бұл күттіруді қажет етпейтін міндеттерді шешу үшін құрастырылған.

Кейбір елдердің конвенцияларды ратификациялағанына қарамастан көптеген Конвенция ережелері еленбейді және бұзылған. Бұл жағдайда БҰҰ Конвенциялары мен ОДМ барлық елдерді конвенциялардың негізгі қағидаттарын ұстануға мәжбүрлеу үшін талап етілуі мүмкін қандай да бір қосымша іс-қимылдарды көздемейді. Халықаралық қоғамдастықтың адам құқықтары туралы алғашқы Конвенциясын қабылдағаннан бері 50 жылдан астам уақыт өтсе де, содан бері көптеген басқа саяси күш-жігер жұмсалды, адам құқықтары мен әлеуметтік әділеттіліктің қазіргі жағдайы, оның ішінде байлық, ресурстар мен мүмкіндіктердің тең бөлінбеуі жаһандық, ұлттық, аймақтық, жергілікті деңгейде және әлеуметтік топтарда проблемалы болып қала береді.

Ал енді өзекті экологиялық мәселелерді шешу мақсатында қабылданған халықаралық міндеттемелерге қатысты айтсақ, олардың орындалуын прокуратура қадағалай алады. ҚР Бас прокуратурасы өз өкілеттілігі шегінде прокуратура туралы заңның негізінде басқа мемлекеттердің сәйкес органдарымен және халықаралық ұйымдармен тікелей қатынасқа түсе алады, қылмыстылықпен күрес және құқықтық көмек, экологиялық қауіпсіздік жөніндегі сұрақтар бойынша келісім-шарт жасай алады, ынтымақтаса алады, халықаралық келісімдерді құрастыруға қатыса алады.

Тек тұрақты түрде жетілдіру жұмыстарының көмегімен ғана аталған міндеттерді шешуге болады. Бас прокурор жоғары тұрған прокурорлардың қалалық және басқа прокурорларға экологиялық заңнамалардың орындалуын қадағалауды ұйымастыруға практикалық көмек көрсетуді міндеттейді.

Соңғы жылдарды табиғатты қорғау және аумақтық прокуратура органдарының қатысуымен жүргізілген тексерулерде өзен суларының қаланың қалдық суларымен ластануы фактісі жиі орын алған. Мысалы, облыстың мамандандырылған табиғат қорғау прокуратурасымен азаматтардың өтініштерін тексерудің нәтижесінде, Орал қаласының белгіленбеген жерлеріне қалдықтарды жүйелі түрде төгу фактілері анықталған.

Іс-тәжірибеде жергілікті басқару органдарының актілерін жарамсыз деп тану жөніндегі талап-арыздар кездеседі. Тексеріс барысында Табиғат қорғау прокуратурасы мемлекеттік орган өкілдерінің кәсіпкер субъектілеріне қатысты заңсыз іс-қимылдарын анықтаған. Мысалы, «2016 жылы Қарағанды облысының мамандандырылған табиғат қорғау прокуратурасы қадағалаудың басым бағыттарының бірі - кәсіпкер субъектілерінің құқықтарын қорғауға қатысты нәтижелі жұмыстар жүргізген.

Табиғат қорғау прокуратурасының қадағалау актілері бойынша 14 кәсіпкер субъектілердің құқықтары қорғалып, олардың қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласындағы мемлекеттік органдардың заңсыз іс-әрекеттерінің салдарынан қысымшылық көргені анықталған.

Сонымен, іс-тәжірибе материалдарын зерделей отырып, мынадай су құқық бұзушылықтарының жиі орын алатынына көз жеткіздік:

- тиым салынған орындарда экологиялық қауіпті объектілерді орналастыруға рұқсат беру;
- ерекше қорғалынатын табиғат аумақтарында құрылыс жүргізуге жол бермеу;
- су ресурстарын ластағаны үшін төлемдерден негізсіз босату;
- табиғат ресурстарын эксплуатациялауға заңсыз рұқсат беру;
- су ресурстарын қорғаумен байланысты емес мақсаттарда экологиялық қор қаражаттарын пайдалану;
- мемлекеттік органдардың функциялары мен құзіреттерін заңсыз иелену.

Өкінішке орай, кейбір жағдайда бақылаушы органдардан келіп түсетін прокурорлық тексеріс нәтижелерінің негізінде қылмыстық құқық бұзушылық белгілері бола тұра қылмыстық істер тіркеліне бермейді. Сонымен қатар, қылмыстық істі жүргізуден бас тартқан жағдайда экологиялық бақылау органдарына басқа жауаптылық түрі қолданылатындығы жөнінде хабар берілмейді. Нәтижесінде олар жазаланбай қалып жатады.

Табиғатты қорғау мамандандырылған прокуратурасының елімізде құрылуымен экология саласында біршама жетістіктерге қол жеткізілген:

- экологиялық заңнамаларды пайдалану мәселесін шешуге қатысты жергілікті билік және ведомствалық органдардан прокурорлар тәуелсіздікті және өздігінен жұмыс жүргізу мүмкіндігіне ие бола алды;
- бірнеше әкімшілік-территориялық бірліктерді қамтитын аумақтардағы прокурорлық іс-әрекеттерді үйлестіру мен келістілігіне;
- экологиялық заңнамалардың орындалуын қамтамасыз етуде табиғатты қорғау және бақылау органдарының өзара ықпалдастығын арттыруға;
- мақсатқа сай арнайы мамандардың есебінен прокурорлық қадағалаудың құзіреттілігі мен сапасы көтеріле бастаған.

Прокурорлық тексеріс, қылмыстық іс және жедел-іздестіру шаралары материалдарын бағалау нәтижесінде су ресурстары саласындағы қылмыстық құқық бұзушылығының латенттігі жоғары екендігін байқаймыз.

ҚР территориясындағы прокурорлық қадағалау нәтижелерін бағалай отырып мынадай тұжырым жасауға болады:

- су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау, жергілікті атқару органдары қызметкерлерінің су ресурстары саласындағы заңға сәйкес келмейтін актілер қабылдауы;
- су ресурсындағы заңмен белгіленген ережелердің бұзылуына уәкілетті органдарының мүмкіндік беруі;
- ҚР ӘҚбК-дегі құқық бұзушылықтар істер бойынша өндіріс тәртібін территориялық уәкілетті органдардың сақтамауы;
- су ресурстары саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау функцияларын арнайы уәкілетті органдарының тиімсіз іске асыруы;
- су ресурстарындағы заңмен белгіленген міндеттерді шаруашылық субъектілерінің тиісті дәрежеде орындамауы.

**Тарауды қорыта келе мынадай тұжырымдарға келдік:**

1. Су ресурстарындағы криминогенді детерминанттарды мазмұны бойынша экономикалық, құқықтық, ұйымдастырушылық (құқық қорғау органдарының қызметіне қатысты ұйымдастырушылық) себептер деп топтастырамыз.

2. Су ресурстарын пайдалану мен қорғау саласындағы құқық бұзушылықтар үшін заңды жауаптылық шараларын қолданудың тиімсіздігінің жалпы себептері (жоғары латенттілік, экологиялық құқық бұзушылықтардың қоғамдық қауіптілігін бағаламау) мен арнайы себептері байқалады.

3. Су ресурстарындағы қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасайтын тұлғалар биофизиологиялық, әлеуметтік-демографиялық, психологиялық, рухани, қылмыстық құқықтық белгілерімен ерекшеленеді.

4. Су ресурсы саласындағы қылмыскерлер 4 типке бөлінеді: кекті, кездейсоқ, ситуациялық және саяси.

5. Әлеуметтік мәртебесі бойынша су ресурсы қылмыстық құқық бұзушылықтарын жасайтын тұлғаларды мынадай санаттарға бөлуге болады: жеке тұлғалар (ҚР азаматы, шетел азаматы, азаматтығы жоқ адамдар), өнеркәсіп басшылары мен кәсіпкерлер, мемлекеттік лауазымды адамдар.

6. Ниетіне қарай су ресурсындағы қылмыскерлердің типтері: пайдакүнемдік ниетпен жасайтындар; абайсыздықпен жасайтындар.

7. Су ресурстарындағы қылмыстылықтың жалпыәлеуметтік және арнайы-криминогенді алдын алу шараларын бөліп қараймыз.

8. Су қылмыстылығының алдын алу субъектілеріне Су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын органдар, Қазақстан Республикасы Ішкі істер органы, прокуратура, сот органы, экологиялық қоғамдық ұйымдар және қоғамдық қозғалыстар, халықаралық экологиялық ұйымдар, Дүниежүзілік экологиялық ұйымдар жатады.

9. Су қылмыстылығының алдын алу субъектілерін төмендегідей топтастырамыз: мемлекеттік (Су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын органдар, Қазақстан Республикасы Ішкі істер органы, прокуратура, сот органы) және мемлекеттік емес (экологиялық ұйымдар - экологиялық қоғамдық ұйымдар және қоғамдық қозғалыстар, халықаралық экологиялық ұйымдар, Дүниежүзілік экологиялық ұйымдар) кіреді.

10. Су мониторингінің, реестрінің көмегінсіз суларды пайдалану мен қорғау саласындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында ҚР Су кодексінің 52-бабына толықтырулар мен өзгертулер енгізу ұсынылады.

11. Экологиялық қылмыстылықтың алдын алуда мамандандырылған құқық қорғау органдарының (табиғатты қорғау полициясы) функционалды қызметтерін, сәйкесінше арнайы заңнамаларды жетілдірген орынды.

Су ресурстарын қорғау саласындағы қылмыстылықтың алдын алу субъектілерінің әрбірінің жеке және өзара ынтымақтасқан іс-әрекеттерінің нәтижелілігі жоғары. Десек те әрбір су пайдаланушының адамзаттың тіршілік көзі - су ресурсына деген өзінің тұтынушылық көзқарасын өзгертуі өте маңызды.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Диссертациялық зерттеудің мақсаты мен белгіленген міндеттері шеңберінде төмендегідей **қорытындылар** мен **тұжырымдар** айқындалды.

Қоғамның түрлі салаларының дамуы табиғат ресурстарынан тысқары өтпейді. Қоғамдық қатынастың экономикалық негіздері су ресурстары, сондай-ақ ауыз суға да өз ізін қалдырды. Нәтижесінде су ресурстарының тапшылығы, су сапасының күрт төмендеуі орын алған.

Сапалы су ресурстарының тапшылығы, олардың тиімсіз пайдалануы, санитарлық аумақтарда қорғау шараларының жүргізілмеуі және осы аймақтарда шаруашылық қызметтер жүргізу барысында регламенттелген режимдердің сақталмауы, құбырлы және шахталы құдықтардың жетіспеуі, су құбыры торабының ұзақтығы, және энергияның көп жұмсалуы, топтасқан сукұбырларын эксплуатациялауға шығынның жоғарылығы, сукұбырларының тозуы, терең жерасты жиектен су тарту үшін электроэнергия құнының және құрал-жабдықтардың қымбаттығы ауыз су тапшылығын тудырып отыр.

Қазақстандағы су шаруашылығы секторындағы өзекті жағдайлардың тізімі беріледі.

Отандық су заңнамасы даму тарихын үш кезеңнен тұрады. Оның алғашқысы Ұлы Қазан революциясының жеңісі мен Кеңестік биліктің орнығуынан бастап социализмнің жеңуі, Қазақ АССР-нің кеңес республикасында қайта құрылуы және ҚазССР Конституциясының қабылдануы аралығын қамтиды.

Су құқығының дамуының екінші кезеңі кеңестік социалистік құқықтың басқа салаларынан даралануымен сипатталады. Осы тұста заңнамалар су ресурстарымен байланысты қатынастарға ықпал ете отырып, жеке құқық саласы болып қалыптаса алды, сонымен қатар республикалық су заңнамаларының кодификациялануы мәселесі шешімін тапты.

Су құқығының үшінші кезеңі Қазақстанның тәуелсіздік алуымен басталады. Экологиялық және су заңнамалар кеңес Одағы заңнамаларына негізделіп құралды.

Су кодексінің 71-бабындағының 2-бөлігінде сөйлемнің құрастырылуында морфологиялық қайшылықтар кездеседі. Мысалы, осы норманың алғашқы жартысында, «су объектілерін пайдаланудың өзіне тиесілі құқығын өз қалауына қарай жүзеге асыруға», деп су пайдаланушының құқығын білдірсе, сөйлемнің келесі жартысында «бұл орайда, басқа тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына, су объектілері мен қоршаған ортаға зиян келтіруге жол бермеуге», деп жалғасқан мәтіннен тұлғаға құқық емес, міндет жүктегенін байқаймыз. Тұтас алғанда, бұл тармақта су пайдаланушының өзге тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына, су объектілері мен қоршаған ортаға зиян келтіруге жол бермей, су объектілерін пайдаланудың өзіне тиесілі құқығын өз қалауына қарай жүзеге асыру құқығының бар екендігі көрсетілуі тиіс.

ҚР Су кодексінің 71-бабының жаңа мәтіні ұсынылады.

Келтірген залалдың өтелуінің міндеттілігі ҚР ЭК-де қағидатпен негізделгенмен де, ол ҚР Су кодексінде орын алмаған. Сондықтан да ҚР Су кодексінің 9-бабының 7-тармақшасы жаңа мәтінде ұсынылады.

Трансшекаралық өзендерге қатысты проблемалық жағдайлар халықаралық деңгейде заң жүзінде нақты реттеуді, аяқтауды қажет етеді.

Қазақстанның су ресурстарындағы қылмыстық заңнамаларының даму тарихын екі кезеңге бөлеміз. Бірінші кезең Қазақстан ССРО-на Одақтас республика ретінде танылғаннан бастап еліміз тәуілсіздік алғанға дейінгі аралықты қамтыса, ал екіншісіне, сол тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуынан күні бүгінге дейінгі аралық кіреді.

Жұмыста бірнеше шет мемлекеттердің су ресурстарындағы қылмыстарына сипаттама беріледі. Шетел құқықтық тәжірбиесін бағалай келе, су ресурстарына қатысты отандық қылмыстық нормаларда мына жағдайларды ескерген жөн:

- құқықтық тарихы тереңде жатқан Европа елдерінің қылмыстық заңнамаларына тән мына қасиеттің отандық заң шығармашылығы үрдісінде әдетке алынуы тиіс: жиі өзгеріске ұшырамай, мың ойланып бір пішілетін құқықтық базаны қалыптастыру мүмкіндігіне ие болу. Заң жүзінде заң шығармашылық қызметіне жауапты тұлғаларға сапасыз заң актісін дайындағаны үшін жауаптылық бекітілуі тиіс;
- кеңестік құқық шығармашылығында орын алып келген-жоғары деңгейлі заңдық техникаға, әсіресе қылмыстық кодекс нормаларына қатысты(норма түсінікті болатындай қылмыстың құрамының белгілерін мүмкіндігінше толық сипаттау, бланкетті нормаларда, мүмкіндігінше, сілтеме жасайтын заңнаманың атауының нақты көрсетілуі және т.б.) бүгінде қол жеткізудің қажеттігін мойындау;
- қылмыстық заңнамада, әсіресе экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін жаза тағайындау процесінде мүмкіндігінше залалдың орнын толтыру ережесінің биік тұруы, залалдың орнын толтыру механизмін қылмыстық заңнаманың деңгейінде шешілуі. Ол үшін ГФР ҚК-нің заң шығармашылық тәжірбиесін негізге алып, тиісті қылмыстық норманың өзінде, не ескертуінде қоршаған ортаға келтірілген шығындарды өздігінен толтырған ретте жазаны жеңілдетудің, не жазадан босатудың алғышарттарын қарастыру.
- кеңес одағы тұсында ҚК-мен орын алған экологиялық заңнаманың бұзылуын хабарламау, немесе қасақана ақпараттарды түзету жөніндегі норманы жетілдіріп, отандық кодекске енгізу;
- ҚР ҚК-де қоршаған ортаға шу, вибрация немесе сәулелену арқылы елеулі залалдың келгені үшін қылмыстық жауаптылыққа тарту мәселесін толығырақ ескеруді қажет етеді.

Сонымен, су ресурстарымен байланысты қылмыстық отандық заңнамаларға шолу жасай отырып тұжырымдағанымыз, әлеуметтік-экономикалық қатынастардың дамуы, әлемдегі ғылыми техникалық прогресс, қоғамдық қатынастардың барлық салаларының күрделенуіне орай адамзаттың әлемдік жаһандану үрдісіне көшу қажеттігі, су ресурстарындағы қылмыстық

заңнамаларды тыс қалдырмай заман талабына сай жетілдірілуді талап етеді.

Су ресурстарын ластағаны, қоқыстағаны немесе сарқығаны үшін, сондай-ақ теңіз ортасын ластағаны үшін заңды жауаптылыққа тартудың құқықтық механизмін Халықаралық актілерде нақтылау қажет. Ал бұл шараның аталған саладағы қылмыстылықтың алдын алудағы маңызы зор.

Қылмыстылықтың алдын алуа терминологиялық мәселелердің алар орны ерекше. Осы орайда экологиялық қылмыстық құқық бұзушылық және су қылмыстық құқық бұзушылықтары ұғымдарына нақты анықтама беріледі.

Су ресурстарындағы қылмыстық құқық бұзушылықтарды тікелей объектісіне қарай су заңнамасын бұзумен байланысты; объективті жағына байланысты топтастырамыз. Ол қылмыстық іс-әрекетті дұрыс саралауға мүмкіндік береді, яғни қылмыстық құқық бұзушылықтың алғашқы классификациясы қылмыстық құқық бұзушылықты объекті бойынша саралауға, ал екіншісі қылмыстық құқық бұзушылықтың объективті жағы бойынша саралау мүмкіндігіне ықпал ете алады. Бұл топтастырудың негізінде су қылмыстық құқық бұзушылықтары мен әкімшілік құқық бұзушылықтарының ара қатынасы, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылықтың жеке түрлерінің қауіптілік деңгейінің өсуімен қылмыстық құқық бұзушылыққа айналатындығы байқалады.

ҚР ЭК-нің 5-бабымен бекітілген «қоршаған ортаға келтірілген залалды өтеу міндеттілігі» жөніндегі қағидатты іс жүзінде қамтамасыз ету мақсатында табиғи ортаға шығындардың нақты келуі фактісі бойынша сот үкім шығаруы процесінде шығынының өтелуіне аса назар аударуы тиіс. Сәйкесінше, ҚР Жоғарғы Сотының 18.06.2004 ж. «Соттардың кейбір экологиялық қылмыстар үшін жауаптылық жөніндегі заңнаманы қолдануы туралы» №1 нормативтік қаулысының 22-тармақшасы жаңа мәтінде ұсынылады.

ҚР ҚК-нің 54-бабына өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынылады.

ҚР Жоғарғы Сотының 2004 жылғы 18 маусымдағы №1 Нормативтік қаулысының ережелерін жетілдіру мақсатында, осы Қаулының 18, 20-тармақшасы жаңа мәтінде ұсынылды.

Суларды ластау, қоқыстау немесе сарқу – экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтың жекеленген түрі.

Суларды ластау, қоқыстау немесе сарқудың объектісі жербеті немесе жерасты суларын қорғау мен пайдалану тәртібі және су ресурсындағы экологиялық қауіпсіздік болып табылады.

Суларды ластау, қоқыстау немесе сарқудың **заты** жербеті немесе жерасты сулары, мұздықтар, ауыз сумен жабдықтау көздері болады.

Суды ластау, сарқу, қоқыстау, не судың табиғи қасиеттерін өзгедей өзгерту әрекет нысанында, ал әрекетсіздік су бөгеттері және басқа да гидротехникалық құрылыс уақытындата суды реттеуіш құрылғыларын және суды есептеуіш құралдарын орналастырмау, су қоймаларында су басудан сақтанбау, су объектілеріне құйылардың алдында ағынды сулардан уытты заттарды алмау міндетті шараларын атқармау және т.б. нысанында атқарылады.

Суды ластау, сарқу, қоқыстау, не судың табиғи қасиеттерін өзгедей өзгерту

ұғымдарына диспозицияда түсінік берілмегендіктен ҚР Су кодексіндегі нормаларына сүйенеміз.

ҚК-тің 328-бабында су объектілерінің ластануының әдістері айтылмаған, оларды төмендегідей топтауға болады: биологиялық, химиялық, физикалық ластану.

Қылмыстық норманы қолдану тәжірибесінде сулардың ластануы, қоқыстануы, сарқылуы іс-әрекетті білдіреді ма, әлде нәтиженің көрінісі ма деген сауал орынды туындайды. Заң шығарушы су объектілерін ластағаны үшін қылмыстық жауаптылық белгілегенде түрлі құқық (конструкцияларын) құрылымын пайдаланады, ҚР ҚК 328, 330-баптарда ластану деп қылмыстық іс-әрекеттерді, ал ҚК 324,325,336-баптарында – құқыққа қайшы іс-әрекеттердің зардабын белгілейді.

ҚР ҚК-нің 324, 325, 326, 328, 330 - баптарындағы қылмыстық іс-әрекеттер – экологиялық талап түрлерін бұзуға бағытталған қылмыстық іс-әрекеттер болып табылады. ҚР ҚК-нің 324-326-баптарында әртүрлі экологиялық талап ережелері бұзылады, бірақ та зардап қоршаған ортаға, адамның өмірі мен денсаулығына келеді. Ал ҚР ҚК-нің 328,330-баптарында ҚР ҚК-нің 324-326-баптарында қарастырылған экологиялық талап ережелерімен қатар, су ресурстарына қойылатын ережелерін, сондай-ақ басқа да экологиялық талап ережелерін бұзудың салдарынан ең алдыменен сулар, теңіз ортасы ластанады.

ҚР ҚК-нің 328-бабында су ресурсы – алғашқы қауіп көзі, ал қоршаған ортаның қалған бөліктері – өсімдіктер немесе жануарлар әлемі және т.б., яғни қоршаған орта – екінші кезекте тұрады, себебі ол табиғат ресурстарын қылмыстық-құқықтық қорғайтын арнайы нормалар бар. Мұнда, алғашқы орында судың құрамы қасиеттерінің өзгеруіне жасалынған талдаманың өзі-ақ жеткілікті болуы тиіс.

Қылмыстық нормада, адамның денсаулығына зиянның қай дәрежеде келетіндігі нақтыланбаған, ол түрлі дәрежеде болуы мүмкін, денсаулыққа жеңіл зиян, денсаулыққа ауырлығы орташа зиян, денсаулыққа ауыр зиян. ҚК 328-бабының 1-тармағы қылмыстық терісқылыққа жататындықтан да денсаулыққа қылмыстық іс-әрекеттен (суларды ластау, қоқыстау, сарқу) келген ауыр зиянды қылмыстық теріс қылық санатында қарау әділ саралау болмайды. Демек, адамның денсаулығына зиянның келуін ҚР ҚК-нің 328-бабының 2-тармағында, ескі редакцияда қалдыру қажет деп санаймыз.

ҚР ҚК-нің 328-бабының 1-тармағына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар келтіріледі.

ҚР ҚК-нің 328-бабының 1-тармағында зардап көзі ретінде суларды қоршаған ортаның басқа объектілерінен жеке бөліп көрсету арқылы біз қоршаған ортаға қол сұғатын экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтықтың басқа түрлерінен суларды ластау, қоқыстау, не сарқуды ажыратуға мүмкіндік аламыз. Сондай-ақ, аталған норманың мақсаты су ресурстарын қылмыстық ластану, қоқыстау, немесе сарқудан қорғау екендігін нақтылай аламыз, деп есептейміз.

«Соттардың кейбір экологиялық қылмыстар үшін жауаптылық жөніндегі

заңнаманы қолдануы туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 18.06.2004 ж. №1 Нормативтік қаулысында «адамдардың жаппай сырқаттануы» ұғымына түсінік беру ұсынылады.

ҚР ҚК-нің 328-бабының субъективтік жағын іс-әрекетке қатысты қасақаналық та, абайсыздық, ал зардапқа қатысты абайсыздық құрайды.

Адамның тікелей қасақаналықпен суларды ластауы мына баптағы қылмыстық іс-әрекеттерге қатысты жасалса, онда іс-әрекет сулардың ластануы, қоқыстау, немесе сарқыту жөніндегі нормамен бірге мына баптармен де саралануы мүмкін болады: субъект лауазымда адам болса, мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылық ретінде ҚР ҚК-нің 361, 362, 371-баптармен, ал егер кінәлі мемлекеттік емес ұйымның басшысы болса, онда коммерциялық және өзге де ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар ретінде ҚР ҚК 250-бабымен, терраристік акт үшін жауаптылық көзделетін ҚР ҚК 255-бабымен, диверсия үшін жауаптылық көзделетін ҚР ҚК 184-бабымен, не адам өлімі орын алғанда ҚР ҚК 99-бабымен. Барлық жағдайда да іс-әрекетті саралау үшін қасақана суды ластаған қылмыстық іс-әрекетті жасаудың мақсаты мен ниетін анықтау керек болады.

Суларды ластау, қоқыстау және сарқудың **субъектісі -** жалпы, 16-ға толған, есі дұрыс кез келген адам.

ҚР ҚК-нің 13-тарауының 330-бабындағы теңіз ортасын ластау–экологиялық қылмыстық құқық бұзушылық түрі.

ҚР ҚК-нің 330-бабындағы қылмыстың заты - теңіз ортасы.

Теңіз ортасын ластауды мына белгілер сипаттайды:

- құрлық көзіндерінен алынған болуы (мысалы, қалдықтар);
- теңіз ортасына, теңізге шыққан кеме немесе құрылыстардан көму ережелерін бұзу арқылы;
- тасталынатын зат бастан-ақ қауіпті немесе бөгет болуы керек, яғни көмілетін немесе тасталатын зат (материал) қылмыс заты болып табылады.

Экологиялық талаптарды бұзу салдарынан теңіз ортасын ластау қылмысы әрекет және әрекетсіздік нысанында жасалынады.

ҚР ҚК-тің 330-бабында қарастырылған норма бланкетті. Теңіз ортасын ластау ұғымын толық түсіну үшін экологиялық талаптар мен нормативтер белгіленген заңнамаларға сүйену онсыз да қажет. Алайда, қылмыс құрамының белгілерін қылмыстық нормада мүмкіндігінше толық қарастыру құқық қолдану тәжірибесін жеңілдетер еді. Сондықтан да қылмыстық нормаларда жай диспозициядан, яғни, баптың атауымен шектелетін диспозициядан бас тартып, бұрынғы қылмыстық кодекстің ескі нұсқасындағы норма үлгісін қалдырған жөн деп есептейміз.

Теңіз ортасын ластау материалдық құрамды құрайды.

Аталған қылмыстың субъектісі жалпы, ол арнайы емес. Арнайы функция жүктелінбеген, кез-келген 16 жасқа толған жеке тұлға субъект бола алады.

Теңізді ластаудың **субъективті жағын** жанама қасақаналық нысанындағы кінә құрайды. ҚК-тің 330-бабының 2-тармағында қарастырылған зардап - адам

өліміне не адамдардың жаппай сырқаттануына қатысты абайсыздық орын алады.

Теңіз суларын заңсыз сарқығаны үшін қылмыстық жауаптылыққа тарту мәселесін Халықаралық Конвенцияларда және басқа да халықаралық актілердің деңгейінде көтеріп, ратификацияланған елдердің ұлттық қылмыстық заңнамаларында олардың орын алуын қамтамасыз ету қажет.

Су ресурстарындағы қылмыстылықтың күйі төмендегідей. ҚР ҚК-нің 328-бабы бойынша - 2008-2012 жылдар аралығында, ал ҚР ҚК-нің 330-бабы бойынша 2008ж.-2018ж. аралығында бірде-бір қылмыстық құқық бұзушылық тіркелінбеген. Ал тіркелінген істердің ешбірі сотқа жетпеген, тоқталтылған, не қысқартылып отырған.

ҚР ҚК-нің 328-бабымен 2013 жылы сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізіліміне тіркелген қылмыстық істер саны – 4 қылмыстық іс, 2014 жылы – 1 іс, 2015 жылы – 1 іс, 2016 жылы – 5 іс, 2017 жылы – 6, 2018 жылы – 6 іс болған, тек олардың ешбірі сотқа жетіп, онда қаралмаған.

Қазақстандағы су объектілерінің жай-күйіне талдау жасай отырып, оның нашар халінің себебі қылмыстық іс-әрекетпен байланысты емес деген тұжырым күмәнді. Бұл су ресурстарындағы қылмыстылықтың латенттігінің дәлелі іспеттес.

Су ресурстарына ықпал ететін факторларды төмендегідей топтастырамыз: экономикалық, құқықтық және ұйымдастырушылық.

Экономикалық фактор - қоғамда өндірістік кәсіпорын, өнеркәсіп, шаруашылық ұйымдардың қалдықтарды, не радиоактивті материалдар, жоғары уытты қалдықтар, экологиялық лас технологиялардың бөлшектерін, қауіпті емес, бірақ та жойылуы қиын қоқыстар, сапасыз немесе тиым салынған азық-түліктер және өзге де тұтыну тауарларын сақтау, көму немесе тастау сынды шараларды нормативке сай орындаудан, оның қосымша шығындарынан қашуы.

Қылмыстылықтың құқықтық себептері: су ресурстары саласындағы қылмыстық құқықтық заңнаманың жетілдірілмеуі; адамзаттың экологиялық құқықтық санасындағы, экологиялық құқықтық мәдениетіндегі ақтаңдақтар.

Су ресурстарын басқару, бақылау саласындағы қылмыстылықтың ұйымдастырушылық детерминанттары:

- су ресурстарын басқару жүйесінің тиісті дәрежеде қалыптаспауы;
- су ресурстарын пайдалану мен қорғауға қатысты (трансшекаралық сулар) мемлекет аралық келісім-шарттардың тиісті деңгейде жасалмауы, олардың іске асырылмауы (халықаралық деңгейде шешімін таппауы);
- су ресурстарына қатысты заңды жауаптылық және шығындардың орнын толтыру механизмінің Халықаралық Конвенцияларда толық реттелмеуі;
- су ресурстарының жай-күйін, ластануын бақылау жүйесінің дұрыс қалыптаспауы;
- су ресурстарын үнемдеу шараларының мемлекетаралық деңгейде шешілмеуі;
- заңмен бекітілген осы салада бақылау-қадағалау мен шаруашылық-бөлу функцияларын ажырату қағидаларын іске асырудың жүйеленбеуі;

- бақылау-инспекциялық қызметтінің тиісті дәрежеде материалдық-қаржылық қамсыздандырылмауы;
- табиғат қорғау органдарының инспекторлық құрамының құқықтық және әлеуметтік нашар қорғалуы;
- жақын арадағы және ұзақ мерзімге су шаруашылығы мәселесі бойынша ҒЗЖ бағдарламасын қарайтын және үйлестіретін арнайы орталықтың болмауы;
- су ресурстарына қойылатын экономикалық талаптарды қалыптастыру, бөлу және қанағаттандыру, сондай-ақ табиғи ресурстарды сақтап қалу, қалпына келтіру зерттейтін мамандар номенклатурасы толықтырылғанымен, оларды дайындауға байланысты материалдық-техникалық базаның болмауы; аталған сұрақты қарастыратын ҒЗЖ жүргізілмеуі;
- суларды есепке алатын және сапасын, қоршаған ортаға шығынның келуін анықтайтын бассейіндік инспекциялар құрамында мамандандырылған бөлімдердің болмауы. Олар трансшекаралық өзен бассейіндеріндегі жедел даулы және басқа да сұрақтарды шеше алуы үшін көлікпен, басқа да қажетті материалдық қамтамасыз етілуі керек.
- аграрлық бағытта суды пайдалану көлеміне бөлінетін субсидия мөлшерінің аздығы (бұл су-жер ресустарын рационалды пайдалану мәселесі шешпей, керісінше шығынға батырады);
- су сапасына байланысты өзен бассейндерінде гидрологиялық су кадастрының жүргізілмеуі. Су шаруашылығы жөніндегі ұлттық баяндама жыл сайынғы статистикамен бірдей болмайды;
- су шаруашылығы бойынша оқулықтардың, ғылыми-әдістемелік, нормативті анықтама және басқа да ақпараттық-аналитикалық материалдардың шығарылмауы;
- су сапасы мен көлемін есепке алатын мониторингтік байланыстың әлемдік деңгейдегі нормативтерге сәйкес келмеуі;
- статистикалық есепте, табиғи кешендердің су режимі мен сапасына қойылатын талаптардың қанағаттандырылуы деңгейін анықтау үшін, табиғи кешендерге ерекше мәртебе беру үшін арнайы көрсеткіштің болмауы;
- стратегиялық қордағы су ретінде жерасты суларына қол сұғылмауды, олардың болашақ ұрпақ үшін сақталуын қамтамасыз ету шараларының қолға алынбауы және т.б.

Құқық қорғау органдарының қызметіне қатысты ұйымдастырушылық себептер:
- аталған қылмыстылық түрімен күресуде кешенді бағыттың болмауы;
- бірлесіп қылмыстылықтың алдын алуда құқық қорғау органдары мен табиғатты қорғау органдарының өзара ықпалдасу деңгейінің төмендігі;
- қылмыстық істерді сотқа дейін тергеудің тиісті деңгейде жүргізілмеуі, ашылмауы;
- сулардың сарқылуына кінәлі тұлғаларды анықтау, жауаптылыққа тарту мәселесінің еш жерде көтерілмеуі;
- қылмыстық істі сотқа дейін қарайтын құқық қорғау органдары қызметкерлерінің су ресурстары саласында арнайы білімдерінің болмауы,

біліксіздігі;

- экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықмен күресті ұйымдастыруға байланысты қызметтердің ақпараттық қамсыздандырылуының төмендігі;

- экологиялық қылмыстылықпен күресте қоғамдық ұйымдарды қатыстырудың тиімді механизмінің болмауы және т.б.

